



**Темір
МЫҢЖАС**

**СЕНІ
ІЗДЕДІМ**





Темір Мыңжас

СЕНІ ІЗДЕДІМ

*Өлеңдер, қысқа әңгімелер,
мақалалар мен ой-толғамдар*



Алматы
“Баянжүрек”
2006

ББК 84 қаз 7
М 90

Мыңжас Т.

М 90. Сені іздедім. Өлеңдер, қысқа әңгімелер, мақалалар мен ой-толғамдар. Алматы : “Баянжүрек”, 2006. – 240 бет. ISBN 9965-9330-6-5

Жаңа жинаққа енген ақын жырлары туған жерге, Отанға, жалпы өмірге деген патриоттық рух пен махаббатқа, құштарлық сезімге толы болса, күнделікті өмірдің өзінен ойылып алынған шағын әңгімелері езу тартқызарлық юморымен, ғибраттық, танымдық ой түйіндеуімен көңіл сүйсінтеді.

Ал “Мақалалар мен ой-толғамдар” атты үшінші бөлімдегі көпшіліктің көңлінде жүрген көкейтесті мәселелерді арқау еткен дүниелердің де көкірегі ояу, көзі ашық жас ұрпақ үшін тәлім-тәрбиелік мәні зор болар деген үміттеміз .

Кітап жалпы өнерсүйер қауымға арналған.

ББК 84 қаз 7

М $\frac{4702250200}{00(05)-06}$

ISBN 9965-9330-6-5

© Мыңжас Т., 2006

© “Баянжүрек” баспасы, 2006

Осы кітаптың жарық көруіне жанашырлық танытып, демеушілік көрсеткен Жаңаөзен қаласының әкімі Жалғас Бисалыұлы Бабаханов пен “Жанашыр” әлеуметтік қолдау және қорғау қорының директоры Нұрберген Борсанов, “Өзенмұнайгаз” ӨФ директоры Мұрат Құрбанбаев мырзаларға мың да бір алғыс!

Құдай тілеулеріңізді беріп, ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз жана түссін!

Автор

СЕНІ ІЗДЕДІМ

Кезімнен-ақ етек жауып, ес білген
Өзіңді ойлап, ғажап күйлер кештім мен.
Қиялымды баурап алған Маңғыстау
Сәйгүліктер дүбіріндей естілген.

Елестейтін және маған ұжмақтай,
Әулиелер жайлап алған жұмбақтай,
“Маңғыстау” деп қайталаушы ем дұғамдай
Атауының өзі маған қымбаттай.

Билеп алған көп ертегі, көп аңыз,
Атажұртқа жаны құштар баламыз,
Дем бергендей бабалардың рухы
Арасында керілдесіп қаламыз.

Жүретінбіз саған сырттай таласып,
Қиялымыз қия шыннан әрі асып,
Батырларша бірін-бірі кешірген
Кететінбіз кейін қайта жарасып.

Бала көңіл мөлдіреген тұнықтай,
Махаббатын жүретін еш суытпай,
Қызғансақ та бірімізден біріміз
Жүретінбіз өзіңе шаң жуытпай.

Он жетімде сапар шектім сені іздеп,
Көкірегімнен өпті Ақтауда теңіз кеп.
Көктеп өттім Өзен, Бейнеу арасын
Қасиетін болдым анық сезінбек.

Айғыз-айғыз тілімденген арқасы,
Шықты алдымнан баба дала қаңқасы,
Көрінгенге үрке қарап тұрғандай
Атажұрттың өр шоқысы, әр тасы.

Тыпырлайды торға түскен балықтай,
Жон арқасын қамшы тілген арықтай.
Неде болса қысқаштайын жуан қол
Қояр емес қара қанын сарықпай.

Бозаң дала тақырланған ақ шандақ,
Үркіп ұшқан бөдене мен қасқалдақ,
Қачалқалар қанға тоймас масадай
Қайта-қайта сорып жатыр қақшандап.

Шынжыр табан ізін сала таптаған,
Көрінеді жусанды қыр жат маған.
Күңгірлейді көне бейіт, мазарлар
Ата-баба белгісіндей сақтаған.

Жеруығым қайда мені баураған,
Талапайлы тулақ дерсің аумаған.
Өткенімді бүгін іздеп таба алмай
Жауыр аттай дірдектедім жаураған.

Біреулердің ой-пікірі, санасы,
Таң қалдырды ауызының аласы,
“Түрікпен” дейді, “қалпақ” дейді қазағын
Мақтаса да, дайын тұрар жаласы.

Бойын билеп қызғаныш пен күншілдік,
Ойын билеп рушылдық, жершілдік,
Шалыс бассаң, жатқан гу-гу әңгіме
Биіктесең ешкім көрмес - үнсіздік.

Асқақтасаң, бейім тіпті құртуға,
Жаққың келсе, дарақылан, жырқылда...
Тәңір ием ондай “бақыт” бермеген
Жат қылықты қалдырамын сыртымда.


...Содан бері отыз алты жыл өтті,
Тәуелсіздік нұр боп жетті, түлетті.
Бәрін қойып келе жатыр орнына
Серпіп тастап құрсау болған түнекті.

Жылдар өтті, айлар өтті, күн өтті,
Рухсыздық көңілімді жүдетті,
Бойындағы қасиетін қазақтың
Жиып алып кеткен сынды бір епті.

Сені іздеумен тілімдедім табанды,
Бетте - әжім, самай шашым ағарды.
Таба алмадым қиялдағы жерімді
Баурап алған бір кездері санамды.

Бөдеуидей, бір қалыптан айнымай,
Келемін мен, сені іздеткен қай құдай?..
Қиялдағы ер көңілді, мәрт халық
Сені іздеймін бейне Асан қайғыдай.

Төзем деумен, табам деумен келем мен,
Өзімді өзім алдарқатып өлеңмен,
Қиялымда қалып қойған Атажұрт,
Сені ақыр табарыма сенем мен.



ӨЛЕНДЕР



МАҢҒЫСТАУ

О баста, менің Ер бабам,
таңбасын өріп тасына,
Жеті жұрт көшкен жапанды
қимапты досы, қасына,
Білгендей міне, Маңғыстау –
мың шырақ болды лаулаған.
Пір Бекет жаққан бір шырақ,
Оғыланды таудың басына!

Табаның қара дария,
гүрілге толып өр кеуден,
құла дүзіңе жарқылдап,
ақ мәрмәр шаһар өң берген,
Тарта бер алға, Маңғыстау
ғасырдың күйін тербеумен,
Болашағыңа бақ болған
Бабакөз алтын көмбеңмен!

Облыс болып орнығып,
отыздың шықтың өріне,
Әулиелі Маңғыстау
қасиет қонды төріңе
Алатау, Алтай, Арқаның
бәрі тәнті өзіңе,
Жұлдыз боп жандың бүгінде,
Тәуелсіз елдің көгіне!

Күндерге жеттің міне енді,
көше алмас жұртың даңқыңнан,
Топырағың да киелі-ау,
жаралған дерсің алтыннан,
Сен дегенде, Маңғыстау,
шағала жүрек шарқ ұрған,
Төмендетпесін құдайым,
осынау асқақ қалпыңнан!

25.10.2003 ж.

ҒАСЫР АУЫСҚАН КҮНГІ ТІЛЕК

Жатқанда дүние күбініп, тосқан ғасырын,
Тілемеймін мен тәңірден аспандағысын,
Қайқы қылыштай сілтеймін қыран жырымды
Қара қазақтың жауынан жасқанбауы үшін.

Ынтымағы асып, қалам мен даламның мынау,
Басымызға ылаң түспесін, көңілге қылау.
Атырау-Алтай арасын жайлаған елден
Аулақ қонсыншы, әрдайым қайғы-мұң, жылау.

Халқыма ғасыр сыйласын бақытын, бағын,
Тәттісін татып, өмірдің жақұтын тағын.
Бабамыз қандай күнде де тойға барған ғой.
Жас ұрпақ, сезбей өтсінші уақыт ызғарын.

Көп көрме тәңір осынау бостан күнімді,
Қуаныш әкел, қайтарма қашқан мұңымды.
Тілектерімді осы айтқан қабыл қыла гөр,
Тілемеймін мен өзіннен аспандағыны.

1999 жылдың соңғы күні.



ӘКЕНІ ЕСКЕ АЛУ

Беу, әке, тірісің сен!
Бас иер ем, бар болып ірісің сен,
Біреулерге қазақтың қара шалы
Біреулерге адамның дүрісің сен.

Өтті жылдар, бір-бірін алмастырып,
Бір орында бұл өмір қалмас тұрып,
Әке сенің атыңды алғы күнге
“Тентектерің ” келеді жалғастырып.

Тірліктің де бір баста тұрмасы анық,
Неге керек бос өмір жүз жасарлық,
Әке, сенің есімің тегі болып,
Немереңнің атымен тұр жасарып.

Адамдарға жүректен жыр ақтарып,
Туған жерім өз үйім сияқтанып,
Жүрмін әке, бірақ та білсең еді,
Сені көргендер жүр мені сүйеп қалып.

Күндерден-ақ тәй басып, есім білген,
Ақылыңмен өстім мен, шешіміңмен,
Жоқсың көптен, келемін қуат тауып,
Әлі күнге өзіңнің есіміңнен!

21.02.1984 ж.

АҚЫН ДОСҚА ХАТ

“Мы знали, что станем узлы собирать,
Как изгой. Мы – переселенцы?
Я бросаю его, чтобы не потерять,
Город солнца и Моря и Детства...”
Андрей Мирошников. “Сны”
кітабынан 1998.

Білігі мол ақынның
Әр сөзі нұсқа, жүйелі,
Желкеуде болса желіккен
Көпектей көшке үреді,
Меншіктеніп Ақтауды
мұзданып жазған өлеңің
алдымнан шықты үнемі.
Тарихтың білген ақпарын
біреулер бұған күледі,
Ұрда-жық мінез әуірім
біреулер білек түреді,
Ойлағанда осыны
көңілге сан ой түнеді.
Білмеген болсаң өткенді
сәуле салсын санаңа
Өлеңнің өткір түрені.
Шағаладай шарқ ұрар
Мұндайда ақын жүрегі.
Біз білсек мына Ақтауға
кеңестік кезде келгенсің
Мәскеуден тіке қамтылып
нәпақанды тергенсің,
Біреулердің сөзіне
байыбын білмей ергенсің.
Мұныға жауап қатайын
жайым жоқ шала бүлінген
Бұл аймақ үшін кезінде
Ерлерім білек түрінген.
Сойылмен қорғап даласын
жүректілігі білінген

Тарих солай сөйлейді
ойлап тапқам жоқ бүгін мен.
О, баста менің ер Бабам
ордасын тіккен осы жер.
Нәубет жылғы ойранда
Жер аудық, әруақ кешіреді.
Тамыр тарттым емендей
топырағым осы өсіреді,
Бақиға жаным ұшқанда
осында мүрдем көсіледі...
Құрсаған бұғау быт-шыт боп
құлаған кезде үстемдік
Талайлар тартты еліне
көрмесе дағы еш кемдік,
Ұлыспен кейбір біргеміз
көңілде жоқ өшпендік.
Күн көрсетпей өзгеге
болған жоқ жолын кескендік.
Бірақ сен жұртың көшкенге
толғапсың жырын ғаріптің
Диуана тұтып өзінді
өткенді көксеп жанықтың,
Ал, мен үшін бүгінде
серпілді бұлты тамұқтың
Бодандықтың күні өтті
Тәуелсіздігім – жарық күн!
Маңғыстау бізге атажұрт –
Ата-анам кіндік кескен жер.
Зұлматты сонау жылдары
көз жасын төгіп көшкен жер,
Қазынасы олжа боп
көкейін жұрттың тескен жер
Сағыныш болған бауырға
Маңғыстау жақтан ескен жел,
Шет жерде жүр келе алмай
Үдере бір кез көшкендер.
Талайы қалды жат елде
Ажалы жетіп жаланған.
Оралған жандар ене алмай

айналып өткен қалаңнан
Өз жерінің шәрлері
кем болмады қамалдан
Өзіңнің үстем ойынды
Сылып таста – санаңнан,
Шындықты ұғар ақын деп
Сөз саптадым жүйелі,
Егемен елміз, серпілді,
бодандықтың түнегі.
Аман болсын атажұрт
Маңғыстауым киелі,
Осында жатыр өйткені,
жеті атамның сүйегі.
Бұл аймақты сондықтан
Риясыз жүрек сүйеді.

11.05.1998 ж.

АҚТАУҒА

Теңізге қалған байланып,
Шағала сынды сазы мұң.
Өзіңе келдім айналып,
Ақтауым – алтын қазығым!

Ақтауым - қонар тұғырым.
Құс болып ұшсам қонақтар.
Өзінде өтіп ғұмырым,
Жазылар жаңа парақтар.

Кез келді сенде бақ сынар,
Салауат айтып өткенге.
Мендейлер сенде көп шығар,
Өзіндей шаһар жоқ менде.

1.09. 1998 ж.

ДАЛА

Боз дала сені мамырда,
Бұралған бейне қыз деймін
Бозала таңның шағында
Бозторғай жырын іздеймін.

Бабаларымның көзіндей
Боз жусанды жазығым;
Батырға біткен төзімдей
Батылға жомарт алыбым.

Батагөй шалдар о баста
Бозқасқа шалып жолына
Бозаң қыр саған таласқан
Бермеген жаудың қолына.

Боздақтар шыққан атойлап
Болат өзекті жебедей
Басқыншы қашып, ат ойнап;
Бейіт боп қалған төбелер

Бұл күнде енді ырыстан
Бақытқа толсын әр таңың.
Бозжайнақ ұлдар құрыш қол
Бөлесін даңққа ертеңін.

Бозмая дала – жерұйық,
Басыма сені бақ тұтқам.
Болашағыңа сеніп нық
Бәйіт етіп өтем шаттықтан.

22.05.1980 ж.

ЗАМАНДАСҚА

Ей, замандас, сен мені білесің бе?
Болмысыма өзің біл күлесің бе,
Жан-жүрегім адам боп жаралғалы
Жамандық атаулымен күресуде.

Өтірікпен, өсекпен, жаламенен,
Ар-намысқа жағылған қараменен
Күресуде баураған наламенен,
Рухсыздық жайлаған санаменен.

Сүйеніп халық деген ұлы есімге,
Құлшынамын түнекті күн етуге,
Жұдырықтай жүрегім бар адамға
Махаббатты кеудеме түнетуде.

Замандасым, сен соны білесің бе?
Көкірегімде саған да гүл өсуде.
Мен кетсем де артымда жырым қалсын.
Жамандықпен жарайтын күресуге.

06.09.2002 ж.



СОҚТЫҚПА АНА ТІЛІМЕ

“Лада” газетінде жарияланған
“Возвысить степь не унижая горы”
атты мақаланы оқығаннан кейін
жазылған өлең.
19.09.2002 ж.

“Өзім қазақ, қазақшаны білмеймін,
Сонда дағы осал емес дүрдеймін”,
Деп көкіпті бір әумесер газетте
Тікен сөзін неге отап, үзбеймін?

Мақтаныш па өз тіліңді білмеуің,
Ол аздай-ақ, көпті соған үндеуің.
Құдайым-ау, кімге күліп отырсың?
Дұрыс еді мұнан да итше үргенің.

Жүргендейсің басқа тілді жарылқап,
Сенсіз-ақ ол жатқан жоқ па барынды ап,
Осы тілде шүлдірлеп жүр ұл-қызың,
Осы тілде отырсың ғой барылдап.

Сендей жандар ауру сынды жұқпалы,
Дей алмаймын мені жұртым ұқпады.
Ана тілім жаяды әлі-ақ желегін
Топырағында өз тамырын нықтады.

Басымыздан білемін бақ сан ауды,
Сондықтан да көңіл әлі қаяулы.
Азабын мен тозағынның не түрі
Өшіре алмас жүректегі алауды.

Көсілесің көбік сөздің желімен,
Келгендейсің басқа жұрттың жерінен.
Кім болсаң да, соқтықпа Ана тіліме,
Өлсең дағы өлген дұрыс жөнімен...

19.09.2002 ж.

ҚАРАЖАНБАС

“Қаражанбас”, - дейді жұрт - Қаражанбас”
Сақта, Тәңір, болудан қара бармас.
“Қара алтынның” көмбесін жайып салған,
Қазақтың ақ пейілі сенен аумас.

Саған құмар жақын да, жат та бүгін,
Қамын ойлап байлықтан ап қалудың.
Тілеймін мен мұнайлы Қаражанбас
Ұрпақтан соң ұрпаққа сақталуын.

Көңіл құштар қашан да құзар шыңға,
Қайсар жандар бұл жерде шыдар сынға.
Тағзым етем көтерген ел еңсесін
Барлаушыға, бұрғышы, мұнайшыға.

Өмір – мұхит, жүземіз кемесінде,
Хақ-тағала тап қылма бөгесінге.
Қаражанбас мұнайын бұрқағандар
Еңбегімен қалады ел есінде.

Дейді екен бұл жерді “Қаражанбас”,
Кезі жоқ-ау, асылдың бағаланбас.
Бар байлығын ортаға жайып салар
Қазағымның пейілі сенен аумас.

10.11.2002 ж.



ТОЙ ТҮНГІ СӨЗ

(Ұлым үйленгенде)

Осы күндерге жетсе деп ғұмыр зыр қақтым,
Жасына көздің омырауды кейде сулаппын.
Немерелерінен алғашқы келін түсті үйге,
Аруағы аунап жатқан шығар-ау Мыңжастың.

Үйіме менің аққуы қонып Жамбылдың,
Көкірегім қазір ошағы дерсің ән-жырдың.
Ұлы жүз сонау Үйсіннің қызы бұйырды,
Шеберлігіне таң қаласың-ау тағдырдың!

Қадам күт болсын, Мәдиім сүйген Анаржан,
Өзінді көріп менің де жаным ағарған.
Әулиелерге қоныс болған Маңғыстау,
Кем болмас саған күмбірлеп тұрған Тараздан!

Жарасып бірге тұрғандарыңнан айналдым,
Дүрмекті тойды құрғандарыңнан айналдым.
Қосыла қадам аттағаныңнан айналдым,
Ұмсынған алға бақ-талабыңнан айналдым.

Ағайын дос-жар, бауырларымнан айналдым,
Осынау шақты сағынғанымнан айналдым.
Тәубә айтып өтем шапағатына Алланың,
Қаумалап келер қауым барынан айналдым!

02. 02. 2003 жс.



БОЙТУМАР


немесе ананы еске алу

Арманшыл жүрек дүрсілдеп,
Жеткенде жасқа ой қуар.
“Құлыным аман жүрші”, - деп,
Анажан, тақтың бойтұмар.

Мойныма асып алқадай,
Ілестім уақыт көшіне.
Сілкілеп өмір жаңқадай
Сүйреді алға несібе.

Түсесің қазір жиі еске,
Ұғынғандаймын кеш біліп.
Жөнелер шақта келмеске
Кетіпсің тұмар тапсырып.

Өзіңсіз өтті сан жылдар,
Шығарсам естен кеш мені.
Бойтұмар маған қалдырмай
Жүре тұрғаның жақсы еді.



АРНАУ
(Гүләйімге)

Мен саған тілек айтам қарындасым,
Бүгін сен ең сәулелі шағындасың.
Сыланған аққу құсқа ұқсатамын,
Ұшатын қыз-тағдырға бағынғасын.

Бәрінен биік тұтқан ар-ибасын,
Қарындас ең, болсыншы бағың басым.
Ұяңнан ұшырамыз қалқам сені,
Қанаттасар сыңарың табылғасын.

Мен саған тілек айтам, беу қарағым,
Өрлесін алғы күнде оң талабың.
Ақ туын адалдықтың желбіретсең,
Алдыңнан табылады бар қалауың.

Мұндайда көкіректен жосады өлең,
Шашу ғып қадамыңа шашам өлең.
Өмірде, айналайын, бақытты бол,
Ағарып құдай қосқан қосағыңмен!

Өзіңдей қарындас көп табылған ба?!
Тәңірім ашсын деймін бағыңды алда.
Бізді де еске алып жүр ағам бар деп,
Ұяңды өзің ұшқан сағынғанда...

06. 06. 2003 ж.


ҚҰТ БОЛЫП ҚОНСЫН ЖЕТПІСІҢ
(Маңғыстау ауданының 70 жылдығына)

Маңғыстауымның биікке атын көтерген,
Сен дабыл қақсаң, қырандай самғап жетем мен.
Жетпіс асса да, жалаулы шақтан аумаған,
Өмірде мен де өзіңе ұқсап өтер ме ем?!

Бұлдырап жылдар артында қалып сағымдай,
Кемелге келдің жолынан хақтың жаңылмай.
Бүгінде міне, шаңырағыңа бақ қонып,
Жетпіске толып, желпініп тұрсың абыздай.

Уақыт көшімен өтгің сен талай кезеңнен,
Қасиетінді де, қасіретінді де сезем мен.
Бұл күнге жеттің артылған жүгің аумастан,
Төбеңнен бұлт боп төнсе де, нарық безерген.

Көтеріп келген қиын шақтардың тепкісін,
Беу, абызым-ай, қара нар сынды тектісің.
Халқыңның жүгін алшандап алға тарта бер,
Береке, бірлік, құт болып қонсын жетпісің.



ХАЛҚЫМА

Өткеніңе мүмкін емес толқымау,
Жеткеніңе мүмкін емес шалқымау.
Заман сені қайда сүйреп барады
Дана пейіл, бала көңіл халқым-ау.

Даналығың шежірең бай шертерлік.
Мұра да мол тізбектелген көркем ғып.
Хақ бұйыртқан орның асқақ, еңсең тік,
Далаң - сақи, берекелі өлкең - құт.

Даналығың - ұлан-байтақ қонысың,
Намысыңды жалаулатқан соғысың,
Ұрпағыңа үрдіс қалған оң ісің,
Ұғынғаның екі дүние мөнісін.

Балалығың - әрбір жайға елігу,
Қолдағыны ұқсатуға еріну,
Асылыңды жерге таптау, жеріну,
Бәз біреудің жасығына желігу.

Балалығың - қалмай жүрген шүлдірің,
Кім көрінген желпілдеткен түндігің,
Өзгелерге құрақ ұшқан құлдығың,
Өз жерінде өгей болған мұңлығың...

Өткеніңе мүмкін емес толқымау,
Жеткеніңе мүмкін емес шалқымау.
Заман сені қайда сүйреп барады,
Дана пейіл, бала көңіл халқым-ау?!.

06. 09. 2002 ж.

ҰРПАҚ ҮНІ

немесе Бекет-Ата рухына сиыну

Тас қорымдарға айналып,
Жатсың ба, баба, жайланып.
Мінәжат етем о, аруақ,
Кешендеу қайта ойға алып.

Төбемнен заман торланып,
Ұрпақ ем жүрген сорланып.
Балапаныңызбын, әулием,
Ұша алмай келген қомданып.

Үстемдік көріп жасқанып,
Жанардан мұңлы жас тамып,
Бар тапқанымыз даурығып
Бас шұлғулардан аспадық.

Күн кешіп ырду-дырдумен,
“Бұл күндер бақыт, нұр” деумен
Уақытты алтын өлтірдік
Мастықпен және мүлгумен.

Көсем деп білдік олқыны,
Шешен деп білдік таңқыны.
Иіріп қойша жалпыны,
Көтердік көкке жалқыны.

Билікті беріп қыртыңа,
Көндірдік көпті ырқына.
Жоғарыға қарап бас шұлғып,
Шығарды ол қолын жұртына.

Асылымызды айдадық,
Жасығымызды сайладық.
Ақыл сөз айтар көмейден
Суырып тілді байладық.


Жоғалып дінім, иманым,
Дөкірлік болды жиғаным.
Ұмытып қазір барамыз
Атаны бала сыйлауын.

Жойылып ұлттық сипатым,
Қазаққа келмес тұрпатым,
Шүлдірлеп бөрі тұрғанда
Артады жүрек сырқатың.

Еліңді сөйтіп тоздырдық,
Тұлпардан тұғыр оздырдық.
Жер бетін жайлап барады
Мейірімсіздік пен озбырлық.

Өшпеген енді қалды нем,
Тобырды қалай сендірем.
Шапағатыңды бер, Баба,
Ер Бекет, қолда өулием,
Пір Бекет, қолда өулием!

Қыркүйек, 1991 ж.



ҚҰРСАУ


Көп құнттайтын иттің бағым-күтімін,
Өз-әулие көретұғын мысығын,
Іздеп тауып асырады бір кісі
Жолбарыстың көз ашпаған күшігін.

Өскенше оны темір торда ұстады,
Бір қорада шошқа мен үй тышқаны.
Орындалды “түр” деген мен “жат” деген –
Қожайынның таяқталған нұсқауы.

Жолбарысты босатқанда бір күні,
Болды қызық көрген жанға күлкілі.
Қожасының артына кеп тығылды,
Қашты көріп есек пенен жылқыны!..

Тартпай қалған аң патшасы – атаға,
Жолбарыстың халі жанға батады... ә!
Тектілігін жастай құрсау мұқаған
Бір ол емес, бір ол емес... о, тоба!

9. 01. 2000 ж.



ЖҮРЕГІН-ДІ АҚ ЖАУЛЫҒЫ ЖЕЛБІРЕП...


1. Көрінбейді анашым

Сүйіншілеп “ұлым міне, келді” деп,
Ар туындай ақ жаулығы желбіреп,
Жүргенде анам, сағынышты баса алмай,
Үй төрінде отырушы ем елжіреп.

Анашым-ай, көлеңкемді бақ тұтқан,
Пейілінді жақының да, жат та ұққан.
Жатушы еді дастарханы жиылмай,
“Шүкір, Алла”, - айтар сөзі шаттықтан.

...Міне, енді жатыр ауылы қаралы,
Қайтпас жолға аттандырған ананы.
Туған үйден мен де ұзап барамын,
Шығара алмай ішімдегі наланы.

“Қашан мұнда ораламын енді” – деп,
Қарайладым, сорлы жүрек елжіреп.
Үй жанында көрінбейді анашым,
Жүретұғын ақ жаулығы желбіреп...



2. Құбатау, қош аман бол!

Осынау Құбатаудың бөктерінде,
Жазыпты жастық шақты өткеруге.
Осында жар құшыппын, бала сүйіп,
Беріліп талай мәрте от сезімге.

Осында табиғатпен үндесіппін,
Қыз-ғұмыр көктемінде гүл кешіппін.
Өлеңнің өлкесіне ат шалдырып,
Арманмен ата жұртқа бір көшіппін.

Мен кеттім арман қуып сағымданған,
Бұл жерде ана қалған, бауыр қалған.
Қарамай ештеңеге жетуші едім,
Анамды көп көрмесем сағынғаннан.

Сенгендей ешбір жаққа бармасына,
Серт етіп өскен жері - қағбасына,
“Шалымның қасында мен қалам” – дейтін,
Тілегі қабыл болды, қалды осында.

Қондырып бақиға алтын қазығымды,
Сапарға пенде болдым жазылулы.
Қия алмай ата-анам жатқан жерді,
Шарқ ұрдым шағаладай жаны мұңды.

Мұң қашар, күн де туар оңалатын,
Көңілдің жан құштарын таба алар кім?!
Құбатау, қош аман бол көрмей кетсем,
Анам жоқ, сағынғанда оралатын.

3. Қадірлендер ананы


Қадірлендер, аяландар ананы,
Суланбасын ғазиз жанның жанары,
Сүйінетін, күйінетін бала үшін,
Барометр ананың да қабағы.

Теңеме оны данаға да, дараға,
Әділге көш, пейіліне қара да.
Тек ана ғой, тек ана ғой білгенге,
Бауыр етін кесіп берер балаға.

Ержеткен соң билеп түрлі санаңды ой,
Әр қиянға саларсың бір қадамды-ай.
Кім болсаң да, бірақ түптің түбінде,
Шын қамқорды таба алмассың анаңдай.

Өмір-өзен, ілесерсің ағынға,
Бал күндерің айналар-ау сағымға.
Бар кезінде қадірін де білмессің,
Анаң мәңгі жүретіндей жаныңда.

Ол бар кезде перзентінің таңы нұр,
Қуат алса шуағынан – жаны гүл.
Тірісінде қадірлендер ананы,
Айырылған соң таба алмайсың, соны біл!



АПАМА
(Тұрсынға)

Жан апа, міне, бақытқа жеттің, жанды үміт,
Белеске қондың, қанатыңды әбден талдырып.
Соңыңнан ерген тентектеу інің мен едім,
Қуантып, кейде көңіліңді келген қалдырып.

Бес қыз ең үйде, кеттіңдер ұшып жан-жаққа,
Үй болдың бәрің, көп жылдар сөйтіп қалды артта.
Қара шаңырақтың қабырғасын сүйеп біз қалдық,
Кеудені тосып түсетін барлық салмаққа.

Жан апа, тағдыр сипамай сені маңайдан,
Ұл мен қыз сүйіп, кезінде көңілің жайланған,
Қапыда соққан дауылда сынып тірегің -
Қосағың құлап, жалғанбай қалды-ау арманды ән.

Қолдады тәңір күш беріп саған қарманған,
Жігеріңменен қысқа жіп тірлік жалғанған,
Ошақтың отын жандырдың өзің сөндірмей,
Алыста жүріп, тіледік тілеу шалғайдан.

Ызғырықтарда бүрсендеп мен де көктедім,
Шырқырай кештім қиындықтардың өткелін.
“Апамның бірі аға болғанда” – деп кейде,
Сүйеніш іздеп, мұңданған кезім көп менің.

Нарларша апа, көшіңді алға сүйредің,
Көзіңді көріп, мақтауым емес бұл менің.
Ұл-қыз өсіріп, оларды баптап бағбандай,
Әдеп, ибаға, пәк қылықтарға үндедің.

Дей алмады ешкім жігерің сенің кетілді,
Ұққандай тәңір жүректен шыққан ниетіңді.
Арқанда сенің балапандарың бақ құшып,
Балаң шағынан жетімдік көрмей жетілді.


Тауқымет тартып, қиналсаң да ылғи оң жүрдің,
Ұяға ұлды, қияға қызды қондырдың.
Шаттығың осы жалғасын тауып ұзақ жыл,
Шаңырағың мына ошағы болды ән-жырдың.

Қысылсаң пірлер жаныңнан әркез табылып,
Жасай бер ұзақ, көрме тек енді жабығып.
Шаңырағыңда шалқайып отыр әже боп,
Ауырмай басың, қыңқыл-сыңқылдан айығып.

Жетелеп алға ақ үмітің мен сенімің,
Бақ берекелі, мерейлі болсын өмірің.
Екі отау үйің, екі рулы елге айналсын,
Шай құйып берсін Абылайдан көрген келінің.

Сен десе, көңіл аптығып алға жүгірген,
Құттықтай келдік елуге толған күніңмен.
Алтындай болып, жарқылдап ылғи жүрсін деп,
Жүзік сыйладық келінің менен ініңнен.

01. 04. 1997 ж.



БЕГЕНГЕ

(Үйлену тойында оқылған өлең)

Көкіректен сайрап ұшып бұлбұлым,
Жекпілдейді шат әуеннен түндігім.
Бегенжаным, құтты болсын отауың,
Көптен күткен қуанышты күн бүгін.

Көңіл қалап үзген екен нұр гүлін,
Екі жүрек сүйген екен бір-бірін,
Екеуіңізге ортақ енді тірлігің,
Екеуіңізге тіреледі бірлігің!

Бақыт деген, байлық деген сол болар,
Талап қылсаң, Алла ісінді оңғарар.
Адал жүріп, анық бассаң аяқты,
Ата-баба аруағы да жар болар.

Орындадың міне анаңның арманын,
Әкешіңнің жайқалтшы енді орманын.
Өтей білсең ата-ана парызын,
Әрқашан да ашық болар маңдайың.

Мойынға артып әулетіңнің бар жүгін,
Азамат боп алға тартсаң, нарлығың.
Бекет ата қолтығыңнан демеп бір,
Қабыл қылғай, осы айтқанның барлығын.

10. 06. 1993 ж.



САҒЫНАРМЫЗ БІР КҮНДЕРІ

(Бозбаланың күнделігінен)

Бірінші жыр

Сағындым ғой,
Жаным-ау өзінді ойлап,
Кездесуші ек,
Сезімнен жан алаулап.
Жүрмін, міне, біле алмай хабарыңды
Құр сүлдемін
Қапыда қалған сорлап.

Сағындым ғой,
Өзінді қайдан табам?
Кездер есте
Алаңсыз сайрандаған.
Қаладай құлазиды
Қайран көңіл
Жау тиіп ойрандаған.

Сағындым ғой,
Өзегім толған жалын,
Оның емі –
Сен, бейне жауған жауын.
Аңсаттырдың сағымға айналғандай,
Болармысың
Басымнан ауған бағым?..



Екінші жыр

Жаным менің сен мені ұмыттың ба?
Жан жүрегін басқаның жылыттың ба?
Маған деген сезімің мөлдір еді,
Лайланып қалғаны-ау тұнықтың да.

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?
Бөрідейін жорытамын ұлып қырда.
“Сүйем” деген сөзіңді анттай көрдім,
Сен өзің махаббатты шын ұқтың ба?..

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?
“Жасанды әдет жоқ -деуші ем –
қылықтымда”
Басқаларға бас имей жүруші едің,
Болғаны ғой ұзыны құрықтың да.

Жаным менің, сен мені ұмыттың ба?..
Елемеуші ең пәрменін ұлықтың да.
Әлде біреу араға өшпес от сап,
Көрместей-ақ көңілді суыттың ба?..



Үшінші жыр

Сені ойлаймын,
Жүректі кім емдемек?..
Қарайлаймын,
Қыз көрсем сен бе екен деп.
Өзің болып сыбырайтын,
Көңілімді жиі алдайтын,
Не деген жел де “тентек”?..

Өзіңмен өткен күнім —
Сүйікті ертегі,
Түк үнсіз кеткендігің
Жүректі өртеп,
Түнімен тыпыршымын, еске аламын,
Сәттерді аймаласқан:
“Тілек бір” деп.

Өзіңсіз ісім күйбен,
Өнбегендей,
Сүймесіңе
Көңілім сенбегендей.
Тірліктің шырғауынан шыға алмай,
Сағынып жүр ме екенсің
Сен де мендей?..



Төртінші жыр

Бір келерсің,
Келмеуің мүмкін емес.
Көп күн өтті,
Гүл бейнең, күлкің елес.
Қалайша маған деген бұла сезім
Жаныңды оңашада сілкілемес?..

Бір келерсің,
Келмеуің мүмкін емес.
Өзінді тұсаулай бер,
Мың күн егес.
Сағыныш маған деген, біле-білсең,
Арнаңа толса, қалай дүркіремес?

Сен мені ұмытпассың,
Қашық барып,
Азапқа сал өзінді
Машықтанып.
Дүниеден баз кешеді, көрмесе егер
Қашан да бірін-бірі ғашық ғаріп.

Бір келерсің
Тіл қатып жүрегіңмен.
Жалын құшып,
Орарсың білегіңмен.
Тірі болсақ, сен маған ораларсың,
Білемін мен...

Бесінші жыр

Тұтқынымын
Мен сенсіз тас қамалдың,
Таусылды ғой,
өмірде басқа амалым,
Кеткеніңді басқаға естігенде,
Жанарымды, жаным-ау,
жасқа малдым.

Назаландым,
Тірліктен түңілгендей,
Іштей тындым,
Шығарар үнім кемдей,
Төзе алмай жанымның азасына
Үш күннен соң
жығылдым күйім келмей.

Сүйретілдім,
Қалғанша құр сұлдерім,
(сорлы жүрек, нені ұғып дүрсілдедің?)
Саған, жаным,
Сонда да кінә қоймай,
Бақытты боп, жыламай
жүрсең дедім...



Алтыншы жыр

Жүрегім жұлым-жұлым,
Ойым қангүр.
Өксік-көл,
Ал көз жасым бейне жаңбыр.
Бұл менің сен жоқтағы көңіл күйім,
Өзің біл
Күлесің бе?
Мейлің жазғыр.

Уақыт та бос ұршықша
құр зырлаған,
Мұң-зарын бұл ғаріптің
кім тыңдаған.
Мендегі қуанышты,
Бар күлкіні
Айнам-ау,
Сенен басқа кім ұрлаған?..



Жетінші жыр

Түнгі кафе...
Желік отын үрлеген,
Аяулыммен бірде бардым
Түнде мен.
Ертеңіне екі айырылдық
Біз деген.
Құрсын сол түн
Сенен шафхат іздеген.

Түнгі кафе...
От басады білмеген,
Жазған басым,
Сені неге іздеп ем?
Махаббатым тапқанында баянын
Тоз-тоз болды
Сорлы жүрек гүлдеген.

Түнгі кафе...
Сені енді жек көрем.
Қашқақтаймын,
Жүрем ығи шетпенен.
Тілеп тұрам
Біздің жолды берме деп,
Қыз-жігітке солай қарай беттеген.

Сегізінші жыр

Сүйіп тұрып,
Басқаға ергенің не?
Аққу сезім, жаным-ау, ермегің бе?
Қос жүректің шуағы –
Ақ махаббат
өлді,енді
Тұрмастай, жөргегінде.

Өлді енді,
Қайтейін амал бар ма?
Кінәламан,
Қимаймын жамандауға.
Өмір деген осылай өтеді екен
Қалай қарсы тұрайын
Шамам бар ма?..



Тоғызыншы жыр

Мінеки көктем өтті,
жазым келді.
“Көңілге – күй,
жүрекке сазым келді”,
Дей алмай мен отырмын
мұнға батып,
Елес ғып
сенің әсем назыңды енді.

Тыншыды,
Көңілім де алып-ұшқан,
Жапырақша сарғайдым
сағыныштан.
Айырылған сыңарынан аққудайың
Сенсіз менің басымнан
бағым ұшқан...

Оныншы жыр

Рас болды
Іштегі жорамалым,
Өзгеріпті
бастағы орамалың.
Кездесіп ек
Еліктей дір-дір еттің,
Мен де үнсізбін,
Таусылған бар амалым.

“Кешір” дедің,
боталап мөлдір көзің,
Құрсын бөрі,
Дал болдым мен де өзім.
Ессіз жандай
Мәңгіріп тұрып қаппын.
Қайда, қайда
баяғы ғашық сезім?!

Жүруші едік
Екеуміз уәде нықтай,
Жанарыңнан жас тамды
Таңғы шықтай.
“Бақытты болсаң болды”
Деген болдым,
Көкірек күмбірледі
Үнім шықтай.

Шыным осы
Тілеймін бақытыңды,
Жоғалтқандай болсам да
жақұтымды.
Өмірімнің ең қимас шағы деймін
Өзіңмен бірге өткізген
уақытымды.

Өмір-өзен
Заңына бағынамыз.
Шаттанармыз,
Күлерміз, жабығармыз.
Пәк махаббат баураған бұла шақты
Бір күндері
Еске алып, сағынармыз.

Он бірінші жыр

Жанардың отын мұң басып,
Жігерің құмға айналып,
Өмірден қалған тым жасып,
Бойыңа үлкен қайғы алып.

Тұрғаныңда көрдім мен
Шегіне жетіп төзімнің,
Махаббатыңды сөндірген
Жандай боп маған көріндің.

Елестеп кетті көзіме
Бұрынғы көркем гүл өңің.
Тәнті бір болған өзіңе
Кезімді және білемін.


Ұзын боп созған қармағың,
Сезбедің өмір салмағың.
Махаббатты тәрк етіп,
Пұшайман етіп алдадың.

“Тарттырдың соның зардабын,
Қорлады барған жан-жарым”,
Дедің сен терең күрсініп, -
“Тікенек болды қолдағым”.

Жібек ең келмей түтімің,
Гүл едің келмей күтімің,
Қиналып міне, тұрсың сен
Елшідей жойған бітімін.

Не дейін саған, не дейін,
Жаныңа таза сенейін.
Адасып ұшқан аққуға
Жаным-ау, сені теңейін.

Қайтадан көктеп желегің,
Асқақтап шықсын өлеңің.
Мұңайып жүрген, құрбыжан,
Қуанғаныңды көрейін.



АҚТАУДАҒЫ АҚҚУЛАР

Айнымас адал ғұрпын сақтады да,
Алғашқы ақ қар түскен шақта мына,
Көркіне көрік беріп жағалаудың,
Аққулар тағы оралды Ақтауыма.

Оралды, жеті айналып құс төресі,
Үркітіп, оларға аулақ ұш демеші.
Көк теңіз зеңгір көктей көзді арбаса,
Аққу-бұлт сол сұлулық үстемесі.

Жылда кеп бауыр басқан жат бола ма?!
Сапарын оң ғып тұрғай Хақтағала.
Аққулар ғашық болып қалды білем,
Етегін толқын өпкен ақ қалаға.

Лессе қыстың боран, ақ қарына,
Іңкөр ғой маң далама, ақ таңыма.
Аққулар былтыр кеткен жетті айналып,
Інжуі Маңғыстаудың Ақтауыма.

22. 12. 2004 ж.

КӨҢЛІ

Жеткізбейді ауылы құдашаның,
Жетем деп талай ой мен қыр асамын.
Алға қарай сүйреген беймәлім жол
Білмеймін маған қандай сыр ашарын.

Құдаша, артық туған жамалы Айдан,
Ықыласымды қайтейін өзіңе ауған.
Саған деген көңілдің кіршігі жоқ
Мөлдірейді аспандай жаңа жауған.

Саған келем, жол жатыр белес-белес,
Бұл шақ та қалар бір күн болып елес.
Көңілі адамдардың жақын болса,
Қашықтық қандай болсын алыс емес.

САҒАН ДЕГЕН МАХАББАТ

Аяулым-ау екеуміз қосылғалы,
Бақытыма айналдың басымдағы.
Елігім ең, айналдың көрігіме
Серігімсің сен менің қасымдағы.

Арман кудым, жолымды тосып қалдың,
Жігерімді бір сәт те жасытпадың.
Қазығыма айналып артымдағы,
Пысықрмадың сөзіне пасықтардың.

Сері көңіл қойды да еркелетіп,
Жүрдім талай кеш келіп, ерте кетіп.
Қабак шытпай алдымнан күліп шықтың,
Күндерге де мән бермей келте-кетік.

Бірдей тартғың тағдырдың салғанын да,
Қуанышын, қайғысын, салмағын да.
Есімде жоқ бір мезет менен бөлек
Ерекше күй өзіңе талғадың ба?

Қамдадың да, сен мені қолдадың да,
Серік болдың өмірлік жолда мына.
Өлді десе, сенерсің, сенбе бірақ,
Саған деген махаббат солғанына.



ТОЙ БОЛҒАН АЛТЫН ТОЙҒА ҰЛАСАТЫН

(Кеңес ағай мен Жаңыл жеңгейдің алтын тойына арнау)

Елу жыл білгенге той басталғалы,
Жалындап тұрды онда жастар жаны,
Қосылып Кеңес аға, Жаңыл жеңгей
Жайылды осындай ақ дастарханы.

Өзеннің сияқтанды қос тармағы,
Жұлдыздай қатар жанды аспандағы.
Біз білсек, Сіздей болар аға-жеңгей
Мұратқа жеткен жандар дастандағы.

Әрине оңай емес өткеніңіз,
Күресіп өмір үшін, көктедіңіз.
Еңбекте озық жүрген ағамыздың
Білеміз табыстарға жеткенін біз.

Үздігі ақ күріштің атаныпты,
Ісімен талай алғыс, бата алыпты.
Мақтансақ ағамызбен мақтанайық
Тамсантқан Ыбырай ата Жақаевты.

Көтерген қай күнде де ауыр сынды,
Шыңдаған үлпілдеген қауырсынды,
Төбеге хан көтерсек артық емес,
Аяулы ер Ананы Жаңыл сынды.

Өмірдің болды аптабы, болды ызғар,
Біріңе-бірің сүйеу болдыңыздар.
Біз білсек, пәниде де, бақида да
Тек төрден алатұғын орныңыз бар.

Өмірдің қақпаны бар, ақ таңы бар,
Қиында бір-бірінді жақтадыңдар.
Махаббат деген асыл, нұр сезімді
Елу жыл пәк күйінде сақтадыңдар.

Той болсын дәл осындай жадыратқан,
Сақтасын патша-Құдай жаманаттан.
Өрбісін немере мен шөберелер
Бес қыз бен бес ұл шыққан шаңырақтан.

БАЛТАБАЙҒА
(*Б.Құбығұловқа*)

Жеткізіп жақсы ісінді айта алам ба?
Еселеп жақсылығын қайтар, Алла!
Сүйеген қысылғанда қолтығымнан
Мың рахмет, Құбығұлов Балтабайға.

Таныттың азаматтық, көрегендік,
Шын ерлік – мұқтаж жанды демегендік.
Игі ісің бізге істеген шығар алдан,
Ұрпақтар айтып жүрер өнеге ғып.

Дүние - қолдың кірі, қолда тұрмас,
Ақынның өзі өлсе де, жыры тынбас.
Жасаған біздейлерге жақсылығың,
Балташжан, ешқашан да ұмытылмас.

15. 05. 2002 ж.

МӘДИГЕ

Ұлым менің, сенің туған күнінде,
Бір тамаша думан болып үйімде,
Аппақ нұрға бөленіп ед түнім де.
Ризамын сол күніме, бүгінге.

Ұлым менің, міне, жиырма жастасың,
Тілейтінім: басыңнан бақ қашпасың,
Зор мақсатпен түстің өмір жолына,
Ақ арманың биіктерге бастасың.

Намысыңды биік ұста туындай,
Қиындықтар табаныңа жығылғай.
Тәңір сыйлап зор денсаулық, амандық,
Бақыт болып кеудеңе нұр құйылғай!

30. 06. 1996 ж.

ҚАЙТА ҚОНДЫҢ АТЫҢА

*“Қазақстан- Ақтау” телеарнасынан “Ананың
көз жасы” атты хабарды көргеннен кейін
Арман Зәкібайға арналған өлең.*

Кезің еді бота тірсек бозбала,
Дегенді ұқпай: “өмір-жолға оң қара”,
Сезбедің де сол бөленің ушығып,
Сәл ғананың айналарын бомбаға.

Ол жарылып, көкіректе жалынға
Айналды да, сен қамалдың торында.
Құрсау тірлік, айлар ағып, жыл көшсін,
Ой-сананды жетеледі сағымға.

Есің кетіп, жүрегінді дерт алып,
Күллі дүние танытпады оң қалып.
Құба талдай бұлғақтаған жігіт ең,
Күннен-күнге бара жаттың қартайып.

Енді міне, таң жұлдызың сөнерде,
Мәрттігінді таныттың-ау, сен елге.
“Есірткіден есіңді жи, езілме!..”
Ұраның бұл жаңсақ басқан өренге.

Беу, Арман-ай,
Қапы кеткен қарғам-ай,
Құрдымға да құлап тұрған аңдамай,
Есірткімен күресуге ант еттің,
Орта жолда ерің ауып қалмағай.
Енді саған қуат берсін Аллам-ай,
Енді саған қуат берсін, Аллам-ай!

ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНА

/ арнау /

Мереке келді,
Шаттықтың ғана тарт күйін,
Ән айтқың келсе,
Қуаныш әнін айт, күнім.
Жасарып дүние ұмытып кетті
қарттығын

Көктеммен келген
Сегізінші март бүгін!

Нұрлы таң атты,
Шуағын төгіп келді күн.
Бақытың қолда,
Қолыңда сенің теңдігің.
Өзіңсің бәрі: дәрігер, ұстаз,
қайраткер

Тәуелсіз елдің сүйіктісі де
сен бүгін.

Жеткізбес шегі
Айтылар саған тілектің.
Сен жүрген жерге
Келеді менің гүл еккім.
Үйдің де сәні, түздің де сәні –
өзіңсің,
Сен тіпті мынау үлкен әлемге
тірексің!

Тірілткен қайта
Суалып қалған бұлақты,
Қуарып қалған
Ақ қайың менен құрақты.

Сырлы да жырлы, сазды да
назды, шуақты
Жасай бер, жайна, аяулым, көктем сияқты.

ҚОШ АЙТТЫ ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ЖАУЫНГЕРІ

*(Ақын Есенғали Бөкенбаевты соңғы сапарға шығарып са-
ларда оқылған өлең)*

Ақын өлді, әлеумет, қайғың бүгін,
Бұлт жапқандай нұрланған айдың жүзін,
Оралмайды ортаңа Бөкенбаев,
Жырларымен көтерген нардың жүгін.

Арқалы еді, шабыты дауылды еді,
Өздеріңмен бір жасап, дәуірледі.
Токтады сексендегі сері жүрек,
Қош айтты қара өлеңнің жауынгері.

Көкірегінде әрдайым шалқыды өлең,
Өлең сөздің көтерді нарқын ерен.
Қаламынан алпыс жыл саулаған жыр
Енді жолдас болады халқыменен.

Ұғынды ол өмірді байыбы жоқ,
Перзент болды халқына қайыры көп.
Өзі өлсе де, рухы жасай бермек,
Алаштың Есенғали шайыры боп...

23. 02. 2002 ж.



ЕСКЕ АЛДЫҚ

(*Інім Өмірдің рухына*)

Фәниге мынау ақ берен ұл боп еніп ең,
Есті тентек-ау, шаңырағыңа көрік ең.
Жастай дерт шалып жаздырмаса да еңсенді,
Күресуменен қиын күндерді жеңіп ең.


Күйбең тірліктің қам-қарекетін үйреніп,
Жиырма бесінде қуантып едің үйленіп.
Қатыгез ажал қапысын тауып бір күні,
Кете бардың-ау, тырнағына оның түйреліп.

Қайғынды жұтып біз қалып едік артыңда,
Өлмеген жанға нәсібін Тәңір тартуда,
Өзің кеткелі он бес жыл болды, Өміржан,
Жүректе қалдың жиырма бестегі қалпыңда.

Кесапат келсе, жұлдызы сөніп, тынбас кім?..
Ізетін көрдің аға-іні, апа, құрдастың.
Өкінішіміз – артыңда ізің калмады,
Бір үйі болып отыра алмадың Мыңжастың.

Екі дүниеде арымас дейді баталы ер,
Мойында біздің бар болса парыз, өтелер.
Өзіңді еске алдық, садақа беріп, дұға оқып,
Рухыңменен біздерді жебеп жата гөр!

Шілде, 1996 ж.



АПА

(Айша Оңайбекқызының рухына)


Барушы ек ылғи Сізді іздеп,
Көрмесек ұзақ сағынып.
Қарсы алар кім бар өзің боп,
Өзіндей бізден жай ұғып.

Шамшырақ сынды шалғайдан,
Шақырар енді кім бізді?
Кемедей қалдың қайранда...
Сонда да көңіл іздейді.

Жамылдың торқа топырақ,
Дамылдап, жайлы жат енді.
Ұрпағың жайды жапырақ,
Аналық парызың өтелді.

Тауқымет талай көтердің,
Ұрпақтың қамын арқалап,
Есімінді, Апа, өгерміз,
Дұғаға қосып, қайталап...

23. 04. 2005 ж.



МАҢҒЫСТАУ – БІЗДІҢ ӨНІМІЗ

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Маңғыстау жерім, теңің жоқ сенің,
Қара алтын кенім – байлығы елдің.
Еңбек бір майдан, күміс тер тамған,
Қыранды далам бабадан қалған.

Қайырмасы:

Маңғыстау – біздің өніміз,
Маңғыстау - біздің сәніміз.
Береке қонған құт дарып,
Арайлап таңымыз.

Көңіл гүл шаттық, бойда өр жастық,
Бірлікпен жасап, қиыннан астық.
Арманым асқан, байлығым тасқан,
Маңғыстауыма ерлік жарасқан.

Қайырмасы:

Маңғыстау – біздің өніміз,
Маңғыстау - біздің сәніміз.
Береке қонған құт дарып,
Арайлап таңымыз.



АҚКЕТІГІМ – КИЕЛІМ

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Тарихың бар мені ойларға батырған,
Мен – шағала, сен – көк теңіз шақырған.
Бабалардың көзін көрген киелім,
Ақкетігім, айналайын атыңнан.

Қайырмасы:

Шаттыққа толы айнала,
Қазынасы бай дала.
Ақкетігім өзінді,
Ұмыта алман қайда да.

Өтті күндер басыңа бұлт қаптаған,
Қазынаңды қойнауыңда сақтаған.
Шежірелім, сырынды аштың бүгінге,
Сәулетіңе, дәулетіңе шаттанам.

Қайырмасы:

Шаттыққа толы айнала,
Қазынасы бай дала.
Ақкетігім өзінді,
Ұмыта алман қайда да.

Іргең - теңіз, бір жағыңда – маң далам,
Ақкетігім, көргенде көз тоймаған.
Ғасырлар ас, шаңырағың шайқалмай,
Ұрпағың бар ертеңінді қамдаған.

Қайырмасы.

МҮНАЙЛЫ МЕКЕН – ЖАҢАӨЗЕН

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Еліне сыйлап кенін – бар асылын,
Көркі боп, Маңғыстаудай даласының,
Қанатын кеңге жайып жатыр қала,
Аққудай үйлер тауып жарасымын.

Қайырмасы:

Шырайлы мекен,
Мұнайлы өлкем.
Нұрлы да, жырлы,
Жаңаөзен, Жаңаөзен.

Кеткен жоқ өткен жылдар өтеуі құр,
Халқымыз өлке даңқын көтеріп жүр.
Арттырған ел байлығын қай кезде де,
Рухы асқақтардың мекені бұл.

Қайырмасы:

Шырайлы мекен,
Мұнайлы өлкем.
Нұрлы да, жырлы,
Жаңаөзен, Жаңаөзен.

Арқауы ерен ерлік дастанының,
Қайраты елге әйгі жастарының.
Желбіреп көк байрағым тұрған шақта,
Жұлдызы жарқырайды аспанының.

Қайырмасы.

АПА, СЕН ҚАРТАЙМАЙСЫҢ

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Бала деген адамның өмір гүлі,
Қартайта ма сәбидің көңілді үні.
Қабағыңды шытуды білмейсің-ау,
Апа, сендей көрмедім өмірліні.


Қайырмасы:

Апа, сен қартаймайсың, қартаймайсың,
Қартайдым деп ойлама әр тайғасын.
Ортамызда отырсың дана болып,
Әрқашан дастарханың ортаймасын.

Дауысында балаға жоқ қой ызғар,
Тентектерің сонда да сені тыңдар.
Жастығың да солар ғой, шаттығың да,
Ойлашы, апа, бақытты сенен кім бар?!

Қайырмасы:

Апа, сен қартаймайсың, қартаймайсың,
Қартайдым деп ойлама әр тайғасын.
Ортамызда отырсың дана болып,
Әрқашан дастарханың ортаймасын.



ШЫҒАЙЫҚ ҚЫРҒА

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Ақ жаңбыр болып төгіліп жерге көктем нұр,
Төбемде міне, аспаны күліп көктем тұр.
Қиқулап бүгін үстімнен өтті аққу-қаз,
Менімен, қалқам, жусанды қырға кетсең жүр.

Қайырмасы:

Шығайық қырға, оранып нұрға,
Жусанды далаға.
Шығайық қырға, бөленіп жырға,
Таусылмас сыр да.

Екеуміз, жаным, серпіліп қырға шығайық,
Көктемде қырға барғанды көрер кім айып.
Боранды күндер қарға адым жерге шыға алмай,
Телміріп тысқа отырып едің мұңайып.

Қайырмасы:

Шығайық қырға, оранып нұрға,
Жусанды далаға.
Шығайық қырға, бөленіп жырға,
Таусылмас сыр да.

Жүректі бүгін билеп те алды өктем жыр,
Серпіліп тысқа шыға алмап едің көптен бір.
Жүр, қалқам, бірге жусанды қырға шығайық,
Бозбала қырда көк көйлек киіп көктем жүр.

Қайырмасы:

Шығайық қырға, оранып нұрға,
Жусанды далаға.
Шығайық қырға, бөленіп жырға,
Таусылмас сыр да.

АҚ КЕМЕДЕГІ АРУ

Әні Жалғас Кеңесөетікі

Ақ кемеде ару көрдім ай жүзді,
Жарқ еткенде, жанарында таң күлді.
Қарағанда ғашық еткен сол бір қыз,
Талай жанның жүрек отын жандырды.

Қайырмасы:

Кемедегі ару - қыз,
От болсаңыз, жалынбыз.
Шырқасаңыз, әнің - біз,
Басындағы бағыңбыз.

Көкірекке көктем еніп, жаз күлді,
Жиып берем өлемдегі бар гүлді.
Ақ кемеде арман болған аруым,
Саған ғана арнап өтем ән-жырды.

Қайырмасы:

Кемедегі ару - қыз,
От болсаңыз, жалынбыз.
Шырқасаңыз, әнің - біз,
Басындағы бағыңбыз.

Айдай көркің мейірімді қандырды,
Бақыт көрем кездестірген тағдырды.
Біз - жолаушы, сен – шамшырақ шақырған,
Ақ кемеңің ару қызы ай жүзді.

Қайырмасы:

Кемедегі ару - қыз,
От болсаңыз, жалынбыз.
Шырқасаңыз, әнің - біз,
Басындағы бағыңбыз.

СЕНІ ІЗДЕДІМ

Әні Жалғас Кеңесовтікі

Сені іздедім, жан ерке, таба алмадым,
Көңіл аулап қасыңа бара алмадым.
Күндіз-түні елес боп көз алдымда,
Үміт үзіп мен сенен қала алмадым.

Қайырмасы:

Сені іздедім, сені іздедім
өр Каспий жағасынан,
Сені іздедім, сені іздедім
ақ қайындар арасынан.
Сені іздедім, сені іздедім.

Өзің жаққан отынды сөндіре алмай,
Жүрегімді еркіме көндіре алмай,
Сені іздедім, жан ерке, сені іздедім,
Күн кешемін мен сенсіз енді қалай?

Қайырмасы:

Сені іздедім, сені іздедім
өр Каспий жағасынан,
Сені іздедім, сені іздедім
ақ қайындар арасынан.
Сені іздедім, сені іздедім.

Сен жанымның байлауы, жалауысың,
Гүл сезімнің мендегі алауысың,
Жүрегімнің төрінен орын алған,
Көңілімнің сен ғана қалауысың.

Қайырмасы:

Сені іздедім, сені іздедім
өр Каспий жағасынан,
Сені іздедім, сені іздедім
ақ қайындар арасынан.
Сені іздедім, сені іздедім.

ӘНШІ ҚЫЗ МОНОЛОГЫ

Әні Жалғас Кеңесөзтікі

Жас жанымның жасытып жігерін сен,
Ән айтпауды жалынып тіледің сен.
Онсыз мендік тірліктің сәні бар ма?
Ән өмірім, сен егер біле білсең.

Қайырмасы:

Әншілік - арман
Жастық шақ - сайран.
Аяулы асылым ең,
Күтемін мен сені алдан. 2 рет.

Келді мені әнімнен бөлектегің,
Ән салмауға жүрегің көнед,- дедің.
Әнсіз өткен сағатым жылдай болып,
Шаң басты ғой көңілдің желектерін.

Қайырмасы:

Әншілік - арман
Жастық шақ - сайран.
Аяулы асылым ең,
Күтемін мен сені алдан. 2 рет.

Ойланар, ренжімей келер дедім,
Кірпік ілмей түндерде елеңдедім.
Өтті күндер, жаным-ау, оралмадың,
Көңілімнің ортайтып терендерін.

Қайырмасы:

Әншілік - арман
Жастық шақ - сайран.
Аяулы асылым ең,
Күтемін мен сені алдан. 2 рет.

ҚЫРАНДАР КЕРЕК

Әні Айтгүл Әбдірақованікі

Бейбіт елде бұла өскен менің
Артымнан ерген інілерім-ай,
Жат жерде жаумен тірескендерім,
Рухы асқақ ірілерім-ай!

Өз ошағы мен елінен асып,
Жаралы жыртқыш - қашқан жау,
Жасырын келіп, тасадан атып,
Кей боздақ жерді жастанды-ау.

Адалдықты ардай кірлетпегенің,
Көкіректі тостың оқтарға.
Араңызда жоқ боп бірбеткейлерің,
Туған жер әлі жоқтауда.

Еске алу қиын, білем бәрін де,
Балаң шақ сонда қалды ма?
Ауғанның мұңлы күрең көгіне
Қараумен көзді талдыра.

Амандықты ту етіп тұтып,
Жеттіндер елге қайтадан.
Отандастарың алдыңнан күтіп,
Бозторғайлы қыр айтады ән.

Мөлдір аспанды күн нұрға малып,
Бұлт — орамалын тау бұлғайды.
Шаттықты жүрек тұндырып алып,
Көк дөнен көңіл тұрмайды.

Жақсылық қой бұл — лебі есуде,
Сейіліп зілдей тұмандар.
Көлеңкелердің бұлты көшуде,
Елге де керек қырандар.

ОН ЖЕТІНШІ МАУСЫМДА


Әні Айтгүл Әбдіразақованікі

Тарихында төтеп берген сан сынға,
Ерлік бар-ды, елдік бар-ды халқымда.
Өршіл ұлан мұны әлемге танытқан,
Жаңаөзенде, он жетінші маусымда.

Тектілік бар ата-баба салтымда,
Алатаудай асқақ содан даңқым да.
Қасиетін жоғалтпадың қазақтың,
Еңсе басқан қасіретті маусымда.

Найзағайдай жарқылдадың, бұлқындың,
Төсін тілдің кара түнек бұлтыңның.
Дүбіріңнен таңдар атып жап-жарық,
Дабылыңнан жетті арайы нұр-күннің.

Сендерсіңдер – жер иесі, нар тұлға,
Ерлік мұра ұрпақтарға айтуға,
Боздақтарын еске алады жыл сайын,
Жаңаөзенде, он жетінші маусымда.



ШАҒАЛА

Әні Айтгүл Әбдірақованікі

Шалқыған теңіз де аман, жаға да аман,
Қалқыған көз тұнады шағаладан.
Мылтықтыға сен мені ұқсаттың ба,
Оу, шағалам, шаттықты жағалаған.

Әлде мені өзіңе дос тұттың ба,
Ілестің сен шаңқ етіп көкке ұштың да.
Ғашығынан айырылып, құса болып,
Көк теңізден безінген ақ құссың ба?!

Шөкім бұлттай қалқисың жел іздеген,
Мұңлықсың-ау, жүрекке ем іздеген.
Айырылсаң да досыңнан егіз жүрген,
Өмірің бір, шағалам, теңізбенен.

Қанша ұзап кетсем де жағалаудан,
Құтылмадым ілескен шағаладан.
Жалғыз құстың бейнесі ұқсап тұрды
Қарындасқа артымнан ағалаған...



САҒЫНАРМЫЗ

Әні Айтгүл Әбдіразақованікі

Қос жүреkte гүл махаббат бүр жарып,
Сыр сезімнің пернелерін бір қағып,
Есінде ме ынтық көңіл асығып,
Біз екеуміз кездесуші ек ұрланып.

Жарасымды, бөрі сол сәт орынды,
Көкірегіме қойып ыстық қолыңды,
Сен кетуге асыққанмен қаншама,
Бірде сенің бөгей бердім жолыңды.

Тұсай алмай бойдағы асау сезімді,
Енді қайтып көрмейтіндей өзіңді,
Бөгеп тұр ем, шамы жанып көршіңнің,
Есігінен көрші әйел көрінді.

Ел ішінде жоқтай басқа жаңалық,
“Әңгімеміз” кетті содан таралып.
Кездесуді қоя алмадық біз бірақ,
Ізімізге түссе де жұрт “шам алып”.

...Өтті он сегіз найзағайдың жарқылы,
Сағыныш қой айтпағымның төркіні.
Қымбат екен білмеппіз-ау, кезінде,
Бозбала мен бойжеткеннің әр күні.

Уақыт - өзен, тыншу таппай ағатын,
Кездер келер жүрек баяу соғатын,
Шіркін-айлап сағынармыз сол шақта,
Жастық шақтың күнін емес, сағатын.

ГҮЛДАНА

Әні Айтгүл Абдірақованикі

Өзіңменен теңеседі
Гүл ғана,
Аққу көркін
Өзге жаннан тұр дара.
Асылым- бағым,
Ғашығым-жаным – сен ғана.
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.

Қабағыңа қонбасыншы
Мұң - нала,
Кездескенде тұршы күліп,
Нұрлана.
Асылым – бағым,
Ғашығым-жаным сен ғана.
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.

Гүлдана деп,
Әндетемін ырғала,
Әуеніме тербеледі
Қыр-дала.
Асылым – бағым,
Ғашығым-жаным сен ғана.
Гүлдана, Гүлдана, Гүлдана.



МЕН СЕНІ ГҮЛГЕ БАЛАДЫМ

Әні Айтгүл Әбдірзақованікі

Аққудай көркем, еліктей ерке қарағым,
Маған не мұнша жанардың сұғын қададың,
Мойыл көздерің тұрса да бір сыр ұқтырып,
Мерген боп қалдым тастаған жерге жарағын.

Көргендей бейне даланың аппақ маралын,
Мен дағы саған қайта да қайта қарадым.
Қашаған шабыт еркімді аулақ қашты алып,
Сарбаздай болдым алдырған жауға қамалын.

Мен сені бір тал қызғалдақ гүлге баладым,
Уақыттан ерте үзілмесін тек сабағың.
Тіл де қатпадым, сол оймен ұзап кеттім мен,
Аққудай көркем, еліктей ерке, қарағым...



САҒЫНҒАН ШЫҒАР

Жағада тұрмыз екеуміз ғана...
Теңіздей мына тербеліп
жатты қос сезім.
Ғашықтар жырын шертеді жаға,
Шертеді теңіз, толқынмен
толғап көк төрін.

Аспанда біздің сырымызға
ортақ,
Ай аунап бара жатқан-ды,
Қараада¹ тұрды мүлгіп бір
сол шақ,
Махаббатқа орап жастарды.

Жұлдыздар тұрды
жымындап көктен,
Шашылған мың-сан моншақтай.
Жағалау сол бір қымбат
ед неткен,
Есімнен кетпес сол шақтай.

Көп болды, сәулем, жағаға
сол бір
Бармадық қайта жаяулап.
Бұл күнде біздің жанарда
мол жыр
Біргеміз мәнгі, көңіл шат.

03. 08. 1974 жс.

¹ Қараада – Каспий теңізіндегі арал.

ЖАНАРЫҢ СЕҢІҢ

Аяулым, неге қарайсың кейде назданып,
Қараймын мен де ұққандай сырлы сазды анық.
Жанарыңдағы жарқылдың арғы жағында,
Жатыр ма маған айта алмай жүрген сөз жанып?!

Жанарыңдағы жарқ еткен жалғыз ұшқынмен,
Көктемге шөлдеп, қытымыр қаңтар, қыс күлген.
Жанарың бойды жалынша шарпып кеткенде,
Қиқулап құстар өтеді менің үстімнен.

Жанарың сенің ерітер мұзды ақпанда,
Жаһанды тегіс нұрына малған ақ таң ба?
Жанарың сенің жанымды жырға бөлейді,
Жазылмай жүрген дастандай.

Жанарың сенің жаралған таңғы шықтардан,
Тағы да ,міне, гүлдерге қонып шықты алдан.
Әрдайым менің алдымнан күліп қарсы алып,
Үнімнен менің жанарыңа іңкәр ұқшы арман.

11.01. 1975 жс.



А Н А

Сүйенішім, асқар тауым, тірегім,
Мен сенің ылғи саулығыңды тілеп жүремін.
Шаңырағымда сен отырсаң карайып,
Қуаныштан мен күлемін.

Шуақ сепкен күнімсің, ана, көктегі,
Байлығым сенсің, бақытым да, көктемім.
Азамат боп қосылғанша мен қатарға,
Өткердің бастан өмірдің қилы өткелін.

Ақ сүт беріп, мәпеледің, тербеттің,
Мен үшін сен не көрмедің, келбеттім.
Сенің дархан шуағыңнан нәр алып,
Мейірімі мол құшағыңда ержеттім.

О... анашым, асқар тауым, тірегім,
Мен сенің ылғи саулығыңды тілеп жүремін.
Сенің шексіз парызыңды өтеуге,
Еңбек етіп, тер төгеді “жүрегің”.

* * *

Ақ түтекті ақпанда,
Көктемің боп барайын.
Жолсыз жерде сасқанда,
Өткелің боп қалайын.

Ана, сенің жолыңа,
Шашылайын гүл болып.
Қараңғыда адассаң,
Асығайын күн болып...

САҒЫНДЫМ

Ғашық боп жүрген кезімді,
Бұлақтай мөлдір сезімді,
Он сегіздегі өзімді,
Есіме алдым, сағындым.

Сүйем деп саған хат жазған,
Жыр арнап, сырды ақтарған,
Кездесу үшін көп барған,
Шағымды, сәулем, сағындым.

Маңдайдан сипай білетін,
Шын жүрегімен сүйетін,
Ана деген ардақты,
Дара ұғымды сағындым.

02. 08. 1975 ж.

АРМАНЫМ

Тыншытпай мені шақырып алға арман мың,
Келеді кейде бұлттармен бірге самғағым.
Талай түнді кірпік ілмей өткізіп,
Армандарымның біріне бірін жалғадым.

Қусам да қанша құмарым саған қанбаған,
Арманым, әлде сағым ба едің алдаған?
Өтсе де жылдар сол қалпыңнан танбайсың,
Гүлімбісің сен жүректе көктеп, солмаған.

Арманым егер сен қалсаң жолда таусылып,
Өмірім тоқтап қалғандай болар, тән суып.
Ғұмыр бойы сені іздеумен-ақ өтейін,
Асулы белде алдымнан қарсы алшы, үміт!

КӨП КҮТтім СЕНІ

Сағыныштан атқандай үміт таңы,
Келер-ау деп, көп күттім, күліп тағы.
Бірақ та сен келмедің, білмедің бе?
Мен өзіңсіз бір тұтқын құлыптағы.


Сенсіз менің тандарым атпайтындай,
Атпайтындай, күндерім батпайтындай,
Асау көңіл сен жаққа алып ұшты,
Жүрегім де сені іздеп соқты-ай тынбай.

Күттім күздің ақ арай кештерінде,
Таудан самал сен болып ескенінде.
Жұлдыздармен сырласып сені күттім,
Айлы аспанда ақша бұлт көшкенінде.

Күттім сені сәулелі тандарымнан,
Нұрлы алауға малынған бар маңымнан.
Сонадайдан қол бұлғап шақыратын
Шағадамның ақшамғы шамдарынан.

Жанымды тербей алмай бұлбұл өні,
Еркем-ау, сені күтіп жүрмін әлі.
Үмітімді үзбедім келер күннен,
Мен үшін тек сен ғана өмір сөні.

07.11.1975 жс.



СОЛДАТ ЕСКЕРТКІШ

Мәңгі алау!..
Тас мүсін, тыныштық,
Таңғы арай,
Гүл алаң, күміс шық,
Ер жүрек солдатқа ескерткіш,
Жүрекке тым ыстық.

Ей, адам!
Сүм соғыс қалды артта,
Басыңды и,
Кел мына солдатқа,
Бақыт пен бостандық жолында,
От кешкен боздаққа.

Адамдар,
Шаттықтан паң күліп,
Жеріміз, жатқанда жаңғырып,
Ұмытпа, кеудесін оққа ашқан,
Солдатты әлемді таң қылып.

Мәңгі алау!..
Мүлгіген тыныштық,
Көп адам тек үнсіз тұрыстық,
Отан ұлына ескерткіш,
Жүрекке тым ыстық.



ӘКЕМЕ

Биігіне шығам деп сен жетпеген мұраттың,
Жауабын да берем деп сен таппаған сұрақтың,
Мен өзіңнен бөлініп ұшып кеттім ұяңнан,
Жетегіне еріп ап арман атты пырақтың.

Бейнетті көп көрдің сен, қызыққа да тоймадың.
Әке, сені тезірек қуантсам деп ойладым.
Сол мақсатпен тыншымай ержетуге асығып,
Балалықтың базарын тым ертелеу тойладым.

Асыл әнін өмірдің жаңа тербей бастадым,
Іздеуменен келемін арманымның асқарын.
Ақылшым-ау, жанымда өзің болсаң өрдайым,
Бәлкім биік болар ма ед мұнан дағы аспаным?

Саған арнап мен әлі жыр жолдарын жазбадым,
Қуанту ед өзінді ең алғашқы арманым.
Місе тұтпай енді оны, көтерсем деп жүрмін мен,
Өміріңнің, о, әке, саған артар салмағын.

14. 02. 1976 ж.



САҒЫНДЫҢ БА, АНАШЫМ?

Ұзақ күнге мені ойлап,
жолыма қарап,
Көрінген адамды
ұлыңа балап,
Сағындың ба, ана?

“Кешікті ғой күнім,
келмеді-ау – деп - бүгін”,
Сездірмей ешкімге
көңіліңнің күзін,
Сабылдың ба, ана?

Көлдей күткен қазын,
Бар қызығын, жазын,
Жүрегіңмен тербеп
сағыныштың сазын,
Мұңайдың ба, ана?

Аңсап сені, анам,
құс боп ұшар балаң,
Қайда жүрсем де,
мен өзіңді табам,
Құс боп ұшып барам!

08. 03. 1976 ж.



ҚЫЗ СЫРЫ

(монолог)

Сезімнің нәзік шегін
алғаш сен шерте келдің,
Алаңсыз жүрген қызды
ғашық ғып өртеп едің.
Қуанған шақтарымда
ойымда сен тұрушы ең,
Бұлбұл боп бақтарыма
әніңді қондырушы ең.
Жүрекке шоқ түсірдің,
ал өзің сезбедің де,
Барушы ем кездессем деп,
сен жүрген жерге күнде.
Алдынан терезенің
күлімдеп өттім талай,
Бірақ сен қыз тілегін
ұқпадың, мұның қалай?
Мен салған дара әнді
өніңе қоспадың да,
Нұр ойнап жанарыңда
сыр айттың басқа қызға.
Сезбедің жүргенімді
тыншымай өзінді ойлап,
Гүліңді маған деген
ұсындың оған арнап.
Сені алғаш сүйіп едім
ол ойдан қайта алмадым,
Сан рет оқталғанмен
өзіңе айта алмадым.
Қалай мен ұмыта алам,
бақ құсы пөк сезімнің,
Алғашқы махаббатты
оятқан тек өзіңсің...

МЕН СЕНІ ІЗДЕДІМ

Ағарып таң атқанда,
Ақ саумал леппен
тыныстап ауылым жатқанда,
Таласып таңмен
пойыздар шеру тартқанда —
Мен сені іздедім.

Күн қонақтағанда шатқалға,
Атырау мүлгіп,
түнжыр бір ойға батқанда,
Ауылым менің
бір-бірлеп шамын жаққанда
Мен сені іздедім.

Тереземнен күміс Ай
күлім қаққанда,
Көк зеңгір аспан
жұлдыздан алқа таққанда,
Мұңайып жаным,
жалғыз қалған шақтарда —
Мен сені іздедім...

17. 07. 1976 ж.



МАХАМБЕТТИҢ ТУҒАН ЖЕРГЕ АЙТҚАНЫ

Айналайын атыңнан,
қасиетті атамекенім,
Жауыздарыңнан түңілдім,
ал сенен қалай кетемін?
Әділет іздеп жалғаннан
хан-сұлтандармен шайқасып,
Ұл боп туған парызымды
алдыңда сенің өтедім.

Туған жерім – бесігім,
қиям ба сені басқаға,
Жер басып жүрсем өзінде,
іземес едім баспана.
Талауға түскен халықтың
зарын естігенде мен түгіл,
Жан бітер деуші ем
сеңдегі қара тасқа да.

Кек отына өргеніп,
суырдым ақ алмасты,
Өр ұлдарың атқа қонып,
төсінде дүбір жалғасты.
Әттең бірақ,
Исатайдай қанатымнан айырылып,
Қапы кеттім,
айтқанмен орны толмас-ты.

Қасіретті халқыма
бақыт таңын көкседім,
Арманым еді-ау бір көру
теңдікке халқым жеткенін.

Аспанында даламның
асқақ әуен қалықтап,
Мына түнек заманның
дәурені бастан өткенін.

Ей, туған далам,
мен сенің келешегіңе сенемін,
Жасқанбай айтқам сондықтан
әділдіктің жеңерін.
Өтінерім: артымдағы қаһарман
балғын ұрпаққа,
Жетсінші менің өлең боп
қалған сәлемім...

АУЫЛ ТҮНІ

Бозала кеші ауылдың ұласып түнге,
Ай туып еді өңденді Жер-Ана мүлде.
Көңіл құсы шарықтап, ауылды кездім,
Сал сезімнің бұрауын келтіріп күйге.

Осынау шақты күткендей асыға аңсап,
Дала шамдары – сан жұлдыз жанды да самсап,
Алақанындай анамның жұп-жұмсақ самал,
Аймалап өтті жүзімді, көңілге ой сап.

Жабырқаған жанымның сергітер мұңын,
Ұнатамын ауылымның сүттей ақ түнін.
Сырымызға ортақ терекке барып ем, сәулем,
Жас жігіт тұр аруға шертіп жан сырын...

27. 11. 1976 ж.



ТАУ ЭЛЕГИЯСЫ
(Ревшен Тағановтан)

Тау қойнауын сүзіп шықты аңшылар,
Қалмады тыс жетер жері көліктің.
Бұла бұлақ жылап ақты тамшылап,
Жоқтауынан жетім қалған еліктің.

Оқ-дәрі ісінен қолқасын қапқан,
Жасаурайды шатқалдардың жанары.
Аңшылар оғынан қисапсыз атқан,
Шүрк-шүрк тесік қырқалардың қабағы.

Қарбыздың дәніндей жылтыр күз-шоқы,
Жасырып тұр аршалардың бауларын.
Аңшылардың тайқып кеткен көп оғын,
Көкірегінде көтеріп тұр тауларың.

АҚЫН ЖҮРЕГІ

Қандай ма, нәзік ед ақын жүрегі,
Қаймақтай жұп-жұқа дірілдеп тұнған.
Сұлулық бағынан тауып тірегін,
Жүрекке жол табар кем емес нұрдан.

Жүректердің қымбатынан жаралған,
Бұлақтардың бастауынан жаралған,
Кітаптардың сөзбасынан жаралған,
Ақын жүрек тұрар нәзік калпында.

22. 12. 1977 ж.

КҮМІС ҮШҚЫНДАР
(Назлы Тувакклычевтен)

Қою түн, мүлгіген бейуақыт мезгіл,
Алыстан жанды от, жауын ап көздің.
Найзағай ма бұл, әлде жасын ба,
Бар дүние көз тікті мынау тосынға.

Самал жел ауысып момақан күйге,
Жапырақ тыныпты мезі боп биге.
Қас қақпай сан жұлдыз қарай қалыпты,
Дегендей “қарашы жаңа алыпты”.

Қуштарлық қоймады, мен таяп бардым,
Бір қыз түр от ұстап, анық аңғардым.
Қолғапты қолымен болат “көсеулі”,
Үшқынын ұшырып темір кеседі.

Күлімдеп қарады ол, кеп ем жасқана,
“Кел көрсең - деді қыз – сыр бар маскада”.
“О, ару отпенен тапқан жарасым,
Сәт сайын өзіңе баурап барасың”.

Жұмысын жалғады, қолында от ойнап,
Жылан тіл жалынға салдырып ойнақ.
Жүзінде маскасы, қолында қолғап,
Ару түр отпенен өрнек оюлап.

Темірді иіп ап, ұшын қосады,
Жанған от мындаған ұшқын жасады.
Көңіліме, ұшқындар ұшып аспанға-ай,
Жұлдыз боп әлемге нұрын шашқандай.

ТҮСІМДЕ КӨРДІМ СЕНІ

(Емрели Туваковтан)

Өткен түні өзінді көріп шықтым түсімде,
Айнымаған сол қалпы сендік сымбат, мүсін де.
Сол күйінен тіпті де өзгермепті-ау ажарың,
Көңілің көктем, жаның - жаз, тарқамаған базарың.

Ұзап кеткен керуендей жастық кетті, күн өтті,
“Қабыл алшы – дедім мен - сен деп соққан жүректі”.
Бас шайқадың, наз күлкіңмен (мен бір кезде жыр қылған)
Қырау шалған самайыма қырын қарап тұрдың да.

“Ренжіме,- дедің маған, жұбауратып күлкіңмен, -
Жас дәуренің кеткеннен соң, сүю сені мүмкін бе?
Кескінінде күз бедері, қоштасқан соң көктемін,
Білу керек ғашық болар жалын шағың өткенін”.

Осылай деп, кете бардың қайрылмастан аяулым,
Жалғыз қалдым отырып, жүрегімде қаяу мұң.
...Түсімде сен сүймедің кәрі ме деп еріккен,
Қап, ендеше жас шақта сүймегенің неліктен?!

22. 12. 1977 ж.

ЖҮРЕГІМ ЖЫР АҢСАҒАН

Бұла жүрек бұрқасын көп іздейсің,
Бір толқып, бір басылған теңіздейсің.
Арманымның қиырын қуып келем,
Беу, тентегім, мұнша сен нені іздейсің?

Іздейсің бе сен әлде шабыт селін,
Қалайсың ба пырақтың ақтан керін?
Бәлкім тәтті ән-күйге құштар болып,
Ұнаттың ба сұлудың бұраң белін?..

Сезімімнің тербеген сая бағын,
Келе ме әлде қалқаны аялағың.
Ондай сәтте тартынба, сұранамын,
Алауыңды жүрегіме аямағын.

Іздеуменен жүрсің бе, толқып көптен,
Сағынышты, думанды күндерді өткен.
Ол күндерім бөлініп қала берді,
Қарай-қарай артыма қимай кеткем.

Мен оны, балаң шақты – ару көктем,
Қимасам да ініме сыйлай кеткем.
Аңсадың ба сол шақтың асау әнін,
Жүрегім-ау кеудеме симай кеткен.

Әлде менің кеудемнен жыр аққан сәт,
Жырлағанда арықта бұлақ та ән сап,
Бойымдағы ұшқынды місе тұтпай,
Туладың ба отты жыр-шырақты аңсап.

Тоқта, мені жайласын сыршыл ағын,
Аспанымнан төксін бір күн шуағын.
Сонда сенің, жүрегім, отынды алып,
Алдағы ізгі күндерге құлшынайын.

Құлшынайын бір сәт те тыншымайын,
Мен өзімнен ақжарма жыр сұрайын.
Сенің өр толқыныңнан қуат алып,
Бағымды қырандарша бір сынайын.

22. 12. 1977 жс.



АҒАҒА

Ауылда өткен тойларға,
Өзіңмен барсам, кезім кеп.
Аға, сен маған ондайда,
Сөз айтатын ең әзілдеп:

“Бәйгеге қосам өзінді,
Жал-құйрығыңды түйіп бір.
Қияға салып көзінді,
Ойыңа жырды құйып тұр”.

Додасын жырдың еске алып,
Сөзіңе кейде ойланам,
Қалмасын деймін бос қалып,
Күтіп тұрғанда айналам.

Берілмен, аға, жалғанға,
Үмітінді тек өшірме.
Кемедей қалсам қайраңда,
Ініңді сонда кешірме.

Кешірімес туған далам да,
Шығарған талай дүлдүлін.
Батасын берді анам да,
Көтерсін деді-ау жыр жүгін.

Қағайын қанат қиядан,
Аға, сен маған сенші тек.
Өмірден бәрін сұраман,
Жыр алсам болды еншілеп...

ЭЛЕГИЯ

(Қазақ радиосының дикторы,
аяулы досым Панақұл Лұқпановқа)


Белгісі ғой деп қызыққа толы шақтардың,
Бүктеуін ашам, мен сенен қалған хаттардың.
Оқимын дағы, өттең-ай деймін толғанып,
Хатпенен маған қаншама сырды ақтардың?

Ауасын жұтып арайлап атқан ақ таңның,
Шуылын тыңдап көктемедегі бақтардың,
Жүргендейсің сен кемел ойлармен тыныстап,
Санамда менің сол қалпында сақталдың.

Өтуде жылдар айлармен ұзын көш құрып,
Күйбеңмен жүрміз ертелі күнді кеш қылып.
Мен әлі досым, эфирге құлақ тосамын,
Қалатындай-ақ мақпал бір үнің естіліп.

Жүрекке кейде алуан да алуан сезім кеп,
Суретінді алам, төріме қойған көзің деп.
Оңаша оймен қауышып жалғыз отырам,
Қиялым менің қиянда жүрер сені іздеп...

06. 10. 1979 ж.



ҚАРТ АҚЫННЫҢ СӨЗІ

Намысқа бағып бел буған,
Тең көрген сөзді алтынға,
Ұланым бар жыр қуған,
Айбыным бар деп артымда.

Мақтаныш ғып жүр едім,
Ақ сапар еді тілегім.
Өлеңдеріңді оқып ап,
Туғандай қайта түледім.

Төзімін қайрап-жаныған,
Жыр жүгін тартар алысқа.
Ақтарылатын ағынан
Талмайтын ұзақ шабысқа.

Өз ұлым деуші ем мен сені,
Файбат сөз біреу айтты деп,
Біреуден сағым қайтты деп,
Түсірдің неге еңсені?

Тірлікте бәрі кезігер,
Өмірді деме құр елес.
Жамандық бар ғой безінер,
Жақсылығың да тұл емес.

Өсек-ғайбатты елеме,
Жырыңды жалға, тартынба.
Парықсыз сөздер ере ме,
Қалады бір күн артыңда!

Өмірдің сырлы күйін ұқ,
Қалмасын жырың тыйылып.
Арғымақ аттай алшаң бас,
Күншілдер өлсін күйініп.

22. 12. 1979 ж.

СӘТТИ БОЛСЫН ҚАДАМЫҢ

(Ұлыма)

Оқушының қосылып қатарына,
Шықтың бүгін білімнің сапарына,
Үйден сені жетелеп алып келем,
Тигізсін деп пайдасын Отанына.

Отан атты анаң бар аялаған,
Перзентінен қамқорлық аямаған.
Өскен елі, Отаны болмаса егер,
Жапырағын өрбітіп, жая ма адам?!

Қарашы, өне, өзіндей бүлдіршін көп,
Бақытты елде осынау кім күрсінбек?
Мектеп ұяң құшағын ашты бүгін,
Білім кенін зердеге тұндырсын деп.

Ару күннің малынған арайына,
Көзінді тік білімнің сарайына.
Алтын ұяң, қастерлі мектебің бұл,
Білім берген өреннің талайына.

Мейірім мен нұр тұнған жанарына,
Жап-жас ұстаз бастамақ сабағына.
Қайта-қайта қоңырау сыңғырлады,
Тілегендей сәт сапар қадамына.

01. 09. 1983 жс.



ТУҒАН ЖЕРГЕ

Көгінде қалқып бұлт аунар,
Әкемді көрген боз таулар.
Іздерім қалған баба-қыр,
Каспийден атқан нұр тандар.

Шағала көңілім өспелі,
Қосымды жидым көшкелі.
Кіндік қаным тамған жер,
Өзіңнен кеттім, кеш мені.

Биіктерім боп анталап,
Сапарға тартты нар-талап.
Шабытын жүрек шақпақ қып,
Қиянда күшін байқамақ.

Лаулатып отын жігердің,
Сен жаққа көзді тігермін.
Еске алып қайран, туған жер,
Сағынып, аңсап жүрермін.



МӘҢГІ АЛАУ

Мүлгіген кеште немесе ару таңдарда,
Шілдеде, мейлі әуеден ақ нұр тамғанда,
Ескерткішінде ерлердің алау шалқиды,
Жалын шағындай боздақтың өткен арманда.


Көктемі өтіп, көкорай қырлар оңғанда,
Бетіне жердің аппақ боп қырау қонғанда,
Басында ердің шоқтанып тұрар гүл-алау
Мезгілі бітіп, гүлдердің бәрі солғанда.

Көгімде күндей шалқыса туым желбіреп,
Өседі мерей, толқиды көңіл елжіреп.
Жалау боп жанған мәңгілік алау тұсынан
Тебіреніп үнсіз өтеді күнде сан жүрек.

Түседі еске: үзіліп қалған сан арман,
Қасірет жасы төгілген талай жандардан,
Ананың шашы боздағын күтіп ағарған,
Бейкүнә жандар хабарсыз кетіп, жоғалған...

Осылайша алау соғыстың мұңын қозғайды,
Балауыз шамдай күндіз де, түн де маздайды.
Боздақтарына Отаны қойған ескерткіш
Алаулап өткен қыршын ғұмырдан аумайды.

9.05.1988 ж.



САҒЫНЫШ

/Дүйсенбек Қанатбаевқа/

Теңіз де өксіді,
менің кеудем де...
жағада сол күні,
Сартап сағыныш сезім боп көлкіді.
Жылаған жүректі жұбата алмады
Каспийдің құшағы,
ақ білек толқыны.

Іргеде көк шаһар,
таныс бақ,
жалаулы жастықтың көшесі,
Бүгінде
басқаша тыныстап,
дудардың сазына буынып,
шиырылған көк шайлы кесесі.
Бұрынғы нұрлы аспан,
кіреуке мұң басқан,
қаланың қауқылы көбейген
кеткендей бұрыннан есесі...

Ләйлі-тал сыңсиды
жапырақ шаштары
мойныма оралып,
Қимастай қиылып
қарайды ақ қайың қадалып.
Өмірдің қат-қабат жолында
қалмасам жоғалып.

Красноводск,
өзіңе соғамын ол анық,
Сол күні өксіген көңілмен
таныс та,
алыс та жағада,
Жоғалған жастықтың елесін
Екшедім санада.
Өйткені, көп жылдар

жүйткіпті арада.
Ал сен ше, бардың ба?
сол бір жағаға,
жан-аға...

ӘКЕ БЕЙІТІ БАСЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

I

Қиналғанда рухымен жебеген,
Сыналғанда қолтығымнан демеген,
Әке, сенің бейітіңе кеп тұрмыз
Ұл-қыздарың, келіндерің, немерең.

Келіп тұрмыз ұзақ-ұзақ жол кешіп,
Болады деп алғы күнде хал нешік.
Көптен кейін бейітіңді көргенде
Жоқ тапқандай көңіліміз қалды өсіп.

Әке, саған келіп тұрмыз алыстан,
Кіндік қаның тамған сіздің қоныстан.
Нәубет жылдар бытыраған қазақтың
Ұрпағы біз, Маңғыстауда тоғысқан.

Өзіңе айтар нала-мұңым көп менің,
Кештің талай шырғалаңның өткелін.
Қуғын көрдің, бейнет көрдің, жоқ көрдің
Бәрін жеңдің, туған жерге жетпедің.
Өзің болып жеттік атамекенге,
Кім-кімің де санай алмас бөтенге.
Сонау заман өзің жаққан ошақта
Лауласса от, оның кемдік етер ме?!

Қайран әке, күзіретіне өктемнің,
Бірі өзің ең басын имей өткеннің.
Төбәрік ғып Маңғыстаудың жерінің
Топырағын бейітіңе ап келдім.

II

Әке, ертең Маңғыстауға қайтамыз,
Қош болыңыз, бақилық қой ортаңыз,
Жиі-жиі келе алмаспыз басыңа
Енді алыстан “тие берсін” айтамыз.

Қара жолда айнымай бір нүктеден,
Асығамыз, ісіміз көп бітпеген.
Әке, өзің рухыңмен жар болып,
Қағып тұршы кесапатты күтпеген.

Басыңа кеп, құдай өзі жеткеріп,
Саған деген бір парызды өткеріп,
Біздің көңіл соған дағы хош болды
Өзің жайлы айтылғанда естелік.

...Сонау жылдар оталдың да көктедің,
Кештің бастан ызғарын да өкпегін.
Тауқыметтің бәрін көріп бірақ та
Көре алмадың тәуелсіздік жеткенін.

Көре алмадың ұл-қызыңның өскенін,
Өзің айтқан атажұртқа көшкенін,
Кіндік қаның тамған жерден сен жаққа
Сағыныштың самалындай ескенін.

Уақыт сырғып, жатыр бәрі алмасып,
Тірлік барда, алдымызда бар нәсіп,
Әке, өмірің ұрпақтарың арқылы
Болашаққ бара жатыр жалғасып...



III

Әке, сенің бейітіңнің басына,
Келіп, маңдай тіреп құлпытасыңа,
Кетерімде тұрдым іштей егіліп,
Өзіме-өзім қайрат бердім –
“Жасыма!”

Қасиетті Маңғыстауда туылып,
Жөн-жосықсыз жат өлкеге қуылып,
Ғұмыр бойы ащы терге жуынып
Жүрсең дағы көрмеп едің ешқашан
Ата жұрттан суынып.

Енді міне,
татар дәмің таусылып,
Жүрек тоқтап қалған кезде
тән суып,

Жат топырақ
Жатыр сені қаусырып...

Кіндік қаның тамған
сол бір өлкенде,
Ұлдарың жүр
биік намыс, өр кеуде.
Сен деп келді,
енді елге қайтады
үміт артып ертеңге.

...Өмір заңы –
суша уақыт жатса ағып,
Ғұмыр өтіп,
екіншісі басталып,
Арман бар ма,
кетсең мәңгі ұйқыға
Өз жұртыңның топырағын жастанып...

ШЕКАРАДА

Арғы бетте түрікпен тұр,
Бергі бетте қазақ тұр,
Ары өту де бері өту
Таусылмайтын азап бір...
Ей, тағдырым, не дейін
Осылайша мазақ қыл.

Арғы бетте — ауылым,
Бала дәурен сағымы.
Қалып қойған бауырым
Әке-шеше қауымы.

Бергі бетте — Отаным,
Жері жеті атаның,
Өз аспаным, өз далам
Шын шаттыққа батамын.

Арғы бетте түрікпен тұр,
Бергі бетте қазақ тұр.
Барайыншы бауырға
Көрейінші азап бір.

Ей, тағдырым, не дейін
Мазақ қылсаң, мазақ қыл.
Әкірендеген немеден
Тек тезірек азат қыл!



ОРАЛҒАН

Оралман деме,
оралман емес, оралған,
Өзіңдей ол да
қазақ қанынан жаралған.
Саумал самалдан,
қымыран қырдан нәр алған.
Тағдыры тайқып,
басы ауған жаққа жол алған.

Оралман деме,
оралман емес, оралған,
Нәубетте сонау
дүниеге тегіс таралған.
Арпалыспенен
қантөгіспенен
күн кешіп,
Үш миллионы
өлген, жіткен, жоғалған.

Оралман деме,
оралман емес, оралған,
Ата-баба... мінәжатымен оянған.
Дұшпаныңды да,
қыспағыңды да жоя алған.

Оралман деме,
оралман емес, оралған,
Қазақстанда
тоғысты бүгін сан арман.
Қаласаң дағы,
қаламасаң да күні ертең
Алады орын араңнан.

Оралман деме,
оралман емес, оралған,
Шаттықтың лебі
шалқысын бозаң далаңнан,

Жеріне өт де,
Еліңе жет де сен оған
Тәуелсіздікпен жаңарған!

* * *

“Бәрі де өтер-кетер, ұмытылар”,
Деп жүргенде пәниде кім ұтылар?
Ал қазір өн бойында тұтасқан бір
Кикілжің, күйбең тірлік уыты бар.

Уақыт өте өткеннен елес қалар,
Пендешілік алдағын кім ескерер.
Адалдығың, кісіге жақсылығың
Еске түссе көңілде нұр ұшқындар.

Өкіндірер ақылсыз, жаңсақ қадам,
Сеніміңе жылан боп кірген адам,
Қардан ақ пейіліңді таптағандар
Түсінбеген ісінді өңкей надан.

Бір күнгідей болмайды өтер бәрі,
Дәм таусылса, кетер жас, кетер кәрі,
Жиған дүние, ішкен ас жолдас болмас
Тірліктегі сыйластық - өмір мәні.

* * *

Бекежандық жасадың, аға, маған,
Қой терісін жамылған қорқау сынды,
Көр кеудеңмен мың сайтан балалаған,
Қызғаныштан ұлыдың, не іс тынды?

Қылығыңмен сыртымнан салдың “пышақ”,
Төмен тарттың, мен болсам асқақтадым.
Жаным сүймес жымысқы қылықты ұсақ
Көрдім талай ондайдың тас қапқанын.

Деме сөзбен ініміз “түрткіледі”
Мені ұғынсаң, мұнан соң абайлайсың.
Кімнің кім екенін де жұрт біледі,
Тиме ақынға, абырой таба алмайсың.

ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ

*“Шыныменен дос жоқ-ау,
дос жоқ менде...”*

Мұқағали.

Мұқағали ағадай,
Дос таппадым жігіттен,
Көбі жыра-жықпылда,
Көрінбеді биіктен.
Кездері аз біріккен,
Сөздері көп үріккен,
Ғұмыр бойы келемін
Көкірекке түйіп мен.

Жолдастық пен достықты
Таптым әйел затынан,
Арулармен дос болдым
Сан жігітке татыған,
Көкірегі — асыл ән,
Шабыт алдым отынан.

Оның бірі қорғады
кей жігітін сатқанда,
Қызғаныштан ит болып,
Маған кесек атқанда.
Ақындық пен серілік
бас идірмес шақтарда,
Бірі анаша аялап
Ілкітірді тоқтамға.


Тентек желі тағдырдың
қапияда соққанда
Солар еді білсеңіз
кабырғамды жапқан да.

Сыр бөлістім арумен
Арайланған ақ таңда,
Қамсау болып сол жетті
Арқыраған ақпанда.

Жігіт “досқа” сыр айттым
Жайды жарты жаһанға.
Енді бірі қарайды
оқ таба алмай атарға.
Көріскенде өтірік
қуанған боп қалады,
Қосқысы жоқ шынында
Мені тіпті қатарға...

Осындайдан түңіліп,
түйілдім сан намыстан.
Түлкі жігіт көп көрдім
кезікпеді – арыстан.
Адал көңіл, өр мінез
Бабалардың мәрттігі
Білуімше осы кез
Аруларға ауысқан.

Жолдас болдым, дос болдым,
серік болдым қыздарға,
Шуағы бар олардың
Ұрындырмас ызғарға.
Өмірімнің бар күнін
Сарп етсем де жетпейді-ау
Арулардың тигізген
шапағатын жырлауға!




МАДАҚ ЖЫРЫ

/Ер Шабайдың бүгінгі ұрнағы Есболат Ұзақбайұлына/

Бай ұлындай бағланым,
Оза шабар оғланым,
Саңқылдаған саңлағым,
Аңқылдаған ардағым.
Шын пейілі даладай,
Ақ көңілі баладай
Есболаттай беренге
Осылай келер арнауым.

Деуші ем ылғи Есболат,
Көрсем көңілім қош болад,
Әзілдесем көргенде,
Сәлем бере ол келгенде.
Еңсе басқан мұң-нала
Быт-шыт болар бір демде.
Екеумізді қамаған,
Аққа қара жамаған
Көре алмас көр кеуде
Болып қалар шерменде.



ӨМІР ДЕГЕНІҢ...

Қаңтар да өтер
ақ мамығын аунатып,
Ақпан да өтер
аязбен “шымшып” жауратып,
Наурыз да келер
әуеден ақ нұр саулатып,
Сәуір де келер
даланы бір сәт жайнатып.

Келер де кетер
бірімен бірі алмасып,
Осылайша өмір
жатады екен жалғасып,
Бітгелі шамдай
ғұмырдың өзі шектеулі
Барасың қайда
жүргенмен қазір алға асып...

Өмір дегенің
жанның көктеуі, солмағы,
Орны бар болса,
оңалып қайта толмағы,
Өмір дегенің
сапардағы көш керуен
Кенеттен бірақ
тоқтап қалмаса болғаны.

Өмір дегенің
қоңыр кешің мен ақ таңың,
Бақыт пен сорың,
бейнет пен зейнет татқаның,
Жылап келіп,
сәулеге есік ашқаның,
Жылап барып,
есікті қайта жапқаның...

ҚЫРКҮЙЕК

Ақ жаңбыр сіркіреп,
Көк аспан күркіреп
Жатса да,
Кетпейді қыр түлеп.
Мамыра жаз қашты,
Далада - қыркүйек.

Сал самал аңқылдап,
Қарғалар қарқылдап,
Таң атса-ақ қоңыр кеш,
Жетеді алқымдап.

Су суып ақ таңнан,
Жасыл бақ шоқтанған,
Жидектің шырыны сорғалап,
Қайысқан дастархан.

Сары ала қырат бел,
Кейде жаз,
Кейде күз сияқты.
Құбылма,
Ауа жоқ тұрақты.
Түн - ызғар,
Талтүс шуақты.

Құс қайтып дүркіреп,
Таңы атар нұр күреп,
Мен туған ай осы —
Сары алтын қыркүйек.



ТОН

(Әкені еске алу)

Әке, сенің сеңсең, сары тоныңды
Жамыламын, маған шап-шақ, қонымды,
Отырамын құзға қонған қырандай
Танығандай оңым менен солымды.

Тану қайда, сөндім талай жана сап,
Жетпей қалып пайым менен парасат.
Оқуы мен тоқуы көп ұлыңның
Кей деңгейі әке, сенен аласа-ақ.

Сыршылдықтан мұңға оранды таңдарым,
Жыршылдықтан ауа қапты қармағым,
Шыншылдықтан есе кетіп қуларға
Талай рет жарды соқты маңдайым.

Аямастан артты өмір салмағын,
Шүкіршілік, бармақ тістеп қалмадым,
Біткенінше мына бес күн жалғаның
Рухыңмен сүйеп, деме ардағым.

Айта берсем өмір жайлы көп өлең,
Өзің болсаң талай сырды төгер ем,
Әке, сенің исің сіңген тоныңа
Оранады немерең мен шөберең.

Шаңырағымда өзім жаққан отымның,
Шуағымен нұрлы таңдар атырдым,
Төсенгенім анам басқан текемет,
Тон жамылып, өзіңе ұқсап отырмын.



БІР ӨЗІҢЕ

Деңгейінен биік тұрар пенденің,
Басын шатып-бұтпайтындай әр ненің,
Қашық қылар менмен сөзін өзгенің
Жазылмаған бір өлеңім бар менің.

Сөз саптауы басқа жырдан өзгеше,
Тамырдәрідей жүректерді емдесе,
Үлбіреген лала гүлге меңзесе
Сенерсіңіз—мына өлең сол десе.

Әрбір сөзі оның мүлде басқаша,
Кінә қойың, сыр пернесін қақпаса,
Құлдыраңдап бұлақтайын ақпаса,
Сұлулықты бір өлшеммен шақтаса.

Оның үтір, нүктесі де ерекше,
Құшақтарға гүл толтырар керексе,
Аңтарылып қалар көркем дүние
Көшесімен бұлттай қалқып ол өтсе.

Иә, солай бір өлеңім бар дедім,
Сонда менің сезімім де, өл-демім,
Тәңір ием, қаламыма қуат бер
Оны жазбай, таусылмасын дәрменім.

Бастау алып мендегі әппақ арманнан,
Мөлдіреген махаббатқа айналған,
Жаным менің, жүрек жарды бұл өлең
Білесің бе, бір өзіңе арналған.




БІЗ ЕКЕУМІЗ

Бөлемедім үлде менен бүлдеге,
Уақыт өте ширай түсті гүл денең,
Екі шалдың еркесі едік екеуміз
Тәңір ием көзін салды бізге де.

Ақ отаудың өзім жақтым шырағын,
Ал сен оның гүлге орадың шырайын,
Моншақтайын кестеледік жылдарды
Біз дегенде сәтін салып құдайым.


Шатырадай мөлдірейді аспаным,
Өзің барда мен қиыннан қашпадым,
Маған төнген кесапаттың барлығын
Қорғанымдай өзің серліп тастадың.

Өткінші өмір батырға да, сақиға,
Мың күнгі ұжмақ бір сәулеге тати ма?
Екі дүниеде ризамын мен егер
Осылайша ғұмыр кешсем бақида.




Қос тұлымың көзді арбап,
жүрген кезден білемін
Қызғалдақтай бұр жарған
уылжиды гүл ернің.
Мойыл көзбен аймалап,
жүрегіңмен сүйгендей
Ақ толқындай асықты
мойыныма білегің.

Діріл қақтың қолымда
қолға түскен еліктей,
Қос анарың тепкілеп
көкірегің — көріктей
Шырмауында сезімнің
бір адасып табылдық
Сабасына түскен соң
құйын көңіл желіккен...



ҚЫСҚА ӘНГІМЕЛЕР





ӘКЕ

Мектептен келгенде әкем күрк-күрк жөтеліп, қабаттап көрпе жамылып, жатыр екен. Шешем; “Е, жасаған ием, өзің сақтай гөр”, деп күбірлеп қояды. Маған қарап:

- Тұла бойы өртеніп тұр, дәрігер шақырайын десем тыңдамайды,- деді,- алысқа ұзап кетпе, малдың алдынан шығасың.

Кешке малды қораға жайғап болғанымда, көршіміз Қошалы шал үйге кіріп бара жатты. Күндегі әдеті, кешкі шайымызды ала бергенде жетеді. “Ерінді бір жалап қойып, қалыңдығыма жөнелдім”, деп түн жарымына дейін әңгімесін көйітеді. “Ерінді бір жалап қойып”- бұл оның сөзінің мәтелі.

Бірақ, бұл сапар Қошекең көп бөгеле алмады.

- Шаншуды да ауру деп, бір шөлмек “ ақанды” алып, екі жүз грамдық “қырлаубаймен” (стаканмен дегені) тартып жібер де, жылы төсекке жата қал, терлеп айығып кетесің,- деп күліп, “ ақылын” айтты да, шығумен болды.

Ертеңіне шешемнің: “Кешегі Қошекең айтқанды алдырайын ба”, дегенін естіп қалдым.

- Алдырсаң алдырсайшы, мына шаншуы түскір біресе бүйірден, біресе жауырынаннан түйіледі, кетер емес, уф,- деп әкем басын көтерді.

Шешем берген көкала бес сомдықты қолға қысып, ауыл дүкеніне жөнелдім. Есінеп қойып, шыбын қағып отырған дүкенші апайға ақшаны ұстатып:

- Бір шөлмек арақ берсін деді...

- Әй кім берсін деді.

- Бапам.

- Сенің әкең арақ ішетін бе еді-ей, үйіңе қонақ келді ме?

- Иә, дей салып, ұсынған арағын қылғындыра ұстап, шапқылап үйге тарттым.

Ертеңіне мектептен келсем, әкем терлеп шай сораптап отыр екен. Қалампыр қатқан шай иісі мұрын жарады. Әкем іргеге қолын созып, кешегі арақты суырып алды.

- Балам, шайға отырмас бұрын мына бір шөлмекті менің бастығыма апарып бере сал, ішкісі кеп жұтынып отырған шығар,- деді.

- Арапханға ма?

- Иә, конторда отыр.

- Ал өзіңіз...

- Жоқ, балам! Өмірде аузыма алмаған едім. Аурудан жазыласың дегенге ... Ішпей-ақ қойдым. Үйде де тұрмасын, апарып бер.

Мен өзіме кешеден бері “жұмыс” болған бір шөлмек арақты әкемнің бастығы, мұрны қолақпандай өзірбайжанға ала жөнелдім.

... Қазір ойласам әкем сол кезде қырықтың шамасында екен. Ал, мен ше... Кешір, әке!..

СЫЙ

- Құлыным, бері келші,- деп анам орнынан тұрды да, бас жағындағы ілулі кермеден ала баулы тұмарды шығарды, - кел, мынаны мойныңа тақшы.

- Ой, ол неге керек, мойынды қышытады,- дедім анама еркелегім әрі сөйлеткім келіп,- қажеті жоқ нәрсе ғой.

Үндеген жоқ, ишара жасап ұмсына берді. Терезеге таяу тұрған анамды бүгін көргендей жүзіне үңілдім. Соңғы кезде жиі ауыратын.. Еңкіш тартып, әжімі тереңдеп кетіпті. Аппақ самайын жаулық астына жасырды. Ұшқындап тұратын нұрлы жанарын мұң кіреукелеген. Әлсіз саусағымен жүзімді аялай сипады. Омырауымды ашып ем, мойныма тұмарды асып, маңдайымнан өпті.

- Бәле —жаладан қорғайды, тастамай тағып жүр, құлыным!

Бары-жоғы екі-ақ күннен кейін анаммен мәңгіге қоштастым.

... Шақырып тұмар таққаның дәміңнің таусылайын дегенін сезгенің ғой. Сыйлығың бар да өзің жоқсың... Маған бойтұмардан гөрі, өзің қымбат едің, әлі де жүре тұрғаның жақсы еді-ау... анашым!..

РУ

1971 жылдың жазында Атырауда болдым. Ол кезде Гурьев деп аталады, облысымыздың орталығы. Өзенге қайтайын деп аэропортқа барсам адам ығы-жығы. Үш күнге дейін билет жоқ. Жалғыз кассаның алды да опыр-топыр, кезекке тұру жоқ. Таяп барып ем, иін тірескен жұрт толқындай ытқытып, шетке қақты. Амалым құрып, сыртқа шықтым.

Жапырағы төгілген тал түбіне тізе бүктім. Ойлап отырмын, “Гурьев” қонақ үйінде әдеттегінше орын жоқ шығар, тағы масаға таланып, дәлізге жататын болдым деп. Сырт жағымнан біреу қақырынды. Алпыстың ішіндегі балдақты

кісі екен. Омырауы толы орден мен медаль. Сәлем бердім. Бас изеп, ежірейе қарады да:

- Әй, неғып отырсың? - деді мені күнде көріп жүргендей.
- Ұша алмай... билет жоқ...
- Е..е, не елсің?

Мен ұша алмай отырсам, ендігі жетпегені осы шалдың “мылжыңы” еді. Бұл жақта “адаймын” десең, ар жағын сұрамайды дегенді естуші едім. Еңсемді тіктеп:

- Адаймын, - дедім.
- Адайдың қайсысысың?

Мына кісіге шынымен әңгіме керек екен. Не де болса тілегін орындайын деп адайдан бері өрбіте жөнелдім. Шал да қояр емес, “оның қайсысысың?” - деп қояды.

Бір кезде:

- Әй, өз інім екенсің ғой. Ұша алмай отырмын де, қане пашпортыңды әкелші бері, - деді.

Сенер-сенбесімді білмей, арасында билет пұлы бар құжатымды қолына ұстата бердім.

Ырғалып шалың келеді, соңынан ілбіп мен келемін. Кассаға таяғанда жұрт қақ айырылып жол берді.

- Кәмшатжан-ай, мына балаға Ақтауға білт бер, - деді кассада отырғанға, ол да екі айтқызбады.

Жалпы руды білгеннің зияны жоқ-ау.

“МЫЛҚАУ”

Бірде кеңседе отыр едім, ұзын бойлы, ақсары жігіт кіріп келді. Қолындағы бір парақ қағазда: “Мына мылқау жанға мүмкіндігіңізше қол ұшын берсеңіз” деген жазу үлкен әріптермен жазылыпты. Аяп кеттім. Қалтамнан елу теңгелік алып ұсындым. Бас изеп шығып кетті. Осылайша араға күндер салып, бірнеше рет келді, бірнеше рет ұялғаннан қалтаға қол салдым.

Ұлымды ертіп сенбі күні қаладағы ең үлкен орталық дүкенге бардым. Сөреге көз салып тұр едік, дүкеннің түпкі бөлмесінен біреу айқайлап сөйлеп шыға келді. Бұрылып қарасам, баяғы “мылқауым”. Ол да абдырап, сасып қалды.

Мен ұялтпайын деп, танымаған болдым.

МАҚАЛДЫ ДА ЕСКЕРМЕЙДІ

Дәулетпен таудағы демалыс үйінде бір бөлмеде тұрдым. Өте ұқыпты да пысық жігіт екен. Асханаға барсаң ең алда Дәулет, ем алуға барсақ алда — Дәулет, театрға бардық, тағы Дәулет...

Бірде бір топ демалушылар тауға шықтық. Қайтар жолда ол мені ымдап шақырды: “Темеке, сокпақпен сүйретіліп жүреміз бе? Тіке тартайық”. Жартастар арқылы тіке түсудің қиындығын, аяқтың ауыратынын айтып мен көнбедім. Көппен бірге жүргенді жөн көрдім. Ол қолын бір сілтеп, өзі кетті. Біз келген ізімізбен кейін қайттық.

Келсек, Дәулетім көрінбейді. Сүт пісірімнен кейін таяққа сүйеніп, ақсай басып келді. Байқаймын маған ашулы. Құлап, аяғын ауыртып алыпты. Кінәлі өзі. Ең болмаса “Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас”, “ Көппен көрген ұлы той” деген мақалдарды ескермегені ме?

БОЛАТБЕК

- Әй, Боря, қалайсың?- деймін оны көргенде, ол арсандай келіп, құшағыма енеді. “Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды” дегендей, жиырма бестегі соқталдай жігіт маған жас балаша еркелейді. Есіме оның қалай дүниеге келгені түскенде, кеудемді қуаныш кернеп, жадырап қаламын.

1978 жылдың ми қайнатар шілдесі болатын. Аудандық газеттің редакциясында істейтінмін. Жұмыстан кешендеу шығып, үйге жетсем, келіншегім ебіл-себіл жылап жүр. Бекдашыда тұратын жалғыз апасы аса ауыр халде санитарлық ұшақпен облыстық перзентханаға жеткізіліпті. Облыс орталығы біздің ауылдан он бір шақырым жерде. Кешке қарай көлік қатынамайды. Екеуміз машина жалдап, іңірде жеттік. Қалада тұратын жақын-жуықтар жинала қалыпты:

- Халі ауыр, есін білмейді дейді...

- Операция жасаймыз депті.

- Аса қиналып босана алмапты, - деген сыбыр-күбір өңгімелер естіліп қалды. Бір кезде іштен менің бажам Құтты-мұрат шықты. Үстіндегі ақ жейдесінің жеңін шынтағына дейін түріп алған. Түсі қашып кеткен. Жұрт енді соған қарай ойысты:

- Әй, Құтыш, Айша қалай екен?

- Есін жинады ма?

- Токтай тұрындаршы, дәрігерді көріп, сөйлестің бе өзің?

Қүтекең көзі жыпылықтап, күмілжіп қалды да:

- Иә, сөйлестім, іштегі баласы өліпті. Енді операция жасап аламыз дейді.

- Я, жасаған, өзі аман қалса болар. Шүкір балаларың бар ғой, - деп бір кемпір жұбатып жатыр.

Байқаймын жұрт тынып қалды. Көзбен жер шұқып біз тұрмыз. Әркім өз ойымен әлек. Кейбіреулер “хабарын білдік қой”, дегендей тарай бастады. Жылжыған уақыт түн ортасына таяса да, ауа қапырық. Сонадайдан ай сәулесімен теңіз жалтырайды. Леп жоқ. Шөліркегенмен, шыдамдылық танытып отырмыз. Дыбыс шықса, есік жаққа жалт қараймыз. Анда-санда ақ халаттылар көлбеңдеп өте шығады. Әжей:

- Әй, Құтыш, сен барып, хабар ал. Операцияның бітетін уақыты болды ғой, - дегенде, жұрт қошпағандай қозғалып қалды. Қүтекең имене есікті ашты да, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, ішке енді. Бірақ көп бөгелген жоқ, қайта шықты да, тұрып қалды.

- Иә, қалай екен?

- Операция жасапты ма?

- Айшаның өзін көрдің бе? – деген сұрақтар үсті-үстіне жауып кетті. Қүтекең асығар емес.

- Иә, жасапты, жақсы... тірі екен... ішіндегі баласын айтам, тірі екен... ұл бала деді дәрігер...

Есік алдында тұрған Қүтекеңді бас салып, құттықтап жатырмыз.

Сәбидің есімін Болатбек қойды. Еркелетіп “Боря” дейтінбіз. Мектепті үздік бітірді, бір ғана сабақтан төрті болды. Оның есесіне Жаңаөзен мұнай колледжін “қызыл дипломмен” бітірді. Төрт-бес жылдан бері “Өзенмұнайгаз” акционерлік қоғамында қызмет істейді.

Құдайдың көзі түзу болсын, Боря – Болатбек, аман жүр, бауырым!

ӘПКЕ

Менің төрт әпкем бар. Ең кішісі менен бір-ақ жас үлкен. Екеуміз бір сыныпта оқыдық. Мен біріншіге барғанда үйіміз кішкентай темір жол стансасында еді. Он үш шақырым жердегі мектепке ауыл балалары есекпен қатынаймыз. Шешем таң алагеуімде тұрғызады. Тұра салып, әкемнің үйреткеніндей есекті өзім ерттеймін. Көрші балалардың ауылдан шығып бара жатқанын көргенде, есекке ырғып мініп, үй жанында шүберек сөмкесін асынып тұрған әпкемнің алдына келіп көлденеңдеймін, ол ердің артына мінгеседі. “Ал, Тайшық, тарт қане” деймін жырдағы батырларша тебініп. Тайшық менің есегімнің аты. Алпамыс батырмен соғысқан қалмақ ханының есімі бұл. Ақжем жолға бір түсіп алған Тайшекең әдетінше басқалардан алға озады. Құрғап қалған саздауыт сайдан өте бергенде есегім жеңілденіп қалғандай ытқи жөнеледі. Тізгінді тартып, кейін бұрыламын, әпкем әдеттегідей кесек-кесек кепкен саз балшықтан қалтасын толтырып, жүгіріп келе жатады. Қабақты қарс түйіп, есегімді көлденеңдетемін, ырғып мінеді. Қайтадан жолға түсеміз. Әпкем саз кесекті қытырлата жеп отырады.

Төменгі сыныпта жүргенде мұғалімдер маған ұрысса, ересек балалар тиіссе, алдымен әпкем жылап қоя береді, оны көріп, кейде мен де жылаймын...

Менен кейінгі інім Өмір жасынан талма аурулы болды. Сексенінші жылдары дүниеден озды. Ал бізден үш жүз шақырым қашықтағы малды ауылда тұратын әпкемдерге хабар “Темір қайтыс болыпты” деген сыңайда жеткен. Бір кезде ботадай боздап әпкем жетті. Сонадайдан “бірге ойнап, бірге оқып едім, құдай енді сенен де айырды-ау, бауырым. Темірім”, - деп жылайды. Үйдің іші де абыр-сабыр. “Ол інің емес, одан кішісі” демек болғандарды тыңдар емес, менің атымды жылауға қосып аңыратты дерсіз. Біреулер маған ым қаққан соң, шыдай алмай есіктен мен көрінбеймін бе. Ұшып тұрып, құшақтап алып босатар емес, өзі жылап жүр.

Әпкем қазір Қызылтөбеде тұрады. Ұлын ұяға, қызын қияға қондыра бастаған көп балалы ана. Әліге дейін тайқұлындай тебісіп өскен мен дегенде ілтисаты ерекше. Бірдеңе болса, қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, алдымен жететін де сол Әпкем менің...

АҚ ҚАЙЫҢ

Бала кезімде мектептен үйге келе жатып тың тындайтынмын. Шыңылдаған төс пен балға үні құлаққа келсе, есіктен кіре портфельді атып ұрып, апыл-ғұпыл киініп, ұстаханаға жүгіремін. Көрші Түгел ағай темір соғып жатады. Шағын ұстахана іші көкір-шүкірге толы, мұнда не жоқ дейсіз? Издеген шегенді, болтың мен гайкінді табасың. Ағай әрдайым “кел, кел” деп, күліп қарсы алады. Мен теміртерсектен гөрі ағайдың әңгімесіне құмармын.

- Менің әкем соғыстан оралмады,- дейді ол бірде мұңайып, - мына қайынды соғысқа кетерде өз қолымен отырғызған. Сонау бір жылдары осында құрылыс салу үшін келгендер: “жол тартуға бөгет жасайды” деп, ағашты құлатқысы келді. Бірақ шешем жылап-еңіреп, алып қалды. Бері жүр бірдеңе көрсетейін.

Ағай жапырағы сыбдыр қаққан, тіп-тік боп өскен ақ қайынның жанына келіп, ағаштың тізеден жоғары жеріндегі қара дақты сипап тұрып:

- Мынау сондағы балтаның ізі. Бір әумесер тракторшы әй-шәй жоқ балталап жатқанда, шешем қолына жабысып, шаптырмаған, - деп маған қарайды.

Мен жұп-жұқа қабығы ақ қағазша желбіреген қайынның шойырланып біткен жарақаттай білеуленген діңін қолыммен аялай сипалаймын...

Ұзақ жылдардан кейін жолшыбай баяғы балалық шағым өткен ауылға соғудың сәті түсті. Ауыл көп өзгерген. Оқтаудай көше, шатырлы ақ үйлер. Мен білетін көптеген адамдар, Түгел ағай да бақилық болыпты. Ағаның шаңырағын иеленген кешегі қарадомалақтар, бүгінде азамат боп, шекесінен қарайды.

Өз үйімнің орнында өткенді еске алып, ұзақ тұрдым. Әлдене есіме түскендей жалт қарасам, әлі бар екен – баяғы ақ қайың. Жапырағы желмен ойнап, алақан соққандай сусылдайды. Еріксіз бұрылып, жанына бардым. Бұрынғыдай емес, бұтақтары салбырап, тамырлары білемденіп кетіпті. Күтімсіздігі көрініп тұр. Балтаның ізі бітіп, шодырайған көзге айналған, сипап едім, қолыма мөлдір тамшы ілікті.

Ақ қайың жылап тұр...

БОЙТҰМАР

Бірде іссапармен Алматыға жол тарттым. Жолаушылар пойызының купелі вагонына Құлсарыдан бір түрік жігіті отырды. Есімі – Шавхат, құрылыс инженері екен. Екі ай жұмыс жасапты, құрылыс салып, енді Алматының түбіндегі үйіне қайтып барады. Танысып, білісіп, әңгіме айтып, Қандыағашқа жеттік. Түсіп, басқа пойызға отыруымыз керек. Жайбарақат едік, түсетін кезде қапылдық та қалдық. Вокзалдың күту залына келгенде ғана сақалқырғыш, сабын сияқты, ұсақ-түйек болғанмен, жолда қажет заттарымның купеде ұмыт қалғанын бір-ақ білдім.

Үйіммен хабарласуды ойлап, вокзал ішіндегі телеграфқа бірнеше бардым. Байланыс болмады. Сарылып, кешігіп жеткен пойызды күттік. Билетімізге көз салсақ, екеуміз тағы бір купеде екенбіз. Шаршап-шалдығып, айқай-ұйқаймен пойызға іліккен едік, орнымызда үлде мен бүлдеге бөленген саудагер әйел бойжеткен қызымен жатыр. Қолында билеті бар бізге пысқырып та қарағысы жоқ. Оларды қызғыштай қорыған жолсерікпен айқайласып, орнымызды алдық-ау.

Жаздың кезі, салқындатқыш іске қосылып, перделері түсірулі вагонның іші қоңыр салқын. “Шымкентке таяп қалдық” деген соң пердені аша бергенім сол еді, сырттан лақтырылған баланың басындай тас вагон терезесін бытшыт қылып, көкірегіме тиді. Білегімді, қолымды шыны жарықшақтары тіліп кетті. Шавхат йод пен бинт іздеп, жүгіріп жүр.

Төсегіме жайғасқан сон:

- Шавхат, менің жолым жеңіл еді. Осы сапарым өзін көргендей сәтсіздікке толы. Бұл неліктен екен?

Шавхатым иығын көтеріп, маған қарайды.

- Ағай, - дейді ол таза қазақша, - мен қайдан білейін.

Біраздан кейін басымды көтеріп:

- Шавхат, бері кара, - дедім. Ол “тағы не болып қалды” дегендей орнынан ұшып тұрды.

- Оның себебі, - дедім басымды көтеріп, - мойнымда бойтұмарымның жоқтығынан. Купеге орналасып, киім ауыстырғанда шалбарымның қалтасына салғанмын, содан ұмытылыпты.

- Ойбой, аға, ендеше тез алып тағыңызшы, - деп Шавхат бәйек болып жатыр.

Мен де бойтұмарымды мойныма таққанша асықтым.

ҚАЙРАН, АЯЗ БИ

Бектұрды бала кезінен білетінмін. Әке-шешесі тағдыр тауқыметін көп көрген, қарапайым, шаруа жандар еді. Өзі де жоқшылықтың шетін көріп өсіпті. “Мектепке жамау шалбармен, көкем тігіп берген шоқаймен баратынмын” дейтін Бектұр бір әңгімесінде. Ең бастысы оның адамгершілігі биік, адал еді. Сол үшін оны жақын тартатынмын.

Арада жылдар өте Бектұр қызметке тұрды, сырттай жоғары оқу орнын бітірді. Қолы шығып, табысы мол орынды сағалады. Қос-қос машина мініп, үсті-үстіне үй алды. Әңгіме онда емес. Енді бұрынғы иманжүзді, сызылған жігіт, ауыздыға дес бермей бөсетін болды, айтатыны байлық пен билік, мансап пен тамыр-таныстық. Сөздері кесек-кесек, басқаны тыңдамайды. Кездесе қалып, әңгімелесіп едім, танымай қалдым. Адамның өзгеруі оңай екен ғой.

Осындайда маңдайшаға жаман тымағы мен жыртық шапанын іліп қойып, “Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл” деп, өткенін есіне алып, асып-тасудан қашатын Аяз би ойға оралады.

Ал, Бектұрдың есіне енді өткен күндер түсер ме екен?
Әй, қайдам...

КҮЙЕУ

“Пайғамбар да күйеуін сыйлапты” деген бар. Бұл менің құрдасым Дарханның жақсы көретін мақалы. Оның пайдасын да көріп жүр. Әсіресе, кайын жұртына барғанда, бұл мақалды аузынан тастамайды. Бұған олар мәз. Барынша сыйлап жатады. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқаратын Ахмет Құбайұлы руы жағынан алсақ, Дарханға қайынаға. Ол бастық та, Дархан оның жүргізушісі. Бірақ оған қарап жатқан Дархан жоқ. Кейде көстендеп, қайынағасының алдына түседі, айтатыны әлгі мақал.

Бірде алыстағы кеңшар орталығына Ахмет ағаймен сапарлас болдым. Кеңседегі шаруамыз біткен соң кеңшар директоры түскі үзілістің болғанын айтып, шайға шақырды. Дарханым баяғысы, екі езуі екі құлағында. Қол жуып үйге кірерде әдеттегі әдісіне салды. Бастығының алдын орап, төрге оза бергенде, білегінен тартып, үлкен кісіге жол бер деген ыңғай танытып ем, ол:

-Ой, Ахаң қайнағам ғой, пайғамбар да күйеуін сыйлапты деген, аха –ха-а... а, - деп күлкіге жеңдірді.

-Шырағым, осы сен ылғи “пайғамбар да күйеуін сыйлапты” дегенді қоймайсың ғой, - деді Ахаң - Пайғамбарымыз Мұхаммед болса, оның күйеу баласы Әзірет-Әлі ғой, ол оны не үшін сыйлаған, соны білесің бе? Өйткені Әзірет-Әлі исламның жауларын тапап, жаужүректігімен қызылбасты мұсылман дініне кіргізген, сондықтан пайғамбарымыздың оны сыйлауы, әр кез құрмет тұтуы құптарлық делік. Ал, сені не үшін сыйлаймыз?

Осыдан кейін-ақ Дархан өзінің “сүйікті” мақалын ауызға алмайтын болды.

ҚАМШЫ

-Қазір әйел басқа шыққан заман болды ғой. Ұят, иба, тәртіп-тәрбие деген адыра қалды. Нағыз еркек деп жүргендерің әйелінің алдында құрдай жорғалайды. Нанбасаңыз, әйеліңізге қаттырақ айтып, зекіп көріңізші, жерден алып, жерге салып, әуселенді танытсын – деп Жәкең ағай көпшілік жиналған бір жерде сөзден сөз туғызғаны бар.

-Әйелге қарсы тіпті әңгіме айтпаңыз, олар мықты ғой,- дейді онда Орынбай деген жігіт. – Жәке, өзіңіз ойлап көріңіз, олар сіздің шалбар-көйлегіңізді алды, шаш қою мәнеріңізді алды, арақ-шарап, темекіңізді алды, машинаңыздың рулін алды, айта берсе, көп...

-“Баланы жастан, әйелді бастан” демей ме, бәрі өзімізден,- деді Жәкең, - баяғы текті шалдарға ұқсап, босағаға қамшыны іліп қойып, сондай кезде сыдыртып тұрмағасын, әйел басқа шықпай қайтсін?

-Мұныңыз дұрыс енді, Жәке, өзіңіз айтқандай әрбір үйде бір-бір қамшы ілулі тұрмағасын, - деп жатыр Орынбай да оны қоштап.

Қамшы табылар-ау, деймін, мен іштей, оны босағаға іліп те қоярсыз. Бірақ құр ілулі қамшыдан не қайыр? Әңгіме жүректе ғой, ол жоқ қой қазір...

КІТАП

Бірде жақсы танитын бір жас ақын жігіт келіп:

-Аға, менің жыр жинағым шыққалы да біраз болды, өзіңіз білесіз ғой,- деді.

-Әрине, қолтаңбанды қойып, әкеліп сыйлағаның есімде. Оқып та шықтым, тұшымды дүниелер баршылық. Маған кітабыңды бергеніңді ұмыттың ба?

-Жоғ...ә, бәрі есімде ғой. Айтайын дегенім бір мың ғана данамен шыққан сол кітап әлі таралған жоқ. Төрт жылда табанымнан тоза жүгіріп жүріп, қарызданып-қауғаланып шығарып ем, енді буылып-түйілген орауымен әлі жатыр, кімге барып, кімге айтарымды білмеймін...

Осы орайда менің есіме бір мысал ертегі түсті. Ит пен мысық ертеде бірге тұратын көрінеді. Бірде ит фотоаппарат сатып алыпты. Ондағы ойы жан-жануарларды суретке түсіріп, оны сатып, табыс табу екен. Фотоаппаратын асынып, орманға барса, қарсы алдынан қоян шыға келіпті. Бұл фотоаппаратын әзірлегенше қорқақ қоян зыта жөнеледі. Итекең қуып береді. Сөйтіп ертеден кешке дейін қуып жүріп, ымырт үйірілгенде ғана суретке түсіріп үлгереді. Әбден діңкелеп, сүйретіліп үйіне жетіп есіктен кіре құлайды. Біраздан кейін басын көтеріп:

-Уф, қуып жүріп әрең дегенде нысанама іліктірдім-ау, әйтеуір, - дейді.

-Оу, Итеке, бұл сенің шаруаңның жартысы ғана, қиыны әлі алда. Ертең қоянды іздеп табасың, содан соң суретін беру үшін тағы күні бойы қуалайсың,- деген екен сонда мысық.

Сол айтқандай, онсыз да азабы бір басқа жетіп-артылатын қаламгерліктің мойнына зілдей болып нарық артылды. Енді таланттың емес, күнде бір кітапты “сүйкей” салып, оларын домдап-домдап тарата алатын пысықайлықтың күні туды.

Әй, заман-ай, десеңші?!

ҚҰДАЛЫҚ

-Тәке, құдаларыңыз қай жақтан? – деді көршім Елеусін. Ұлым үйленгелі жатыр деген хабарды естіген болуы керек.

-Тараздан...

-Ойбой, Тәке-ау, жердің түбі ғой, алыс екен, алыс, - деді басын шайқап.

-Бізбен ақылдаса ма? Жастар өздері табысыпты, бақытты болса, болды.

-Әрине ғой, бірақ, жақын жер болғаны жақсы ғой. Менің ұлым да биыл Алматыдағы оқуын бітіреді. Бірақ, Құдай бар, олай жасай қоймас. Тоқсанға келген нағашы атасы да: “Осы төңіректің ғана қызына үйленесің”, - деп қайта-қайта тапсырып қояды. Басы бар бала, олай жасай қоймас...

Мен не айтайын, үндемедім. Арада бір жылдай уақыт өте шықты. Елеусіннің үйі абың-күбің. “Ұлы үйленеді екен” дегенді естігенмін. Кешқұрым сыртта Елеусін кездесе кетті.

-Ал, Елеке, ұлыңыз үйленгелі жатқан көрінеді, оң болсын!

-Рахмет, Тәке!

-Келін қай жерден еді?

-Алматыдан...

Есіме оның былтырғы, Таразды алыссынып айтқан сөздері түсті де:

-Ой, Елеке, алыс емес пе? — дедім.

Оның есіне де баяғысы түсті-ау деймін, маған жалт қарады да, қызарақтап:

-Балдар солай ұйғарыпты, - деді.

-Алматы алыс қой. Елеке, енді үлкен кісілеріңіз бар, балаға түсіндіріп айтпады ма? — дедім.

-Айтуын айтты ғой, бірақ қазіргі балдар тыңдай ма? — деп, ол шарасыздығын білдіріп, екі алақанын жайды.

Онысы рас және оны түсінеміз де. Бірақ, “күлме досыңа, келер басыңа” деген халық даналығын кейде ескере бермейтініміз бар...

ПАЛУАНДАР

Көкпар тартып, қыз қумағанмен, біздің ауыл тойлары күрессіз өтпейтін. Бірде Сұлмен ауылында да осындай той болды. Әсіресе, көршілес түрікмен ауылдарынан палуандар келгенде белдесулер аса қызықты өтетін. “Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді” дегендей, мұндайда тіпті қызды-қыздымен бұрын күреске түспегендердің өзі білекті түріп ортаға қалай шыққанын байқамай қалады. Міне, бәйге аттарындай іріктеліп күреске шыққандардың көбі кетіп, азы

қалған шақ. Әсіресе, түрікменнің Отланды ауылынан келген палуаны, тығыншықтай төртбақ қара жігіт қояр емес. Қарсы келген палуанның талайының жауырынын жер иіскетті. Төрешілер: “Енді кім шығады?” деп жар салғанда, дуылдаған жұрт тына қалды. Қазақтың “аздап ұрттағанның” күшімен әрі көптің кеу-кеулеуімен ортаға шыққан екі жігіті бірінен соң бірі тырапай асты. Осы кезде біреу: “Балтабай палуан келіпті. Тәкеңнің үйінде отыр, сол болмаса, басқадан қайран жоқ”, - деді. Жұртқа қызық керек: “Олай болса, шақырындар, шақырындар”, - деп біреулерді жұмсап жатты.

Ол кісі де көп күттірген жоқ, иін тірескен көпшілікті толқынды жарған кемедей кесіп өтіп, ырғала басып жақындағанда, тойшы қауым қақ жарылды. Нар түйедей шүйделі тұлғасы, нән басы, есіктей омырауы мен бура саны оның құр адам еместігін танытып-ақ тұр. “Қайда әлгі түрікменің”, -деп, аман-түгелден соң өзін ертіп келгендерге иек қақты. Осы кезде:

-Ассалаумағалейкум, Балтабай аға,- деген дауысқа жалт карағанда күлімсіреп тұрған түрікмен палуанын көрді. Ол Балтекеңді құшақтап, төс түйістіріп көрісті де:

-Уа, тойшыл қауым, мына Балтабай аға менің ұстазым! Шәкірті ұстазының белін ұстамас болар, бұл біз үшін өліммен тең. Бас байрақ осы кісінікі болсын, әкеліндер.

-Жоқ! Сердаржан, олай деме! Мұның жөні жоқ. Сенің алған байрағыңа қол салудың еш реті болмас. Жол да, жоралғы да өзіңдікі. Өңмендеп жетіп келгенім ұят болды. Сен екенінді білгенімде күресуге емес, құттықтауға келер едім. Уа, халайық,- деді онан соң Балтекең, - мен талай байрағың мен жүлденді алдым ғой, бүгінгі бәйге менің шәкіртім, мына жігіттікі, түрікменнің жас бөрісі – Сердардікі, біздің арамызда алалық жүрмейді.

Былай шыға той иелеріне қарап Балтекең:

-Түрікмен шәкіртім жолды біліп, мәрттігін көрсеткенде, одан олқы түсіп бізді жын ұрып па?! Байраққа тіккен нар маяны жеткізіп беріндер, ұят болмасын, - деді де, маңмаң басып бара жатты.

“ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА”

Жаңғақтың ойы, Шағадам, Небиттау қалаларының төңірегі қашаннан адай қазақ пен жәуміт түрікменнің ауылы аралас, қойы қоралас қонысы. Гүржі, Ерікті, Оғыланды сияқты кішігірім елді мекендерді атағанда кеңшар мен ауылдық кеңестің орталығы – Аққұйы ауылының шоқтығы биік. Сондықтан журналистік іссапармен оған барған кездеріміз аз болмаған. Алғаш барғанымда ауылдық кеңес төрағасы Бабанияз Моллаевқа жолықтым, қонақ үйі не асханасы жоқ ауылда қайда барарсың, ол үйіне ертіп барды. Үй іші жатсынбай қарсы алып, сый-құрметін көрсетіп жатыр. Әсіресе, анасы ақжарқын кісі екен, аты-жөніме дейін сұрап, бәйек болды. “Мен де қазақтар сияқты сүт қатқан үнді шайын ішемін, түрікменнің көк шайын қаламаймын”, - дейді күліп. Бір күн түнеп ертеңіне қалаға қайтып кеттім.

Араға ай салып тағы сол Аққұйыға жолым түсті. Бұл сапарғы шаруам кеңшарда болғандықтан кеңшар кеңсесінде болып, директоры Амансүйін Солтанмәмедовпен әңгімелестім. Жұмысым біткен соң елге қайтуға көлік жоқ, амалсыз ертеңге қалдым. Түскі шайды Амансүйіннің үйінен ішіп, түс қайта ауылдық кеңестің кеңсесіне бардым. Ойымда ештеңе жоқ, аңқылдап кіріп барсам, әнеугүні бірге болған Ораз Моллаевым ернін ғана жыбырлатып, қырын қарайды. Мен оның қылығын түсіне алмай дал болып, “не жаздым” күйге түстім. Мұны Амансүйінге айтқанымда, ол күлді. “Сіз біздің ғұрпымызды білмейді екенсіз. Бізде қонақ бір келіп түскен үйін сол ауылға екінші келгенде аттап кете алмайды. Қонақтың ол үйге екінші келмеуін түрікмендер елемеушілік, әлгі үйдің мейман көңілін таппағаны деп ұғынады. Сондықтан Бабанияздың өкпесі орынды. Егер басқа үйге барғың келген жағдайда да өзің алғаш қонақ болған үйге түсіп, үй иесіне түсіндіріп, рұқсатын алуың керек. Олай жасамасаң, қонағымыз ренжіп, әлде өкпелеп кеткен екен дейді”, - деді ол. Мен түрікмендердің мұндай ғұрпын білмейтінімді айттым.

Кешке қарай “ Біздің бір зоотехнигіміз келін түсіріп, той жасап жатыр. Барып шықсақ қайтеді?”, - деді Амансүйін. Ауласы бар, еңселі үйге кіргенімізде кең дастархан басында қатарласа отырған жас-көрі сыйлап орын берді. Дастархан үсті әр түрлі тағамға толы, бірақ ішімдік жағы көрінбейді. Бұл арақ-шарапсыз тойдың сәні кірмейтін, жұрт жаппай

ішуді модаға айналдырған кез еді. Тағамдардан ауыз тидік, жұрт мәз-мәйрам. Ас қайырылған соң сыртқа шықтық.

“Тәке, есіңізде болсын біз үлкендердің, шал-кемпірдің алдында ішімдік ішпейміз. Басшылар, аздап ұрттайтындар бөлек үйге барып, көрінбей ішеді”, - деді Амансүйін.

Түрікменмен іргелеспіз, салт-дәстүрін білеміз дегенмен бұл халықтың біз білмейтін қыр-сыры көп екенін сонда білдім.

“ОРЫСТЫҢ МАЛЫ”

Жетпісінші жылдардың бел ортасы. Түрікменстанның Красноводск аудандық газетінде қызмет істеп жүрген кез еді. Бірде аудандық партия комитетінен “Жебел” кеңшарында құрылған комсомол-жастар шопан бригадасы жайында мақала жазу қажет деген нұсқау түсті. Орталықтан үш жүз шақырымдай жердегі шаруашылыққа қонаға жеттім. Қазағынан түрікмені көп кеңшардың басшысы Әсен Назаров деген түрікмен еді. Жастар бригадасына өзі ертіп апаратын болды. Ертеңіне ертелетіп жолға шықтық.

Даланың ойлы-қырлы жолымен ілбіп жетеміз деп жүргенде күн арқан бойы көтеріліп қалды. Дөңге көтеріле қиялай құлағанымызда шөптен салынған бастырмалы қораның төбесінен түстік. Таяп келіп тоқтағанымызда қора толы қой маңырап қоя берді. Әлі өріске шықпаған екен. Мұны көрген Әсен ағай ашудан түтігіп кетті. Жылдамдата барып қораның есігін ашты. Сол-ақ екен ашқұрсақ мал лап қойды. Тоқты отары екен бірін-бірі бастырмалап құлап жатыр.

Қырдан көктем исі аңқиды. Қырат-белдер көкпеңбек. Мұндайда мал шыдар ма, көк қуып безіп барады.

-Әй, жүгірмек иттер-ай, бұлар қайда жүр, малды тал түске дейін қамап, -деген Әсен қора іргесіндегі шопандар үйшігіне барды да, есігін жұлқи ашты. Үй іші астан-кестен. Темекі мен арақ исі қолқа қабады. Жамылғылары басына кетіп, сирақтары көстиіп айқұш-ұйқыш жатқан төрт бозымбай балаң жігіт бірін-бірі оятып өлек.

Қатты ашуланған бастық олардың жер-жебіріне жетті.

Қайтар жолда Әсен де, мен де үнсізбіз. “Мақтаған қыздың...” кебін киген комсомол шопандар артта қалды.

-Жаңағы көргендеріңді жазасың ғой, - деді Әсен кенет түйеден түскендей.

-Әрине,- дедім.

-Осыны жазбай-ақ қойсаң қайтеді?..

-Неге мен жазу үшін келдім ғой...

-Ой, Темеке, қайтесің соны, сірә орыстың малы ғой. Ертең-ақ үкімет етке айдайды, ит болып азабын көретін біз дағы.

Мен ойланып қалдым. Аңқылдаған ақ көңіл азамат Әсен Назаровтың сөзін жерге тастай алмадым. Мақала жазылмады, бірақ оның “ орыстың малы” дегені есімде қалды.

ӘКІМ

Жаңаөзенге құда баламыз көшіп келді. Есімі Әкім. Мекенжайын білген соң, “қоныс құтты болсынның” ретімен оны іздеп бардым. Екінші шағын аудандағы ескі, көп қабатты үйлердің бірінде екен. Есік алдында бала жұбатып отырған әжейге сәлем беріп:

-Шеше, Әкімнің үйі осы ма? – дедім. Үлкен кісі мені жаңа көргендей ажырая қарап:

-Әй, шырағым-ай, әкім мұндай үйде тұратын ба еді, қыста жылымайды, жазда маса, өзің қарашы. Әкімді издесең, бай ауылға бар, сонда деп естиміз,-дегені.

-Сіз мені түсінбедіңіз, есімі Әкім, руы Жәдігер, жақында көшіп келген,- деп едім шешей күліп жіберді. Біздің сөзімізді естіген үлкен- кіші бәрі күлді.

“БӘРІН ТАНИДЫ...”

Есік алдында ақ жаулықты ана отыр. Киім киісінен, өткен-кеткенге жалтақтап қарағанынан-ақ ауылдан келгенін байқау қиын емес. Наурыз мерекесінің кезі еді. Сәлем беріп, көрістім. Салған жерден салдырлап сөйлей жөнелді, мені бұрыннан танитын адам сияқты.

-Е... осында тұрады екенсің ғой?

-Иә.

-Менің әлгі жаманым, кенжем осында тұрады ғой. Басқаларының бәрі Бейнеуде, төрт келінім бар, құдайға шүкір, қыздарым тұрмыста. Оқимын, жұмыс істеймін дегесін осында жібергенбіз. Ананы-мынаны көріп, адам болып қалып-

ты. Кеше де, бүгін де бүкіл Ақтауды аралатты. Кім-ау, сен атым Темір дедің бе, Темір-ау, менің әлгі жаман қарам жұрттың бәрін таниды...

-О, онда жақсы екен.

-Әрине, кеше бар-ау, үйден шыға бере қолын көтеріп қалып еді, өтіп бара жатқан мәшине қайырылып келіп, бізді мінгізіп кетті. Одан қайда барсақ та, қолын сәл көтерсе болды, зыр етіп жанымызға тоқтай қалады.

Мен үлкен кісіге не дейін, қазір такси көп, ақша үшін тоқтайды деп көңілін бұзғым келмеді.

-Шеше, балаңыз жақсы екен, адам болады екен. Тек басына амандық, жанына саулық берсін, - дедім.

-Тәңір жарылқасын, айналайын. Ол жаман қарамнан бірдеңе шығады, нағашыларына тартқан ғой. Ауылда жүргенде жасқаншақтау, босаңдау көретінмін. Не дегенмен көпшіліктің, қаланың аты қала ғой және танымасын сыйламас деген, әсіресе шопырларды танығаны жақсы, қазір көліксіз қимылдай алмайсың. Ал менің әлгі жама-ным ысқырып не қолын көтеріп қалса, тек тізіліп тұр, ой, Алла-ай...

ҚАРА МАЯ

Сәлем-сауқатының өзін “мал-жан аман ба?” деп бас-гайтын ауыл қазағының баласы малсақ келетін әдеті ғой. Ес біліп, етек жапқаннан-ақ өз үйіміздің он-он бес уақ жандығы мен төрт-бес мойнағын айнытпай танитын, қақпа-лап қораға қамайтын кезге жеттік. Әсіресе, шиеттей бала-шағалы үйіміздің құтына айналған қара мая әлі есімнен кетпейді.

...“Балам, күн кешкіріп келеді, қара маянды айдап кел,” -деп, әкем көзкөрім жерде ботасымен жайылып жүрген түйеге бес-алты жасар мені жұмсайды. Басыма жыршы, сал-сері әрі аңшы Көптілеу тәтем тігіп берген түлкі құлақшын-ды киіп, қолыма оның маған лайықтап жасаған алты өрім қамшысын алып, жолға шығамын. Жаңа тәй басқан бота-қанын бауырына алған қара мая мені көргеннен-ақ ауылға маңдай түзейді.

Балалық-ай, мойнына асылып, өткеншекше тербеліп ойнаймын, мыңқ етпейді. Баданадай мойыл көзінен өз бейнемді көріп, мез-мейрам болатынмын. Қара маяның

жуастығынан болар үйде шешем жоқта он екі-он үштердегі талдырмаш әпкелерім басқа түйелерге жоламаса да, оны таласа сауатын.

Көрші үйде бізден ересектеу, тентек Санат деген бала болды. Сол кетіп бара жатқан қара маяны қуып жетіп, тірсегінен басып, құйрығынан тартып, өрмелеп өркешіне шығатын. Жарықтық үркіп, тапырақтамай, мойнын бұрып қарайтын да, “ә, сен бе едің” дегендей маң-маң басып тарта беретін.

Қара маяның жуастығы, сүттілігі, мал ішіндегі ерекше естілігі жайында ауыл адамдары айтып отыратын.

Бір жылы әкем қара мая жайында көбірек айтатын болды. Бала да болсам, сөздерінен байқаймын, қайымай, боталайтын жылы қысыр қалған сияқты. Шешем басу айтқан сайын әкем ашулана түседі. Оған қамшы болған бүкіл ауылды аузына қаратып отырған, малы көп Серғазы дегеннің “қара мая қысыр” деген сөзі. Оны мен де естідім. Таңертең жұрт өріске мал шығарады. Міне, әр қорадан маң-маң басқан ойсылқара шыға бастады. Әкем қара маяның желінін ұстап көріп, басын шайқап тұрған. Осы кезде Серғазы да көрінді.

-Сереке,-деді әкем дауыстай сөйлеп, - мал жайын білетін, көпті көрген адамсыз, мына маяны байқап көрсеңіз.

Су өтпес сары плащпен қаптаған тон киіп, белін тоғасы қос тісті қалың қайыс белбеумен шарт буған, қату қабақ Серекең қара маяның желініне қол салып көрді де:

-Мен айтпадым ба, қысыр деп, - деді.

-Сереке, - деп бірдеңе айтуға оқтала берген әкеме қарап:

-Әй, Мыңжас, осы қара мая буаз болса, мен де буазбын, айтпады деме, - деп, қарқылдап күлді. Серекеңнің сөзін естіген жұрт күліп жатыр.

Екі күннен кейін қара мая сойылды. Сол күні қызуым қатты көтеріліп, ауырған мені сыртқа шығармады. Үйге бір құшақ отыны бар шешем кірді. Байқаймын, өңі сынық, жанары жасқа толы. Өксік буып, жүзін менен бұра береді.

-Құдайым-ай,- деді аһ ұрып, - біреудің алдағанына нанып... ішінен тайдай тулаған ботасы шықты...

Әкем де ренішті. Жүзі күреңітіп, іштен тынулы. Не істесін, өз қолын өзі кессін бе?!

Кейіннен басқа да түйелеріміз болды. Бірақ, қара мая есімде қалыпты, ерекше мал еді, жануар...

АЛЫСТАҒЫ АТЕИСТ

Красноводск аудандық “Жұмысшы” газетінде қызмет істеп жүрген кезіміз. Бір жылдары атеистік тәрбиеге қатты көңіл бөлінді. Газетте бұл тақырыпқа қанша материал жарияланғаны жөнінде ай сайын, тоқсан сайын жоғары жақ мәлімет сұрайтын. Мұндай тақырыпқа кез келген адам бара бермейді, ештеңе жарияланбады деуге тағы болмайтыны сірә, белгілі. Бұл орайда “абыройды жапқан” маңғыстаулық қаламгер Әзірбайжан Қонарбаев болды. “Семіз” конверттер келеді. Ішін ашсаң, сол кезеңнің тынысын дөп басқан сан алуан тақырыптағы мақалалар. Әзекеңнің өзін көрмесек те, газетімізде материалдары үсті-үстіне шығатын. Әсіресе, атеистік тақырыптағылары қамшы салдырмайтын.

Бірде Ашхабадта атеист-лекторлардың республикалық конференциясы өтетін болды. Обком аудан, қалалардан оған қатысатындардың тізімін алып, екшеп, сарапқа сала бастайды. Біздің аупарткомнан түскен тізімдегі адамдарға қанағаттанбаған обкомның насихат және үгіт бөлімінен қайта телефон шалатын көрінеді:

-Мұнда белгілі атеист-лекторлардан ешкім жоқ, белгісіз біреулерді жазғандарыңыз қалай?

-Біздің аудандық партия комитетінің атеист-лекторлары осылар. Семинар, курстарға барып, лекциямен ел арасына шығып жүргендерді түгел жаздық.

-Ау, бұларыңызды біз білмейміз. Атеистік тақырыпта “Жұмысшы” газетінде үнемі көрініп жүрген Әзірбайжан Қонарбаев бар емес пе?..

Сонда біздегілер не айтарын білмей, тілін тістепті. “Құп болады” деуге Әзекең алыста, басқа республикада... Маңғыстауда... “Ол мұнда жоқ” деуге тағы болмайды. Ақылдаса келіп, обкомға хабарлайды.

-Сіздер айтқан Қонарбаев бара алмайды. Оның орнына басқа журналист баратын болды. Ол – Темір Мыңжас деген... Сөйтіп, атеист -лектор Қонарбаевтың орнына республика астанасында өтетін жиналысқа мен барған едім. Кейіннен бұл оқиғаны Әзекеңе айтқанымда, ішек-сілесі қатып күлді. Қазір де кейде кездесе қалғанда еске алып қоямыз.

АЛҒЫС

Ол кезде Красноводск қаласынан ірі өндіріс ошағы – Бекдашыға жұрт “кукурузник” атап кеткен он екі адамдық, дырылдаған “АН-2” ұшағымен қатынайтынбыз. Басқа көлік жүрмейтіндіктен барып-келу “проблема”. Не билет болмайды, не ауа райы қолайсыз болады. Сондай себеппен екі күн ұшпаған ұшақ ұшатын болып, жолаушылар абыр-сабыр күйге түсті. Бірнеше тексеруден өтіп, ұшаққа да жайғастық-ау әйтеуір. Ең соңынан мінгендіктен мен дәл есіктің тұсындағы орынға жайғастым. Шалқалай ашылған есіктен сыртқа көз салып отырғанмын. Кенет қақпадан әлгінде бізді жетектеп әкеліп кеткен, бет-аузын аямай бояған, аэропорт қызметкерінің формасындағы толық әйел ұзынтұра орысты ертіп шыға бергені сол-ақ еді, дауыс салған ақ жаулықты әже әлдекімдердің бөгемек болғандарына қарамай жанұшыра ақсандап, сүйретіліп келеді. “Тоқтандар, мені де ала кетіндер, құдай үшін”, - деп жыларман болып, айқай салады. Жұрт аңтарыла қарап қалды.

-Мен сізге тағы қайталап айтамын, бұл басқа рейс, - деді орыс тілінде аэропорт қызметкері.

-Әй, моя, менің рейсім, - дейді кейуана көзінде жас, қолында билеті, әлгілермен қапталдасып қалар емес.

Шыдай алмадым.

-Шешей, қане, билетіңізді беріңіз, көрейін!, - дедім. Орыннан көтеріліп, билетін алдым. Сол-ақ екен аэропорт қызметкері де, оған еріп келген ұзынтұра да сасқалақтай бастады. Билетке үңілсем, рейсі, нөмірі де, уақыты да сай келіп-ақ тұр. Жұрт түгел естісін дегендей дауысымды көтеріп, бар орысшама салып:

-Әжейдің осы рейске билеті бар, күні, сағатына дейін міне, дәл келіп тұр, сонда бұл кісі қалайша қалуға тиісті, - деп билетті жоғары көтердім.

Ұялған тек тұрмас дегендей:

-Жігітім, сізге түсуге тура келіп тұр, - деді ойы іске аспаған аэропорт қызметкері беті бұлк етпестен біреудің орнына әп-сәтте жайғасып үлгерген ұзынтұраға. Әжейді қолтығынан демеп, бос орынға жайғасуына көмектестім.

-Тәңір жарылқасын, шырағым, екі дүниеде жамандық көрме, - деп алғысын жаудырумен болды. Байқап отырмын, көпке дейін аптығын баса алмады.

Иә, “үндемеген үйдей бөледен құтыладыға” салғанымызда, жазықсызды жапа шектіретін тағы бір әділетсіздік болар ма еді, кім білсін. Әйтеуір мен әлсізге сәл де болса жәрдемім тигеніне қуандым.

ӘЛЛЕКЕ

Ел ішіндегі аты шыққан, аса қайратты кісілер жайында әңгіме қозғалса, менің есіме Әллеке түседі. Шын есімін жұрт біле бермейді. Орта бойлы, жауырынды, тығыншықтай кісі еді. Кейде “қызыңқырап” жүретін, айтарын бүкпесіз ашық айтып, жынына тигендерді боқтап та жіберетін оған көп адам жолай бермейді. Тек ауыл балалары үйір, бұл бәлкім балажандығы шығар...

Бірде оны аудандық коммуналды шаруашылық мекемесінде көргенім бар. Сол кезде ол сонда жұмыс істейді екен. Жүргелі тұрған су таситын машинаны жібермей тұрды. Мұны көрген жұмысшылар қыран-топан күліп жатыр. Бұған бұлқан-талқан ашуланған шопыр гүжілдетіп газды басады-ай келіп, байқасам, Әллеке ол қозғала бергенде машинаның артқы жағын көтеріп, екі дөңгелекті жерге тигізбей қояды екен. Артқы қос дөңгелегі жерге тимей ауада айналған машина орнынан қозғалар емес. Шопыр шыр-пыр болып кабинадан түскенде, Әллекен қарқ-қарқ күліп қоя қояды да, ол орнына отырып, қозғаламын дегенде қайта көтереді. Шашы дудыраған шопыр жігіт кабинаны ашып тұрып, ышқынтып газды басады-ай кеп. Жұртқа күлкі керек.

Аудан орталығының темір жол тұсындағы кеңшар ауылында тұратын Сайын деген жолдас жігіт айтады:

-Жемшөп қоймасы біздің үйдің қасында ғой, бірде бара қалсам, тай-тай шөпті машинаға қиюластырып, тиеп жатқан жұмысшылар шөп биіктеген сайын қиналып тұрғанда, Әллеке келе қалды. Жерде жатқан төрт-бес тай шөпті көрсетіп: “Әй, қайсысың мына тайды тиелген шөптің төбесіне бір лақтырғаннан түсіре аласыңдар” демесі бар ма. Жігіттерде үн жоқ. Өйткені, машинаның өзі адам бойынан биік, ал оның үстіне төбедей ғып текшеленген шөптің үстіне гай шөпті лақтырып жеткізу екінің бірінің қолынан келмесі анық. Ол жігіттерді көзбен жағалай шолып шықты да, бала кезінен теміржолдың балғасын соғып келе жатқан шомбал қара жігіт Тоқанға жақындап: “Інім, сен қалайсың, көрсейші,- деді. Көп сөйлемейтін Тоқан: “Аға, көрсем

көрейін ендеше”,- деді де, жерде жатқан тайдың бірін көтеріп қолына алды да, бар денесімен екпіндете созылып лақтырды дерсің. Құдай ондағанда шөп төбеге дөп түсті. “Өп бәрекелде, жарайсың”, деп жігіттер кеу-кеулеп жатыр. Қызарақтап, маңдайы тершіген Тоқан екінші тай шөпті көтеріп алды да, жаңағы әдісіне салды. Бірақ, жеткізе алмады, жақтауға соғылған тай шөп жерге түсті. Әллеке тайды қолына алды да, ырғап-ырғап лақтырғанда тиелген шөптің төбесінен түсірді. Жерде жатқан үш тай шөпті сол әдіспен бірінен кейін бірін зытырды.

-Ой, пәле-ой, Әллекең үй қалаудың да шебері дейді ғой.

-Иә, ондайы да бар, - деді Сайын, - өткенде бір ағамыз жаңа ауылдан жер алып, үй салатын болды. Іргетасы күйылған, енді қабырғаларын көтергелі жатыр деген соң, қол ұшымызды берейік деп барғанбыз. Құрылысты Әллеке жүргізеді екен. Алты-жеті жігіт біріміз күрекке, біріміз сүйменге жабыса беріп едік. Әллекең үй иесіне қарап: “Едіге, маған балшық илеп, жедел жеткізіп тұратын қайратты төрт жігіт болса болады, басқасының керегі жоқ”,- деп салды. Сөйтті де, сайдың тасындай төрт жігітті жанына шақырып алды. Ол салынатын үйдің орнын өлшеп алдымен жіп кереді де, жіптің сонау ұшына насыбай шақшасын қыстырып қояды. Содан сол шақшаға жеткенше демалмастан қолықолына жұқпай тас өреді, тек иленген балшық жетіп тұрса болғаны, ал шақшаға жеткеннен кейін көкбұйра насыбайды рахаттана тұрып атады, бұл - үй қабырғасының бір қатары қаланды дегені. Насыбай шақша артынан Әллекеңді ертіп қатардан-қатарға биіктей береді.

-Япыр-ай, ө...

-Үй салғанда негізгі салмақ бас шебер Әллекеңе түседі ғой, алайда төленген ақыны бөлгенде ол балшық илеп, тас әперген жігіттермен теңдей бөліседі. Кісіге қылдай қиянаты жоқ. Сондықтан да ауылдың белді-белді жігіттері онымен жұмыс істегенді қалайды,- дейді Сайын.

Кенес Одағы кезінде жер-жердегідей қазан төңкерісіне арналып 7 қарашада дүркіреген мереке өтетін-ді. Жұрт сәнді киініп, көшеге шығатын, ат бәйгесін, палуандар күресін және басқа да тамашаларды қызықтайтын. Әсіресе, ат бәйгесі мен күрес сияқты байрақты бәсекелер ашық айтылмағанмен ұлт намысын қоздыратын. Түрікменстанның Красноводск өңірі, сол кездерде қазақтың көп шоғырланған жері еді. “Көп көптігін істейді” дегендей қандай

жағдайда да, ат бәйгесі болсын, күрес немесе доп ойындары болсын, қазақтың мерейі үстем-ді.

Міне, сондай мерекенің тұсында жұрт боз кілемдегі палуандар белдесуін тамашалауға көп жиналды. Әуелі бала палуандар бастап берген сайыс аты шығып жүрген дара палуандардың белдесуіне ұласты. Осыны күткендей таяқ тастам жерге кеп тоқтаған жарқылдаған ақ “Волга” көп назарын өзіне аударды. Қауқылдасып түскен үш түрікмен біреуді машинадан түсіре алмай әлек. Оларды жалындырып барып, сыртқа шыққан алпамсадай түрікмен жігітті көрген жиналғандар шу етті. Жотасы гүжірейген, апайтөс Мәмметберді маң-маң басып таяп келгенде-ақ құлшынып тұрған палуандардың мысы басылып қалды. Сырт киімін шешіп, белін орамалмен буынған ол ортаға шыққанда тұлғасы көз сүйсіндіретіндей еді. Білем-білем бұлшық еттері жалаң көйлектен сыртқа теуіп тұр. Төреші “Бұл Аққұйыдан келген Мәмметберді деген атақты палуан, бұған қарсы шығатын жанды мен көріп тұрған жоқпын. Егер ешкім шықпаса, бас байрақ осы палуанға беріледі”, - деді дауыстап. Жұрт сілтідей тынды. Жалтақтап қазақтың күреске түсіп жүрген жігіттеріне қараймыз, бірін-бірі қайрағаны болмаса, сыбанып алға шығар емес. Атағы көпке мәлім әлгі палуан жұртқа шекесінен қарайды. Сол кезде бір кетік тіс кара бала: “Әне жерде Әллеке аға бар ғой”, - деп қалды.

-Ол қайда, қане?- десті көпшілік.

-Әне, Байболдың үйін салып жатыр.

-Жұмыс істеп жүрген адам келер деймісің.

-Түсіндіріп айтса, ол келеді.

-Онда мен барып қайтайын, - деді біздің бір елпең қағып тұратын Тасболат деген қызбалау ағамыз. Тәкең қалың топтан бөлініп шығып, үй салып жатқандарға қалпағын бұлап, айқай сап барады.

-Ханы гелиң -хоу, пәлванларың ниреде? Бу газаклар нәдйә (Ау, палуандарың қайда? Мына қазақтар қайтеді-ай), -деп түрікменнің палуаны насаттана күліп қояды. “Қанына тартпағанның қары сынсын” деген ғой, бұған түрікмендер жағы мәз. Тоқсанның төріне шығып қалған ақсақалы көзін күннен қолымен қалқалап: “Хай, Мәмметжан, гөзүңе дөнейін”, -дейді. Бұл Мәмметжан көзіңнен айналайын дегені.

Осы кезде шыдай алмады-ау деймін ауылдағы той-томалақта күреске түсіп жүрген Тәжіқылыш деген жездеміз

ортаға шыға келді. Қара жұмыс десе қапы қалмайтын Тәкеннің де дене бітімі кесек, білектері бұлшық етті. Мұны көрген жұрт дуылдап, қошемет білдіре бастады. Мысық табандап аңдысқан қос палуан бір-бірін шап берді де, итжығыс түсті. Орындарынан тұра сап қайта ұстасты, байқаймын жездей сыр бере бастады. Енді бір сәт қарсыласының белден бекем орап, жұлқа тартқан құрсаулы құлашына төтеп бере алмай, жауырынымен жер қапты. Сол-ақ екен, жанкүйерлері түрікмен палуанын жерден көтеріп әкетті. Орнынан сылбыр көтерілген Тәжіқылышқа қарадым, жүзін жасырып, теріс айнала берді. Топтан жырылып шыққан оның жанарында жас тұрды...

Сол-ақ екен бағанағы кетік тіс, қара бала жүгіре басып жетті дейсің: “Әне, келе жатыр”, - деді. “Келді, келді”, - дегенге жұрт қақ жарылып қараса, шынында да Әллеке! Үсті шаң-шаң, қолында қолғабы: “Уф, неге шақырдыңдар-ей, ал келдім”, - деп, күліп қояды. Жұрт жамырап жағдайды айтып, сөздің аяғын намысқа тіреп жатыр.

-Ендеше, алдымен бір шөлмек арақ әкеліңдер, сосын күресемін.

-Ау, шырағым-ау, арағың не, намыс қайда? — деді бір шал.

-Әллеке, - деді Қарашбай Әлменов дейтін азамат, - Әллеке арақ қайда қашар дейсіз, мен-ақ алып берейін. Әуелі күресіңізші, мына халық сұрап тұр.

-Жақсы, ендеше шақыр жаңағы түрікпенінді, - деді Әллеке.

Жиналған жұрт қайта гүілдеп кетті. Әлекең шаң-шаң болған сыртқы шалбарын шешті. Ішіндегі ақ дамбалын тізеге дейін түрді. Иығы сетінеп жыртылған ақ көйлегінің де жеңін шынтаққа дейін қайырды да, кілемге аяқ басты. Бұл кезде мәре-сәре болған жанкүйерлері ортасында минералды сумен ауызын шайып, бүркіп тұрған Мәмметберді айтқызбай-ақ маңғазданып ортаға шықты. Оның қас-қабағынан Әллекені менсінбеушілік байқалады.

Көптің гүілдеген қошаметімен екеуі белдесе кетті. Мәмметберді қарсыласын шырқ үйіріп жерге ұратындай көтере тартып еді, сіресіп қалған зілдей Әлекең қорғасындай қозғалмады. Былай-олай сілкілеп ештеңе шығара алмаған түрікмен палуаны: “мынау не пәле”, дегендей басын шайқап, ернін тістеледі. Қараторы өңі қанкүрең тартқан Әлекең де оңай түспеді. Мандайынан тер білінді.

Екі жақ әрқайсысы өз палуандарын қоштап, қиқуға басты:

-Әп, бөрекелді!

-Көтер, Әллеке, көтер!

-Уа, аруақ!

-Қолдай көр, Бекет-Ата!

Мәмметбердінің әр қимылын қапысыз бағып, әл бермеген Әллекең оңтайға келді-ау дегенде шалт қимылдады. “Әуп” деп Мәмметбердіні көтеріп әкеткен ол алып ұрды. Жиналған жұрт, әсіресе қазақтар жағы делебесі қозып, айқайға басты. Шалқасынан оңбай жығылған түрікменнің түйе палуаны әп дегенде орнынан тұра алмады. Оған қарап жатқан Әллеке жоқ. Мәмметбердінің дөңкиген гөсіне құйрығын басып отырып:

-Әй, мен мынаны жықтым ғой, арақтарыңды әкеліңдер! – дейді. Оның сырын білетін жігіттер бір шөлмек “Экстра” арағының тығынын ашып, дайындап та үлгерді. Оның анау-мынау стақанды қомсынып, лақтыратынын білгендей кәрлен кесені қолына берді. Ол бір жарты литр “ақанды” сарқа құйды да, бір-ақ тартты. Содан соң жанында жүрелей отырып қалған Мәмметбердіні қолынан тартып тұрғызды да: “Әлі жассың, болашақта сенен күшті палуан шығады”, - деп, құшақтап, арқасынан қақты.

-Жаңағы қазақтың палуаны қайда, аты кім еді? Ау, Әлеке, Әллеке дедіндер ме, шақырындар бері,- деген төрешіге де мән берген жоқ.

-Маған деген байрақты, ана Қоштай ақсақалға бере салындар, нағашым ғой, сол алсын, - деді де, көпшіліктен сытылып шығып, жөніне кетті.

Қазақтың палуанының жеңгеніне біразға дейін дуылдасқан жұрт көп ұзамай оны ұмытып та кетті.

Тек қана қажет кезде намысқа бағып іздейтініміз бар. Өйткені қазақпыз ғой, ой Алла-ай!..



АҚ ӘЖЕ

Қазір ойлап отырсам, одан бері де бірталай жылдар өтіпті. Біздің үй аудан орталығынан қашықтағы ауылда еді. Ол кезде жаңа ғана ес біліп, етек жапқан ойын баласы екенбіз-ау?! Шіркін, ақ әже-ай, деймін кейде еске алып, барсын ба, әлде...

Томашадай ғана қара кемпірді ауылдың көрі-жасына дейін ардақ тұтатын. Әлі мектепке бармаған бүлдіршіндерінен бастап, ата сақалы аузына түскен егделеріне дейін оны ақ әже деп атайтын-ды. Оның шын атының кім екенін де жұрттың көбі біле бермейтін. Той-садақаларда ауыл ақсақалдарының: “Ақ әжең шақырусыз қалмасын, шырақ, ақ әженің үйіне кіре қайтарсың”, - деп жатқанын талай естідік. Өңі қараторы болғанмен, ақ пейіліне, мейірбан жанына қарап ақ әже атанған болар, бәлкім.

Ауыл іргесінде қозыкөш жердегі қара көзге шалынатын үлкен төбе бар болатын. Оны ауыл адамдары “Жеңіс төбе” деп атайды.

Қырық бесінші жылғы Ұлы жеңіс күні жақын жердегі ауылдардың адамдары тайлы-таяғы қалмай жиналып, осы төбенің басында ұлан-асыр той жасаған көрінеді. Біздер ойнап жүріп, осы төбенің басында әжейдің жападан-жалғыз отырғанын жиі көретінбіз. Ештеңенің мәнісін біліп, байыбына барып жатқан біз жоқ. Жүгіріп, асыр салып қасына да баратынбыз. Ол ауылдан шығып, құба жонға қарай көсіліп жатқан ақ шаңдақ жолға қарап, төбе басында сарылып ұзақ отыратын. Алыстан бір қарайған көрінсе, көзін қолымен күннен көлегейлеп үңіле қарайтын-ды. Кейде өз-өзінен күбірлеп сөйлейтін, көкірегі қарс айырылып күрсінетін, мұңды дауыспен сызылтып ән де салатын.

-Бейшара, жалғыз ұлын әлі күтіп жүр, -дейтін ауыл адамдары ол туралы.

Ел арасында ақ әже жөнінде әркім әрқилы әңгіме айтатын. Бірде әжеймен бірге өсіп, қашаннан көршілес отырған Есназар қария біздің үйдің жанында отырып, менің әкеме ол туралы былайша сыр шерткені бар:

-Сонау Жаңаорпа құдығында отыратын аңшы әрі домбырашылығымен аты шыққан Төребек дегенді естіген шығарсың? Соның ұлы да, қызы да осы болды. Есімі - Ұлбала. Жастайынан-ақ менің қалындығым болсын дейтіндей сұлу

әрі ақылды еді. Ауылдың талай жігіттері ғашық болып, атын әнге қосып айтатын. Жасыратыны жоқ соның бірі мен едім, - деді Есназар қария, - бірақ ол біздің бәрімізге де пысқырмады. Қаладан келген мұғалім жігіт Балтабайға тұрмысқа шықты. Алғашында қызғанып жүрсек те, Балтабайдың оған жар боларлық мәрт жігіттігін көріп, басылғанбыз. Не керек алайда қатігез тағдыр Ұлбаланы ерте бастан-ақ еркелетпеді. Отау тіккеніне жыл толар-толмастан кенеттен Балтабай қайтыс болды. Ажал дегенді қарашы бір күн ауырып жатып, кенеттен дүние салды. Қолдан келер дәрмен жоқ, қатты қиналды. Ой, сондағы Ұлбаланың жылағаны-ай сай сүйекті сырқыратты. Иманды болғыр Балтекенді шын сүйеді екен, пақыр, - деп, қария сол бір сәт көз алдына оралғандай батар күннің қызғылт арайына малынған көкжиектен көз алмай ұзақ отырды да, әңгімесін қайта жалғады. — Ері қайтыс болғанда Ұлбала жүкті қалған екен. Көп ұзамай босанды да, дүниеге Қанат есімді ұл келді. Ұлбаланың ендігі бар қуанышы, алданышы сол болды. Жас та сұлу келіншекке қырындаушылар да, сөз салушылар да көп еді. Бірақ, Ұлбала ерге шықпады. Қанатсыз тіршілік жоқтай көрінетін оған. “Қанатжаным, ботақаным менің, қоңыр қозым” деп отыратын ылғи. “Жассың, әрі ажарың бар, біреудің етегінен ұстасаң қайтеді” деп, ақыл айтушыларды тойтарып тастайтын: “Қанатым, қарашығым тірі болсын, басқа ештеңенің керегі жоқ”.

Өсе келе Қанат та әкесінен айнымай қалды. Сұңғақ бойы, қақпақтай жауырыны, жүріс-тұрысы құлды Балтабай дерсің. Сабаққа да алғыр болды. Ұмытпасам, Қанат мектебін бітіріп, қызметке араласа бастаған жылғы жаздың ыстық күндерінің бірі еді. Тірліктің жұмысы таусыла ма, мал қорада онымұны істеп жүргенмін. Бір кезде құлағыма шапқан ат тұяғының дүрсілі естілді. Сыртқа шықсам, төртөбел атты терге көміп келген колхоз есепшісі Құлахмет екен. Лезде көрші-қолаң жиналып қалды.

-Аға, орталықтан суық хабар келді, - деді ол аттан түсіп жатып. — Герман деген ел бізге қарсы соғыс бастапты. Ел дүрлігулі. Ер-азамат түгел майданға алынатын болыпты. Сейітқазының мұғалім баласын көрдім,өзі сұранып кетем деп жүр.

Төбеден түскендей соғыс деген суық сөз бәріміздің жүрегімізге инедей қадалды. Мен есі кеткен жанша не дерімді білмей, мәңгіріп тұрып калыппын. Соғыстың адам

баласына жақсылық әкелмейтінін әркім-ақ сезетін сияқты. Жиналған жұрт сілтідей тынған. Тылсым тыныштықты Ұлбала бұзды:

-Соғыс деймісің, мына сөзің сұмдық қой, - деді ол. Мен Ұлбалаға көз тастадым. Дауыл соғып, күн көзін қара бұлт басқандай, оның нұрлы жанарын да мұң торлап үлгеріпті.

Содан ауылдың бақытты өмірі күрт өзгеріп сала берді. Азаматтар майданға аттанып жатыр. Бір күні Қанат та кететін болып келді. Оны бүкіл ауыл болып шығарып салдық.

-Апа-ау, ел басына ауыр күн туды ғой. Қамықпай, белінді бекем бу, біз әлі-ақ жеңіспен ораламыз,- дейді Қанат соғыс тез бітетіндей, бұлар барса, жауды жеңетіндей көріп.

-Құлыным-ай, бұл сұм соғыс шамалыда бітер деймісің. Қайтейін енді бетіңнен жарылқасын, жалғызым, жауды жеңіп қайтындар, - деді Ұлбала ботадай боздап. Ауылдан таспадай созылып жатқан ақ шаңдақ жол үстінде тұрып қайран ана өзінің соңғы қуанышын қайтпас сапарға шығарып салған екен-ау сонда.

Қайғы-қасіретке толы қиын-қыстау жылдар жылжып өте берді. Талай боздақтар туған жерден жырақта, ұрыс дала-сында көз жұмды. Халық жеңісті асыға күтті. Ол күн де келіп жетті. Ақ түйенің қарны жарылып, аман қалған жауынгерлер елге орала бастады. Әрбір келген адамды іздеп барып, Ұлбала ұлын сұрайтын. Ол үйдегі ескі сандықтың түбінде жатқан “Ұлыңыз ерлікпен қаза тапты” деген қара қағазға да сенбейді. “Қара қағаз келіп, қаза тапты деп жүргенде оралып жатқандар аз ба? Бәлкім, Қанатжаным да бір күні келіп қалар”, - дейді байғұс. Мұнысы өзін-өзі алдарқатуы шығар қайдам, әйтеуір соғыс біткелі де бірталай жыл өтті. Алайда Ұлбала әліге дейін үмітін үзбей, жолдан көз алмай келеді. Оған не дерсің. Талай рет жұбату, көңіл бірлейтін сөздер айтылды да. Бірақ, ол күтуін, сұрау салуын қоймайды,- деп әңгімесін аяқтаған еді Есназар қария.

...Бойына табандылықты, кіршіксіз адалдық пен ана махаббатын дарытқан Ұлбала әжейдің абзал бейнесі көкірегімде қалып қойыпты. Ол бейне бір дара өскен, кәрі емен секілденеді. Тіпті күні бүгінге дейін өмірде қайсарлықты, болаттай беріктік пен пәктікті көрсем, сол томашадай қара кемпір, Ақ әже ойыма оралады. Әліге дейін төбеге шығып, ұлын күтіп жүргендей боп елестейді маған...

КҮЛКІЛІ ОҚИҒА

Мені Ақтау телеарнасы таңғы “Таңшолпан” бағдарламасына шақырды. Екі өлеңімді оқып, бірнеше сауалдарға жауап бердім. Жүргізушінің бірі: “Аға, өміріңздегі бір күлкілі оқиғаны айтып берсеңіз” деп сұрамасы бар ма? Кешігіп қалмайын деп қапылып жеткен мен мұндай сұрақ болатынын ойламаппын. Сәл кідіріп күлкілі деген мына оқиғаны айттым.

...Жаңа үйленген кезім, жас келіншегіммен кешкі астан кейін ауылды қақ жарып өтетін темір жол бойымен қыдырамыз. Ауыл шетінде тұратын Орысбай деген жігіттің есектей қабаған иті бар. Ойламаған жерден тап беріп талайды қан қақсатқан бұл иттен жұрттың бәрі қорқасоқтап жүретін. Орысекеңнің сонымен бірге теуіп от алдыратын “Ковравец” мотоциклі де болатын. Ойымызда ештеңе жоқ, алаңсыз әлгінің үйінің жанынан өте бергенімізде бірдеңе “дар” ете қалды. Ит келіп қалған екен деп ойлаған мен жалмажан қос қолыммен жерде жатқан тасқа жабыстым. Ит дегенім от алып жатқан Орысбайдың “Ковравеці” екен. Келіншегім күліп жатыр. Сасқаннан: “Бұл ит мені таниды, тек сені қауып ала ма деп тасқа жабыстым”, деппін ғой. Кейде осы оқиғаны еске түсіріп күліп қоямыз.

ДӘРЕКЕҢ

Дәрекең деп отырғаным майдангер қарт-Дәрменбай Іңірбайұлы. Ұлы Отан соғысында бір аяғынан айырылды. Елге оралғаннан кейін бар саналы ғұмырын мал бағуға арнады. Балалары өскеннен кейін, мұнан жиырма жыл бұрын Түрікменстаннан атажұрты Маңғыстауға бағыт ұстанды. Қызылтөбе ауылына көшіп келіп, зыңғыратып үй салып алды. Соғыс мүгедегі ретінде облыс орталығы Ақтаудан алған төрт бөлмелі үйін отау тіккен екі баласына бөліп берді. Екі рет алған автокөлігінің қызығын да балалары көрді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қария сексеннің сенгіріне аяқ басқанда дүниеден озды.

Менің бұл арада айтайын деп отырғаным ақсақалдың кіршіксіз ақ көңілдігі, қандай ма кезде де өзін ақжарқын күйде ұстай білуінде. Бізге құдалығы бар, үлкен кісі ретінде анда-санда сәлемдесуге, көрісуге баратынбыз. Көргеннен

келініне дауыстайды:

-Ай, Айман қайдасың, төркіндерің келді, қазан ас.

Мен де өзі қалжыңға ыңғай берген Дәрекеңмен бұра сөйлеп, әзілдесуге бейілмін. Балтырындағы үлкен тыртықты нұсқап:

-Мына аяғыңызға не болған? –деймін, оны соғыс кезінде оқ тескенін біле тұра. Ол да есесін жібермейді:

-Сендерді қорғаймын деп тапқан олжам ғой.

-Сіз соғысқа бардым дейсіз, қалай сонда немісті көрдіңіз бе? Кинодан көріп жатамыз, ылғи біз жеңеміз, сонда қалай болғаны, -деп мен де тақымдаймын. Ол сақалын салалап, ойланып қалады да, ағынан жарылады.

-Ұрысқа кіріп, алғашқы шабуыл кезінде оң аяғымды жылан шағып алғандай болды. Орнымнан қозғалайын десе, аяғым көтертпейді. Бір кезде санитарлар келіп, жiлiншiгiмдi оқ пәршалап кеткенін айтты.

-Сосын?

-Содан соң қасымдағы жолдастарым жетті. Қазағы, түрікпені бар ауылдас жігіттер қаумалап жатыр. Айтатындары: “Саған құдай берді де саған құдай берді”...

-Ал, сіз не дедіңіз?

-Мен не дейін, сендерге де құдай жеткізсін деп жатырмын, -деп Дәрекең күледі. Қайран ауылдың аңқылдаған ақ көңіл қарттары-ай десеңші?! Енді ондай жандар қайда?

ҒИБРАТ

Анам марқұм әрдайым: “Ұлық болсаң кішік бол, асылық сөйлем” -деп отыратын.

Бірде бір байдың баласы айдалада: “Нағашым бай, өзім бай, менің өзім бір құдай” -деп әндетіп келе жатып, атымен сорға түсіп кетіпті. Аты өліп, өзі әрең дегенде өлмешінің күйін кешіп елге әрең жетіпті, -дейтін.

Тамаққа тойып алып, бүгін де қарным ашпайды, ертең де қарным ашпайды деп әрекетсіз отырған жігіттің аштыққа ұшырағанын да айтатын.

Анамыздың айтқан осындай ғибрат сөздері өмір бойы естен кетпей, алға сүйреп келеді.

ДӘМДЕСТІКТЕН – СЫЙЛАСТЫҚҚА

Ұмытпасам 1996 жылдың Желтоқсанында қоғам қайраткері, “Қазақстан әйелдері” журналының Бас редакторы Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова Жаңаөзенге келді. Қасында сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Нұрнияз Мұқанов, аталған журналдың бірнеше қызметкері бар. Оларға мен қосылып, Бекет атаға жол тарттық. Екі жүрдек “Уаз”, бірінде Алтыншаш екеуміз. Ол өзі қыпшақтың қызы, адайдан шыққан көрнекті жазушы Әнес Сараевтың зайыбы екенін айтып, маған жеңгей болып шыға келді. Жол бойы талай әңгіменің басын шалдық. Атаның басына барып түнедік. Кешқұрым және таң алдында таудан төмен түсіп, Атаның зиратына барып төу еттік. Таудан төмен түскен, қайта көтерілген кездерде жеңгейді қолтығынан демеп жүрдім. Басқалар бізден ұзап кеткен шақта да екеуміз әңгімелесіп, орта жолда тыныстап, бірге жүрдік.

Ертеңіне Жаңаөзенге келсек, қаланың әкім-қаралары мұнайшылар санаторийінің жанында күтіп тұр екен. Қонақтарға қонақасы беру сыңайлары барын байқатты. Демалыс орнының қол жуғыштары бар бөлмесіне кіріп, үсті-басымыздың шаңын қакқаннан кейін, қонақпен қонақ болмайын деп, олардан бөлініп, кідірістеп қалдым. Ендігі ойым қаланың үшінші шағын ауданындағы үйіме жету. Бір кезде санаторийдің қызметкері келіп, жұрттың күтіп қалғанын айтты. Іле шықсам барлығы мені күтіп тұр екен. Таранып, сыланып-сипанған Алтыншаш жеңгеміз тіпті құлпырып кетіпті. Мені көріп:

-Где ты мой боевой товарищ, -деп айқай салды. Мені қолтықтап алып, көпшілікке қарап: -қайда жүрсең де жаныңда сенімді адам болғанға не жетсін, мына жігітіңіз сондай азамат екен, -деп қолтықтап дастарқан басына алып барды.

Қоштасарда:

-Сенің ақын екенінді де білеміз, екі күн жолдас болдық, журналыңызға өлеңдерімді жарияласаңыз екен деген сөзді ести алмадық, басқалар болса жарасын-жарамасын ала жүгірер еді. Өлеңдерінді қазір әкеліп бер, -деді.

Бірақ мен өлеңдерімді беріп жібере алмадым, уәде бойынша кейін жолдап ем, жеңгеміз де уәдесінде тұрып, журналының бір бетін арнады. Дәмдестіктің сыйластыққа айналуы шығар бұл.

АЛПАМЫС

Өткенде бір қыз бала маған қоңырау шалды. Мамамызға, туған күніне құттықтау берейік деп едік – дейді. Қапелімде не айтарымды білмей қалғанымды сезді-ау деймін. Мен Алпамыстың қызымын ғой, – дегенді қосып қойды. Есіме Алпамыс түсті.

Қарт Каспийдің бір бүйірі, Қазақстан мен Түрікменстанның шектесетін жері – Қарабұғазкөл. Минералды тұздардың бай қоры жинақталған бұл өңір кезінде өндірісі өрлеген, атағы алысқа кеткен жер еді. Мұнда натрий сульфаты, бишофит, эпсомит, глаубер тұзы сияқты химиялық өнімдер өндіретін, бұрынғы одаққа әйгілі Қарабұғазсульфат өндірістік бірлестігі жұмыс істеп тұрды. Онда негізінен Бекдашы, Омарата, Алтыншыкөл кенттерінде тұратын қазақтар еңбек ететін. Жалақыға қоса жетпіс пайыз аудандық үстеме төленетіндіктен ақша іздеп келген орыстар, украиндар, әзірбайжандар жұмыс істеді. Ал, негізінен алғанда Қарабұғаз байлығын игерушілер отызыншы жылдары Маңғыстаудан ауып келген қазақтар еді. Түрікменстанда шығып тұрған қазақ тіліндегі жалғыз газет “Жұмысшының” тұсауы 1932 жылдың мамырында “Қарабұғазкөл жұмысшысы” деген атпен Қарабұғазда кесілді.

Міне, Алпамыс қазыналы бұғазды алғаш игерушілердің бірі-Бөлекбайдың екі ұлының кішісі. Бөлекендердің кезінде қолмен сульфат өндіру, ауыр төшкіні айдау жұмысына жігіттің жігіті ғана шыдайтын. 1952 жылдары, Алпамыстың алты айлығында әкесі де, оның інісі Оңайбек те ауыр жұмыстан және аурудан қайтыс болды. Шиеттей үш бала-Қосай, Тілек, Алпамысты Ақбибі шешей тістелеп жүріп өсірді. Қос ұлы қос үй болып, қызы Тілек те теңін тауып, шаңырақ құрды. Ұл-қызы үбірлі-шүбірлі боп, жапырағы жайылғаннан кейін сексеннің сеңгіріне іліккен Ақбибі шешей бала-шағасының алдында бақиға жол тартты.

Мектепті, онан кейін Таушықтағы механизаторлар даярлайтын училищені бітіріп, бұғанасы бекіген Алпамыс әке жолын қуып, сульфатшы болды. Қолы бос кездегі машығы - әдеби кітаптарды, газет-журналдарды оқу. Сөйтіп жүргенде Толқын есімді ауылдас қызға үйленіп, бала-шағалы болды. Зайыбы дүкенші, өзі механизатор, сульфатты бұрынғыдай қолмен емес енді арнаулы сыпырғышы бар машинамен жинайтын болды.

Жетпісінші жылдардың соңы-ау деймін, бірде аудандық газетте қызмет істейтін бізге Алпамыс депутаттыққа және де анау мынау емес КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа сайланатын болыпты, —деген хабар дүңк ете түсті. Жұрт сенер-сенбесін білмеді. Елден ерек ештеңесі жоқ, қарапайым жұмысшы, озаттар қатарында ағасы Қосайдың есімі жиі аталғанмен мұныкі аталмайды. Өзі ең азы коммунист те емес, енді бірде қой Алпамыс емес Боққара Айжарықов деген жігіт болатын болыпты. Тепловоz машинисы, “Құрмет белгісі орденінің иегері көрінеді” деген хабар да жетті. Дегенмен біраз күндерден кейін ірі еңбек ұжымдары КСРО Жоғарғы Кеңесі депутаттығына “Қарабұғазсульфат” өндірістік бірлестігінің жұмысшысы Алпамыс Бөлекбайұлы Аманжоловтың кандидатурасын ұсынуды бастап кетті.

Редакцияда жұмыста отыр едім, Алпамыс келді. Үстінде су жаңа шолақ тоны бар, күлімсіреп тұр. Сәлем-сауқаттан соң үстіне көз жүгіртіп:

-Сен, уже киініп алыпсың ғой, -дедім бір жағын әзілге бұрып.

-Мынау ма, Бердібайдікі, жылатып зорға сұрап алдым, - деді. Бердібай дегені туған жездесі.

-Сенде бұрын мұндай белсенділік жоқ еді, қалай болды өзі?

Алпамыстың айтуынша жоғарыдан нұсқау келген. Онда “Қарабұғазсульфат” өндірістік бірлестігінен депутат сайлануы тиіс, ол жергілікті қазақ ұлтынан, жастайынан жетім қалған, партияда жоқ, жұмысшы болуы шарт екен. Қай жағынан да Алпамысқа сай келеді. Депутаттықты естіп, өздері ұмтылғандар болған, бірақ бірінің жасы өтіп кетсе, бірінің төрт құбыласы тең. Сонымен жүгірген алмайды, бұйырған аладының кебі кеп депутаттық мандат Алпекеңе бұйыратын түрі бар.

-Мені обкомның орготделі шақыртып жатыр. Сен түркіменше жақсы білесің ғой, менімен жүрсейші, -деп тұрып алды.

Содан екеуміз Красноводск обкомына бардық. Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі арықша келген, мұрны пышақтың қырындай, көзі алақ-жұлақ еткен түрікмен жігіті екен. Сәлемдесіп, жағдайды білгеннен кейін іс қағаздарын ақтарып қарай бастады. Бір кезде маған қарап:

-Сіз шыға тұрыңыз, -деді. Сәлден кейін Алпамыс та шықты.

-Сұрамайтындары жоқ екен,-деді күмілжіп.

-Е, не дедің?

-Сұңдетке отырдың ба? -деп сұрады орысшалап.

-Сен не дедің?

-Иә, сама сабой, дедім, ол біраз күліп алды да, «олай деп айтушы болма, егер біреу-міреу сұрай қалса көрі шешем бар, есімді білмейтін кезде сол сұңдетке отырғызыпты дерсің деді, -дейді Алпекең.

Енді бірде депутаттыққа кандидат ірі кәсіпорындар мен елді мекендерде жұртшылықпен кездеседі екен дегенді естіп, хабарын білмекке аудандық комитетке барсам, бір кабинетте шалқайып Алпамыс отыр.

-Оу, сен жайбарақат отырсың ғой, бірнеше жерде сенімен кездесу өтеді деген хабар бар. Дайындық қалай? Айтатыныңды жазып алдың ба?

-Өздері жазып жатыр, соны оқып беремін. —деп күледі.

Жазған құлда жазық жоқ дегендей, содан Алпекең КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, Мәскеуге бес жыл сессияға барып тұрды. Әрине, сол бір құрсаулы кезеңде халық қалаулысы деп атын далитқанмен депутат та жоғарының айтқанынан шықпайтын. Алпекең қолдан келгенше қызметтенді. Біреулерше аяқ астынан өзгеріп, шіренген жоқ. Сол баяғы қарапайым қалпы, қоңыр тірлігі. Бірде өкпесіне операция жасатып, Мәскеуде қайтыс болған жігітті ұшақпен Бекдашыға алып келуге күшін салды. Көмекке зәру болып келгендерден аянып қалған жері жоқ. Кейін біреулер әңгіме қылды.

-Алпамыс депутат болған кезде бәрі қолында еді, басының пайдасын білмеді. Жоғары оқу орнына түсіп алуы керек еді, оны ойына да алмады. Ең болмаса автомашина алуына, еңселі үй салдыртуына мүмкіндік туып еді ғой. Алпамысқа айтқызсаңыз, қолды бір сілтейді:

-Бұйырмыстан артық ештеңе жоқ, -дейді ол, -соның бәрін арқалап кетеміз бе, қалар-ау бәрі де...

-Алпеке, сен енді анау-мынау емес КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдың ғой, ең болмаса бір рет те қызыл книжкінің пайдасын көрмедің бе?

-Неге көрмеймін, көрдім, -дейді ол, -Бірде Красноводскіде қыдырып жүріп андамаппын ауылға —Бекдашыға ұшатын соңғы ұшақтың уақыты болып қалыпты. Мұнан қалсам ертеңге қаламын, бұл еш себепсіз жұмыстан қалды деген сөз. Қала менен аэропорттың арасы бірталай

жер, әрі биік таудан шығу керек. Бұған кез келген көлік келісе бермейді. Сағатыма қарасам, санаулы минуттар қалыпты. Не де болса тәуекелге мініп, такси ұстадым. Жүргізушінің жанына жайғасқаннан кейін шопырға қарап:

-Аэропортқа тарт, асығыспын, ұшақ ұшқалы тұр, үлгеруім керек, -дедім. Бірақ шопырым тұмсықты келген әзірбайжан екен асығар емес. Есінеп алып, ыңылдап әнге салады. Шыдамай кеттім сағатымды көзіне тақап: -Міне көрдіңіз бе, ұшақтың ұшуына он бес-ақ минут қалды, -дедім. Ол өзіме бас салды: -Қанша ақша бересің, үш-төрт есе төле-сең жетістірейін, -дейді. Зығырданым мұнша қайнамас: - Сіз кіммен сөйлесіп отырғаныңызды білесіз бе? —деп де-путаттық куәлігімді суырып алып көрсеттім. Жаңа ғана немқұрайлы отырған ол ұйқыдан оянғандай алақ-жұлақ етіп, еңсесін тіктеп, жүрдек “Волганың” жылдамдығын көтеріп жүйткіте жөнелді. Және жақ жаппай сөйлеп те келеді:

-Жерлес, мына ағанның бір білместігін кешіре гөр. Мен сізді зыр еткізіп қазір-ақ жеткіземін. Ешқандай ақша да алмаймын. Қалаға келсең, мені іздеп тап, Юсуф Мамедов десең таксидегілердің бәрі біледі. Қалаған жеріңе өзім тегін апарамын. Құдайақы кешіріңіз, шиегтей балаларым бар еді, жұмыстан қағылсам, күндері не болмақ, -деп аяқ астынан мүсәпір болды да қалды. Бір жақсысы ұшаққа жеткізіп сал-ды-ау, әйтеуір.

Алпамыстың жаны таза, құдай деген ақ пейіл азаматты-ғымен қатар жұртты күлдіретін Қожанасырлығы да бар. Қазір ол Өмірзақ кентінде тұрады, мектептің жылу орта-лығында жұмыс істейді. Зайыбы Толқын екеуі бірнеше ұл-қыз өсірген, немере сүйген ата-ана. Бар бол, Алпамыс, жа-сай бер!

ҚҰРСАУ

Көз ашқалы көргеніміз – Кеңестер Одағы. Тегін оқыт-ғы, тәрбиеледі. Бізге одан күшті, әділетті ел болған емес-тей көрдік. Еліміздің патриоты болдық. Дегенмен жүре келе, өмірдің қитұрқыларын көргеннен кейін, қазақтың, оның ішінде өз ата-бабамыздың басынан өткенін, Қазақстанның шын мәніндегі тарихын оқып-білгеннен кейін, әсіресе КСРО сынды алып мемлекеттің іргесі шіріп, өзінен-өзі шайқала бастаған сексенінші жылдардың белортасында

казармалық жүйеде, құрсауда өмір сүріп келгенімізді пайымдадық.

Өткенге ой жіберсек, ол кезде баспасөз, сөз бостандығы болған жоқ. Мұны сол замандарда бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеген журналистер жақсы біледі. Баспасөзде құпияны сақтау бөлімі, былайша айтсақ цензура жарыққа шыққалы жатқан газет-жорналдар мен телехабарларға екі шұқып бір қарайтын.


Түрікменстанның Красноводск ауданында шығатын “Жұмысшы” газетінде жұмыс істеп жүрген кезім республикадағы химия өнеркәсібінің ірі ошағы - “Қарабұғазсульфат” өндірістік бірлестігінен көлемді мақала жаздым. Мақалада кәсіпорында шығарылатын дефолянт ертіндісі мақта жапырағын түсіруге қолданылады, ұшақпен жоғарыдан себілгеннен кейін әп-сәтте көгеріп тұрған жапырақ қурап қалады да, бұл мақтаны комбайнмен оңай жинап алуға мүмкіндік береді. Бірақ ауа мен суға, төңірегіндегі халыққа аса зиянды деген сөйлемдер бар еді. Баспасөзде құпияны сақтау бөлімінің редакторы “шақырып жатыр” деген соң барсам, аласа бойлы, сары кісі екен. Алдында газеттің ертеңгі санының беттері жатыр. Менің мақаламды жуан қызыл қарындашпен айғыздап қоршап тастапты. “Мына мақаланың авторы сіз болсаңыз, газет бетінен алдырып тастаңыз, бұлай ашық жазуға болмайды”. “Неге?” Енді ол маған ызбарлана қарады: “Мен сізге айтып отырмын ғой, химиялық өнімнің қыр-сырын ашықтан ашық жазуға болмайды деп”, - деді. Менің мақалам алынып тасталып, орнына басқа жағымды мақала салынып, газет кешігіп шықты.

Біздің ауылда парасат-пайымы, ой өрісі жоғары бір ағай болды, өзінің рұқсатынсыз атын айту ыңғайсыз болар. Сол кісі өз кәсіпорнындағы орын алып отырған келеңсіздіктер, басшылықтағы бармақ басты, көз қыстыларға қарсы күресті. Оны арызқой ретінде көрсетіп, жұмысынан босатты, қудалады да. Бірақ ол алған бетінен қайтпады. Бір күні “Правда” газетінде газеттің сол кездегі Түрікменстандағы меншікті тілшісінің, (ұмытпасам Курченко болуы керек) “По замкнутому кругу” /Тұйық шеңбер бойымен/ деген сын мақаласы жарқ ете қалды. Сөйтіп, одағымыздың бас газеті ағамызды қорғап шықты. Жұрт газетті іздеп жүріп оқыды. Ауыл адамдары бас қосқан бір отырыста мақала жөнінде әркім әрқилы пікір айтты. Мен әділдігіне бағып, кәсіби

журналист ретінде мақаланың орынды да жақсы жазылғанын айттым. Арамызда МҚК-нің жансызы бар екен. Қалай шұғыл қимылдайды десеңізші? Ертеңіне таңертең жұмысқа барған мені жедел түрде аудандық партия комитеті шақырды. Барсам, аупарткомның үш хатшысы, идеологиямен айналысатын лауазымды қызметкерлері жиналып отыр екен. Екінші хатшы О. Аннаөвезов сөз алып: Сіз неге “Правдаға” шыққан мақаланы дұрыс дейсіз? Мен: Еліміздің бас газеті, КПСС-тің органы “Правда” дұрыс жазбайды дегенге кім сенеді, сондықтан мен газеттегі мақаланы дұрыс жазылған деп ойлаймын“. Ол: “Міне, мәселе қайда жатыр? Бәлкім, оның жан-жаққа арыз жазуына көмектескен де боларсыз. Қарапайым жұмысшының мақала жазуға сауаты жете бермесі белгілі”-деді. Мен: “Ол кісіні ауылдас, жасы үлкен кісі ретінде сыйлаймын. Сәлеміміз түзу, бірақ сіз айтып отырғандай байланысым жоқ”. Сонымен біраз әурелеп қоя берді.

Екінші қабаттан басқышпен төмен түсіп келе жатсам, көрші ағамыз көтеріліп келе жатыр екен. Оны да шақырған-ау деп ойладым. Обалы не керек, ол кісі менің оған ешқандай қатысым жоқ екенін айтып, мен туралы жылы лебізін білдіріпті дегенін естідім.

Ол кездерде жиналыс-жиындарда сөйленетін сөздердің өзі сүзгіден өтетінін жасы үлкендер жақсы біледі. Осындай жайларды еске ала отырып, демократияның адам баласына жайлы бостан лебі есіп, Қазақстанның дербес, тәуелсіз ел болып, көк байрағын желбіретіп өркениетке қадам басқанына мың бір тәубе дегім келеді. Қазақтың басына құрсаулы қоғам енді ешқашан төнбесе екен деп жаратқаннан тілеп өтемін.



“ПЫХЫ ТАҒАН АЙТҚАН ЕКЕН...”

Түрікмен халқы арасында “Пыхы Таған айтқан екен...” деген сөзді жиі естисіз. От ауызды, орақ тілді сықақшы, суырып салма шешен, әйгілі өзiлкеш Пыхымен бұдан он сегіз жыл бұрын кездескенiм бар.

...1987 жылы қазан төңкерісінің 70 жылдығына орай облыстық газеттің тапсырмасымен түрікмен мұнайшыларын жазу үшін Небиттау қаласында болдым. Қаламдас дос, түрікменнің талантты шайыры Ревшен Тағанов ол кезде сондағы “Строитель” мәдениет үйінің директоры болатын. Іздеп бардым, үйіне қонаққа шақырды.

Анасы жүзінен мейірім төгілген, бес биенің сабасындай толық, ал әкесі мұрны қолақпандай арық кісі екен. Екеуі бес ұл, бес қыз тәрбиелеп өсіріпті.

-Темір, сіз менің әкемді танымайтын ба едіңіз? – деді Ревшен екеуміз оңаша қалғанымызда.

-Жоқ, бұрын кездеспеген сияқтымын...

-Ал, Пыхы Таған дегенді естімен пе едіңіз, менің фамилиям Тағанов қой.

-Сонда... Пыхы...

-Иә, иә, - деп күледі Ревшен.

-Ол кісіні танымау... ұят болды-ау.

-Оқасы жоқ, “танымасын сыйламаз” деген. Қазір мен оны шақырайын, - деді Ревшен, - сосын асықпай әңгімелесерсіз.

Пыхы ағай аңқылдаған ақкөңіл жан екен. Өзінің өмірі, Алматыда болғанында басынан өткендері жайлы қызықты әңгімелер айтты. “Тікенекті сетірлер” (“Колучие строки”) атты әңгімелер мен әзілдер жинағы республикалық баспадан он мың данамен жарыққа шығыпты. Тілі басқа болса да, тілегі бір Пыхы Тағанның бірнеше қысқа шығармасын қазақшалап, назарларыңызға ұсынып отырмын.

КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ

Жаз айы. Қара теңіздің жағасында күнге күйіп жатыр едім. Маңайына жалтақтап тұрған сұлу келіншекке көзім күсті. Ол мені көре сала тура маған тартты. Қасыма кеп инабатты түрде сәлемін берді де:

-Егер қиын көрмесеңіз, бір жерге барып қайтуға қалайсыз? – деді.

Орнымнан қалай ұшып тұрғанымды білмеппін. Жерде жатқан киімдеріме ұмтылдым.

-Киінемін деп әлектенбей-ақ қойыңыз. Осы қалпыңыз жақсы, - деп келіншек маржандай тістерін көрсетіп күлді.

Жүрегім лүпіл қағып аузыма тығылды. Көлеңкеше қалбақтап соңынан ердім. Біршама жүргеннен кейін, алдымыздан екі бүлдіршін: “Апа, бұл кім өзі?” – деп жүгіре шықты. Сұлу келіншек мені көрсетіп:

-Мына кісіні көрдіңіз бе? Мен тамақ іш дегенде ішпесеңіз, жатың дегенде жатпасаңыз, осы адам сияқты, сүйектеріңіз сойдып-сойдып, тірі әруаққа ұқсап қаласыз, - деді. Онан кейін маған қарады: - Мен сізді балаларға көрсету үшін шақырған едім...

ҚАЙТЕМІЗ

Бір кісінің әйелі ауылдың малы олай-былай өткенде сүйкеніп, жүні ілініп қалсын деп тікейтіп екі ағаш қағады. Ол ілінген жүнді жинап алып, үлкен қалы кілем тоқығысы келеді екен. Мұны естіген ері: “Мен сол қалы кілемге ат сатып алайын”, - деп таңертең ерте тұрып, қазық қағып, астау қоятын орын іздеп, үйінің алдынан 15-20 метр жерді адымдап ерсілі-қарсылы өлшей бастайды.

Мұны көрген көрші тұратын жігіт әлгі адамның қасына келіп:

-Ілгері-кейінді адымдап өлшеп, не істегелі жүрсің? – депті.

Сонда әлгі әйелінің кілем тоқитынын, оны сатып, ат алатынын, атты осы араға қаңтарып қоятынын жыр ғып айтып береді.

Бұған көрші жігіт ашуланып, ат аламын деушімен қолдасып төбелесуге айналыпты. Шаң-шұңға жиылған жұрт:

-Ау, бұларың не? – демей ме, сонда көрші жігіт тұрып:

-Бұл менің бойдақ болып жүргенімді біледі. Үйленгелі жүргенімді біледі. Мен үйленген соң балалы боламын, ал балаларымның ойнайтын жеріне атын байлағалы жүр. Ал оның аты менің балаларымды теуіп өлтірсе, қайтеміз?! – депті.

ШЕЛЕК ТАБЫЛМАС ПА ЕКЕН?

Ашхабадқа барғанымда, ескі досымның бірі: “Сен неге үйге келмей кеттің, жүр үйге барайық”, - деп мені үйіне қонаққа шақырды. Жолшыбай досым бір дүкеннің алдында тұрып: “Қалтамда ақша да қалмапты, арақты осыннан ала қойған жөн еді”, - деді.

Мен айтқан екі шөлмегін алдым. Тағы бір дүкеннің жанына таяғанымызда досым: “Қазір үйде дайын ештеңе де жоқ шығар, жейтін нәрселерді де осыннан ала салу керек”, деді. Мен де балық, шұжық, нан басқа “тіске басарларды” алдым. Досымның үйіне жақындағанда терек түбінен сылдырап ағып жатқан судың жанында тұрып қалыппын. “Пыхы, неғып тұрсың?” дегенде досыма: “Сіздің үйден судың да табылар-табылмасы екіталай-ау. Қой онан да суды да осы арадан ала кетейік, шелек болса”, - дедім. Ол не дерін білмей күмілжіп қалды.

ЕШКІМ АРЫЗДАНБАЙДЫ

Бірде біреу маған: “Мен ұлымды оқыса, дәрігер болса деймін. Дәрігер болғанда да түрлі операциялар жасайтын хирург болдырғым келеді.”, - деді. Мен оған: “Ұлымды оқытып, мал дәрігері болдырамын”, - дедім. Ол: “Сен мал дәрігерінің несіне қызығасың? – деп сұрады.

“Өйткені, туысыма операцияны дұрыс жасамадың деп ешқандай малдың арызданбасы белгілі” дедім мен.

ҰРЛАНАР ДЕП ҚОРЫҚТЫМ

Бірде Ашхабадқа барғанымда қонақ болып жүретін үйімнің есігі құлыптаулы екен. Мен чемоданымды есік алдына қойып, қала аралап кеттім. Кештетіп келгенімде үй иесі: “Чемоданыңды неге сыртқа қойып кеттің?” - деді.

Мен: “Сіздің үйіңізге қоюға біреу ұрлап кете ме деп қорықтым”, - дедім.

ИТТІҢ МАЛЫ БАР МА?

Бірде мен жаңа көшіп келген көршіме:

-Сен түнде сыртқа шыға қалсаң, қорадағы малға абай бол, - деп тапсырдым.

Ол да есесін жібермей:

-Менің не сорым, оның арасында менің малым жоқ, - деді.

-Немене, сонда иттің малы бар ма? Түні бойы ұйқтамай үріп шығады. Олай істемесең, саған кім нан береді? - дедім.

ТҮЙЕ ӨЛСІН!

Бірде үш адам керуен шығыпты. Жолға алып шыққан азғантай еттері бар екен. Соны қуырып ортаға алыпты. Әркім де нанға сеп болсын деп туралған етті бір-бірлеп ауызға салса, үшеудің бірі екі-екіден ауызға айдапты.

Етті қызғанған біреуі:

-Кім аузына екі-екіден салса, соның түйесі өлсін, - депті.

Мұны естіген әлгі екі-екіден жеп отырған енді қуырдақты үш-үштен асапты.

-Ау, мұның не? - дегендерге:

-Түйем өліп қалар деп қорыққаным ғой, - деген екен.

КӨЗІ АШЫЛМАҒАН...

Бірде Алты есімді соқырдан жасының нешеде екенін сұрадым. Жасы елуден асқанына қарамастан ділмәрсіген ол шешенсіп:

-Мен әзір бір жасқа толған жоқпын, - деді.

Мен:

-Ә, солай ма, рас-ау, әлі тіпті көзің де ашылмапты, - дегенімде Алты соқыр ұялғанынан қып-қызыл болып кетті.

СЕН ЛАУРЕАТ БОЛАР ЕҢ

Бір ақынсымақ жігіт үйіне шақырып, мылжындап өлеңдерін оқып, мезі етті. Ақырында ол:

-Пыхы аға, менің ақындығыма қалай қарайсыз? — деді.

Оның өлеңдерінен әбден жалығып біткен мен:

-Ойбой, інім несін айтасың, басқа ақындар өлең жазуын қойса, сен лауреат болар ең? — деп тұрып кеттім.

ТӨБЕСІНДЕ ӨЗІМ БОЛМАҒАСЫН

Бір күні ауылдастарымның бірі:

-Пыхы, неліктен Балқан тауының бір жері биік, бір жері аласа, мұның себебі не? — деп мені сөйлеткісі келді.

-Білемін, - дедім мен, - оның себебі Балқан тауы салынып жатқанда, төбесінде менің болмағандығым...

СУАЙТ

Бір суайт жігіт: “Менің сағатым құдыққа түсіп кеткенді. Құдықты он жылдан кейін аршыды. Сонда менің сағатым табылды. Алып қарасақ, сол сағат әліге дейін істеп тұр екен”, - деді.

Мен оған: “Сенің айтып отырған құдығыңа менің әкем түсіп кеткен-ді, он жылдан соң шығарып алдық. Сонда да ол тірі екен”, - дедім. “Ол қалайша 10 жыл бойы тірі отырған?” — деді. Мен: “Оның несіне таң қаласың, сенің сол құдыққа түсіп кеткен сағатыңды тоқтап қалмасын деп бұрап отырыпты”, - дедім.

МАҚТАНШАҚ ЖІГІТ

Жоғары оқу орнын бітірген маскүнем жігіттің бірі отырыс, жиын сайын: “Мен институт бітірдім”, - деп омырауындағы ромбик белгісін көрсетіп, мақтана беретін. Бірде сонысына салып менен:


-Менің айтып отырғаным дұрыс па? — деп сұрады.

Мен оған:

-Білмеймін. Білетінім сені танитындардың бәрі сені “біткен екен-ау” деп жүр ғой, - дедім.



МАҚАЛАЛАР МЕН ОЙ-ТОЛҒАМДАР



СЫНЫҚТЫҢ ПІРІ

1. Сөз басы немесе бір үзік сыр

Қазақтаң сөз қалған ба? “Жақын әулиенің қадірі жоқ” дегені бар. Бала кезден көріп өскен әрі ағайын Қанатбай көкеміздің (әкемнен бес жас үлкен, сондықтан көке дейтінмін) атақ-даңқы тірісінде-ақ түрікмен елінің өзі тұратын Красноводск (қазіргі Түрікменбашы қаласы) төңірегіне ғана емес, берісі Маңғыстау, арысы Ташкентке дейін асқақтап тұрса да, ол туралы қалам тербеу ойға келмепті. Тіпті, дертіне дауа іздеп, сонау Мәскеу мен Ленинградтан келіп жүргендерді де көргеніміз бар. Каспий теңізі мен оның іргесін қуалап, сілемдері Балқан тауына жалғасатын Құбатаудың арасындағы алып қазан шұңқырда шүпірлеген, шулы қаладан бойды аулақ салып, шөбі шүйгін Қайып ата жерінде өзінің азын-аулақ малын жайып қана отыратын көкеміздің жатаған үй-жайының алды қашан көрсең жалт-жұлт еткен машина мен кезек күткен адамнан арылмайтын. Құдайдың құдіретінде шек жоқ қой, қаншама мықты болғанмен шынтуайтқа келгенде кім-кімді де тізе бүктіретін таразы-тағдыр қайыс қара шалдың алдына келместі келтіргенінің талай куәсі болдық.

1977 жылғы маусымда менің әкем қайтыс болды. Қанатекен жеделдес інісінің жаназасын өзі шығарып, бар кәдесінің басы-қасында болып, атқарды. Марқұмның қырық күндік садақасы ыссыға тап келді. Ми қайнатар ыстық күн көзіне түскенді күйдіріп барады. Бар шаруаны жайғарып, киіз үйдің керегесін түріп, шайға енді отырғанбыз. Жүзі таныс бір жігіт босағадан ымдап мені сыртқа шақырды. Үстіндегі киімінен-ақ ауруханада емделіп жатқаны көрініп тұр. “Осында Қанатекен бар деген соң келіп едік”, - дейді. Оның сырт жағында көлеңкелеп жиырмаға жуық адам отыр. Бәрі аудандық ауруханада жатқандар екен. Көкейімдегі “күн ыстық, әлі шай ішкен жоқ, ол кісі қабылдай алмайтын шығар” деген жауапты қинала тұрып айттым. Ол да: “Жарайды, ендеше”, - деді де, көлеңкеге беттеді. Ішке кіріп, орныма жайғаса бергенде Қанатекен менен: “Жайшылық па?”, - деп сұрады. Мен жағдайды қысқа айттып, ауыз жиғанша: “Ойбой, ниет қойып келген ауру адамның бетін қайтармас болар. Келе берсін”, - деді. “Көке, әуелі шәйіңізді ішіп алмайсыз ба?” - дегенімде

бетіме ажырая бір қарады да, тарамыстанған қагілез денесін ширақ қозғап, жүрелей отырды. Сопақша жүзінің иек тұсына біткен сұйықтау сақалын бір сипап, білегін түріне бастады. Бітіңкілеу көзін ашыңқырап, маған жанарын тіктегенде орнымнан ұшып тұрыпшын. Бұл кейпінде ол маған томағасын сыпырып, шың басына қонақтаған мұзбалақтай елестеді. Алдындағы шәйін ысырып қойып, әлгі келгендерді қарауға кірісті. Біз де күттік. Жұрт тарап, көңілі жайланғасын ғана шәй ішілді. Көкенің мен қашаннан байқаған бір әдеті қаралуға келген адамның қолына қарап, “бөлен әкел, түген әкел” демейтін және ол біреуден бірдеңе сұраған екен дегенді де естіген емеспіз. Сонда да жұрт орамалын, тиын-тебенін ұсынып жатады. Кейін сол арадан балалар, үй жинаған келіндер көрпешенің астынан, төсеніштің жиегінен “ақша тауып алдық”деп, мәз болып қалатын.

-Темір шырағым, - деген еді сонда Қанатбай көкем, - сырқат адам келіп тұрғанда шай ішпек түгілі, мен шыдай алмаймын. Оны қарап, көмектескенше асығамын. Мына саусақтарды көрдің бе (ол етсіз ұзын саусақтарын тосты), менің негізгі құрал-аспабым осы, ауыратын тұсты дөп басамын, әсіресе, сыныққа келгенде құдай қырсықтырмаса, мүлт кетпеймін. Ал адамның іш құрылысына келгенде, қазіргі заманғы, жетілген құрал-аспапқа сүйенген дәрігердей қайдан болайын, дегенмен, келген адамның сағын сындырған емеспін, Алла сәтін салып, ауруынан жазылып кетіп жатқандар баршылық. Мұнда әсіресе, халықтық ем-домға жүгінемін.

-Көке, алғаш сынық салғаныңыз есіңізде ме? — деп сұрадым.

Ол жүзіме күлімсірей қарады да, ойланып қалды.

-Әкем сынық салатын. Ол кісіден көргенімізді көкірекке гүйіп өстім. Сосын осы өмірдің өзі үлкен мекткеп қой, тезіне салады, үйретеді. Ал сынықшылыққа соғыста жүргенде ден қойдым. Сталинград майданында от пен оқтың арасын кешкендей болдық.

Бірде күні бойы жау жағы күш алып, үсті-үстіне шабуылдап, окоптан бас көтертпеді, гүрілдеген жау ұшақтары, ызындаған оқ, гүрс-гүрс жарылыс. Бұйрық - жау әскерінің жолына қазықтай қағылып, бөгеу. Көртышқанша бүкеңдеп, алға жылжыған фашистерге оқ жаудырамыз. “Жалмауызға да жан керек” дегендей, олар бас бағып, тынышта

ғанда біз бас көтеріп, жан-жағымызға қарап, бір-бірімізге тіл қатамыз, әскери құтымыздан таңдай жібітеміз. Әбден қалжырағандық болар екі көзім удай ашып, кірпіктерім жабысып қалғандай аштырмайды. Сөйтіп жатып қалғып кетіпмін. “Әй, балам-ай, орныңнан тұр, қасыңдағы жолдасыңа қара, қол ұшыңды бер!” – деп әкем аян беріп, еңкейіп келіп бүйірімнен тұрткендей болды. Шошып ояндым, түсім екен. Жақын жерден жарылған снаряд құлақ тұндырды, окоптың іші ала шаң, сонадай жерде бебеулеп жатқан жауынгер жолдасыма көзім түсіп, жанына бардым. Жарықшақ оңдырмай тиген сол аяғының сау-тамтығы жоқ. Әп дегенде жүрексінем де, шөлмектей шытынап сынған сүйектерді абайлап, іштей ата-баба аруағына сиынып, кірісіп кеттім. Өйтпегенде ше, санитар жетіспейді, көмектесер жан жоқ. Сынықты өзімше сипап салып, аяғын қозғалып кетпестей ғып таңып тастадым да, санитарларды іздеп, шақырдым.

Осыдан кейін-ақ бойымда бір күдірет күш пайда болғандай еді. Жаралыны көрсем көмекке бейім тұратын болдым.

Тағы бірде жау саябырсыған кез, бізге басқа шепке ауысуға бұйрық жетті. Айтылған бағытты бетке алып келеміз. Қаусап, үңірейген қабырғалары ғана қалған үйдің жанынан өте бергенімізде топталып тұрған бірнеше матросты көрдім. Белгісіз бір күш мені солай қарай сүйрей жөнелді. Саптан жырылып шығып, жақын барсам, әскери-теңіз флотының жоғары шенді бір офицері сұлап жатыр. Аяқ астынан сап ете түскен маған жанындағылар таңырқай қарайды. Мен ауырсына ыңыранып жатқан жаралының кеудесін көтердім, бір иығын оқ пәршелеп, төс сүйегі зақымданған, сипап көрсем, қос қабырғасы сынғанға ұқсайды. Жігіттерге түсіндіріп, әуелі күтірлеп тұрған иығын сылап орнына салғандай болдым, білегін шалма әдісімен мойнына ілдім де, төс сүйегін алақаныммен басып қалып ем, шытыр етіп орнына түсті, ішке кіріп кеткен қабырғасын уқалап көтергендей болдым. Содан бар білгенімше матростардың берген шүберегімен шандып, таңып тастадым. Жедел госпитальға жеткізу қажеттігін тілім жеткенше жанындағыларға айтып, сүріне-қабына жөнеле беріп ем, офицердің бірі: “Товарищ боец, задержитесь, нам бы хотелось знать вы откуда?”- деді. Асыға жағдайымды баяндап, әскери бөлімді, аты-жөнімді айттым да, жөніме кеттім. Бағытымнан жаңылмаппын, бөлімшемді тез тауып алдым. Ұрыстың сәл де болса, тыншу тапқан кезі еді, сол

бойда командиріміз мазалай қойған жоқ-ты. Бірақ ертеңіне кешқұрым комбат өзіне шақырды. Ішімнен “кешегі сұраусыз кеткенімді білген ғой, қайтер екен?” деген оймен барсам, командиріміздің жанында әскери-теңіз флотының формасындағы көрікті офицер отыр. “Өзіңіз сынығын салып, көмек көрсеткен капитан-лейтенантымыздың үлкен өтінішімен келдім. Бұл еңбегіңіз жоғары жаққа хабарланады. Ал, әзірше біздің флот командаланиесінің Алғыс хатын қабыл алыңыз”, - деп қолымды қысты. Командирімізге мен туралы айтқан-ау деймін, содан кейін оның ілтипаты мен қамқорлығын сезіндім.

Бір сөз бір сөздің қуғыншысы дегендей, әңгіме болсын деп айтып жатқаным ғой. Сонымен сол Алғыс хат пен теңізші офицердің сәлем хаты менде әлі сақтаулы да шығар...

...Осылайша Қанатбай көкем маған сыр шерткен еді. Онан бері міне, жиырма жеті жыл өтіпті. Уақыттың жүйріктігіне сөз бар ма? “Жақсының жақсылығын айт...” дегендей, өткен күннен қалған бір белгі ғой деп баяндап отырмын.

2. Жүсіп Бердіғұлұлы Жанұзақовтың айтқаны

Қанатекеннің сынықтың нағыз пірі екенін мына мысалдан да білуге болады. Бір күні оны Красноводскінің қалалық ауруханасына апатқа ұшырап бас сүйегі сынып, ес-түссіз жатқан әзірбайжан жігітіне көмекке алып барған. Қанатекен әлгі жігіттің төбесінің шашын ұстарамен жып-жылтыр етіп алдырған. Сонан соң сынғаннан іш жағына қарай кіріп кеткен төбесін өзінің аузымен сорып, орнына келтірген. Осы көріністі көрген адамдар: “Сорған уақытта Қанатекеннің мойны шар болып кеуленіп кетті”, - дейді. Содан жаңағы жігіт жазылып шығыпты.

Қанатекен қабырғасы сынып, орнынан қозғала алмай жатқан адамдардың көбінің сынықтарын аузымен сорып орнына келтіретін.

Бір күні мынадай жағдай болыпты. Қанатекен Небит-Даг қаласынан шықшыты шығып, аузы арандай ашылып, жабылмай тұрған бір қазақ жігітін әкеледі. Ол аузын қатты ашып есінегенде жақ сүйегі орнынан шығып кетіп, аузы ашулы күйінде қалыпты. Қанатекен қасындағы адамдарға

“Қазір мынау менің саусақтарымды тістеп алатын шығар” деп қолын әлгі жігіттің ауызына салып, жақ сүйектерін шұқи бастапты. Бір мезгілде ол қолын жігіттің аузынан тез алып қалыпты. Сол уақытта арандай ашылған ауыз Қанатекене “салаумағәлейкум” деп, сәлем беріп жабылған көрінеді.

Тәжімағамбет шалдың Сұлтан деген немересі маған мынадай бір әңгіме айтып еді. 1971 жылдың жазында оған басы бір жағына қисайған орыс кісі “Москвич” машинасымен келіп, Қанатекене ертіп апаруын өтінеді. Ол ұшқыш екен. Мойнының күре тамыры ауыратын болып, ақырында басы бір жағына қисайып кетіпті. Дәрігердің емінен еш пайда болмапты. Сонан Қанатекен жарты сағат бойы оның мойнын үздіксіз уқалаған соң, қисайған басы қайтадан өз орнына келіпті. Сол мезгілде әлгі ұшқыш кісі қуанғаннан жылап жіберіпті.

Қанатекен кейде кейбіреулерге “ауыратын себебі жүрегің қорқып қозғалған екен, сондықтан жүрегіңнің тұсына тірі торғайды бас” дейтін. Тұрған деген әйел басынан кешкен мынадай жағдайды айтып еді. Ол бір жаман ауруға тап болыпты. Аурудың асқынғаны соншалықты енді, өлетін шығармын деп уайымдай бастапты. Ақыры Қанатекене барыпты, ол кісі “жүрегіңнің тұсына тірі торғайды басып тұр да, ұшырып жібер” депті. Үйге келгесін торғайды ұстауды ағайын-туғандарына тапсырыпты. Бірақ біршама уақыт өтсе де, ешкім торғай ұстай алмапты. Ал ауруы болса, үдей беріпті. Жаздың бір күні бөлме терезелерінің желдеткіштері ашық тұр екен. Бір мезгілде бөлмеге желдеткіштен бір торғай ұшып кіріп, төсекте жатқан жаңағы әйелдің жүрек тұсына біраз жабысып тұрып, қайтадан сол желдеткіш арқылы сыртқа ұшып шығып кетеді. Содан кейін жаңағы әйел ауруынан жазылады. Ол: “Торғай болып жүрек тұсыма қонған Қанатекеннің аруағы шығар” дейтін.

Қанатекен өмірінің соңғы бір жылында сал болып қатты науқастанып жатты. Ауыр науқасқа ұшыраса да, ақыл-есі дұрыс еді. Бірақ, мезгіл-мезгіл “астымдағы кішкентай баланы алып тастаңызшы” дейтін. Мен кейде кішкентай бала сол сірә Қанатекеннің аруағы болар деп ойлайтынмын.

Әкем айтатын (Жүсіптің әкесі Бердіғұл білімдар, молда кісі еді. Автор): “Емшілерге барғанда тазаланып, аруақтарға сиынып бару керек. Емшіге ниетін дұрыс салмай барған адамға ем қонғанның өзінде, оның зардабы сол емдеген

адамның өзіне тиіп, ауру қылуы мүмкін”, -деп. Сондықтан шығар, кейбір бақсы-балгерлердің анда-санда кейбіреулерді қабылдамай тастайтыны. Ал қайран Қанатекен болса, күндіз болмасын, түн болмасын, ауырып жатыр деген адамға кәрі демей, жас демей көмегін тигізу үшін жүре беретін, жүре беретін. Ол бүкіл емшілік өмірінде ауырған адамға және оның туған-туысқандарына ешқандай талап та қоймайтын еді, еңбегіне ешқандай ақы сұрамайтын. Жан-жағын қаумалап отырған барлық ауруларды өзінің жағдайына қарамай таң атқанша қарай беретін. Қанатекеннің осындай ерекше адамшылық қасиетін, асыл ниетін мынадай мысалдан көруге болады. Бірде Қанатекен Красноводскіден Ақтауға құдалыққа келеді. Осы құдалықтың үстінде оны адам емдеуге Жетібайға алып кетеді. Осының өзінен-ақ Қанатекеннің қарапайымдылығын көруге болады. Ол көмек сұрай барған адамға еш уақытта, қандай жағдай болса да “болмайды” дегенді айтпаған.

Ол сынықшылық, емшілік қасиетімен қатар, дінге берік үлкен молда да еді. Он үш жасынан бастап намаз оқып, ораза ұстаған. Ол кейбір ауруларды ішірткі жазып беріп те емдейтін. Бұған мен өзімнің отбасымның басынан өткен бір мысалды келтірейін. 1985 жылы қаңтар айында бес жасар қызымыздың іші қатты ауыратын болды. Дертінң күштілігі соншалық, ауруы ұстаған кезде жаны қиналғандықтан басын еденге ұратын. Денесінің қан тамырлары жарылып, ішіндегі, қол-аяқтарындағы тұстары қарайып, тері асты қанталап кететін. Әуелі осы қаладағы облыстық балалар ауруханасында емделді. Бір айдай жатқаннан пайда бола қоймағасын, Қанатекенге апарайын деп шығарып алдық. Сол мезгілде Қанатекен автопатқа түсіп, мертігіп қалды да, лажсыздан қызымызды Маңғыстау стансасындағы темір жол ауруханасына салдық. Бір айдай жатты. Күн сайын глюкоза жіберіледі, бірақ одан пайда болмады. Емдеуші дәрігер: “Енді ештеңе істей алмаймыз. Алматы не Москваға апарыңыз”, - деді.

Сол уақытта Қанатекеннен “баланы алып келсін” деген хабар келді. Әйелім Қанатекеннің үйіне баланы апарып, үш күн қонып қайтты. Барған бойда-ақ ата ішірткі жазып беріп, ішкізіпті. Сол үш күн, үш түнде қатты ауырыпты.- Сонда Қанатекен: “Аурудың өршеленгені жақсы, себебі ол баланың бойынан қашайын деп, ішірткімен ерегесіп жа-

тыр”, - депті. Айтқандай-ақ, осында келгенде қызымыз ауруын қолмен сылып тастағандай сап-сау болды. Сонда сонша ауырған сәбиімізді үш күннің ішінде дертінен құлантаза айықтырып берген Қанатеке атаның аруағына тағы да бір тәнті болған едік.

Сырқаттанғанды емдеп, қамыққанды аялап, адамдардан жәрдемін аямаған қайран Қанатекеңді ел де жұмыла бас иіп сыйлайтын. 1968 жылы Қанатекеңнің Алтыбай есімді жалғыз ұлы қайтыс болғанда, Красноводск маңындағы күллі қазақ жұрты атамен бірге қайғырғаны есімізде.

Әңгімемнің соңында Қанатекеңнің өзіме айтқан мына әңгімесін келтіре кетуді жөн көрдім. Ол 1985 жылы ақпанда жол апатына тап болғанын жоғарыда айтып өттік. Сонда ол ауруханада жатып ес жиыпты. Байқап қараса, омыртқасы және екі қабырғасы сынған екен. Содан өзінің жақсы көрегін бір сынықшысын шақырыпты. Ол кісі бір сағаттай омыртқасын қарап, бірақ одан ештеңе шығара алмай, ақырында: “Қанатеке, маған бір нәрсе бөгет болып, сынық салынбай тұр”, - депті. Содан қатты налыған ата сынған қабырғаларын емшіге көрсетпепті. Біраз ауруханада жатқаннан кейін дәрігерлерге “мен не де болса, үйде болайын, жіберіңдер” депті. Үйге келгесін де он шақты күн өтіпті. “Бір күні қасыма екі қария келіп, аркамды сипап қарай бастады, - дейді Қанатекең. — Бір мезгілде сынған түс сарт ете түскенде қатты шошып ояндым — бұл түсім екен. Абайлап қарасам, омыртқамның сынығы орнына түсіпті. Содан соң екі қабырғамның сынығын өзім салдым”, - дейтін жарықтық..

3. Шегем Қожагелді Шәудірулының айтқаны

Біз Қанатбай сынықшы тұратын Қайып ата жерінен төрт-бес шақырым жердегі Қиянды ауылына таяу теңіз жағасында, кемелерге тұз тиейтін айлақта тұратынбыз. Қанатекең ауылына жиі барамыз. Көлігіміз көбінесе мотоцикл. Бірде үйдің жанында тұрған шынжыр табан трактордан үйілген құмға секіріп ойнап жүрген балаларға еріп, Мақпал деген қарындасым тобығын шығарып алыпты. Жақсылық деген қолы ұсынықты ағам иманды болғыр “шыққан буынын салдым” деген-ді. Бірақ бала жылап қоймаған соң,

мотоциклдің қорабына салып алып, Қанатекене тарттым. Оның мал жаятын өрісін білетінмін. Баланың аяғын көрген ата күліп жіберді:

-Ау, баланың сау аяғын таңып қойған қай сынықшы? — деді де, шыққан тобығын уқалап салып берді. Бақсақ, Жакең ағамыз сәбидің сау буынын таңып қойыпты ғой.

Бізге жекжаттығы бар Қанатекенмен оны-мұны сұрас-тырып, әңгімелесіп отырғанымызда жалт-жұлт еткен ақ “Жигули” таяқ тастам жерге келіп тоқтай қалды. Жүргізуші қазақ жігіті екен, келіп сәлемдесті де, машинаның артқы орындығында жамбасын шығарып алған орыс әйелдің отыр-ғанын айтты.

-Жерге түсе алмай ма? — деді Қанатекен.

-Ата, өзіңіз көріңізші, - деп жүргізуші жымыып күледі.

Қанатекен машинаға таяғанда есік ашыла кетті. Ішінде отырған нән ақсары орыс әйелі ақсақалды көріп:

-Ата, здравствуйте, - деді. Аурудан болар өңі күреңітіп кетіпті.

-Здрәсти, қызым!

Қанатекен жанына барып, оның жай-жапсарын сұрас-тырды, мен де көмектесіп әйелді машинадан түсірдік. Түйенің жарты етіндей ірі екен. Сынықшы басын шайқап, аурудың ұршығын, буынын ұстап көрді де: “Қызым, сен ертең таңертең үйге кел, жамбас сүйегіңнің буыны тайған, мынадай жағдайда салу өте қиын. Мына аяғыңа күш сал-мағаның жөн. Ептеп ертеңге дейін шыда”, - деп, біраз ақыл-кеңесін айтып, шығарып салды.

-Япырай-ай, бір саны кісінің беліндей, мұның жамба-сын салу оңайға түспес,- деді де, маған бұрылып, - сен бізге күйеу екенінді білесің бе, қазір ауылыңа жүре бер, жолшыбай біздің үйге соқ. Келінге айт, екі күн түнеп келетін ала сиырға су бермесін, қораға қамап, тұзын көптеу қылып жем салсың, жүре бер, қалай да айтарсың, - деді. Айтқа-нын орындадым.

Таңертең Қанатекеннің ауылына тағы жолым түсті. Кешегі ақ “Жигули” де келіп тұр екен. Келіп қаралушы-лардың аяғы басылған мезетте Қанатекен кешегі әйелді қарай бастады.

-Ала сиыр қорада ма, суарған жоқсыңдар ғой? — деді.

-Жоқ. Шөлден қабысып, өлейін деп мөңіреп тұр жа-рықтық, - деді келіні.

-Жақсы болған екен, біз қазір ала сиырды суарамыз, - деді.

Бәріміз сыртқа шықтық. Атаның жігіт болған бір немересі ала сиырды жетелеп алып шықты. Үш күн су ішпеген жарықтықтың іші әбден қабысып кеткен, мөңіреп суға ұмтылады. Қанатекен сиырды бас жібінен тартып ұстап тұрды да, үйден көрпеше алдырып, үстіне жапты. Атамыз не істегелі жүр дегендей бәріміз аңтарылып қараймыз. Содан орыс әйелге қарап:

-Дочка, иди сюда, не бойся, - деді. Шошып кеткен әйел:

-Ой, я боюсь, я не смогу,- деп безек қақты. Біздің жан-жақтан кеу-кеулеуімізбен ғана қорқасоқтап сиырға жақындады. Көмектесіп, жабыла көтеріп әйелді сиырға мінгіздік-ау, әйтеуір. Қанатекен дайындап қойған жібімен әйелдің екі табанын сиырдың астынан түйістіріп, мықтап тартып, сірестіріп байлады. Біріміз әйелді ұстап, біріміз сиырды жетелеп, құдық жанындағы су астауына келдік. Әйелдің отырысын, жіптің байланғанын мұқият қарап шыққан сынқышы:

-Ал енді суды құйындар, - деді. Шөлден өлуге келген ала сиыр ештеңеге қарайтын емес. Көзі аларып, астау толы суға бас қойды. Көріп тұрмыз сиырдың қарыны өп-сәтте үрген шарға ұқсап қампыып барады. Бір кезде бірдеңе сырт ете түсті. Әйел “ох” деп айқайлап жіберді. Қанатекеннің жүзіне күлкі үйірілді: “Орнына түсті”, - деді де, шиеленіп қалған жіпті кездікпен кесіп жіберді. Ептеп әйелді жерге түсірдік, алғашында ақ тер, көк тер болып ауырсынған ол аяғын аңдап басып, жүріп кетті. Сондағы оның атаға деген риясыз алғыс сезімін айтсаңыз, сөз жетпейді ғой. Көріп тұрған жұрттың бәрі қуанып, әйелдер көздеріне жас алды.

Бұл менің есімде қалған бір оқиға ғана. Ауыл арасы жақын болғандықтан мұндай жайлардың талайын көрдік. Мен қазір ойлаймын, енді осы Қанатекен сияқты адамдар дүниеге келер ме екен? “Алтынның қолда барда қадірі жоқ” деген осы-ау...

4. Беріш Құдайберген Көпеков марқұм айтқан-ды

Шағадамнан Бекдашыға шығатын үлкен асфальт жолдан шығысқа қарай Қайып ата жеріне бұрыла жөнелетін сан машиналар шұбаған керуенге ұқсайтын. Олардың ат маңдайын тірейтіні – Красноводск қаласының солтүстік-батыс тұсындағы Қарабауыр еңістігінің батыс бетіндегі

Қайып ата қосқатын мекендеген “Қанатекеннің ауылы” деп аталатын қасиетті орын. Дертіне дәру іздеген жандар Қанатекеннің шипалы бармағынан ләззәт тауып, жүздері арайланып, қуаныш сезіміне бөленіп, көтеріңкі көңілмен келген көліктеріне мініп, қайта аттанып жататын. Осындай дүбірге бөленген ат төбеліндей төбешік үстінде өмір шамы жанып тұрғандай сезілетін еді.

Қанатекен халық емін кейінге жалғастырған, сан сырқатқа шапағатын тигізген, сынықтан сарнағандардың жанын жай таптырған шипалы қол сынықшы, талантты тәуіп еді. Оның көзі тірісінде Красноводск қаласы мен ауданының жұмысшы кенттері мен малшы ауылдарының әрбір шаңырақ отбасы мүшелерінің емделмегені кемде-кем шығар. Бұл өңірден басқа да - қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, әзірбайжан елдерінен, Ресейден келіп сан ұлт өкілдері емделген.

Ұлы Отан соғысы кезінде қан майданда жүріп, ауыр сынық жарақатын алғандарды дәрігерлерге жеткенше сынығын салып үлгерген. Сол бір қиын сәттерде хирургтерге жәрдемдескен. Тоқырау заманы кезінде тоқтай шапқан жүйріктей көсіліп сілтей алмаған. Алайда, халық Қанатекен бойындағы қасиет-дарынын пайдаланған.

Менің ауру кезімде осы кісіге емделгенім бар-ды. Жабырқау жаныма медет берген жақсылығына орай, кезінде, 1981 жылдың 31 шілдесінде Қанатекенге арнау өлең жаздым. Тәуіптер тізгінінің тежеулі кезінде жазылған бұл өлеңнің ой тебіренісі болса да, толғауы толық тасқындамаған шығар. Бүкпелі дәуірде жарыққа шықпаған бұл өлең сол жылдардың өзінде-ақ жыршылар аузына ілігіп, ел арасына ептеп тарап кеткен жайы бар.

Сол бір архивімде сақталған “Халық емшісі Қанатбайға” деген өлеңімді оқырман қауымға ұсынғым келеді.

Жәй көзге сіз қазақтың қара шалы,
Бойыңа бұқаралық жарасады,
Соншама қарапайым болсаң дағы
Даңқыңыз асқар таумен таласады.

Көрсетсең қасиетпен тамашаны
Қатерден қам көңіл жан әрі асады.
Шаршы төр, киелі орын — отбасыңнан
Келгендер риза болып тарасады.
Ерекше адамшылық қасиетің
Еліңе арналды бар асыл ниетің.

Кереметтей көреміз өзінді біз,
Қастерлеп, жұмыла жұрт бас иетін.

Аурулар қамаласа жан-жағынды
Батырдың дертке дауа бармағынды
Сарнаған, бебеу қаққан, сынғандарға
Қолма-қол сан көрсеттің аруағынды.

Емдедің, қамыққанды аяладың,
Ұдайы жәрдемінді аямадың,
Сырқаттан сауыққандар еш ұмытпас
Сіздей бір жанға шипа сая бағын.

Жүрсең де ел-жұртыңмен біте қайнап
Атыңды аңыз етті бүкіл аймақ,
Емсектік, сынықшылық талантыңа
Бір емес талай ұлттың өкілі айғақ.

Тілейді қалың елің саулығыңды,
Армандайды: “ұзақ өмір, сау күніңді”
“Сыйға-сый, сыраға-бал”, - дегендей-ақ.
Халқың бар көтерердей тау жүгінді.

Бабаңнан қалған өзің-қарашаңырақ
Орнаған басыңызға тамаша бақ,
Кейіннен аңыз қылар жас ұрпақтың
Өмірін талай қалдың арашалап.

Дерт келсе құдіретпен құмарланған
Уәлилер өтті аруағын бұлғалаған,
Осы кез зайырыңа ел таң қалып,
Көпшілік деп ойлап жүр жұмбақ адам.

Емессіз қара бақсы – сарыны жыр,
Біртуар сіз халықтың дарыны бір
“Бұрынғы білгірлердей аруақты”, - деп
Айтады адай елі - қарымы нұр.
Уа, жұртым жақсыңды енді көрші міне!
Бұл күнде елдің тиген еншісіне

1/ Қарымы нұр - Қашаған ақын, адай елінің шығу тарихын айтқанда
Адай нұрдан болды деген жері бар. Соған орай айтылған.

Көп көңіл аз ғана бір сөз арнадым
Халықтың қадірменді емшісіне.

Әр дәуір әупірімін берер ме екен?
Мұндай жан дүниеге келер ме екен?
Япыр-ау, Қанатекен қасиеті
Кейіннен ұрпағына ерер ме екен?

5.Сөз соңы немесе рухыңмен қамдай жүр, көке!

Атағы жер жарған сынықшы һәм халық емшісі ретінде қалың бұқараның құрметі мен ілтипатына бөленген Қанатбай Боқайұлы кеңес үкіметі тарапынан ықыласқа, қолдау-көмекке ие болды десек, асыра айтқандық болар еді.

Алпысыншы жылдары Красноводск қалалық аурухана-сының ел аузында жүрген, білгір дәрігер-хирургі Светлов (аты есімде жоқ) қана сынықшының ерекше қабілет қарымын бағалап, ауруханаға ауыр сынықтармен түскендер болса, кейде Қанатекенді арнайы шақырып, кеңесіп тон пішкендей келісіп, бір-бірін түсініп жүріпті. Журналист, марқұм Жарылқасын Ыбырашұлының бір айтқаны есімде: “Бала кезімде, -деді ол, - велосипедпен таудан төмен зулап келе жатып оңбай құлап, жауырынымды сындырып алдым. Қанатекенге апарып салғызып, жақсылап таңып берсе де, біреулердің айтуымен ағайым қалалық аурухана хирургі Светловқа алып барды. Ол сынған жауырынымды олай-былай қарап, алаңдайтын ештеңенің жоқ екенін, сынықтың орнына түскенін айтты да: “Мынау ақсақалдың қолтаңбасы ғой, тек сол ғана осылай ғып таңатын еді” - деп сұрады. Мен: “Иә, сол Қанатекен” -деп едім, маған қарап: “Что еще тебе надо”, -деп шығарып салды”.

Алайда Светлов қайтыс болды да, оның орнына келгендер Қанатекеннің ел ішіндегі абырой-беделінен қауіптенді ме әлде көре алмастықтан ба, әйтеуір оны ауруханаға жолатпауға тырысты. Автомашина апатына ұшырап немесе басқа жағдаймен ауыр халде ауруханаға түскендерді көрсету үшін олардың туған-туыстары сынықшыны палатаға жасырын кіргізіп жүретін. Онымен де қоймай шаш ал десе бас алатындар, орган қызметкерлері оның үйіне тексеру жүргізіп, адам емдеуіне үзілді-кесілді тыйым салған кездерін де білеміз. Бірақ оған баруын халық тоқтатқан емес, айы-

лын жиған Қанатекен де болмады. Бірде, өзім куә болған мынадай жағдайды айта кеткім келеді.

Түрікменстандағы Балқан облысының орталығы Небит-Даг қаласында ұмытпасам, сексен үшінші жылы атеистік тақырыпқа арналып үлкен аймақтық конференция өтті. Оған елдің батысындағы аудан-қалалардан идеологиялық жұмыспен айналысатындар түгелдей шақырылды. Красноводск аудандық партия комитетінің идеология кадрларының құрамында менің де (ол кезде аудандық “Жұмысшы” газетінің бөлім меңгерушісімін) қатысуыма тура келді. Облыстың бірінші хатшысынан бастап, республика астанасынан келген ғалым-идеолог, атеистердің күні бойы әңгімесі -әулиеге түнеуге, бақсы-балгерлерге, жалпы дінге қарсы ымырасыз күрес жүргізу. Олардың соңын ала облыстық санитарлық ағарту мекемесінің басшысы түркімен әйел шығып сөйледі. Ол әңгімесін айта келіп, сөз реті факті мен мысалға тірелгенде Қанатекенді тілге тиек етті. Жүздеген адамның көзі бізге қадалғандай үш-төрт қазақ күмілжіп отырмыз. Сондағы айтатын уәжі “санитарлық жағдай сақталмайды, арнайы медициналық білімі жоқ болса да адам емхана-аурухананы қойып соған ғана барады, бұған қашан тоқтау болады, тиісті органдар қайда қарап отыр” дегенге саяды. Мұндай әңгіме айтылады деп тіптен күтпеген мен булығып, тамағыма өксік тірелгендей болды. Не де болса артын күттім. Енді көсіле бастаған әлгінің сөзін артқы жақтан шыққан “ тоқтатыңыз, ондай әңгіменізді!” деген өткір дауыс пышақ кескендей тыйды. Сілтідей тынған жұрт “бұл кім өзі” дегендей жаппай артқа бұрылды, қаба сақал, көзінде көзәйнегі бар ірі орыс кісі екен. Залдың ортасына қойылған микрофонға келіп: “Сіз ондай байыпсыз әңгіме айтуды тоқтатыңыз - деді қайталап-білесіз бе сіздің қазіргі дәрігерлеріңіз оң аяғы сынғанның сол аяғын таңып қояды, ешқандай білігі жоқ надан адамдар бүкіл медицинаны жайлап барады. Ал, ол ақсақалға келетін болсақ, нағыз сынықшы, емсек, қолы шипалы жан. Мен өзім ол кісіге емделдім және оны жақсы білемін, өйткені Красноводскіде туып-өстім. Оған мен ғана емес бүкіл халық барады, тіпті мына президиумда отырғандардың да оған бармағандары жоқ шығар. Оның несін жасырамыз, нанбасаңыз, өздерінен сұрап көріңіздер,- деп қолымен президиумды нұсқады да, сөзін жалғады,- сондықтан да халыққа пайдасын тигізіп отырған кісілерді орынсыз кінәлағанша қолдау керек, шама

жетсе үйреніп, үлгі алу керек”.

Еңсемді басқан зіл омырылып түскендей, көзім жасаурап ризалық көңілмен қаба сақалға жалтақтап қарай беріппін. Осылайша сан ұлттан құралған халықтың зор ілтипатына бөленген қазақтың қарапайым қара шалы - Қанатбай көкем үшін төбем көкке тигендей шалқып, Балқан тау баурайындағы шаһарға симай кеткендей болып едім-ау... сонда мен.

Осы орайда көпшілік білгісі келер деген ниетпен Қанатекеннің үрім-бұтағына білгенімше тоқтала кеткенді жөн көрдім. Оның руы Жеменейден Кедейдің Ақшасы. Құлұлы Боқайдан бес қыз, Бөлекбай, Қанатбай, Рахмет есімді үш ұл дөреген екен. Бөлекбайдан Дауылбай болып онан әрі жалғасса, інісі Рахметтен Бисен, Тыныштық, Таңат олардың бала-шағасы болып ұрпақ өрбіп жалғасуда. Сөз ретінде айта кеткен жөн. Бисекен Ұлы Отан соғысының ардагері, маңғыстаулық майдангерлер сапында Астанаға дейін барып, құрметке бөленген ағамыз жасы сексенге келсе де қала өміріне, жас ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеуге ат салысып келеді. Қанатекеннің жоғарыда айтып өткен бес апасының бірі атақты ақын-жырау Сүгір Бегендікұлының зайыбы.

Ал, Қанатбай көкемізге келетін болсақ, ол 1900 жылы Маңғыстаудағы Сартас ауылында дүниеге келеді. Отызыншы жылдардағы аласапыранда көптеген қандастарымыз сияқты, қағынан тайған киіктей атажұртынан ауа көшуге мәжбүр болып, Қарабұғаздағы сульфат, Құлымаяктегі тұз кәсіпшіліктерінде жұмыс істейді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, Сталинград түбіндегі қанды шайқастарда бірнеше жерінен жараланады. Бет-аузы мен бөксесін жарықшақ жарақаттап, бір қолының ортан саусағын жұлып кетеді де, мүгедек болып елге оралады. Содан зейнетке шыққанша Красноводскідегі мұнай өңдеу зауытында жүкші болады. Зайыбы – Сүйіндік руының Бұқарынан Қалмұрат қызы Әдемі. Қанатекеннің отбасында Алтыбай атты ұлы мен Ақбала, Агілес, Агілен деген қыздары өсіп, тәрбиеленді. 1927 жылы дүниеге келген Алтекен қырық бір жасында, ал қызы Агілен мен Ақбала да кейін дүниеден озды, екеуінен де ұрпақ бар. Қазір Агілес апай Жаңаөзен қаласында тұрады, ардақты әже.

Жуырда ғана Қанатекеннің Ақтау қаласындағы 28-ші шағын ауданда тұратын немересі Алтыбайұлы Орынбай-

дың шаңырағында болдық. Жасы елудің белортасына келіп қалған Орекең “Маңғыстаумұнайгазға” қарасты Қаламқас кен орнында еңбек етеді екен. Кідір жеңгей екеуі қызды қияға, ұлды ұяға қондырып, ұрпақ өсіріп отыр. Орекеңнің анасы 78 жастағы Бибіжан жеңгей де осында екен.

-Сүйіндік руының Бұқары Қалдыбектің қызымын,- деді ол өз әңгімесінде,- осы шаңыраққа 1945 жылы келін болып түстім. Алтыбаймен түтін түтетіп, он үш құрсақ көтердім. Оның жетеуі ұл да, алтауы қыз болды. Ұлдарымнан қалғаны осы Орынбайым ғой. Ақшұқырдағы Мергенбайым мен осы қаланың сегізінші шағын ауданында тұратын Дүйсенбайым үйлі-баранды болғаннан кейін қайтыс болды, шүкір артында бала-шағалары бар ғой әйтеуір. Біздің қазіргі жағдай осы, шырағым...

«Әйгілі сынықшы, халықтың шипагер тәуібі Қанатбай Боқайұлы 1989 жылы 89 жасында дүниеден озды. Өзінің ізі қалған, малын жайып, ой-қиялға берілген жұпар жусанды қыр-белесіне, талайларды емдеп алғыс-сауабын алған ауылына тақау Қайыпатада мәңгі тыныстап жатыр. Қазақстаннан шыққан ұзақтығы 500 шақырымдық үлкен жолдың Шағадамға құлар тұсында тоқтап, Қанатекене дұға бағыштап өту оны білетіндердің әдетіне айналған. Түбі шайтан болмаса пенде атаулының ертелі-кеш бақилық болары хақ қой. Осындайда ғұламалар “Адамның артында үш нәрсе қалады”, -дейді екен. Оның бірі ұрпағы, екіншісі -өнері, үшіншісі – кісіге жасаған жақсылығы. Құдай көпсінбесін Қанатбай көкеміз де осының үшеуі де бар, қазір оның немере-жиендері, шөберелері, отау тігіп үй болды. Өнері – сынықшылығы, емсектігі, оның бұл қасиеті туралы естеліктер, деректі әңгімелер, тіпті ауызекі аңыз-әфсаналар баршылық. Ал, саналы ғұмырында адамға жасаған жақсылығы ұшан-теңіз.

Отызыншы жылғы ойранда кір жуып, кіндік кескен жерінен амалсыз көшіп, көрші түрікмен елін мекендеген, орыс, түрікмен, армян-еврей,әзірбайжан-татар, т.б. қоян-қолтық қоныстанған көп ұлтты өлкеде қазағымның атақ-абыройын асқақтатқан, құрсау іспетті жабық қоғамда қаншама теперіш көрсе де, мәрттігінен танбаған, ақ жүріп, анық басып, ар-намысына дақ шалдырмаған Қанатбай көкеміз жайында көкейімізде көптен жүрген осынау жазбамызды оның рухына бағыштадық.

Тірлігінде шапағат иесі атанған қайран қара шал - Қанатбай көке, әзірше қолдан келгені осы болды, артындағы-

ларды әруағыңмен қолдап, қамдай жүргей!

Әумин!

ЕСЕНҒАЛИ ШАЙЫР

Маңғыстау тарихта өзінің елдігімен, ел қорғаған батырларының ерлігімен, бүгінгі мол қазынасымен ғана емес, өзіндік айшықты өнерімен де ерекшеленген өлке. Сазгерлік пен өншілік, ақындық пен күйшілікті шебер ұштастырып, халықтың ілтипатына бөленген “Адайдың жеті қайқысының” өзі неге тұрады?

Маңғыстаулық шайырлар — осыдан екі жүз жыл бұрын өмір кешкен Абыл Өтембетұлының одан кейінгі Нұрым Шыршығұлұлының, Ақтан Керейұлының, Қашаған Күржіманұлының, онымен үзеңгілес Сәттігүл Жанғабылұлының шығармалары бүкіл қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылып, ұрпақ мұрасына айналды.

Осынау ұлы бабаларымыздың жыраулық жазба әдебиеті арасындағы алтын көпірі, өлкеміздің бүгінгі ақын-жырауларының ақсақалы, соғыс және еңбек ардагері, қадірменді ағамыз Есенғали Бөкенбаев 2001 жылы 80 жасқа толды.

Есағанның өмір жолы оның өлең -жырларынан көрінісін табады.

Ақын әйгілі Мұрын жыраудың 130 жылдық мерекесіне арнаған толғауында:

Мұрын ата мен өзім,
Маңғыстауда туғанмын,
Жетім қалып әкемнен
Көздің жасын жуғанмын,
Өлместің күнін көруге,
Белімді бекем бұғанмын.
Отызыншы жылдары
Ашаршылық зарпынан
Көршілес түрікмен еліне,
Жаңғақтының жеріне,
Жағдайсыздан кеткенмін.
Ерте есейіп, ес кіріп,
Қиындықтан өткенмін,
Айналайын ағайын,
Айтайын несін өткеннің,

Ыссылы-суық өмірдің
Бәрін тастап соңыма,
Бұл күндерге жеткенмін,

-деп өзі айтқандай, Есағаң Маңғыстаудың Жетібай маңындағы “Айрантақыр” деген жерде дүниеге келген. Қасіретті 1932 жылы он бір жасар ол әкесі Жадырасыннан айырылады. Оның үстіне өзіне сүйеніш тұтып жүрген әкесінің ағасы Отарбай да дүние салады. Анасы Бибіш үйелмелі-сүйелмелі, ұл-қыздары Есенғали, Талшын, Үзіл мен Ұлбөпені ертіп, көршілес түркімен елінің Красноводск қаласына көшіп барады. Әуелі туған жері Қызық мектебінде, одан кейін Красноводскідегі қазақ интернатында оқыған балаң Есенғали отбасының күнелітісі үшін жастығына қарамастан жұмысқа тұрып, анасына сүйеніш болады. Сөйтіп, жүргенде соғыс басталады.

Бала кезінен жыр жаттап, Абыл мен Ақтанға, Қашаған мен Сәттігүлға еліктеп өскен, көкірегінде ақындықтың оты, құдай берген тума дарыны бар Есенғалиға ұлы дүрбелең, ауыр сын кезең әсер етпей қоймайды. Сөйтіп, 1941 жылы Красноводскідегі “Жұмысшы” газетінде оның алғашқы “Жоямыз жауды” атты өлеңі жарық көреді.

1942 жылы небәрі жиырма бір жасында Ұлы Отан соғысына аттанған Есағаң Европаның көптеген қалаларын жаудан азат етуге қатысады. 1944 жылғы қыркүйекте “Майдан ақиқаты” газетінде жарияланған өлеңінде ақын:

Шынықтырып құрыштай
Мені Отан өсірді.
Өз жерінде дұшпанға,
Салмақшымын кесірді.
Қарапайым қазақпын,
Сүймейтін мен мақтауды,
Қайыра тасқа салғандай,
Қаруым сайлы саптаулы.
Ұясында немістің,
Аянбай соғыс саламыз,
Тырнағынан жауыздың
Тұтқындарды аламыз,

-деп жазады. Сол бір жаралы да жалынды жылдарда ел үшін от кешкен ағамыздың өңіріндегі қос “Қызыл Жұлдыз” ордені мен көптеген медальдар жауынгерлік ерліктерінің

айқын күәсі.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, майданнан Красноводскіге оралған Есағаң бейбіт еңбекке араласып, халық шаруашылығының түрлі саласында абыроймен еңбек етеді. Арада төрт-бес жыл өткеннен кейін ғана өзінің кіндік қаны тамған Маңғыстауына жол түседі. Сонау балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен ауыр жылы ата жұртынан ауып кеткен Есенғали ағамыз өзінің жүрекжарды сағынышын “Туған жерім – Маңғыстау” атты тебіреніске толы толғауымен жеткізеді.

1948 жылғы қазанда Каспий теңізі шығыс жағалауындағы шаруашылықтарының бір топ балықшылары теңіз төсінде сұрапыл дауылға ұшырап, адуын толқынмен, арыстанша алысады. Теңіз дүлейіне қарсы тұра алмай тоғыз қайық суға кетіп, алпыс үш адам мерт болады. Ақын балықшылардың осы ерлігін баяндайтын “Тоғыз қайық” дастанын жазып, ерлерге өлеңмен ескерткіш соғады. Бұл дастан ел арасына кеңінен тарайды.

Есенғали ақын алғашқы балапан жыры жарық көрген сонау 1941 жылдан бері өлең өрнектеп, жыр толғап келеді. Жырларының тақырыбы да, сыр-сипаты да, құрылымы да әр қилы. Нақылдық термелер, арнаулар, тебіреністі толғаулар, төрт тағандар сияқты жүрекке жылы дүниелер.

Кез келген өнер түрі, оның ішінде өлең де тәрбие құралы. Ақынның жаман әдеттерден жирендіретін, жағымсыз қылықтардан бойды аулақ салуға шақыратын, адамгершілік пен адалдыққа үндейтін туындылары жеткілікті.

Сәттіғұлдан бата алып,
Еліме ақын атанып,
Жыр нөсерін төккенмін,
Баспаларға бастырып,
Жыр сүйетін қауымға,
Сөз ұрығын сепкенмін,

-деп ақын өзі жырлағандай Есенғалидың өлеңдері баспасөз беттерінде 60 жылдан бері жарияланып келеді. 1977 жылы ел ақындарының “Шұғыла” атты жыр жинағына топтама өлеңдері енеді. 1991 жылы “Жазушы” баспасынан “Тоғыз қайық” деп аталатын жыр кітабы шықты. Ғалым, өлкеміздің өнерін зерттеуші Қабиболла Сыдиықов: “Атыраудағы жыраулық дәстүр мен жазба әдебиеті арасындағы

Халық ақыны”, деп бағалаған Есенғали Бөкенбаевтың есімі Маңғыстау асып, түрікмен, қарақалпақ елдеріне мәшһүр болды. Толғаулар мен термелерін жыршылар той-мерекелерде де жиі орындайды. Ақынның қысқаша өмірбаяны “Қазақ Совет энциклопедиясына” және “Маңғыстау” энциклопедиясына енді. Белгілі жыршы Мақсат Аяпов орындаған Есағанның жыр-дастандары “Тоғыз қайық” деген атпен ұнтаспаға жазылып, көпшілікке тарауда.

...Есағанды мен бала кезімнен білемін. Ал, жақын қарым-қатынасымыз жетпісінші жылдардың басында басталды. Әлі есімде бір күні ол “Жұмысшы” редакциясында қызмет істеп жүрген журналист Есберген Іңірбаев екеумізге телефон шалды. Батыс Түрікменстандағы ірі өндіріс ошағы, қазір үлкен облыстың орталығы – Небиттау қаласының телестудиясы шағадамдық қазақ ақындарын қонаққа шақырып отыр, соған баруымыз керек екен. Бізді сол қалада тұратын ақын Равель Майданов қарсы алып, үйінде қонақасы берді. Сонда Есаған: “Жігіттер, басқа ұлттың арасында бүкіл қазақтың туын көтереміз, абайландар”, деп ескертумен болды. Тіпті біздің оқитын өлеңдерімізге дейін тыңдап көріп, саралап, төмендеу дегенін оқытпады. Бұл оның өлең өнеріне немқұрайды қарамайтындығының бір ғана мысалы. Жалпы Есаған түрікмен елінде қазақ тілінде шығатын бірден-бір газет – “Жұмысшыға” үлкен жанашырлықпен қарап, оның бетінен жылт еткен жақсы нәрсе көрсе, қуанып қалатын. Кейде “Бала мына өлеңіңе Ленин комсомолы сыйлығын беру керек”, -деп телефон шалады, бұл оның риза болғандағы әдеті. Ал, жарияланған татымсыз нәрсеге, өлеңде кеткен әріп қателерге ренішін жасыра алмайтын.

Қайда жүрсем де қызмет бабымен Ақтауда, Бейнеуде, Жаңаөзенде жүріп, Красноводскідегі Есағанмен арадағы хат-хабарымыз үзілген емес.

Шағадамда тұрып, қызмет істеген жылдары еңбек демалысын туған жері Маңғыстауда өткізетін Есағанның туған жеріне арналған жыр-толғаулары көп-ақ. Соғыс кезінде жазған сондай бір өлеңі Форт-Шевченко қаласының өлке-тану мұражайында көптен бері тұр.

Өрлетіп, алып ұшып жігерімді,
Барады шаттық кернеп жүрегімді,
Өзіңнен туып-ұшқан перзентіңмін,
Табамын туған жерден тірегімді.

Жетібай, Өзенім мен ару Теңге,
Қалалар сап түзеген құба дөңде.
Санасам сан жетпейді байлығына
Маңғыстау мәшһүр болды барлық елге,

-деп жырлайды ол “Маңғыстау көтерді алтын шаңырағын” деген өлеңінде.

1985 жылдың тамыз айында мен Красноводскіден Ақтауға көшіп келіп, облыстық “Коммунистік жол” қазіргі “Маңғыстау” газетіне жұмысқа тұрдым. Үш жылдан кейін жаңа қызметке үйренісіп, газеттің мәдениет бөліміне меңгеруші болып жүргенімде Маңғыстау облысы таратылды. Бұл пәтердің кезегінде үш жыл тұрсам да, үй ала алмай, пәтер жалдап, баспанасыз жүрген маған оңай тимеді. Қатты қиналып, көңілді мұң басып, “Туған жерді аңсау немесе ақын аға Есенғали Бөкенбаевқа хат” деген толғау өлең жаздым. Сағынышқа толы бұл өлең көп ұзамай-ақ “Жұмысшы” газетінде жарық көрді. Кешікпей сол газетте Есағанның “Ақын ініме” атты жауап өлеңі де жарияланды:

...Ақындар қайда жүрсе де,
Қызметін еткен елінің,
Арманы болмас адамның,
Ақтаса елдің сенімін.
Тоғышар мен менменнің,
Баса білсе желігін.
Қамқоршысы халқының,
Қиындықтан қаймығып,
Іздемес істің жеңілін...

- деген жыр жолдары маған күш-жігер беріп, кездескен қиыншылықтарға мойымадым.

1991 жылдың күзінде Красноводск қаласы мен ауданында ақын Есенғалидың 70 жылдық мерейтойы дүркіреп өтті. Әлі есімде қарашаның 8-інде Жаңаөзен қаласының әкімі Сұлтан Ноғаев, қалалық кеңес төрағасы Рахман Исаев бастаған отызға жуық ақын-жыршы, термеші-әншілер тойға қатынастық. Қала орталығындағы Мәдениет сарайында мерекелік жиын, ертеңіне ауданның Хасан ауылының жанында ат бәйгесі өтті.

Төмендегі арнау өлеңім ақынның сол тойында оқылып еді:

Тіл мен дін, өнеріне алып теңдік,
Танытқан қай кезде де байыпты елдік,
Шашу ғып тойыңызға, ақын аға
Сөлемін Маңғыстаудың алып келдік.

Жасында қимай оны көшкен едің,
Сиынып аруағына өскен едің,
Ұлына ақ сөлемін айтып қалды
Кір жуып, кіндігіңді кескен елің.

Байлықтың “қара алтынды” өзегінен,
Ақын мен батыр шыққан кезегімен
Жиылып ақын, жыршы келіп қалдық,
Әлемге әйгілі қала Өзенімнен.

Шалдарым ақ тілеуін арнап қалды,
Әулием үш жүз алпыс қолдап қалды.
Бұл тойдың дүбірі жетіп түбегіме
Атағың аспанымда самғап қалды.

Тізгінін бекем тұтып текті жырдың,
Сөздерің ұрпағыңа жетті бүгін,
Шынайы ізбасары өзің аға
Қашаған, Ақтан, Нұрым, Сәттіғұлдың.

Ақынның олқы түспес қандайынан,
Жыршының жыр боп аққан таңдайынан,
Өзіндей перзенті бар халқымыздың
Ешқашан бағы таймас маңдайынан.

Жаныңды баурап ылғи өрісті өлең,
Әр таңда жыр-пырақпен көріс дер ем,
Шабытың қарт Каспийдей буырқанып,
Әр күнің өте берсін жеңіспенен,

-деген тілегіміз қабыл болды ғой деймін міне, одан бері он жыл өте шығыпты. Ақын қазір мұнайшылар қаласында тұрады. Сексеннің сеңгіріне келсе де, Есағаң қаламын тастаған жоқ. Жасының ұлғайғанына, денсаулығының кейінгі жылдары сыр бере бастағанына қарамастан газет-журналдарды қалт жібермей оқып, қолына қаламын алып, өлең жолдарын тізбектеп отырады.

Кезінде Адайдың Сәттігүл сынды жыр дүлдүлінен бата алып, ел арасында “Есенғали шайыр” атанып, алпыс жылдан астам уақыт бойы жыр толғаған жауынгер ақын Есенғали Бөкенбаев міне, тағы бір белеске көтеріліп отыр. Елімен бірге тыныстап, халқының жақсысына сүйініп, жаманына күйініп, жас ұрпақ тәрбиесіне өзінің өлең-жырларымен, ақыл-кеңесімен үлес қосып келе жатқан қадірменді Есағаңа бар жақсылықты тілей отырып, сексенің құтты болсын, әлі де жастан жасқа жете бер, Маңғыстау ақындарының ақсақалы дегіміз келеді.

Қыркүйек, 2001 ж.

ДҮРКІРЕП ЖЕТКЕН ЖЫР-НӨСЕР

(Арқалы ақын Қалбай Әбдіраманов жайлы үзік сыр)

“Ақиқатқа ең жақын адамдар – ақындар”

М.Ганди.

“Қарақалпақстаннан бір ақын келіпті, жиын-тойларда аңқылдап өлең оқиды екен”, - дегенді еститінмін. Поэзия әлемінде жұлдыз болып жарқыраған, жыр ақиығы Төлеген Айбергенов туып-өскен өлкеден небір жүйріктердің шығуы заңды ғой. Бір күні жұмысыма қараторы өнді, жігіт ағасы іздеп келді. Бұрыннан таныс-біліс адамша іші-бауырыма кіріп барады. “Мен Қалбай Әбдіраманов деген ағаңмын ғой. Ақынды ақын іздемесе бола ма? Мен өлгенде сендер болмасаңдар кім көмеді?” - дейді. Әп-сәтте сөзіміз жараса кетті. Бір сөзді бір сөз қуып, сыр-сұхбатымыз қыза түскенде: “Тыңдасаң өлең оқып жіберейін!” - дейді. “Оқыңыз!” - деймін. Жыр тиегін ағытып, өлеңді түйдектетеді. Сөйтіп, отырғанда жұмыс күнінің жартысы өте шығыпты. Араға күн салып ол тағы келді. Әңгіме әдеттегіңше қайта өрбіді, Қалекең жырларын төгіп-төгіп жіберіп, тынышталып, қайта жадырайды. Бейне бір ніл аспан аяқ астынан бұлт құрсамаланып, қайта жадырағандай әсерге бөленесің.

Ертеңіне үйіне іздеп бардым. Бәз біреулерге сырт қарағанда көпсөзділеу, қожанасырлау көрінетін ақжүрек ақынның жан-дүниесіне үңілгендей болдым. Туған халқына деген сағынышы, кіршіксіз махаббаты баурап алды.

Жауқазын гүлдей бұр ашып,

Далада тудым өзім мен,
Ойнақтап өстім қыр асып,
Сонау бір жастық кезімнен.

Көрмедім жасып, жалтақтап,
Сындарға талай түстім де,
Шалқая бастым шалқақтап,
Keң дала сенің үстінде.

Ақырғы демім жеткенде,
Топырақ қылып төк мейлің,
Сонда да солмай көктемде,
Жапырақ болып көктеймін.

Осы бір жауқазын жырдан-ақ тума дарынның аяқ алысы білінбей ме?! Бұл ақынның отыз жеті жыл бұрын (10.09.65 ж.) “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған өлеңі. Қалекен ол кезде он сегіз-ақ жаста екен. Сол жылдардағы өлеңдерінің өзінен өршіл рух байқалып, азаматтық әуеннің лебі еседі.

1947 жылы Қарақалпақ елінің Бируни ауданында дүниеге келген Қалбай мектеп қабырғасында жүргенде-ақ, “Қазақ әдебиеті” газеті мен республикалық “Әмудария” журналында балауса жырларымен көрінді. Оның 1965 жылы Алматыға оқуға түсуге барғанда ақиық ақын Төлеген Айбергеновпен кездесіп, дәмдес болуы, бір пәтерде тұруының өзі бөлек әңгіме.

1966 жылы “Балдырған” журналының бірінші санында ақынның “Қыс” атты өлеңі жарияланды:

Келіп жетті қыс тағы.
Күндер өтіп шуақты.
Қарлы боран тыстағы,
Қыс ашуы сияқты,

Тоңып қалар денеңіз,
Келді қыстың кезегі.
Күнге күйген денеміз.
Суыққа да төзеді.

Жүп-жұмыр осы екі шумақ қазақ мектептеріндегі бірінші сыныптың “Ана тілі” оқулығына еніп, 28 жыл бойы оқылып келеді. 1977 жылы “Балдырғанның кітапханасы” сериясымен “Қыс” атты кітапша шықты. Мұндағы Абай бастаған алты ақынның бірі - Қалбай Әбдіраманов.

Ақынның қарақалпақ тілінде жарық көрген “Жүректегі жазулар”(1977 жыл) атты жинағын оқып шықтым. Шағын кітапша салмақты көрінді. Алғашқы беттегі “Күміс қоңырау” өлеңінде өзі айтқандай ешкімге ұқсамайтын өз даусымен танылуды мақсат тұтады.

Ал, “Әке мейірімі” өлеңін оқығанда еріксіз езу тартасың. Оқиға былай өріледі. Шаруаға қолғабысын тигізіп жүрген Қалбайды әкесі: “Менің балам азамат болған екен”, деп қайта-қайта мадақтап қояды. Онан сайын мақтау естігісі келген бала бақшадағы әлі піспеген көк түйнектерді жұлып алып жинап қояды. Мұндай “қызыл қыrmанды” көрген әке қатты ашуланып, айқайлап тұра ұмтылғанда бала қаша жөнеледі:

Мен зып бердім айдалаға лағып,
Мына сөзді естіді тек құлағым.
-Аяғыңа тікен кіріп кетпесін,
Абдырамай жазыққа қаш, шырағым,

Жинақтағы махаббат, достық, көңіл-күй лирикалары тартымды оқылады. Жүректі селт еткізер өршіл рухтан жаңылмайды.

Барлық нәрсе бермейді ғой біліне,
Мен ғашықпын өз тауымның гүліне.
Жыр жазғанда қандай тіл бар қанеки,
Жететұғын менің ана тіліме.

Әркімге ұлы ата жұрты, Отаны,
Басыңызға күн тумағай қапалы.
Көп тауларды менсінбеймін кейде мен,
Өз тауымды көтерсем деп жоғары.

Алғашқы жинағынан-ақ, жыр сүйер қауымға танылған Қалбай 1981 жылы қарақалпақ тілінде “Келешекке сапар” атты екінші жыр кітабын ұсынды.

Ақын болсам, сөздерім жетсе деймін,
Батыр болсам, жауыңды өкшелеймін,
Сен дегенде жойылып шекаралар,
Құлағыңа дауысым жетсе деймін.
-деп ағынан жарылады ақын. Немесе “Әке кетті өмірден”

өлеңінде былай дейді.

Жеңіс келді, халықтың құты келді,
Мұңаяды кім аза тұтып енді.
Азаматтар өлген жоқ бостан-босқа
Бізге келген ажалды жұтып өлді.

Кітаптың алғы сөзінде айтылғандай ақынның лирикасы жігерлілігі, ой-өрісінің кеңдігімен тартымды. Отан, туған жер, адамгершілік, адамның бір-біріне деген мейір-шапағаты-негізгі тақырып.

Қалбай Әбдіраманов қарақалпақ жерінде кеңінен танылған үлкен ақын. Оның жырлары 1980 жылы Қазан қаласында шыққан “Арал толқындары” атты қарақалпақ поэзиясының антологиясынан, көптеген ұжымдық жинақтардан орын алды. Пушкин, Есенин, Исаковский, Твардовский сияқты поэзия алыптарын, бірқатар өзірбайжан, башқұрт, татар, қазақ ақындарын қарақалпақ тілінде сөйлетті. Өзбекстан және Қарақалпақстан халық жазушысы Жолмұрза Аймұрзаевтың мұнан жеті жыл бұрын беделді журналға берген сұхбатында: “Қалбай керемет ақын еді. Маған онсыз қазіргі поэзиямыз қаңырап босап қалғандай болып сезіледі”, - деуі тектен емес. Бұл оның қазақтың Төлеген сынды жыр жампозын дөреткен топырақтан тағы бір талантты ақынның шыққанын айтқаны болса керек.

Қалбайдың айтуынша ол он сегіз жыл баспасөзге шығарма бермеген.

Ақын деген шабыт бұлағы,
Бөгей берсең тесіп шығады.
Түрткілеме өз балаңды сен,
Онда ақындар қайдан шығады?

Тек ақымақтар ішер суына
Кірлеп кеткен қолын сұғады.
Ақындарға тимең, адамдар!

-деп ақынның өзі жазғандай біреулер оның кіршіксіз адал жанын жаралап, жырына қол сұққан. Ондайды көтере алмаған мәрт ақын морт кеткен. Енді міне, бойындағы арқыраған жыр тасқыны арнасына сыймай атажұртына табан тіреп отыр. Қалбайдың шығармашылығын шағын мақалаға

сыйғызу мүмкін емес. Біз тек елім деп еңіреп келген арқалы ақын жайындағы үзік сырды көпке ұсындық. Оның:

Гүл болып шықты өлеңім.
Құлпырып тастың үстіне,-

деп жазғанындай жырлары Маңғыстауға келген соң қайта жаңғырды. “Ақыны көп елдің рух-жігері асқақ болатыны хақ.” Ендеше Қалбай Әбдіраманов сынды жыр жүйірігінің өлкемізге келуі-үлкен қуаныш. “Құдайдың бір есімі-халық, одан үлкен құдай жоқ”, - деп Қалекен өзі айтқандай, оның еңбегін бағалайтын, бағамдайтын халқы бар. Дана халқымыз болат кездіктің қын түбінде жатпайтындығын, ал шын асылды тот баспайтындығын айтып еткен. Ендеше, оның жырларының да көмескі тартып, мұқалмасы анық.

МҰРАТ МҰРАСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

атанған Серік Харесов Жаңаөзен қаласындағы 7 орта мектеп ән пәнінің мұғалімі, халық ағарту ісінің үздігі.

Ол – Мұрат Өскінбаев ақсақалмен қоян-қолтық араласып, сырлас, дәмдес, шын мәнінде жолдас болған, бүгінде 100-ге толып, мерейтойы аталып отырған өнер тарланы, атақты күйші-композитордың көзі тірісінде күйлерін нотаға түсіре бастаған, сөйтіп сол кезде-ақ оның насихаттаушысы, зерттеушісіне айналған адам. Серік Харесов Атырау, Маңғыстау өңіріне белгілі домбырашы, “Жеңіс даңқы”, “Фонтан”, “Күйтолғау” “Сағыныш”, “Арнау”, “Шаттық”, “Аңсау сезімі” сынды күйлер мен күй-поэмалар шығарған күйші-композитор.

-Сәке, алдымен Мұрат Өскінбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайында толығырақ әңгімелеп берсеңіз?

-Ол Адайдың Жаңай руынан, Жаңайдың Әлісі. Әлменбеттен Қалманбет туған, Қалманбеттен Өскінбай, Үлкенбай атты екі ұл, Көркей, Шырай, Ақжжан атты үш қыз өрбіген. Қалманбеттің осы бес перзенті бірін-бірі жібермейтін, бірімен-бірі тайталасқан аты шулы домбырашылар болған деседі. Осы бес өнерпаздың өнер тарихында белгілісі Өскінбай Қалманбетұлы (1860-1925). Оның өмірі туралы Қазақ Совет энциклопедиясының 9-томында қысқаша мәлімет жазылған. Қазақ халық композиторларының

төл туындыларын салыстырмалы зерттеулерден өткізіп, өзіндік бағасын берген өнертану ғылымының докторы, академик, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбанов Өскінбайдың табиғи таланттылығы, шынайы күйшілігі туралы өз еңбектерінде: “Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрінде де, өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізін бір басына жинақтаған Өскінбайдың халықтық аспап музыкасында алатын орны ерекше”, - деп жазады. Академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов айтқандайын, қазақ халық композиторларының ортасында өз алдына бір төбе болып тұрған Өскінбайдың күйлерінен біздің дәуірімізге жеткені жиырма шақтысы ғана. Олар: “Шалыс өре”, “Жаңылтпаш”, “Ыңғай төкпе”, “Соқыр қыз”, “Жеті бұлбұл” немесе “Бұлбұл ақ желең”, “Жирен жорға”, “Кербез Айша”, “Түрікпен”, “Құлбай бақшымен тартыс”, “Баланазойы”, “Қынжал”, “Өмір өтті”, т.т.

Осы бір аты аңызға айналған дүлдүл күйші Өскінбайдан Жұмағұл, Хамит, Мұрат, Ишан атты төрт ұл, екі-үш қыз дүниеге келген.

Өскінбайдың жеті перзентінің ішінде Хамит өз заманында Маңғыстау өңіріндегі атақты әншілердің бірі болған. Ұлы Отан соғысына аттанған сапарынан хабарсыз кеткен азаматтардың бірі. Ал Өскінбайдың Мұраты өнер тарихы төрінен орын алған атақты да талантты күйші, қазақ композиторларының бірі. Өскінбайдан өрбіген Мұраттың күйшілік өнерінің бастау қадамы өскен ұясындағы әдемі дәстүрде жатыр десек, ақиқат шындық көрінісі. Мұрат Өскінбайұлы 1904 жылы қаңтар айының бірінші жұлдызы күні дүниеге келген. Кіндік кесіп, туып-өскен жері Маңғыстаудың Қарақия ауданына қарасты Жетібай елді мекенінің “Жетібай құдығы” аталынған жер. Алты-жеті жасында анасы қайтыс болған бала Мұрат аға, інісі, апаларымен бірге әкесі Өскінбайдың қолында тәрбиеленеді. Тұрмыс жағдайына байланысты жөнді сауат ашуға мүмкіндігі болмай, жастайынан еңбекке араласады. 1932 жылға дейін Кендірлі, Фетисов тұз өндіру кәсіпшіліктерінде, Түрікмен КСР-і “Қарабұғазсульфат” тресі Сартас кәсіпшілігінде қарапайым жұмысшы міндетін атқарды.

1934 жылы Түрікмен КСР-і Мәдениет комиссариатының ұйғарым-нұсқауымен Қарабұғаз халық театрына жұмысқа ауысады. Бес-алты жасынан өнерге еліктеп өскен Мұрат

Өскінбайдың күйшілік өнерін жете меңгеріп, өзінің бар өмір тіршілігін біржола өнерге бағыштауы осы 1934 жылдан басталған.

1934 жылдан 1954 жылға дейін Түрікмен КСР-інде артистік қызмет атқарған Мұрат Өскінбайұлы академик композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың арнайы шақыруымен Алматыдағы Жамбыл филармониясына жұмысқа ауысады, кейіннен 1960-шы жылдары ұйымдастырылған “Қазақконцертте” қызмет істейді. 1965 жылы құрметті демалысқа – зейнеткерлікке шығып, 1967 жылы туған өлкесі Маңғыстауға оралады.

-Бұл өмірінің соңғы жылдары болар?

-Иә, Жаңаөзен қаласын мекен еткен Мұрат Өскінбайұлы 1982 жылы ұзаққа созылған науқастан өмірден өтті. Дүние салып, топырағы бұйырған жері әкесі Өскінбай жерленген “Қырғын қауымы” Қарақия жотасының “Доңаза” деп аталатын жері. Халық өнерінің қайнар көздерінің бірі болған талантты күйші, халық композиторы Мұрат Өскінбайұлы өзі өмір сүрген ортасында өнер мұрасын қалдырды. Біздің заман тақырыптарына арналған тың стилдегі “Жан ата”, “Қоштасу”, немесе “Аттаныс”, “Сайлау”, “Жеңіс”, “1 Май”, “Отаным мәңгі жүректе”, “Қазақстан”, “Жетібай”, “Жаңарған Маңғыстау”, “Халықтар достығы”, “Бірінші космонавт” немесе “Өрен”, “Олимпиада -80” секілді бірнеше күйлері күйші-композитордың өнер тарихына қосқан өзіндік үлесі болып табылады. Мұраттың композиторлық, орындаушылық шығармашылығындағы отызға тарта күйлері арнайы оқу орындарына арналған оқулық ретінде Қазақстан Композиторлар одағының ұйғарым бекітуімен баспа бетінде жарық көрді.

-Мұратекең күйші, композитор ғана емес, жыршы, термеші, ақын ретінде де көпке танылған. Оның белгілі ақын Есенғали Бөкенбаевқа арнаған толғауын, Есағанның оған жырмен берген жауабын білеміз.

-Оның рас, оның өзі шығарған жыр, терме өлеңдері 1986 жылы “Аманат” деген атпенен кітапша ретінде баспа бетінен жарық көрді. Жиырмадан астам күйлері күйтабақшаларға жазылып, халық арасына кеңінен таралды. Орындаушылық шығармашылығындағы отызға жуық күйлері республика радио-теледидар алтын қорында, жиырмадан астам күйлері Құрманғазы атындағы өнер институтының фольклорлық бөлімінде, жүзден астам күйлері республика ғылым

академиясының музыка секторы бөлімінде сақтаулы. Құрманғазы атындағы өнер институтының Буданов, Жаңбыршиев секілді түлектері мезгілінде Мұрат шығармашылығынан дипломдық жұмыс қорғаса, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтан бастап, музыка өнері қайраткерлері мен зерттеушілері Қ.Тастанов, Б.Физатов, У.Бекенов, Т.Мерғалиев, жазушылар Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдиқов, тағы басқа бірнеше журналист қаламгерлер өз еңбектері мен мақалаларында талантты күйші, композитор Мұрат Өскінбайұлының шығармашылығы мен орындаушылығы төңірегінде жылы лебізді ой, пікірлерін жазды. Мұраттан маңғыстаулық терме, толғау өлеңдері мен күйлерін үйренбеген жас өнерпаздар кемде-кем. Олардың қатарында марқұм Әлқуат Қожабергеновтен бастап, М.Панаев, С.Шәкратов секілді республикамызға танымал домбырашылар бар. Халық өзі таңдаған, өз талғамынан шыққан өнерпаздарды кейінгі ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізіп отырады, дәріптейді. Мәселен, Мұрат Өскінбайұлы өмірден өткеннен кейін 1984 жылы Жаңаөзен қаласының халқы оның 80 жасқа, 1989 жылы 85 жасқа толу құрметіне арналған өнер мерекелерін ұйымдастырды. Соған орай, Жаңаөзен қаласына тақау Теңге елді мекенінде М.Өскінбаев атындағы көше дүниеге келді. Қаладағы балалар музыка мектебіне М.Өскінбаев есімі берілді. Қаланың екінші шағын ауданындағы ол тұрған мекен-жайға ескерткіш тақта орнатылды. Бұның барлығы өнер адамына деген халықтық сый, құрметтің шын көрінісі деп түсінген жөн.

Бұл өмір бойы бұзылмаған және бұзылмайтын дәстүр болса керек.

-Сәке, сіздің Мүрекеңмен алғашқы таныстығыңыз қалай басталды?

-Мен Атырау (бұрынғы Гурьев) пединституты музыка факультетінің іргетасын қаласқанмын, сол оқу орнында сабақ бердім. Тағдыр айдап, дәм тартып 1980 жылы Жаңаөзенге келіп, Төлесін Әлиев атындағы мектепке қызметке тұрдым, өзім жатақханада жататынмын. Бір күні үзілісте мектептің сол кездегі мұғалімдері Саналбай Тасболатов, Шәріп Төлендиев үшеуміз әңгімелесіп тұрғанбыз. Әңгіме күйге, күйшілікке ойысқан кезде олар Мұрат Өскінбайұлының осы Жаңаөзенде тұратынын айтты. Бұған мен елең еттім. Өйткені бұрын Форт-Шевченкодa қызмет істеп Атырауға оралған математик ағамыз Закария Қабдол-

ұлы Жұмағазиевтен Мүрекең, оның күйшілігі жайында естіген болатынмын. Сондықтан әңгімені төтесінен тарттым:

-Ол кісіні қайдан табуға болады, мекен-жайын білетіндер бар ма?

-Осы мектепте, бесінші сыныпта оның немересі оқиды ғой, содан білуге болады, - деді Саналбай.

-Жақсы ендеше, сол сыныпта бүгін менің сабағым бар еді, - дедім мен.

Сонымен 5-сыныпқа бардым. “Сыныпта Әзірбай Өскінбаев деген бала бар ма?”- деймін. “Менмін”, - деп кішкентай, арық қара бала орнынан көтерілді. Мүрекең жайлы сұрастырып, мекен-жайын жазып алдым. Ол кезде олар ұмытпасам, қаланың екінші шағын ауданында, екі бөлмелі пәтерде тұрады екен. Бір күні іздеп бардым. Есік алдында Мүрекеңнің зайыбы Нұрбалқан шешеміз самауыр қойып жатыр да, үйде бірі – ірі толық та, екіншісі – арықша, қағілез келген екі кісі отыр екен. Арықшасы бұл үйдің қонағы болып шықты. Аты Сейілхан, руы – жаппас, көп жыл газет редакторы болған өнерлі жан болып шықты. Бірер күй тартты. Кезек келген соң мен “Жалдықараны” тарттым. “Мынау Қалидың тартысы ғой”, - деді Мүрекең. Бұл - Қали Жантілеуовты айтқаны. Әңгіме шешіліп сала берді. Сол танысуымыз жолдастыққа, жолдастығымыз сыйластыққа ұласты.

-Сізді жұртшылық Мұрат Өскінбайұлының өнерін, оның күйлерін насихаттаушы, зерттеуші ретінде біледі. Мұны Мүрекеңнің өзі құп көріп, риза болды ма?

-Бір рет үйіне барып отырғанымда, ағамызға күйлерін жазып алып, нотаға түсірсем деген ойымды айттым. “Талай адам келді, шығарамыз деп, жазып алады да, “шу қаракүйрық” дегендей хабарсыз кетеді”, - деп жатыр Нұрбалқан шешей. Содан оның үш-төрт күйін жаздым. Олар “Өрлеу”, “Отаным мәңгі жүректе”, Мұраттың орындауындағы Өскінбайдың “Бұлбұл ақжелеңі” бар. Екіншіден, бұл істі қолға алуыма сол кезде мәдениет саласының басшылығында жүрген Т.П.Догадованың күйші-композитор күйлерін нотаға түсіру жөніндегі ұсынысы қамшы болды. Әрине, менен басқа да кейбір домбырашылар оның шығармаларын түсірмек болған, бірақ бұл оңай шаруа емес және олардың түсірген кейбір ноталарын тыңдап көрген Мүрекең жарыққа шығаруларына қарсы болған. Менің жазғандарымды тыңдағаннан кейін өзі “Серік, сенікі

дұрыс, жалғастыра беруіңе болады”, - деп, ыңғай танытты. Мұраттың “Отаным мәңгі жүректе”, “Олимпиада – 80” атты күйлерін тұңғыш рет оркестрге шығарып, өзіне тындаттым.

-Сонымен, Сәке, Мұрат Өскінбайұлы күйлерінің нотасын және күйтабағын шығардыңыз, бұл ұстаз-аға, дара талант алдындағы інілік парызды орындауыңыз, қазақтың күй өнеріне, оның ұрпаққа жетуіне, болашақта сақталып, жасай беруіне қосылған зор үлес деп бағаланса керек-ті.

-Мұрат Өскінбайұлы өзі өлсе де өнері өлмейтін, халқымызбен бірге жасай беретін сан қырлы, санлақ тұлға. Сондықтан да оның күйлерін насихаттау, тарату, ұрпаққа мұра ғып қалдыру ісі жалғаса беретініне сенемін. Көп еңбектену, іздену нәтижесінде 1996 жылы Қазақстан Композиторлар одағы жанындағы “Дайк-пресс” баспасынан “Мұрат Өскінбаев күйлерінің жинағы” аталатын кітапты жарыққа шығардым. Жинаққа рецензияны Қазақстан Композиторлар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Базарбай Жұманиязов жазды. Алты мың данамен жарық көрген жинаққа күйші-композитор Мұрат Өскінбайұлының мен нотаға түсірген он екі күйі, А.Тоқтағанов түсірген бір күйі енді. Сонымен қатар Маңғыстау халық композиторлары шығармаларының Мүрекеннің орындау шеберлігіндегі он жеті күй, барлығы 30 күйдің нотасы жарыққа шықты.

Сондай-ақ менің орындауымда 1986 жылы күйтабақ шықты. Мұнда халық композиторлары Қоңыр Жүсіптің “Қоңыр”, Абылдың “Нарату”, Өскінбайдың “Бұлбұл ақжелеңі”, Есірдің “Күнтайы” және Мұраттың “Құдағайы” бар.

Асқар таулар алыстаған сайын биіктейді ғой. Мүрекен де арамыздан кетіп, уақыт алшақтатқан сайын асқақтай түсуде. Оның 80, 85, 90 жылдық мерейтойлары мұнайшылар қаласы – Жаңаөзенде аталса, енді міне, ғасыр тойы облыс орталығы, ақ шаңқан қала – Ақтауда аталуда. Жуырда облыстық филармонияға Мұрат Өскінбайұлының аты берілді. Өнер адамының бақыты осы шығар деп ойлаймын. Ол өзінің күмбір қаққан күйлері сынды ұрпақтар жадында жаңғырып, сақтала бермек. Оның көзін көріп, өнерін зерттеп, жалғастырып жүрген біз үшін мұнан артық қуаныш бар ма?!

Қазан, 2004ж.

САЗГЕР

(Жалғас Кеңесұлы жайында үзік сыр)

Әлі есімде тоқсаныншы жылдардың ортасы болса керек. Ол кезде Жаңаөзен қаласында тұратын едім. “Қалаға өнерлі бір жігіт келіпті, асабалығы күшті екен, аты-жөні Жалғас Кеңесұлы”, деген хабарды еститінмін. Бірде сол кезде Жаңаөзен мұнай колледжінде оқытушы болып қызмет істейтін, ансамбльде ән айтып жүретін өнерпаз Есболат Аманжолов дейтін жігіт тап бола кетті. Амандық-саулықтан кейін ол: “Бізге жаңадан келген Жалғас деген жігіт сіздің апа туралы өлеңіңізге ән шығарыпты, өткен сенбі күні Жетібайда тойда болдық, сонда орындалды, ақ жаулықты әжелер көзін бір шылап алды”, - деді. Кейіннен, 1998 жылы бұл ән Қазақ радиосының республикалық “Жаңа жұлдыздар” байқауында бірінші орынды иеленді.

...Балалық шағы Сыр елінде өткен Жалғас кішкентайынан өнерге жақын тұрды. Құрманғазының, Тәттімбет пен Динаның жан тебіренерлік күйлеріне елтіп, Абай мен Ақан серінің лирикаға толы әндерінен, Әсет пен Нұрғисаның әуезді әндерінен сусындап өскен оның рухани жан дүниесі байып, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ сазгерлікке, ақындыққа ден қоя бастады. Ән мен күй десе ішкен асын жерге қоятын ол мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болды. Мектеп бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы қазіргі Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің музыка факультетіне алып барған да осы бір құштарлық еді. Музыка әсершіл нәзік сезіммен, қылаусыз жүректен шығатын туынды. Әйтпесе тыңдаушы жүрегіне жетпес еді. Тырнақалдысы – 1980 жылғы көктемде дүниеге келген “Нәзігім-арманым” әні болды.

Жалғастың сазгерлік өнері өзінің атажұрты – Маңғыстауға, оның ішінде мұнайлы Жаңаөзенге көшіп келгеннен кейін қанаттанып, шын мәнінде өріс жайды. Атап айтар болсақ, ол Фариза Оңғарсынованың, Қайнар Олжайдың, Светқали Нұржанның, Құдайберген Қазыбековтың, Сайын Назарбекұлының, Қаржаубай Рейімбайұлының, Рәуіл Майдановтың, тағы да басқа ақындардың өлеңдеріне ән жазды. Ол арнайы тапсырыспен емес, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген немесе қолына түскен жыр кітаптарынан өзінің көңіліне ұнаған өлеңдерді әнге айналдырады екен. Оны тіпті өлең авторлары

да білмей, кейін естіп жатады. Мұндай жағдай менің басымнан да өткен-ді. Өткен жылы Ақтаудағы облыстық филармонияда Жалғастың “Маңғыстау біздің -әніміз” атты кеші зор өрлеумен өтті. Кеште орындалған әндердің он шақтысы менің өлендеріме жазылғанын естіп, таң қалғаным бар. Оның жоғарыда аталғандардан басқа “Айналайын”, “Маңғыстау -біздің әніміз”, “Ұландар”, “Шығайық қырға”, “Аққулар”, “Аққу арман”, “Туған күн”, “Сағыныш”, “Домбыра”, “Әнші қыз монологы”, “Асыл жарым”, “Іздеймін сені”, “Бала болашағың”, “Қартаймайды ғашық адам”, “Сенсіз таңдар”, “Құрылысшылар әні”, “Жаңаөзен жас қала”, сияқты әндері көпшіліктің көкейіне қонды. Жалғастың Фариза апамыздың сөзіне жазған “Көңіл назы” әні 2002 жылы қазақ радиосының байқауында бірінші орынға шықты. Осы ән және “Апа, сен қартаймайсың” әні “Тамаша” ойын-сауық бағдарламасында орындалса, оның сөзін де, әнін де өзі шығарған “Қайран дүние” әнін ұлттық телеарнадан республикаға белгілі әнші Нұрлан Өнербаев “Ән мен әнші” бағдарламасында орындады.

Оның әндерін сондай-ақ еліміздің Ұлжан Айнақұлова, Сембек Жұмағалиев, Ералхан Әбішев, Бейбіт Сейдуалиева, Бақыт Шадаева, Нұрмағанбет Наренбаев, Ұлықпан Жолдасов сияқты әншілері орындап жүр. Бұл Жалғастың әндерінің республикамызға тарай бастағанын көрсетеді. Жуырда Республикалық авторлар құқы жөніндегі қоғам оның сазгерлік өнерін жоғары бағалап, 34 әнін тіркеуден өткізді және авторлық куәлік тапсырды. Бірнеше әндері республикалық телеарналардың концерттік бағдарламаларынан көрініс тапты. “Әнші қыз монологы” әнін әнші Бақыт Шадаева деректі телефильмде шырқады.

Жалғас мұнан екі-үш жыл бұрын өздерінің алтын тойларын тойлаған еңбек ардагері Кеңес аға мен ардақты ана Жаңыл жеңгейдің он баласының бірі. Қызмет жолын мұғалімдіктен бастаған ол мектеп директорының орынбасары, Жаңаөзен мұнай колледжі директорының орынбасары міндеттерін атқарды. Қазір мұнайшылар қаласындағы мәдениет пен өнердің ордасы -“Өнер” қазыналық кәсіпорнының директоры қызметін атқаруда. Зайыбы Тұмар мектепте мұғалім. Балалары өсіп келеді. Халқымызда сүйсінгенде айтылатын “Сегіз қырлы бір сырлы”, “Жігітке жеті өнер де аз”-деген сияқты мәтел сөздер бар. Бұл тура Жалғас Кеңесұлына арналып айтылғандай, өйткені ол

сазгерлігімен қоса ақын әрі әнші, концерт жүргізуші әрі асаба, жалпы алғанда, өнерімен өрге жүзген жігіт. Қала деңгейінде өтетін сан алуан шараларға мұрындық болып, өзі ұйымдастырып, өзі жүргізіп жүргенін талай көрдік. Сонымен қатар кейбір әндерінің мәтіндерін жазған да өзі.

Жуырда Жалғастың өмірінде қуанышты оқиға болды. Астанадағы Президенттің мәдени орталығында оған Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері атағы беріліп, белгісі тапсырылды. Бұған Жалғасты білетін, оның өнеріне қол соғып жүретін маңғыстаулықтар түгел қуанды десек, асыра айтқандық емес. Өйткені, бұл оның ширек ғасырлық тертөкті еңбегінің жемісі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дегендей, сөзіміздің соңында сазгер Жалғас Кеңесұлына бағытыңнан таймай биіктерді бағындыра бер дегіміз келеді.

2006 ж.

ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Менің шығармашылығымға шапағаты тиген жандардың бірі - Қабекең, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиетші, зерттеуші-ғалым марқұм Қабіболла Сыдиықов болды.

Сексенінші жылдардың басы болатын. Бірде Түрікменстандағы Красноводск аудандық “Жұмысшы” газетінің жауапты хатшысы Есберген Іңірбайұлы үйіне Қазақстаннан аса құрметті қонақтардың келетінін айтып, бірге болуға шақырды. Мен онда “Жұмысшының” бөлім меңгерушісімін.

Редакциямызға жақын тұратын Есбергеннің үйіне барсам, екі қонақ кісі отыр екен. Бірі Қабекең де, бірі Ағзам Ыбыраев деген азамат. Қабекең сол кезде Алматыдан оралып, Форт-Шевченко қаласы тарихи-өлкетану мұражайының директоры екен. Танысып-біліскеннен кейін кезек әдебиет ауылына, поэзияға қарай ойысты. Байқаймын алғашқы пікірлесуден ақ Қабекең екеуміз бір-бірімізге ұнап қалған сияқтымыз. Ол Қанатбай сынықшыға қаралуға келген екен. Қонақ болып, ел қыдыруға асығыс екендіктерін айтты.

Қабекең сол сапарында Красноводск мен оның маңында тұратын қазақ ақындары – Есенғали Бөкенбаев, әкелі-

балалы Өткілбай және Құдайберген Көпековтер сияқты бес алты адамның өлең-жырларын өзімен ала кетті. Бұрын жекелеген өлеңдерім республикалық газет журналдарда жарияланып жүрген мен де бір топ өлеңдерім мен суретімді беріп жібердім.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Манғыстаудың сол кезде “Коммунистік жол” аталатын облыстық газетінде “Нұр шаша бер, бейбіт күн” деп аталатын үлкен тақырыппен бес-алты өлеңім суретіммен жарқ ете қалды. Қабекең жүрек тебіренерліктей ғып алғы сөзін жазыпты.

Қабиболла аға 1994 жылы жарыққа шыққан тұңғыш жыр жинағым “Бойтұмарға” да алғы сөз жазды.

Өкінетінім Қабекең ағамызбен көп дидаласып, бірге болып әңгімесін тыңдай алмадық. Анда-санда Алматыға бара қалғанымызда үйіне телефон шалатынмын. “Үйге келсейші,”- деп шақырған кездері де болды, бірақ сәті түспей-ақ қойды. Арнайы бір барармын деп жүргенімде ағамыз дүниеден озды. Енді оны еске алудан, ол туралы естелік айтудан басқа қолымыздан ештеңе келмейтін сияқты.

Қайран Қабеке, Қабиболла аға, жатқан жерің жайлы болсын, тірлікте өте көп еңбектендің, бейнет пен қиындықты да аз көрмедің, бақида жаның жәнәтта болып, нұрын шалқысын, абзал аға!

ОН ЖЕТІДЕ ОТ КЕШКЕН

Сол күні Қошоба ауылынан шығып, жүз сексен шақырымдай жердегі Қарабұғаз қаласына жол тартқан жиырма жігіттің ішінде Сұлтан да бар еді. Бұл оның аудандық әскери комиссариатқа екінші сапары. Жетектегі екі түйеге жігіттер кезек-кезек мініп, аяқ суытады. Басқалардан жасы кіші болса да, өзін ересек санаған Сұлтан сыр бермейді. Жаздың күні қандай ұзақ болса, жол да сондай, жеткізбейді. Тас төбеден шақырайған күн тапжылар емес. Аялдаған кезде құтыдағы жылымшы сумен ерін шылайды да, жүріп кетеді. Көкшіл сағымы көлкіген сүреңсіз шөл даланы таспадай тілген ақшандақ жолмен кәрі Атырау жағасындағы қалаға таяған сайын Сұлтанды бір ғана ой мазалауда: “Тағы да кейін қайтармаса екен”. Оны кейін қайтармады. Бұған Сұлтанның туған жылына бір жылды қосып айтуы себеп

болса керек. Көкейге түйген ойының сәтті шешілгеніне қуанған Сұлтан он жеті жасында майданға аттанды.

* * *

Өзінің жауынгерлік жолын автоматшылар ротасында бастаған кіші сержант Сұлтан Балхаев бүкіл Украинаны, Белоруссияны, Литваны, Шығыс Пруссияны жаяу жүріп өтті. Ол Курск иініндегі шайқастарға да қатысты. Бірде оның бөлімшесіне сол аудандағы жау күшінің орналасуы жөнінде мәлімет түсіру тапсырылды.

Сұлтанның тобы жау тылында алты сағаттан аса болып, орманның алдын ала жоспарланған тұстарын шолып, картаға белгілер соқты. Қарауындағы жігіттерімен аса сақтық пен табандылықты қажет ететін тапсырманы ың-шыңсыз орындаған Сұлтанның көкірегін қуаныш кернеді. Жауынгерлеріне ризашылықпен қарап қояды. Қырғыз Омаровтың жасы 38-де болса, орыс Сема он жетіге жақында толған-ды. Ұлты да, жасы да, мінез-құлқы да түрлі-түрлі осынау жандар бірге туған бауырларындай ыстық. Жалғыз аяқ соқпаққа түскен олар тезірек асып кету үшін ширақ басып жүріп келе жатты.

-Командир, фрицтердің әлгі дзотын байқадыңыз ғой? Өте мықты, біздің адамдардың талайын жер құштырады-ау. Көзін құртып кетсек қайтеді? — деп сыбырлады Сема. Жүзінен балаңдықтың табы кетпеген оның отты жанарынан қайтпас қажыр аңғарғандай болды.

-Тапсырмада белгіленбеген, - деді бұл ұсынысты ой таразысына салып тұрып.

-Алдыңғы шепте тұр ғой, граната жаудырып, бұзайық та, тартып кетейік.

Осындай тоқтамға келген топ ымырт қараңғылығын жамылып, жау шебінде сәл кідірген еді. Біраздан кейін жау дзоты қызыл жалын құшты. Шаң-шүң дауыстар естіліп, аспанға ракеталар атылды. Әр тұстан із тастаған автоматшылар бұл кезде ұзап та кеткен еді.

Көп ұзамай автоматшылар тобы әкелген мәліметтердің құндылығы анықталып, топ мүшелері наградаға ұсынылды.

* * *

Харьков қаласын азат еткен кеңес әскерлері гитлершілдерді Днепрге тықсырды. Сұлтан қызмет ететін 92-гвардиялық Харьков полкі 1943 жылғы қыркүйекте Днепрден өтті. Сұлтан соғыс кезінде көптеген қалалар мен

селоларды көрді. Алайда, сол бір Бородавка деревнясы күні бүгінгідей көз алдында. Осы деревняда өші қалғандай жау үсті-үстіне шабуылдады. Автоматшылар ротасы зор шығынға қарамастан табан тіреген окоптарын күні бойы қорғады. Түнге қарай ғана шабуыл тынып, күндізгі оқ гүрсілі толас тапқандай болды. Қолқаны қапқан оқ-дәрі исі сейіліп, күздің қоңыр самалы есті.

Таң елең-алаңда жанына екі автоматшыны ерткен Сұлтан барлауға шықты. Фашистер техникасын осы тұсқа шоғырландырып жатты. Орманның қалыңдау тұсына жасырынған жау “тигрлері” мен “пантераларының” тұмсығы сораяды. Барлаушылар жаудың шайқасқа мықтап дайындалып жатқанын көрді. Бұл жөнінде біздің командованиеге мәлімдеме беріліп, шұғыл шаралар алынды. Таң ата жер солқылдағандай болып, фашистердің тегеурінді танктері шабуылға шықты.

Жаудың он төрт танкісі қатарласа жылжып, окопқа таяды. Олардың соңын ала жаяу әскерлері ілесті. Алдыңғы белеске жақындаған танктің үшеуі өрт құшты. Қалғандары жиілете оқ шығарып, алға ентелеп келеді. Бүкшендей жүгірген жау солдаттарын қарауылға алған Сұлтан автоматшылары оқ септі. Кенет бастан тиген ауыр соққы есеңгіретіп жіберді. Миына ине сұғылғандай әсер алды. Есін жиғанда көз алдындағылар шырқ көбелек айналып бара жатты. Бойын зорға билеп, окоп түбіндегі бір бума гранатаны қолына қысып ұстап, жау жаққа көз тікті. Бет-аузын қан жапқан оны рота командирі Якименко қолтығынан демеді.

-Бұйырамын, жедел медсанбатқа барасың! — деді ол.

Алғаш медициналық көмек көрсеткен ақжарқын санитар жігіт жақ сүйегінің жараланғанын, тілінің де зақымданған болуының мүмкін екенін айтып, қолына блокнот пен қарындаш ұстатты. Жақ ашуға тыйым салды. Медсанбатта ұрыстың барысын білуге құштар жаралылар Сұлтанды ортаға алды. Әсіресе, екі жауынгер мұның жанына келіп, сұрақ қоюмен болды:

-Бородавка түбінен бе? — Сұлтан басын изеді. — Біздікілер жауды тоқтата ала ма? — Сұлтан басын изеп, бас бармағын көрсетті. Ашуланған бірі: “Сайтан алғыр, қорыққаны сонша, тіпті тілден айырылыпты,”- деді. Міне сонда санитардың блокноты мен қарындашы кәдеге асты.

1710-арнаулы эвакуациялық госпитальдың хирургі Му-

хин мен емдеуші дәрігер Иконниковке Сұлтанның сынған жағын емдеу оңайға түспеді. Оның алты айдан кейін ғана қатарға қосылуына мүмкіндік туды. Жүзіндегі тыртық пен тілдің білінер білінбес ақауы сол ауыр жарақаттан қалған белгі.

* * *

1944 жылғы маусымда 97-атқыштар дивизиясы Витебск қаласын азат ету жолында кескілескен шайқастар жүргізді. Гвардия аға сержанты шеніндегі Сұлтан осы дивизияның 136-атқыштар полкіндегі автоматшылар ротасы взвод командирінің көмекшісі болатын. Атыс кезінде командирі оққа ұшты да, Сұлтанға шабуыл алдында взводты басқаруға бұйрық берілді.

“Отан үшін алға!” деген дауыс естілгенде жауынгерлер жаңбырша жауған оқ астында жау траншеяларына қарай ұмтылды. Алдыңғылар қатарында окоптан көтерілген Сұлтан бірнеше метр жүгірді де, жолай кезіккен траншеяға бұрылды. Қарсы алдынан атылған автомат оғы жердің шаңын бұрқыратып жіберді. Окопқа бұққан Сұлтан кейін шегіне түсіп, өзін нысанаға алған жау автоматшысының орналасқан жерін көргісі келді. Шегіне бергенде екінші тұстан атылған оқ жолын бөгеді. Бұл бұрын байқамаған жау дзотынан “сөйлеген” пулемет еді. Екі оттың ортасында қалған Сұлтан бас көтере алмады. Ажал сепкен жау автоматшысы өз нысанасын іліктірмей қоятын емес. Сәл бөгелсе, андысу жаудың жеңісімен шешілмек. Сұлтан соңғы гранатасын оқ шыққан тұсқа дәлдеп лақтырды да, автомат үні өшкен мезет ышқына алға ұмтылды. Кешіккен жау пулеметі оның орнын “сипап” қалды. Гранатадан өлген неміс автоматшысы траншеяға асыла құлапты. Оның дәл жанынан бір жәшік неміс гранатасын тапты. “Енді соғысуға болады”, деп ойлады да, жау дзотының амбразурасына бір-бірлеп жеті граната лақтырды. Пулемет үні өшкенде уралап, жауынгерлерді шабуылға көтерді. Дзоттан тоғыз неміс солдатты қолын көтеріп шықты. Олардың соңын ала эсэстік обер-лейтенант көрінді. Есік алдына бөгелген ол пистолетін Сұлтанға кезене берді. Оның қимылын бағып үлгерген Сұлтан бұрын атты...

Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Сұлтан екінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

Ұлы Жеңіс күні келіп, фашизм өз ұясында галқандалғаннан кейін Сұлтекең туған жерге оралды. Қошобаға сондай-ақ өзімен бірге майданға аттанған Қыдырша Тәңірбергенов, Берекет Тасқараев, Қалаушан Қарабалин сияқты ауылдастары да қайтып оралды. Көпшілігі майданнан қайтпады...

Бейбіт өмірде Сұлтан метеоролог мамандығын қалады. Ол ауа райын бақылау станциясының инженер-бастығы болып қырық жылдай еңбек етті. Өз ісінің үздігі атанды. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Қазір Ақтау қаласында тұрады, өзі де, зайыбы да құрметті демалыста. Олар он бала гәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Науан Жаңаөзен қаласында тұрады, автоколонна бастығы. Бір-бір шаңырақ иесі болған Қосай мен Абай Ақтау қаласының тұрғындары. Раиса, Қарлығаш, Гулимат есімді қыздары да тұрмыс құрған, балалы-шағалы. Гүлзирасы осында акушерка. Юнисі де қызмет істейді. Жанарыс, Бекарыс – мектеп оқушылары.

Жылда көктем туып, Жеңіс күні таяғанда 28-гвардиялық Харьковтық екі мәрте Қызыл тулы атқыштар дивизиясының және 97-ші Витебскілік Кутузов және Суворов орденді атқыштар дивизиясының ардагері Сұлтан Жақышұлы Балхаевтың атына Москвадан, Ленинградтан, Куйбышев пен Бакуден, Таллиннен, ұлан-ғайыр Отанымыздың түкпір-түкпірінен хаттар ағылады. Міне, мына бір хат Ашхабад қаласында тұратын полктасы Юрий Николаевич Башкуриннен: “Қадірлі Сұлтан, сізге Одессаның жауынгерлік даңқ музейінде сақтаулы тұрған 28-гвардиялық атқыштар дивизиясы ардагерлері суретінің көшірмесін жолдап отырмын. Мықты денсаулық, белсенді іс-қимыл, табыс тілеймін. Жастарға байырғы гвардияның тот баспайтындығын көрсетіңіз.”

Осындай хаттарды ол 92-гвардиялық атқыштар полкының парторгы қазір Түрікмен КСР ДОСААФ Орталық комитетінің төрағасы, генерал-майор Аман Розаевтан, автоматшылар ротасының командирі, қазір отставкадағы подполковник И.Я.Василенко, 136-атқыштар полкының штаб бастығы, отставкадағы полковник А.Ф.Хохлов сияқты бұрынғы қанды көйлек қаруластарынан да алды.

Оған отыз бес полктасы, олардың балалары мен туыстары хат жазады. Сондай-ақ Кеңес Армиясының бес ардагерлер комитетімен хат алысады. Сұлтан жауап жазудан жалыққан

емес. Ардагерлер музейлеріндегі кездесулерге бірнеше рет қатысты. Ол қарулас достарын іздеп, өзі құрамында соғысқан дивизиялар мен майдандар ардагерлер комитеттеріне хабарлап, Украина, Белоруссия, Литваның орталық газеттеріне мақалалар жазды. Сол үшін де алғыстарға бөленді. Қарақалпақстанның “Советтік Қарақалпақстан” газетінде Сұлтекеңнің “Мен сені іздеп жүрмін” атты мақаласы жарық көрді де, ол көп ұзамай қырық жылға жуық көрмеген майдандас досы Қыдырбай Сабыровпен қауышты.

Елгезек те жаны жас ардагер жастарға интернационалдық және патриоттық тәрбие беру ісіне де белсене араласуда.

22.05.1987 ж.

МАЙДАНГЕР

Қазан мерекесі болатын. Қай кезде де жолаушылар арылмайтын қалалық автовокзалда адамдар ерекше көп. Бірі кіріп, бірі шығып сапырылысқан жұрт. Кенет омырауы жарқырап есіктен кірген ұзын бойлы кісі жұрт назарын өзіне аударды. Қолындағы таяғын тек сәндік үшін ғана ұстағандай еңсесін биік тұтып, нық адымдаған ол көзіме оттай басылды. “Япыр-ау, шынымен Жәкең бе?” деп ойладым. Қыран қабағының астындағы өткір жанарына көзім түскенде таныдым. Самайын қырау шалып, жүзінен үлкендіктің белгісі аңғарылғанымен сол өр тұлғалы қалпы. Кассадан билетін алып, сыртқа беттегенде, ілесе шығып сәлемдесіп ем. Сені қайда көрдім дегендей жүзіме көз тоқтатты. Есімімді атағанымда ойланып тұрды да, есіне түсіргендей жадырап сала берді. Қолыма қалам ұстатып, бастауыш сыныптарда оқытқан аяулы адаммен араға жиырма жыл салып осылай кездейсоқ кездестім.

-Үйге жүр, қарағым, мына жиырма жетінші микроауданда тұрамын. Айтпақшы, Жаңаөзенге жол жүріп барамын деген екенсің ғой, онда адресімді ұмытпа, - деді ол.

...Жақай Сарбасов Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысты. 1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына азаматтық борышын өтеуге аттанған ол туған жерге араға алты жыл салып оралды. 138-ші атқыштар дивизиясы атты әскер барлаушыларының взвод командирі ретінде қанқұйлы жа-

уды өз ұясында талқандағанға дейін саптан шыққан жоқ. Кабардин-балкар жеріндегі Прикладный қаласы маңында болған ұрыста алғаш рет, ал Карпат бойын жаудан азат ету жолындағы шайқастардың бірінде екінші рет жарақат алды. Екеуінде де жауынгер достарының арасына тезірек жетуге асықты.

Қашаннан көзі ашық, көңілі ояу Жәкең майдандастарының суреттерін, уақыт табынан сарғайған хаттар мен газет қиындыларын асыл қазынасындай сақтап келеді. Олардың арасында Карпат бойын, Чехословакия мен Венгрияның көптеген қалаларын жаудан азат етуге қатысқаны үшін Суворов орденді, Қызыл тулы Карпат дивизиясының командирі полковник Васильевтің Жоғарғы Бас қолбасының бұйрығымен берген алғыс хаты да бар. Әсіресе, бес барлаушы – Орлова, Бабенко, Антропов, Ковальчуктың ортасында отырған суретіне сол бір жалынды жылдар көз алдынан елестеп өткендей ұзақ қарады.

Сол жақ қолтығында отырған бала Саша Ковальчукты өзінің қандас бауырынан кем көрмейтін. Карпат жерінің ой-шұқырын жетік білетін, ержүрек жас барлаушы көп көмектесті. Бірде барлау кезінде бұлардан оқ бойы ұзап кеткен ол көз алдарында жау отрядының қоршауына түсіп қалғаны бар. Мұны көріп келе жатқан барлаушылар сан соқты. Жауар бұлттай түнере қалған командирінің ойын сезді-ау деймін: “Күшіміз тең емес, Жәке, кейін қайту керек”, -деді барлаушы Бабенко. “Жоқ, құтқаруға тырысып көрейік”, -деп қысқа жауап қайырды. Жықпыл-жықпыл аңғарды қуалап, жаудың алдын орағытты да, тұтқиылдан оқ жаудырып, шабуылға шықты. Тіседен асқан қардан малтығып жүре алмай келе жатқан дұшпанның көбін ұзатпай жер құштырды. “Саша, жат” деп айқай салып, балаға үмтылды. Оң аяғының жылан шағып алғандай дыз ете түскенін елемеді. Балаға жете жығылып, бауырына басты. Жылап көріскен Саша мойнынан құшақтап айырылар емес. Жау гобы бұларды көп деп ойласа керек, орманға шегінді. Ет қызуымен сезбепті, оқ оң аяғының қоң етін тесіп өткен екен, ауырсынып орнынан тұра алмады. Қанға боялған ақша қар үстінде ұзақ жыл көріспеген бауырлардай қос барлаушы - қазақ пен орыс құшақтасып жатты.

-Соғыстан кейін офицер болуды армандайтын, мақсатына жетті ме екен, - дейді Жәкең суретке қарап күбірлеп.

Жақай Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін “Қызыл

жұлдыз”, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Жеңістен кейін 1945-1946 оқу жылында Жәкең біздің ауылға мұғалім болып келеді. Мұндағы мектептің директоры да, төрт сыныпқа сабақ беретін мұғалімі де өзі болды. Түске дейін екі сыныпты, түстен кейін екі сыныпты оқытады. Балаларды соңынан ертіп, мектепке қарай келе жатқан, ауыл сыртындағы тақырға оларды жинап алып, жарыстырып, күрестіріп күле қарап тұрған оның бейнесі әліге дейін көз алдыма елестейді. Ол бізге Отан соғысының отты жылдары, майданнан қайтпаған ауылдастары жайында еңгімелейді. Бірақ өзі туралы айтқанын естіген емеспіз.

Ауыл мектебінде отыз жылдан астам еңбек еткен Жәкең сол мектептен құрметті демалысқа шығыпты. Зайыбы Мақпал жеңгей екеуінің тәрбиелеп өсірген сегіз ұл-қызы қазір халық шаруашылығының сан-саласында еңбек етеді. Тұңғышы Сағида байланыс қызметкері, Зина – тігінші, Зағипа – бухгалтер, Жарылқасын – электрик, Оңдасын – пластмасса бұйымдары зауытының шебері, Роза – есепші, еңбекті оқумен ұштастырып, политехникалық институтының кешкі бөлімінде оқитын Нұрадин слесарь.

-Сұм соғыстың жан түршігерлік көріністерін өз көзімізбен көрдік. Біздер, ардагерлер, еліміздің бейбітшіл саясатын шын жүректен қолдай отырып, осы бағытта жүргізіліп отырған игі шараларға белсене қатысамыз. Жастарға адамгершілік, патриоттық тәрбиеге жауаптымыз, - дейді соғыс және еңбек ардагері Жақай Сарбасов.

21.01.1987 ж.

ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖОЛ ТАПҚАН

“Азырақ тұрып ортанда
Көңіліңде тұрсам көбірек”
М.Сатыбалдиев

Ақын Мендекеш Сатыбалдиевтің өлеңдерімен ең алғаш “Шулайды толқын” атты жинағын оқығанда танысқан едім. Осыдан кейін-ақ ол іздеп жүріп оқитын ақындарымның біріне айналды. Қарапайым, жылтырауық сөзден ада, өткір де ойлы, кейде асқақ пафосты жырлар баурап алатын болды. Оның бір өлеңдері найзағайдың жарқылындай селт

ЕЛ ЕСІНДЕСІ ЕСІМДЕР

еткізсе, екіншілері бал бұлақтың сылдырындай әлдилейді:

...Ізгілік деген кітапқа
ылғи қосып бір жүрген бай тарау,
Атырау елі,
өзіңмен күллі қазақтың бағы байтақ-ау!
Мен мұны айтам
Алатаудың да басына шығып шалқайып,
Мен мұны тіпті
Дүниенің түгел төрт бұрышына да айтам-ау!

-деп тебіренеді ол Атырау өлкесі—бүгінгі Маңғыстау жайында. Меңдекеш өлендерін боямалап жатпайды, бос даурықпаға да құмар емес-ті. Сөз патшасы - қасиетті өлең өнеріне асқан жауапкершілікпен қарайды. Өлеңдерінің бірінен-бірі тартымды болуы да сондықтан болса керек. Қай өлеңін алсаң да, өз соқпағы бар жолаушыдай өзінше түйін түйеді. “Жігіт сыры” деген өлеңінде былай дейді:

Менің жарым болсаң сен,
Досым түгіл қасым келген кезінде,
Аяғыңның ұшымен жүр, көз ілме.
Ең бастысы — мен көтерер қайғыға
Егілсең де менен бұрын езілме!
Менің жарым болсаң сен,
Аруағын шошындырма бабамның,
Қабағына мұз қатырма анамның.
Мұның бәрін жүрдім-бардым тыңдасаң,
Кемігені деп білемін бағамның!..

Ер жігіттің көңіліне күйттеген ойы, жарына айтар сыр — тілегі міне осындай.

Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қадыр Мырзалиев Меңдекештің өлендеріне айтқан пікірінде былай дейді:

-Бұдан жиырма шақты жыл бұрын өзара жарыса келген жас ақындардың үшеу-төртеуі болмаса, көбі дерлік бірінің көлеңкесінде бірі қалып қойды. Меңдекеш оны жақсы түсінді. Өзінен сәл бұрынырақ шығып үлгерген қаламдас достардың тығыз тобын құр кеудемен немесе лепірме өлең легімен бұзып өту мүлдем мүмкін емес еді. Сондықтан ол өнердің ең дұрыс және қысқа жолын таңдады. Ол жол — бозөкпе болып босқа шаппай, төте шабу, өзіне де, өзгеге

де қасиетті нәрселерді ғана жырлау, аз жазсаң да, саз жазу, әр кезекті өлеңінді ең ақырғы өлеңінді жазғандай жаныңды жеп жазу жолы болатын.

Бұл пікірдің дұрыстығын Меңдекеш мына өлең жолдарымен-ақ аңғартады:

Бетіме ызғар беттей ме,
Тұрғанда өрттей тұтап мен,
Айқаста жықсам жетпей ме,
Жалғыз-ақ палуан кітаппен...

Күшіне көптің сыйынғам,
Көптіктен қашкам жоқ, шырақ,
Өмірдің заңы- қиын заң,
Аз-аздап алу, көп сұрап.

Одан мен сірә, қорқам ба,
Өкінбен нұрлы төңірек,
Азырақ болып ортаңда,
Көңілінде тұрсам көбірек.

Тірліктегі жалған марапаттан гөрі ақын арамызда аз болғанмен көңілде көбірек қалуды қалайды. Өзінің ақындық парызын жанымен түсініп, күрмеуге келмейтін қысқа жіптей ғұмырын осы жолға сарп етті. Меңдекештің өлең өнерінде құрыштай шыңдалып, діттеген мақсатының биігін бағындыра бастағанын байқау қиын емес-ті. Мұны оның “Ақ моншақ”, “Күн шуағы” атты жыр жинақтарынан, баспасөз беттеріндегі өлеңдерінен аңғаруға болады. Меңдекеш “Қызғыш құс” атты жыр кітабын аяқтай алмай кетті. Қазір “Қызғыш құстың” мазмұн-мағынасымен, жазылу желісімен де біртұтас, кесек дүние екендігі айтылып жүр.

Жырсүйер қауым бүгінінен ертеңі биік көрінетін ақыннан зор үміт күткен болатын. Оны үлгі тұтып, жыр жазу мәнеріне қызыға көз тігіп жүрген жастар, біздер ол кенеттен қайтыс болды дегенде қатты қиналғанбыз:

Жырыңды сенің оқыған шақта сүйсінуші едім,
Кеудеме менің ақпа да төкпе күй құюшы едің,
Жарық жұлдыздай жарқ етіп ағып түстің -ау,
Егіліп іштей күрсінудемін...

-деп басталатын “Арнау” атты балауса өлеңім сол кезде туған еді.

Жүйрік уақыт азамат ақынның асыл жырларын, ел деп соққан ғашық жүректің лүпіліне толы өлмес өлеңдерін өшіре алмады. Қазір ол жайында айтылып та, жазылып та жүр. Республикамызға әйгілі ақын Қадыр Мырзалиев Меңдекеш Сатыбалдиевтің шығармашылығы жайында “Жұлдыздың жарығы” атты мақала жазып, зор баға берді. “Мәдениет және тұрмыс”, “Жалын” сияқты журналдардың, газеттердің беттерінен жас ақындардың Меңдекешке арнаған өлеңдерін кездестіруге болады. Мәселен:

Қанаттай жеңіл ашылған кезде беттері,
Ақынның сонау сүйікті соңғы дәптері,
Көрікті ойды шартараптарға жеткізер
Көгілдір жерге көңілінен ұшқан кептері,

-деп жырлайды жас ақын Орынтай Молдахметова Меңдекешке арнаған “Ақын дәптері” деген өлеңінде. Ал белгілі ақындарымыздың бірі Фариза Оңғарсынова оған “Ескерткіш” деген өлең арнады. Онда мынадай жолдар бар:

Өкіндірдің елінді ерте кетіп,
Біз қамықсақ тірлікте келте-кетік,
“Біздің қарлығаштар!” – деп шашымыздан
Сипайтұғын сен жоқсың еркелетіп...

Өлең былай аяқталады:

Жүректерде жырың жүр, өзің жүрсің,
Тегі осы сен өлмеген шығарсың-ау!

Иә, ақын жырлары көп жүрегінде сақталуда. Ұрпақтан ұрпаққа мирас боп қала береді.



ШАБЫТЫН КҮЙ – АТАНЫҢ ШАРЫҚТАТҚАН

Маңғыстау өңірі екенін білеміз бе?

Күй, күйші дегенде ең алдымен ойымызға артына өшпес мұра қалдырған Құрманғазы Сағырбайұлы түседі. Бірақ, ұлы күйші шығармашылығының шарықтау биігі – Маңғыстау жері болғанын жұрттың бәрі бірдей біле бермесі анық. “Адай”, “Амандасар”, “Маната”, “Бозқаңғыр”, “Қызданайдың қырғыны”, “Төремұрат”, “Айжан қыз”, “Балқаймақ”, “Ақсақ киік” сияқты күйлері Маңғыстау жерінде дүниеге келген екен.

-Менің арғы атам Қонақбай Құрманғазымен жасы шамалас болған адам. Оның бес баласы Есенғали, Аманғали, Кеңес, Демес, Рамазан ата қонысы болған Нарын құмындағы Құрман ауылында тұрған. 1951 жылы переселен жасап, ол жерлерді зона қылды. Міне, сол еріксіз, зорлап көшіргенге дейін күйші анамыз Дина Нұрпейісованың ауылы бізден сексен шақырым қашықтықта болыпты, - деп әңгімелейді қазір Жаңаөзенде тұратын оралдық өнерпаз Исатай Рамазанұлы. – Дина менің атам Қонақбайдың бес баласының бірі Демеспен құрдас екен, екеуі де күй өнерінде сол кезде Құрманғазыдан кейінгі тартқыштар болған. Дина Құрманғазының шәкірті әрі сазгер болса, Демес күйдің жырауы көрінеді. Бір күйді қайталамай он екі сағаттай тартқан кезі болыпты. 1938 жылы Динаның айтуымен Ахмет Жұбанов Демес атамды Алматыға алып кеткісі келген. Бірақ, ол: “Елден кетпеймін”, - деп өзінің ұлы Бақтыгерейді және ауылдас бала Қали Жантілеуовты жібереді. Соңынан Бақтыгерей майданға алынып, қаза табады да, Деместің біздің тұқым білетін “Қайран да, менің қарағым” деген күйі шығады. Оны мен де тартып үйрендім.

Иә, Исатайдың аталары Динамен араласқан, Құрманғазыны қартайған шағында көрген адамдар. Өзі де өнер десе, ішкен асын жерге қоятын Исатай бала кезінен үлкендердің әңгімесін құлағына құйып өскен.

Құрманғазының әкесі Сағырбай Исатай – Махамбет көтерілісіне қатысып, қаза табады. Көтерілісшілерге ниеттес жас күйші оларға арнап “Кішкентай” атты күй шығарады. “Өзірше қолымнан келгені осы кішкентай ғана күй, қабыл алыңыздар” деген ойдан туындаса керек. Көтеріліске қатысы бар деп табылып, Қүрекең де қудаланып, ұсталады. Әуелі Астраханның, кейін Оралдың түрмесіне жабылады. Түрмеде

Лавочкин деген кісімен достасып, оған арнап “Лаушкен” атты ойнақы биге ұқсас күй шығарады. Күйші түрмеден қашар алдында белгілі “Түрмеден қашқан” күйін шығарыпты. Бұл күй музыкадан хабары мол Перовскийдің де құлағына шалынса керек. “Мына қырғызға сақ болындар, қашып кетіп жүрмесін. Күй әуені қашып кетіп бара жатқан адамды меззейді”, - деген екен. Айтқандай-ақ, Қүрекең түрмеден қашып шығады. Бірақ, барар жері, басар тауы қалмағандай дағдарады. Соңына түскен өкіметтің құрығы ұзын. Туып-өскен жерінде бай-сұлтандар, нағашы жұрты Атырауда – орыс-казак, Маңғыстаудың Каспий бойы орыс бекіністері. Не де болса алысқа, орысы жоқ жерге кетейін деген оймен, аты-жөнін жасырып, сенімді дос-жарандарымен ақылдасып, құрастырмалы домбырасын қапшығына салып, астына жарау ат мініп, белгісіз ұзақ сапарға аттанады. Ақтөбе мен Атырау аралығында тұратын нағашысы Төремұратқа соғады. “Төремұрат”, “Секіртпе” деген күйлері бөлкім осы сапардың жемісі шығар.

Ақтөбе, Жем арқылы Маңғыстау жеріне аяқ басқан Қүрекең бір ауылдан екінші ауылға түсіп жүре береді. “Нарыннан Құрманғазы деген атақты күйші шығыпты” деген ұзынқұлақ хабар адайлар арасында тарала бастаған кез болса керек. Бір күні бір ауылдың шетіндегі үйге түскен күйшіні құдайы қонақ ретінде үй иелері қарсы алып, құрмет көрсетеді. Үйдің төрінде әдемі қара домбыра ілулі тұр. Сусын ішіп отырып байқаса, домбыра тартатындай, соған лайықты кісіні көре алмайды. “Отағасы да, әйелі де домбыра шертердей ыңғайы жоқ секілді, ендеше басқа біреу бар-ау, ол кім болды екен” деп ойлаған Қүрекең үйде адам жоқта домбыраны шертіп қарап, бұрауын бұзып жібереді де, қайта іліп қояды. Кешкі ас алдында 15-16 жасар қыз келеді. Тамақ желініп болған соң әкесі: “Қызым, мына қонақ екеуімізге домбыра тартып бер” - дейді. Айжан орнынан тұрып домбырасын алады да, бұрауының бұзылғанын байқап реңжиді. “Сенің киелі домбыраңа кім қол тигізуші еді,” - деп әкесі жұбатқан болады. Айжан домбырасының бұрауын түсіріп, қағып-қағып жібергенде күмбірлеп шыға келеді. Содан соң бірінен-бірі өтетін сұлу әуендерді төгілдіре жөнеледі. Оның тартысына тәнті бола танданған Құрманғазы әуелі сүйсіне таң қалып тыңдағанмен біраздан кейін делебесі қозады. “Япыр-ай, мына қыз шыныменен менен асканы ма, қой бұлай бола қоймас, бұған өзімнің кім екенімді танытайын”, деп ойлайды да:

-Қарағым, біздің жақта бұл тартысыңды “былағай” дейді, әкел, мен қалай тартуды көрсетейін, - деп, домбыраға қолын созады. Сонда қыздың әкесі оның сөзіне намыстанып:

-Уа, қарағым, сен нені көкіп кеттің, бүкіл Маңғыстауда, қала берді исі қазақта менің қызымды күй тартудан жеңген адам жоқ, мықты болсаң, ел алдында күй тартысып, жеңіп көр, - дейді.

Сөйтіп адайдың игі жақсылары, көп халық жиналып, Айжан екеуін ортаға отырғызып, күй тартысын қызықтапты. Бір-бірінен қалыспаған қос жүйріктің шеберлігі тең түскен көрінеді. Иыққа қойып, арқаға айналдырып, секіртіп, шоқытып, қағытып, Құрманғазы не түрлі тартысқа салса да, Айжан дәл солай қайталапты. Оңай жеңе алмасын сезген Құрекең оң аяғын қолымен ұстап, домбыраны башпайларымен қаққан көрінеді. Ал, Айжан көп алдында аяғын жалаңаштап көтеруді ұят санаған болуы керек, жеңілгенін мойындапты. Сонда бір үлкен кісі сынай қарап:

-Біздің қызды жеңген беймәлім жан Құрманғазы болмағай, бірақ ол Текенің (Орал) түрмесінде деп естіп едік. Егер босап, не қашып шыққан болса, дәу де болса Құрманғазы, - деген екен.

Құрекең сөйтіп адайлар арасына келер-келместен танылып қалады. Қашаннан меймандос, өнер қадірін білетін жұрт оны көтеріп әкетеді. Көңілі тасыған ол сан түрлі қағыс-тартыс өнерін салып, халыққа “Серпілер” деген күйін шығарыпты. Кейіннен күй “Серпер” аталып кетіпті. Дина Нүрпейісова апамыз бұл күй туралы: “Құрекеңнің өзіндей ыңырантып, ойнатып, күрсіндіртіп, серпілтіп келтіру мүмкін емес, менің тартуым тек әуені ғана” деген екен.

Адайдың бармағынан бал тамған күйші қызы Айжанның өнеріне аса риза болған Құрманғазы “Айжан қыз” атты күй шығарған. Шалқар даланың әнұраны іспеттес “Адай” күйі ұлы күйшінің өзін ыстық ықыласпен қарсы алған еркөңіл халыққа көрсеткен құрметі.

Құрманғазының түрмеден қашып, Маңғыстауға асып кеткен хабарын естіген Каспий бойының орыс-қазагы іздеу сала бастайды. Жанында төрт аттылы қазагы бар офицер күйшінің жүрген жерін біліп, андып ұстап алады. Бұл хабар лезде ауыл-ауылға тарайды. Елдің аузы уәжді кісілері жиналып, орыс-қазақтарға ақша беріп, алдына мал салып, Құрманғазыны босатып алады. Онымен қоймай “Маңғыстауда қайтыс болды” деген донесение жаздыртады. Сөйтіп, Құрекең Маңғыстауда тағы

бірнеше жыл жүріпті. Елдегі шешесінің хабарын естігенде “Қайран шешем”, өңіріміздің ала-құла төбелерін көргенде “Алатау”, сондай-ақ “Маната” деген күйлер шығарған екен.

Елші жүзде хандық құлап, өткен ұмыт бола бастаған кезде Құрманғазы да еліне қайтуды ойға түйеді. Туып-өскен жерін сағынып, қуғын-сүргінді өмірін еске алып шығарған күйі “Балқаймақ” көрінеді.

Нарынға оралған күйші ел аралап жүріп, тоғыз жасар Динаға кездеседі. Нұрпейістің үйінде қонақ болып, түнімен күй тартқанында кішкентай қыз бала ұйықтай алмай дөңбекшіп шыққан көрінеді. Қүрекең кеткеннен кейін естүссіз жеті күн ауырыпты. Сандырақтап, әкесінен домбыра сұрай беріпті. Домбыра қолына тиісімен күйшінің түнімен тартқан күйлерін қайталап шығыпты. Бұл хабарды ұзын құлақтан естіген Құрманғазы қайтып оралып, жас Динаны шәкірт тұтып, батасын беріпті және оның күйшілік жолға түсуіне көп септігін тигізген екен.

Бұл әңгімелерді маған айтқан Исатай Рамазанұлы Нарында туып-өскен имандылық жаршысы, ақынжанды азамат. Мен көпшілікке жетсін, кезінде Құрманғазының шабытына дем берген Маңғыстау сияқты киелі, әулиелі топырақта өсіп келе жатқан жас буын ғибрат алсын деген ниетпен жазып отырмын. Күй атасы атанған Құрманғазы қай аңызға да сиятын дара тұлға ғой.

25.07.1996 ж.

АНАМ АЙТҚАН ӘҢГІМЕ

немесе бір ауыз сөз үшін...

Мен кеше “халық жауының” баласы едім,
Бетегеден биік, жусаннан аласа едім,
Өкпелесе біздейлер өкпелесін,
Сталинге не өкпең бар, аға, сенің...

Есенғали Раушанов

Әкем бұл туралы өмір бойы шешіліп әңгімелеген емес. Тек қана: “Біз үш тумалас едік, өзімнен үлкен Көпжас, Жарас деген ағаларым бар еді”, - дейтін. Үш ұлдың кеңжесі біздің әкеміз — Мыңжас екен. Ағалары жөнінде сұрай қалсақ: “Баяғы ашаршылық кезінде ұсталып кетті” — деп жауап беретін. Мән-жайды кейін анамнан естідім.

1928 жылдары Қазақстанда Голошекин “Кіші Октябрь” атты асыра сілтеуін бастаған кезде үріккен ел түрікмен, каракалпак жеріне қарай дүркірей көше жөнеледі. Әкеден

жастай қалып, еңбекке ерте араласқан, бай ағайындарының малын бағып, аз ғана дәулет жиған үш жігіт те туған Маңғыстауын тастап, кетуге мәжбүр болады. Әкемнің туған жері Форт-Шевченко, ал анам: “бала кезімізде Жем, Сағыз бойларында көшіп жүретін едік”, - дейді. Мал өсірумен ғана айналысқан көшпелі халықты ата мекенінде тек мал ғана ұстап тұра алған. Малдан жұрдай болып тоналған ауыл жұрты енді күн көріс жағдайын ойлап Каспий теңізін жағалап, Шағадамға (қазіргі Красноводск қаласы) қарай босқан, кейбір ауылдар темір жолды бойлап, Ташкенге дейін асып кеткен. “Қазіргі Қазақстан шекарасынан шығып, шұбырындыға ұшыраған шаруалар саны 1 миллион 31 мыңнан асқан. Олардың шамамен 165 мыңы республика шеңберінен ғана емес, Одақ шекарасынан біржөла шығып, көрші Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, тіпті сонау Түркия жеріне жетіп, кейін өз Отанына қайта алмай қалған. Ал көршілес республикалар мен Ресей Федерациясына қоныс аударып, сол жерлерде орнығып қалғандар саны 450 мыңдай”, деп жазды бұл туралы “Қазақ әдебиеті” газетінде демограф, педагогика ғылымдарының кандидаты Мақаш Тәтімов. Красноводск маңында Иранда, Ауғанстанда тұратын ағайындарынан хат-хабар алып тұратындар аз емес. Біздің көршіміз Әлпия шешейдің радиоқабылдағыш арқылы Ираннан аптасына бір рет берілетін қазақша хабарды сарыла күтіп, домбырамен қосыла шырқалатын зарлы әндерді тындап, жылап отырғанын талай көргенбіз.

Отызыншы жылдары әкелеріміз еліміздегі ірі химиялық тұздардың кен орны - Қарабұғазда еңбек етіп, оның байлығын ел ырзығына айналдырушылардың алғы сапында болған. Ол кезде жұмыс өте ауыр, барлық іс қол күшімен атқарылады. Ел ішін аштық жайлаған, азық-түлік тапшы, жұмысшылар лас, суық барақтарда тұрған. Бұл әсіресе, бұрын мал соңында жүріп қалған көшпенділерге қиын тигені белгілі. Оның үстіне шолақ белсенділер шығып, жұртты тықсырып маза бермеген.

-Әсіресе, елден ерекшеленуге тырысып, бұтына галифе шалбар, аяғына былғары етік киіп көрінгенге ызғар шаша қарап жүретін шикіл сары жігітті көретін едім, бар бәле содан келіпті, - дейді анам. Жұмысшыларға дігірлеп қоймаған соң, әкейдің үлкен ағасы Көпжас: “көптен ұлы емес, осының қол-аяғын байлап тастайтын екен” - депті. Бұл сөзді әлгіге біреулер жеткізсе керек. сол күні түн ортасы

ауғанда үй ішіндегілер тарс-тұрс қағылған есік дүрсілінен оянады. Алдымен үйге ентелей енген денелі қазақ:

-Тұрлыбекұлы Көпжас осында ма, айда бізбен жүресің, - дейді. “Алғашында істің мән-жайын ұғына алмай селтиіп тұрып қалыппыз. Тек енем ғана дауыс салып, жылап қоя берді. Мен сыртқа шыға келсем, есіктің сыртында және аулада түсі суық екі адам тұр, үйге қайта кірдім. Ертеңіне біреулер келіп, үйді тінтті, бірақ ағалы-інілінің үшеуі де сауатсыз болатын не таба қойсын”, дейді анам.

Көп ұзамай бір ауыз сөзі үшін “халық жауы” атанып ұсталған Көпжастың інісі Жарас та тұтқынға алынады. Әжеміз Тойған екі ұлының соңынан іздеу салып, талай кеңсені тоздырған. Бірақ нәтиже шамалы. Бір күні ол әлгі шикіл сары белсендіге тап келіп, ұлдарының жайын сұрапты. “Кішісін білмеймін, үлкен ұлың енді қайтып оралмаса керек, үкіметке қарсы сөз айтқан адам оңатын ба еді” деген жауап алған. “Үлкен қайнаға сол кеткеннен хабарсыз кетті. Араға он жылдай салып, кішісі оралды. Сібірдің бір түкпіріндегі лагерьде ит қорлықпен күн кешіпті. Елге әбден гитықтап жетті. Содан қайтып оңалған жоқ, өз қолымызда қайтыс болды”, - деп әңгімелейді анам.

Маңғыстаудың көптеген қазақтары Красноводск-Ташкент темір жолы бойындағы станциялар мен разьездерді мекендеді. Күні бүгінге дейін тұрып қалғандары бар. Әсіресе, олар Красноводск, Небиттау сияқты ірі өндіріс ошақтарының маңына мол шоғырланған. Бұлардың қазақ мектептері бар. Солардың бірі – Маңғыстаудан біздің әке-шешелерімізге ұқсап ауып барып, сол жерден майданға аттанған Кеңестер Одағының Батыры Мәди Бегеновтың атында. Қазақ тілінде “Жұмысшы” газеті, “Атырау” атты тележурнал бар.

Әкеміз өмірінің ақырына дейін, қырық жылдан астам уақыт бойы темір жолда еңбек етті. Бес қыз, төрт ұл тәрбиелеп өсірді. Өле-өлгенше оның аузынан бұл әңгімені естіген емеспіз. Бұл да отызыншы жылдардағы жеке басқа табынушылықтың, ешнәрсені ашық айтуға үйренбеудің, қорқасоқтықтың зардабы болса керек. Ол тек қана туып-өскен жерін сағынып: “Қайран, Маңғыстауым,” – деп отыратын. Тарихымыздың ақтаңдақ кезеңі атанған сол кездерде біздің әкейлер сияқты мыңдаған қарапайым шаруалар жазықсыз жапа шегіпті. Өткеніміздің көлеңкелі тұстарын да бүркемелемей ашық айтатын шақ туды. Өйткені, өткенсіз бүгін жоқ.

18. 01. 1989 ж.

ТОТ БАСПАЙТЫН ШЫН АСЫЛ

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы,
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы...

...Қулары таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар, біздің үйдің кірпіші дер,
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен
Менің нәзік жанымды кім түсінер!?.-

- деп, ақынның өзі жазғандай ол туралы соңғы жылдары, көп айтылып та, жазылып та жүр. Өйткені ол қалай айтса да, тұрарлық қазақ жырының арналы дариясы сынды. Айшықты өлең жолдарымен де, сөз саптауымен де, нала-мұңымен де ешкімге ұқсамайтын ерекше бір әлем. Кез келген өлеңінен ақиқат көрініс беріп, ақын жүрегінің лүпілі сезіліп, адал жаны жайылып жатыр. Ақын апамыз Фариза Оңғарсынова айтқандай, өлең оңашада түсініп, ой тоқтатып оқитын, сонда ғана адамның сырласына айналатын дүние. Адам көп жиналған жерде ұрандап, қаншама дауыстап оқығанмен өлең нашар болса, құлаққа жеткенмен жүрекке жетпейді.

Жалпы халықтан асқан сыншы жоқ. Ол жақсы мен жасықты, алтын мен мысты өзі-ақ ажыратып алады. Мәселен, көптеген ақын-жазушылар жайында жазылған табақтай-табақтай марапат мақалаларды оқып жүрміз. Бірін-бірі қаншама қолпаштағанмен халық өз бағасын беріп, уақыт өз орнына қояды.

Мұқағалидың өлеңдерімен мұнан жиырма жылдай бұрын таныса бастаған едім. Кейін 1974 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінде оқып жүргенімде екі-үш рет көруге жазды. Алғашында жерлес ақын ағамыз Дүйсенбек Қанатбаевты іздеп, Жазушылар одағына барғанымда көрдім. Ауылдан келген баламыз, қасиетті отаудың табалдырығынан имене аттап, қызыл кілем төселген үлкен дәлізбен жүріп келе жатқанымда, қапталдағы есіктің бірі ашылды да, екі иығына екі кісі мінгендей ірі кісі шыға келді. Үстінде жеңі шолақ ақ жейдесі бар, шалқалай қайырған қайратты қарашашы дудырап көзіне түсіп кеткен. Екі беті қызарып,

БІ БІЛГІШІМ БІЛГІШІ

інінен дем алады. Әлдекімдермен қызу айтысып, келісе алмай шыққан жанға ұқсаттым. Бұрын тек суретін көріп жүрсем де таныдым.

-Ей, кімді іздеп жүрсің? –деді.

-Дүйсенбекке келіп едім.

-Ол ана жақта ғой, - деп қолымен нұсқады да, шыға жөнелді. Сол кезде газет-журналдарға Мұқағалиды сынап жазушылар болды.

Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,
Сынауға тіптен құмар кім көрінген,
Бірақ та,
Билесің бе, ей кім көрінген,
Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!!!

-деп ақын сол мен көрген кездерде жазған сияқты. Ол “Білгішіме” атты өлеңінде де өзін жүргізбей жүрген сыншысымақтарды әшкерелейді:

Тағы да, тағы, тағы да,
Тағы да сына білгішім.
Кіріп ап менің жаныма
Кір іздеп тағы жүрмісің?!
Бір жырым – менің бір балам,
Мезгілсіз шала тумаған,
Мерзімі жеткен шағында
Шығам деп сыртқа тулаған.

Мезгілсіз өлең тумайды,
Көңілсіз болса кім білсін,
Сыбызғы десем қурайды,
Оны да сына, білгішім...

Мұқағали өлеңдеріне жаңа сөз, соны тіркес іздеп әуреленбейді, өлеңнің құрылымын ерекшелендіремін деп буын сындырып, өзің ойланып тап деп тұспалдап, мысалдап та жатпайды. Ағынан жарылған адал жүрегін, ақындық жүрегін жайып салады. Жеке мұнның өзінен үлкен азаматтық ой туындатады, адамгершілікке, жақсылыққа үндейді. Өзі айтатын “қазақтың қасиетті қара өлеңімен” оқырманымен бірге қуанып, бірге мұңаяды, оның жанына жол табады. Жырлары сондықтан да өміршең болса керек.

Бірде, оны Абай ескерткіші жанындағы жатаған орындықта отырған жерінде көрдік. Жолдас жігітімнің тартынғанына қарамастан ол отырған орындықтың шетіне жайғастық. Ол селт етпеді. Қанатын қомдаған тау қыранынша жанары шоқтанып, күбірлеп өлең оқыды. Бізге көзі түскенде ұйқыдан оянғандай болып, жылы ұшырай кетті. Тастүйін кейпінен арылып, жанарына күлкі үйірілді. Өлеңдерін сүйіп оқитынымызды айтқанымызда масаттанғандай бір жасап қалды. Қазір дәл есімде жоқ дала, Алматы жайлы шумақтарын айтты. Арада бір жылдай уақыт өткенде сүйікті ақынымыз қайтыс болды дегенді естідік. Төмендегі арнау атты өлеңім сол кезде жарық көріп еді:

Өлеңімен өрнектеп ел мұратын,
Жыр бәйгеде пырағын оздыратын,
Мұқағали ақын жоқ арамызда
Әр жүрекке шуағын қондыратын.

Алматының бір әсем кеші есімде,
Көрдік оны Абайдың көшесінде.
-Мұқағали әне отыр, - деді досым, -
Өлең тұнып ойының кесесінде.

Қыз балтырлы қайындар арасында,
Ие болып бір ғажап жарасымға,
Омырауын самалға ашып тастап,
Бізге өлең оқыды нанасың ба?

Шабыт отын үйіріп жанарына,
Оқимын – деп өлеңді қарағыма,
Толғап кетті қазақтың Сарыарқасын
Зер жамылды деп біздің дала мына.

Өлді деуге оны адам қимайды анық,
Көкірегіне отты өлең симай қалып,
Мұқағали ағамыз кетті-ау деймін
Болмысымен мәңгілік жырға айналып!

Иә, енді міне уақыт өткен сайын Мұқаң өзінің ешкімге ұқсамайтын оқшау биігімен тұлғаланып барады. Ол тірі! Оның күнделікті сырласымызға, ән-жырымызға айналған өлеңдері бізбен бірге өмір сүре бермек.

“ОТПАНДА – АДАЙ, ОҒЫЛАНДЫДА – ПІРІМ БЕКЕТ...”

Айтыс өнерінің көпке белгілі ақиығы, майдангер шайыр Көкен Шәкеевке арналып Көкшетауда өткізілген жыр дода-сында небір тілділермен тізе түйістіріп, сөз қағыстырғанда қапысын жібермеген Нұрланға теледидардан көріп риза болып ем. Ал Мәскеудің қақ төрінде қайқы қылыштай қайқайып тілер, өрім-өрім өрнекті жыр өргенін көргеннен кейін-ақ іздей бастадым. Хабаршыдан сәлемімді алған жақсы інім редакцияға жетті. Амандық-саулықтан кейін сұхбатқа кіріскен едік.

-Ал, Нұрланжан Мәскеуде қызылордалық Мұхтар ақын-мен сөз тайталасынды қас қақпай қарадық. Сонда қалай бастап едің...

-Иә, былайша төпелеткенмін:

Отпанда – Адай, Оғыландыда – пірім Бекет,
Сиынсам сарқылмайды ақыл қоймам,
Қазақтарым, есен-сау жүрсіндер ме,
Шығармай атыңды ойдан, затыңды ойдан.
Орыстарым, есен-сау жүрсіндер ме,
Ұлына әкесінің атын қойған...

-деп ары қарай кете береді.

Нұрлан Маңғыстау ауданының Қызан ауылында туып-өсіпті. Сонда тұратын ата-анасы - Әбуғали мен Күнсәуленің бес перзентінің ортаншысы екен. Анасы ауыл дәрігері, әпкесі Гүлзада Бейнеуде мұғалім, ағасы Қуандық “Қаражанбасмұ-найда” еңбек етпекші, іні-қарындасы Фархат пен Разия мек-тепте оқиды. Фархаттың да ақындығы бар, бірнеше мәрте бала ақындардың тай жарысында жүлдені тақымға басқан. Қызандағы Жангелдин орта мектебінен ұшып шыққан жас түлек Нұрлан қазір Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің төртінші курс студенті. Топшысы қатайып, қазір мұзарт шындарды бетке алған мұзбалақтай өз маңының ой-қырын түгендеп, қияға көз сүзіп, алысқа ат шалдыра бастады.

-Айтысқа қай жылы кірістің? – дедім.

-2001 жылдан, яғни он бірінші сыныпта жүргенімде бастадым. Аға, оны өзіңіз де білесіз ғой, - деді күлімсіреп.

Есіме жыл сайын облыс мектептері оқушылары арасында өнердің бірнеше түрінен өткізілетін Қашаған Күржіманұлы атындағы байқау түсті. Сонда бірер рет қазылар алқасы құра-мында болғаным бар. Алдымыздан ауылдың талай-талай өнерлі

қаракөздері өтті. Ұмытпасам, Бәінеуден Жанар Айлашева есімді ақын қызымыз сол айтыстарда жақсы көрінген еді. Мектебін бітірген де болар, қазір көрінбей кетті. Әлде бойындағы ұшқының лаулата алмай өнерден көз жазып қалды ма...

Мектептің жоғарғы сыныбында жүргенде-ақ өзінің таудай талабымен көзге ілінген Нұрлан алғашында аудан, облыс көлеміндегі айтыстарда алдыңғы, жүлделі орындардан көріне бастады. Қыза келе шабысы түзелетін сәйгүліктей алқаға түскен сайын меселі қайтпай, сөз қамшысы тиген сайын шамырқана түскен ол енді кең байтақ қазақ елінің шаһарларын шарлап, небір ақпа-төкпе дүлдүлдермен құйрық тістесті. Отыз сегіз айтыскердің алдын көріп, сөз семсерін серместі. Ауыздықпен алысқан арғымақтай небір жыр жүйріктері мәреге аламандап ат қойғанда шаңға көміліп қалмады. Мәре сызығын қара үзіп жалғыз қиып өтпесе де, текті жердің қылқұйрығындай алдыңғы лекке ілесе білді. Мәселен, көкшетаулық Көкен Шәкеевке арналған айтыста екінші, Тараздың 2000 жылдығында екінші, Қарағандыдағы Наурыз айтысында және де екінші, Павлодарда өткен Әлкей Марғұланның 100 жылдығына арналған жыр додасында көрермен көзайымы – ын-таландыру, Қостанайдағы “Жас толқын” айтысында үшінші жүлделі орындарды еншілесе, Махамбет бабамыздың 200 жылдығына арналған “Жас толқын” айтысында бас бәйге – Гран-при, былтыр Өзендегі мерекелік айтыста бас бәйгені қанжығасына байлады. Ал, жуырда өткен Мәскеудегі айтыста қазылар алқасы оған бірауыздан ең жоғары ұпай қойды. Жүлдегерлер қатарында сый-сияпат көрді.

Нұрлан сөз патшасы өлең-жырға деген құмарлық, ақындық нағашысы Мүбәрек Тегісбаевтан, немере ағасы қазақтың атақты ақыны Светқали Нұржаннан жұғысты болған шығар дегенді айтты. “Айтыскерлікке баулып, үйретіп жүрген ұстазың бар ма?” – дегенімде: “Сабыр ағамнан барып ақыл-кеңес алып тұратыным бар” – деді. Қуанып қалдым. Тіл-көзден аман болса, Мәлс ағасы сынды жыр додаларында жарып шығар тарланбоз келеді екен арамызда, тек пайымымыз оңынан болғай!

Әрине, айтыс кезінде “төрт аяғын тең басқан” жыр шумақтарын суырып салу, қарсыласыңның ұшқыр ой, тапқыр теңеумен алдын орап тастау немесе оның одана, орашалақ шумағын қағып алып, өз сөзімен өзін ұру оңай емес. Нұрланнан “өткен айтыстардағы жыр шумақтарың есте қалды ма?” – деп сұрағанымда:

-Әрине, мәселен, Мәскеудегі айтыста:

Мәскеуді көремін деп көре алмаған,
Әр түрлі себептермен келе алмаған,
Сәттігүлдан қалған мен тәуір ізбін,
Он екі ақын он екі ай болғанда
Мен оның ішіндегі Науырызбын!

-деген едім. Көкшетаудағы айтыста:

Қазақта екі бірдей парламент бар,
Бірінші парламентің заң туғызған,
Ал екінші “парламент” арақ болып тұр
Көкелер ішіп алып лаң туғызған...

Немесе:

Тұяғымнан үңгірдей із қалады,
Қалмақтың шокпар тиген маңдайындай,
-дегенімде, көрермендер ду қол соқты. Бытыр Ақтаудың 40
жылдығында астаналық ақын Дәулеткерей Кәпұлына айтқан
шумағым көп көңілінен шыққан-ды. Былай деген едім:

Маңғыстауды мақтадың киелі деп,
Жан болсаң да талайға зер салмаған,
Оу, Дәуке, Маңғыстауға сіз түгілі
Осында туып-өскен мен таң қалам!

Иә, студенті Нұрланның Мәскеудегі айтысын сонда жүріп көріп, тамашалаған Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің ректоры Әшімжан Ахметов риза болғандықтан оны қолын қысып құттықтапты. Жуырда “Қазіргі айтыс” атты екі томдық кітап Елордада жарық көргенін естіп білдік, онда маңғыстаулық айтыскер ақын Нұрлан Мұсаевтың шығармашылығы жайында да айтылады.

-Айтысты ұйымдастырушы әрі жүргізуші Жүрсін Ерманның айтуынша, енді тікелей эфирде теледидар арқылы көрсетілетін жекпе-жек айтысқа қатыспақпын, - дейді Нұрлан.

Ендеше, баяғы Қашаған, Сәттігүл бабаларыңның жолын берсін, айналайын! Шашаңа шаң жұқпасын дейміз біз.

25. 10. 2004 ж.

КӨЗІ ТІРІСІНДЕ КӨРІСКЕЛ АТАНҒАН

Жуырда Маңғыстау кентінің әкімі Елубай Әбілов хабарласып, сонда Әбекеңнің - Әбіш қожаның ұрпақтары тұратынын, олар биылғы қазан айының алғашқы күндерінде ас бергелі дайындалып жатқанын айтты. Әбіш қожа жайлы бала кезімізде аңызға бергісіз әңгімелерді көп естідік. Жалпы көптің тілегіне, тіпті көз жасына орай сондай зайырлы жандардың жаралатынына таң қалмасқа болмайды. Біз туып-өскен Красноводск қаласының (қазіргі Түрікменбашы) маңында есімдері елге әйгі екі кісі болды. Бірі Әбіш қожа да, екіншісі Қанатбай сынықшы. Бұлардың біріншісі жайлы көп естісек те, ал екіншісімен рулас ағайын ретінде көп аралассақ та, балалықпен мән бермеппіз, ештеңені жазып немесе зердеге тоқып алмағанымызға әліге дейін өкінеміз.

Небиттау қаласындағы Мәди Бегенов атындағы мектепте көп жыл ұстаздық еткен, қазір Жаңаөзен қаласында тұратын досым, ақын Рәуіл Майданов мұнан екі жылдай бұрын “Әбіш қожа” атты кітабын жариялап, бұл бағытта ізденіс, ел аузындағы әңгімелерді жинақтау мұнымен тоқталмайтынын айтыпты. Кітапта Әбекең туралы жиырмаға жуық адамның естелігі ұсынылыпты. Кітап авторынан рұқсат сұрай отырып, осындағы “Темірхан мырзаның әңгімесін” көп назарына ұсынғанды жөн көрдік:

Тұсаулы келген ажал тырнағынан аман-сау қалып, бұл күнде алпыс бес жасты арқаланып, кәрі емендей тамырын тереңге, жапырағын жақсылыққа жайып, үбірлі-шүбірлі күйде тоғая марқайып отырған тыныс-тіршілігі үшін Әбекеме мың да бір разы пенденің бірі - менмін.

Әкем марқұм: “Менің Темірханымның жарық дүниенің жібек шуағына бөленіп, жұмыр жерді нық басқан түздәмінің татымды болуы (құлағы естісе де, көзі көрмеген жұрағат үшін айтса нанғысыз) зайырлы Әбекемнің күдіретінің арқасы ғой”-деп үнемі тебірене толғанатын.

Ол кезде мен он екі жаста болсам керек. Сол жылдардағы мекен-жайымыз патшалық Ресей кезінде құрылған Қазанжық теміржол бекетінің бойында орналасқан аласа жер үйлер болған. Туғалы танып алған сілімтік дерттің сірескен қырсығынан біржола тұралап, не тұру жоқ, не күлу жоқ, бәйшешектей ерте солар халге жетіппін. Тыныс демімнің таусылар соңғы сұлбесіне таянғанымды көзбен

көруге дәті шыдамай, егілгенде етегі көлдей жасқа толып: “О, тәңірім ! Бауыр ет тұңғыш перзентіміздің қызығын, қуанышын енді-енді көреміз бе деп, көңіліміздің көкжиегі дәмеленгенде, өркенін өсірмей, жауқазын қалпында алайын деп отырсың. Ала қойғанда шиеттей сәбиден қат-қабат қара жердің қойны тола қояр ма екен?... Басымызға қатыгез қайғы бұлтын үйретіндей Алла алдында да, адам алдында да күнәміз жоқ еді ғой. Күнәміз болса, бізді неге алмайсың?!. Жалынып жалбарынатындай жазығымыз бар ма, әлде?”.

“О, Әбіш қожа ! Осындайда көз-жасын көріп, қол ұшын беретін қасиетің бар еді ғой! Келе гөр! Үзілген үміт сәулесінің жібін жалғай гөр!”-деп әке-шешем қосыла еңіреп, түн жамыла күңірене күрсініпті.

Түн ортасы телмірген шақ болса керек. Кенет күн күркіреп, қара аспан қақырап жерге түскендей алапат жаңғырықтан есік-терезе, ыдыс-аяқ салдыр-гүлдір солқылдап, үй ішін найзағай жарқылы бір шарпып өтіпті.

Аспан ашық. Түн тынық. Онсыз да ес-тұсын жия алмай, көптен күйзеліс үстінде жүрген ата-анам, тосыннан соққан нендей керемет екеніне түсіне алмай, аң-таң күйде маған шошына қараса, кірпігін де қозғауға шамасы жоқ әл үстінде жатқан мен бір қырымнан аунап, мамамның омырауына жармасыппын. Қуаныштан есі кеткен әкем ауыз үйдегі пілте шамды жағып қараса, қирап бүлінген еш нәрсе жоқ. Ыдыс-аяқ та, есік-терезе де сол орны-орнында.

Тек үстел үстінде тұрған шай кесе ғана пышақтың қырындай ортасынан қақ бөлініпті. Өз-өзіне келе алмай тұрған әкем құйын қуған қанбақтай темір жол бекетіне ала-сала жүгірген.

Сол тұста Ташкент - Красноводск жолаушылар пойызы өтетін кезде буфет жұмыстанатын болған. “Қуанған мен қорыққан бірдей” дегендей, әрі-сәрі қалыпта бір шөлмек арақты алдына қойып, қырлаубай стақанды шүпілдете енді аузына ала бергенде, “Әй, Қадырхан, тұра тұр” дегенге жалт қараса, қара терге малшына, екі иінінен алқына демін зорға алып, Әбекең келіп тұр екен.

“Атаңның аузын... бәли... Қысылшанда мені шақырып, медет сұрағанда жақсысың, ал, ішуге келгенде өз көмейінді бүлкілдеткенді қош көресің. Келін екеуіңнің зарлы шерің құлағыма шалынған соң, бір Алладан тілек тілеп, аруағымды шақырдым. Апырмай, үлкендігі жараулы тайдай қызыл көз

қара арлан төбет қайта-қайта терезеден асыла шабаландап, “қалай да алам” деп, өршелене өңмендей түсті. Біраз жерге барыссақ та, бой берер емес. Ақыры болмаған соң, мылтығымды алып, үсті-үстіне екі рет аттым. Менің пысым басып, сескенген болуы керек, қызыл көз пәле тауға қарай қиралаңдай қаша жөнелді. Қашан көзден таса болғанша, бел асыра қуып салдым. Күн күркіреп, найзағай шатыр-шұтыр ойнаған шығар. Ойран-топыр бүлінген еш нәрсе де болмай, тек бір кесе пышақ кескендей ортасынан бөлінген шығар! Бәле-бәтердің бәрі сонымен кетті. Балаң да беті бері қарап, тез сауығып кетер. Сенің осында соғарынды біліп, әдейі келіп тұрмын. Бол енді мына өртеңгіріңді телміретпей құйып жібер”, - деді. Әшейінде жабылмайтын ауызға сасқалақтап, жөппелдемеде жөнді сөз де түсе қойған жоқ. Баламның аман-сау қалғанына сенерімді де, сенбесімді де білмей есеңгіреп қалған басым-бебеу қаға қалбалақтап, “алдық, Әбеке, алдық” деп, қос қырлаубайға ерік бердік”, - деп отыратын әкем марқұм.

Қазанжықта Әбекем теміржол бойы проездной кондуктор болып, әкем Қадырхан азаматтық актілерді тіркеу кеңсесінің меңгерушісі ретінде жұмыс жасаған.

Кейінірек Әбекем тобылғы сапты майда өрілген қамшысын әкеме тарту еткен. Сол қамшысы төрімізде ілулі, көздің қарашығындай сақтаулы тұр.

Әбекемнің басына арақідік барып, дұға шығарып, құран оқып қайтамыз. 1998 жылы ел-халық қалың жиналған отыз жылдық асының ортасында да жүрдік.

Қыркүйек, 2006 ж.

СМАҒҰЛ ЖАРЫЛҒАПОВ

Марқұм Сәкенді-Смағұл Жарылғаповты Түрікменстанда, әсіресе , Красноводск (қазіргі Түрікменбашы), Небиттау өңірінде танымайтындар кем де кем. Ол түрікмен елінің іргелі де шаруашылығы сан салалы, түрлі ұлт өкілдері мекендейтін ауданын он жеті жыл басқарды. Еселі еңбегінің жемісін көріп, атақ, даңққа, марапатқа да ие болды. Ең бастысы халыққа жасаған жақсылығы ел жадында қалды. Мені көптен бері толғандырып, қолыма қалам алдырған Смағұл ағаның осындай жақсы қасиеті еді.

Бірде іссапармен орталықтан екі жүз елу шақырым жердегі 26 Баку комиссарлары атындағы кеңшарға жолым

түсті. Шілдіңгір шілденің кезі күніге бір мәрте қатынайтын автобуспен кеңшар кеңсесі орналасқан Қызылқия кентіне жетіп, ары қарай ой-шұқыры көп дала жолымен, жем таситын жүк машинасына отырып тағы да елу шақырым жол жүріп, Шағыл деген ауылға кештетіп жеттім. Ертеңіне ферма басқарушысымен шопандарды араладық, сонымен малшы қауым арасында екі күн болып, үшінші күні Қызылқиядағы, кеңшар кеңсесіне қайтып келдім. Ендігі мақсат блокнотты жалпы мәліметтермен толықтырып, “елге” қайту болатын. Бірақ, ол жоспарым аяқ астынан өзгеріп, кеңшар партия комитетінің есеп беру -сайлау жиналысына қатысып та, мақала жазуды ұйғардым. Жиналысқа аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Смағұл Жарылғапов та қатысты. Шығып сөйлеушілердің соңын ала мінбеге ол көтерілгенде зал құлаққа ұрған танадай тына қалды. Байыпты сөзімен, біліктілігі, биік парасаты және ой өрісінің тереңдігімен көпті баурап алды. Түрікмен, орыс тілдерін ана тіліндей жетік меңгерген ол шын мәнінде шешен болатын. Әрі Сәкеннің бір әдеті осындай жиналыстардың алдында шаруашылықты түгел аралап шығатын, кәнігі малшылардың пікірлерін тыңдайтын. Бұл ретте де сол әдетінен танған жоқ, шаруадағы оралымсыздықтарды сынға алды, оларды жоюдың жолдарын ұсынып, басшыларды міндеттеді.

Жиналыс аяқталып, жұрт тарай бастағанда мен де өз жағдайымды ойладым. Орталыққа қатынайтын автобус ганертең кетті, енді келесі күнгісін күткеннен басқа амал қалмады. Қонақ үйі жоқ қияндағы ауылда енді кімнің үйіне барсам екен деген, оймен, таныс-тамырларды іштей саралап, шілденің аптабынан қашқан жұрттың соңынан ілбіп бара жатыр едім, біреу атымды атап шақырғандай болды. Бұрылып қарасам Сәкен екен. Жиырмадан ассақ та бойда балаң ұяндық бар, имене басып жанына таядым. Кең маңдайы жарқырап, күлімсіреп қарайды.

--Қалай жұмыстарың бітті ме, қашан келіп едің?-деді. Мен бітірген шаруамды, ертеңгі автобуспен елге қайтатынымды айттым..

--Онда ертеңге қарайтын не бар, менімен бірге жүр,-деді. Ауданның бірінші басшысынан мұндайды күтпеген мен қуанып кеттім.

Бір үйден шәй ішіп алып жолға шықтық. Түс мезгілі қайтқанымен аптаптың беті қатты еді.. Асфальт жол жас

баланың енбегіндей аяғың тиген сайын былқып тұр. Көз көрім жер бусанғандай сағымданып көрінеді. Күн төбеден ауғанмен арқандалғандай бір орыннан тапжыр емес. Үлкен жолға түскен жүрдек “УАЗ” көгілдір Каспий жағалауындағы аудан орталығына қарай бет түзеді. Жүргізушінің жанындағы орнында жайғасып отырған Сәкен:

--Жазғандарыңның бәрін оқып жүрмін, жол қысқарсын екі-үш өлеңінді оқып жібер, -деді артқы орындықта отырған маған мойнын бұрып. Ол кісіден мұндайды күтпеген мен тосылып қалдым әрі үлкен кісінің сөзін жерге тастағанды ыңғайсыз көріп, тамағымды кенеп ем, рулде отырған Сәкеннің әбден сыралғы жүргізушісі Байжан ағамыз да қолқалағандай кейіп танытты. Мен кібіртектеп барып жолға түсетін жорғадай екі-үш ғана емес, қойын дәптердегі өлеңдерімнің бәрін оқыдым. Жол ұзақ, бір сөз бір сөздің қуғыншысы дегендей, әңгіме онан кейін күнделікті тұрмысымызға ауды. Сәкен:

--Бізде кәсіби журналистер жоқтың қасы, ал ақындардан Есенғали Бөкенбаевтан басқа көрініп жүрген кім бар. Сондықтан болашақ үшін партияға өткеннің зияны жоқ, -деді. Өзімді іштартар ағамыздың алдында мен де ақтарылып, біреулердің сілтеуімен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне өтінішпен барғанымды, алайда ондағылардың “интеллигенция өкілдерін ала алмаймыз” деп маңайлатпағанын айттым. Мені үнсіз тыңдаған ол ештеңе айтпады.

Арада екі-үш күн өткеннен кейін аупарткомның ұйымдастыру бөлімінен хабарласып, менің партия қатарына қабылданғаным бар.

Бірде ауданға республиканың басқа өңірінен Худайкулы Аннамурадов деген түрікмен жігіті прокурор болып келді. Бұл келгеннен жемқорлығымен аты шығып, талайлардың соңына түсіп, жазықсызды жапа шектіре берген соң онымен аудандық партия комитеті айналыса бастады.. Дегенмен, жоғары жақта тірегі бар әлгі прокурор аупарткомға шекесінен қарайды, арнайы шақыртулардың өзіне бармайды. Бұл іске Сәкеннің өзі тікелей араласып, бюроның шешімімен, оны ауданнан аластатады.

Смағұл Өтеуліұлы Жарылғапов Адайдың жары руынан, оның да кеше тармағының тумасы. Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен аумалы-төкпелі заманда әкесі Өтеулі алғашқы лекпен Маңғыстаудан Жаңғақтың

караойына құлаған екен. Смағұл Небиттау қаласының гүбіндегі Жібел кентінде 1928 жылғы қарашаның 15-інде дүниеге келеді. Ол жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін 1942 жылы он төрт жасында қызметін Небиттау аудандық халық ағарту бөлімінің хатшылығынан бастайды. Жеті айдан кейін-ақ қалалық атқару комитеті жалпы бөлімінің меңгерушілігіне ауыстырылады. Ал, 1947-68 жылдары Небиттау қалалық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, екінші хатшысы қызметтерін атқарады. 1950 жылдың күзінде партиялық жұмыстарға ауыстырылған ол аталған қаланың қалалық партия комитетінің нұсқаушысы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1963-68 жылдары “Кумдагнефть” мұнай кәсіпшілігі басқармасының, “Түркменбурнефть” тресі 3-інші барлау-бұрғылау мекемесінің басқа жұмыстардан босатылған партком хатшысы қызметтерінде болды.

Смағұл Өтеуліұлы 1968 жылғы ақпанның 8-інде Красноводск аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына бекітіліп, сол қызметінде табан аудармастан 17 жыл істеді. Онан кейінгі жылдары облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып, Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. Көп құрметіне бөленген асыл азамат Смағұл аға саналы өмірінің елу жылын халқына қалтқысыз қызмет етуге арнады. Өзінің зор адамгершілік, кең пейілдік, білікті іскерлік қасиеттерімен абыройға ие болып, өзі басқарған ауданның қазағы мен түрікменіне адал ұл, өнегелі азамат ретінде танылды. Красноводск ауданын ұзақ жыл мінсіз басқарып, оның өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосты. Сәкең көп жыл бойы Түрікменстан үкіметінің мүшесі болып, Түрікменстан Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына бірнеше мәрте сайланды. Екі мәрте “Құрмет белгісі” және “Еңбек Қызыл ту” ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Смағұл Өтеуліұлы қырық жылдан астам отасқан зайыбы Нұрбибі апаймен жеті бала тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының бәрі бүгінде бір-бір үйдің иесі. Сәкең алпыс жеті жасында, 1995 жылғы желтоқсанның 26-сында дүниеден озды. Оның арадан кеткеніне де он жылдан асып барады, жүйткіген уақыт-ай десеңізші?!..

ҰЛТ ТІЛІНЕ КҮМӘНМЕН ҚАРАМАЙЫҚ!

*“Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер
өуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады”.*
Ахмет Байтұрсынұлы

Иә, алты алаштың рухани көсемі кезінде осылай деп кеткен. Ахаңның бұл сөзінің ақиқаттығын білу үшін төмендегі деректерге назар аударсақ та болады: Мысалы, 1897 жылы Ресейде өткен санақ бойынша, бұрынғы КСРО аумағында 146 тіл, 1926 жылғы бүкілодақтық санақ бойынша 194 ұлт пен ұлыс болды. Ал, 1979 жылғы халық санағы, сол аумақтағы ұлттар мен ұлыстар санының 101-ге бір-ақ түскенін көрсетті. Керітартпа саясат ұстанған елдің әкімшілігі күллі этносты біртүлділікке көшіру үшін, алдымен, олардың ұлттық сана-сезімін жоюға әрекеттенеді, сол үшін этносаралық қатынас құралы ретінде бір тілді көтермелеп, қостілділікті насихаттайды. Сөйтіп жүріп, “Шағын этнос тілінің болашағы жоқ” деген ұғымды көмескілендіре келе оны санадан аластап, елдегі көпшілік болып отырған халық тіліне немесе дүние жүзіне кең тараған тілге біржола көшіреді. Шындығында, бізде де солай болып шықпады ма?! Ұлт тілдерінің мүддесін сөз жүзінде ғана қолдаған Компартия мен кеңес үкіметі орыстан өзге халық арасында ұлттық-орыс қостілділігін дамыта отырып, олардың орыс тіліне біржола көшуі үшін, айғай-шу көтермей-ақ, сол үшін керекті жағдайдың барлығын туғызды. Өзге халықтар ана тілі мен орыс тілін қолдана келе, өз тілін біртіндеп қолданыстан шығарып, беделді тілге біржола көшуге бет бұрды.

1926 жылғы Қазақстанда, біздің қолымызға түскен халық санағы мәліметі бойынша, 3.713.394 қазақ тұрса, соның 3.707.486-сы өз ұлтының тілін ана тілім деп есептейді. Бұл - қазақтың 99,9 пайызын құрайды. Сол кезде өз ұлтының тілін ана тілім деп есептеуі бойынша, қазақтар Одақ көлемінде орыстармен деңгейлеске жуық келген екінші ұлт болды. Ал, 1989 жылғы халық санағында республикада тұрағын 6.534.616 қазақтың 6.441.387-сі яки 98,6 пайызы өз ұлтының тілін ана тілім деп есептейді. Қазақстандағы 93.229 қазақ яғни қазақтың 1,4 пайызы өзге ұлт тілдерін (оның ішінде 88.896 қазақ орыс тілін) ана тілім деп мәлімдейді.

Кеңес өкіметі жылдары жүзеге асырылған индустрияландыру, коллективтендіру кезінде қазақ жеріне жаңа өндіріс

орындарын, атакты Түрксіб жолын салысуға көмекке басқа ұлт өкілдері көп келді. Мұның өзі қазақ халқын басқа ұлт өкілдерімен тіл жағынан қарым-қатынас жасауға тікелей мәжбүр етті. Осыдан барып қазақ тілінің табиғи аясы бұзылды. Ал, тың игеру жылдарында қазақ жерінің солтүстігі мен орталығында, барлық дерлік қалаларда қазақ азшылық болып қалды. Мұның бәрі қазақ тілінің дамуына кедергі болды.

Ана тілінен өздігінен айырылатын халық болмайды. Әр түрлі жағдайлармен төл тілінен айырылып, өзге тілге телінген сөйтіп атын ғана сақтап қалған, тіпті атын да, өзін де жоғалтып тарихта ізін қалдыра алмай кеткен халықтар да аз емес. Қазіргі кезде жер жүзінде 5661 тіл бар делініп жүр. Оларда сөйлейтіндер екі адамнан бастап, миллиардтан асатын адам (қытай тілінде) аралығын қамтиды. Біздің қазақтың ана тілінде қазір он миллионнан астам адам сөйлейді.

Қазақ тілі – ішкі құрылысы жақсы зерттелген, тәуелсіз елдер достастығы халықтары ішінде сөйлеушісінің саны жағынан алғашқы бестікке кіретін, мемлекеттік қамқорлық болған жағдайда, мемлекеттік тіл қызметін абыроймен атқара алатын тіл. Қазақстанның ішкі саясатының бір арнасы – тіл саясаты. Оның негізі Қазақстан Республикасының “Тіл туралы” Заңында белгіленген. Онда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі” – деп жарияланған. “Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі”, - делінген Заңның 4-ші бабында. Былтырғы қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің “Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік Бағдарламасы туралы” жарлығы және шығып, бұл бағытта ауқымды шаралар белгіленді. Жоғарғы басшылықтың тіл жөніндегі ресми құжаттарында алға қойылған талаптарды орындау мақсатында облыс әкімі де тиісті шешімдер алды. Көріп отырғанымыздай, Заң да, қаулы-қарарлар да, бағдарламалар да қабылданған. Алайда, жалпы жұрт болып қолға алып жатқан жұмыс аз. Алынған шешімдер әлі күнге сөз жүзінде қалып келеді.

Елдің көркі тіл десек,
Тілдің көркі сәби ме деп қаласын.
Бала тілі бола алмаса ана тіл,
Ана тілі бола алмайды ешқашан! –

деп Қадыр ақын айтқандай, сәбидің тілі өз ана тілінде

шыққанға не жетсін! Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: “Біз де тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз,” – деген-ді.

Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының тілдерді дамыту жөніндегі жауапты қызметкері болғандықтан біздің түрлі тексерулер жүргізуімізге тура келеді. Өкінішке орай, тексеру жүргізілген өткен жылы Ақтаудағы балабақшаларда тәрбиеленетін 5733 баланың 1444 –і ғана қазақша топқа немесе балабақшаға барады екен. Әрине, бұдан көптеген қара көз бүлдірішіндердің тілі орыс тілінде шығатындығын байқау қиын емес. Мектепке дейінгі мекемелердің барлығында қазақ тілі сабағы жүргізілгенімен, оны оқытып-үйрету тиісті дәрежеде болмай шықты. Тіл мамандары жеткіліксіз, балабақша меңгерушілері мен әдіскерлер мемлекеттік тілді білмегендіктен, қазақ топтарындағы тәрбиешілердің жоспарларында, сабақ оқытуында кемшіліктер көп. Тексеру қалалық білім бөлімінің балабақшаларда қазақ тілін оқытып-үйрету мәселелерін назардан тыс қалдырғанын көрсетті. Өйткені бөлім тарапынан қазақ топтарындағы тәрбиешілерге әдістемелік және жоспарлар жасауда көмектер көрсетілмей келген. Сонымен қатар, балабақшалардағы мөр мен мөртабандар мәтіндері, маңдайша жазулары заң талаптарына сай емес, хабарландыру, жарнамалар тек қана орыс тілінде жазылған.

Қала мектептерінде де, халықтық салт-дәстүрді насихаттайтын шараларға қарамастан, қазақ тілін оқытып-үйрету көңілдегідей емес. Мәселен, сол кезде Қазақстан Республикасы денсаулық, білім және спорт министрінің бұйрығына сәйкес, облыстық білім басқармасы шығарған бұйрықта мемлекеттік тілді тереңдете оқыту мүмкіндіктерін қарастыру белгіленген-ді. Өкінішке орай, ағылшын тілін тереңдете оқыту жүзеге асырылған да, мемлекеттік тілді бұлай оқыту, орыс мектептері түгілі, қазақ мектептерінде де қолға алынбаған. Орыс тілді мектептерде сабақ беретін 126 мұғалімнің 38-і ғана қазақ тілінің маманы, қалғандары түрлі мамандық иелері. Бұл қазақ тілін жүргізу кім көрінгеннің қолынан келеді деген астамшылықты немесе мемлекеттік тіл тағдырына жауапсыздықты көрсетеді. Нәтижеде, қазақ тілі грамматикасын меңгермеген мұғалімдердің сабақ тақырыбын сауатсыз толтыру,

күнтізбелік жоспарды көшіре салу, оқушының жазба жұмыстарындағы қателерін анықтай алмай, артық бағалау фактілері анықталды. Қаладағы 1, 2, 3, 9, 12, 14, 16, 23 мектептердегі қазақ тілінен сабақ беріп жүрген мұғалімдердің сабақ жоспарын жаза алмауы, қазақ тілінде сауатты сөйлей білмеуі, іс қағаздарын орыс тілінде жүргізуі сияқты кемшіліктер жылдан жылға қайталанып келеді.

ІІІ. Есенов атындағы Ақтау университетінде, мемлекеттік емес “Қайнар” университетінде, мемлекеттік тілді үйрену әлі де сөз жүзінде қалып отыр. Оларда “Мемлекеттік тілде іс жүргізу” арнайы курсы енгізілмеген. Тексеру кезінде курсқа қатысушылар тізімі, оқу жоспары, сабақ өту журналы болмай шықты. “Қайнар” университетінен басқа оқу орындарында тіл үйренуге арналған лингафон кабинеттері жоқ.

Қаладағы арнаулы оқу орындарында да мемлекеттік тілді үйрету мәселесіне жете көңіл бөлінбеуде. Мәселен, Маңғыстау энергетика, гуманитарлық колледждерінде, “Мейірбике”, “Меридиан” медколледждерінде, 6 техникалық лицейде тіл жөнінде арнайы шаралар жасақталғанымен, олардың орындалысы қаралып, есептері тыңдалмаған. Еліміздің Ата заңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі екендігі, оның мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатындығы тайға таңба басқандай жазылғаны баршаға мәлім. Бұған еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: “Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін” деген сөзін немесе “тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін, қолдан келгеннің бәрін істеу керек” дегенін қосыңыз.

Жалпы, 1997 жылғы шілденің 11-інде қабылданған “Тіл туралы” Заңда мемлекеттік тілге яки қазақ тіліне айқын басымдылық берілген. Атап айтсақ, олар мемлекеттік органдар актілерінің тілі (9-бап), құжаттама жүргізу тілі (10-бап), азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі (11-бап), мәмілелер (15-бап) екендігі белгілі. Алайда, іс жүргізуді кезең-кезеңмен, жоспарлы түрде мемлекеттік тілге көшіру – Тіл заңының (23-бап) талабы.

1998 жылғы қазанда облыс әкімі “Қазақстан Республикасы үкіметінің 1998 жылы 14 тамызда қабылданған 769 қаулысын жүзеге асыру туралы” шешім шығарды. Онда аудан, қала әкімдері, облыстық мемлекеттік басқару органдарының басшылары іс қағаздарын кезең-кезеңмен мемлекеттік тілге көшіруге қажетті барлық шараларды алуға,

қызметте жүрген мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайларды жасауға, бұдан былай іс қағаздарын жүргізу мен құжаттар әзірлеуге қатысты мамандарға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары қатарына мемлекеттік тілді білу талабын енгізуге міндеттелген болатын. Сонымен қатар, осы шешіммен бірге, облыстық басқармалар мен аумақтық органдарда іс қағаздарын мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің кестесі де бекітілген-ді. Кестеге жүгінсек, 1998-99 жылдары облыстық он төрт мекеме іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруі тиіс екен. Олардың арасынан облыстық қоршаған ортаны қорғау (бастығы К.Төлешов), статистика (бастығы Г.Б.Иванов), еңбек және халықты әлеуметтік қорғау (бастығы А. Баужанова) басқармаларының оңды істерін атауға болады. Мәселен, облыстық статистика басқармасында барлық бөлімдер мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшірілген. Бұйрықтар, қатынас хаттары, басқа да құжаттар алдымен мемлекеттік тілде, содан кейін орыс тілінде әзірленеді. Екі жылдан астам жұмыс жасап келе жатқан аудармашыға бөлек бөлме беріліп, қажетті әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етілген, тілге, ұлттық салт-дәстүрге арналып стенділер шығарылған.

Сондай-ақ, тұрғын үй, құрылыс, сәулет және аумақтарда құрылыс салу, көші-қон және демография басқармаларында, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінде де мемлекеттік тілде іс жүргізуді енгізу бағытында шаралар алынып, жұмыстар жүргізілуде.

Алайда, облыстық кеден басқармасында, жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетте, Маңғыстау облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі комитетте, облыстық жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекцияда іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру бағытында жұмыс әлі тиісті дәрежеде жүргізілмей отыр. Мәселен, облыстық кеден басқармасы белгіленген кестеге сәйкес 1999 жылғы шілденің бірінен яки бұдан бір жыл бұрын іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруі керек еді. Алайда, іс барлық бөлімдерде тек қана орыс тілінде жүргізілуде. Бұл ұжымдағы 207 адамның 200-і жергілікті ұлт өкілдері екенін естігенде, қатты қынжылдық. Компьютерлерге қазақша әліпби енгізілмеген, аудармашы жоқ, көрнекі ақпарат,

негізінен орыс тілінде.

Бұл — Тіл туралы Заң талаптарының бұзылып отырғандығын, үкімет қаулысы мен облыс әкімінің жоғарыда аталған шешімінің сөз жүзінде қалғандығын көрсетеді.

Осы орайда, көптеген азаматтардың ойын “қазіргі мемлекеттік тіліміз - қазақ тілін білудің қажеттілігі бар ма?” деген күмән билейтін секілді. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы тілдік даму стратегиясы орталығы ғалымдарының пайымдауынша, қазақ тілін білу — баршаның қажеттілігі. Бұл қажеттілікті туғызып отырған себептер қандай. Бірінші себеп - қазақтардың Республика халқы ішінде үлес салмағының басым болуы және бұл көрсеткіштің соңғы жылдарда үздіксіз өсуі. Мысалы, осыдан қырық жыл бұрын (1959 ж) қазақ халқы Республика тұрғындарының 30 пайызын құраса, олардың үлес салмағы 53 пайыздан асты. Екінші себеп — Республиканың біраз жерінде қазақ тілді органың қалыптасуы. Үшінші себеп — көп ұлтты ауыл қызметкерлері мен тұрғындарының тең жартысынан астамы қазақтар болғандықтан, қазақ тілінің ұлтаралық қатынаста жұмсалуды. Төртінші себеп — сан жағынан алғанда қазақтардың ТМД елдеріндегі жүзден астам ұлт пен ұлыс ішінде бесінші орын алатыны және олардың Достастық елдерінің барлығында кездесетіндігі. Қазақ тілінің түркі тілдері сапында екені белгілі, ал түркі тілдері ТМД-да славян тілдерінен кейін екінші орында. ТМД-дағы отыз шақты түркі халықтарымен (өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, т.б.) сөйлесуге қазақ тілі толық кәдеге жарайды. Бесінші ескеретін жай — жер жүзінде қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелген, сөйлеушісі көп тілдердің бірі екендігі. Қазіргі дүние жүзінде 5651 тіл болса, қазақ тілі соның ішінде сөйлеушісінің саны жағынан алғашқы 70 тілдің санатында.

Әрине, қазақ тіліне деген қажеттілік бұл аталғандармен шектелмейді. Тәуелсіз елдігіміз нығая түскен сайын, оның бір тірегі — мемлекеттік тілге деген қажеттілігі арта түспесе, кемімейді.

Ғасырлар бойы күресіп, елімізбен бірге тәуелсіздік алған, сөйтіп, мемлекеттік мәртебеге ие болған Ана тіліміздің қолданылу өрісін кеңейтіп, мерейін өсіру үшін, алынған әрбір шешім мүлтіксіз орындалуы тиіс. Бұл ел мүддесін ойлаған әрбір адамның абыройлы міндеті, азаматтық асыл парызы.

15. 09. 2000 ж.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ СОҢҒЫ ТІРЕГІ ТІЛІМІЗДІ ӨЗІМІЗ ҚОРҒАЙЫҚ

Тіліміздің тағдыры – еліміздің тағдыры екендігі жайында аз айтылып, жазылып жүрген жоқ.

Тіпті ұлы Абайдың өзі “Қайран тіл, қайран сөз—наданға қадірсіз...” десе, қазақтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатынын айтып кетті. Көрнекті сөз зергері Ғабит Мүсірепов: “Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ” деген болса, атақты Бауыржан Момышұлы: “Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту” деген-ді.

Дәулет деген - ұғындар!
Кеше бар да, бүгін жоқ.
Тілің болса, күнің бар,
Тіл болмаса, түгің жоқ,

-деп жырлайды ақын Қадыр Мырзалиев.

Арыға бармай-ақ өткен ғасырдың басында алаштың елім деп еңіреген Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып сынды ұлдарының тілімізді қорғау жолындағы күресі әлі жалғасып келеді. Тәуелсіз ел атанып, “Қазақстан Республикасындағы “Тіл туралы” Заң жарыққа шықты, қазақ тілі бірден-бір мемлекеттік тіл ретінде жарияланды. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру бағытында жұмыс жүргізілмеді десек, құдайға күпірлік болар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі жұртшылықпен кездесулерінде: “Қазақпен қазақ қазақша сөйлесейік...”, “Қашанғы бұқпақтай береміз, қазағы көп жерлерде қазақшаға көшу керек...” деген сөздер айтты. Қазір қазақ тіліндегі сөздіктер, анықтамалықтар, әдебиеттер, оқу құралдары көптеп шығарылуда, компьютерлерге қазақ қаріптері енгізілуде, көрнекі ақпарат, маңдайша жазулары бір жүйеге түсіп келеді.

Жер-жердегідей біздің облысымызда да бұл бағытта бірғауым істер жүзеге асырылды.

“ҚазтрансОйл” акционерлік қоғамының батыс филиалында, Жаңаөзен қаласында, “Өзенмұнайгаз”, “Қаражан-басмұнай” акционерлік қоғамдарында, облыстық статистика, қоршаған ортаны қорғау басқармалары сияқты басқа да бірқатар еңбек ұжымдарында іс қағаздарын мемлекеттік

тілде жүргізу қолға алынғанын атап өткен жөн.

Тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері облыс аумағындағы кәсіпорын-мекемелер мен ұйымдарда Тіл туралы Заңның орындалуын тексерумен қатар еңбек ұжымдары мен оқу орындарында еліміздің тіл саясатын насихаттаумен, түсінік жұмыстарын жүргізумен де айналысады. Бұл орайда, біз әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарына ерекше сүйенеміз. Мәселен, биылдың өзінде осы жолдар авторының облыстық “Маңғыстау” газетінде “Жаңаөзен: өндіріс тілі – мемлекеттік тіл”, “Маңдайшаңызға қараңыз”, “Анаңдай ардақта, қарағым”, “Қолданылу аясын кеңейту қажет”, тәуелсіз “Үш қиян” газетінде “Қайран сөз, қайран тіл”, “Қазағы көп те, қазақшасы жоқ”, қалалық “Тумба” газетінде “Обратите на вывески” атты мақалалары жарық көрді. Облыстық теледидар мен радио ақпан айындағы “Ойтолғақ” бағдарламасын мемлекеттік тіл мәселелеріне арнады, сондай-ақ мамыр айында облыстық радиодан бір сағаттық “Тікелей байланыс” хабары ұйымдастырылды.

Еліміздің “Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы” Заңынан бір жыл кейін үкіметіміз “Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы” Қаулы қабылдады. Осыған орай, облыс әкімі мұнан үш жыл бұрын “Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамызда қабылданған Қаулысын жүзеге асыру туралы” 267 шешім қабылдады. Бұл шешіммен облыстық басқармаларда іс қағаздарын кезең-кезеңмен мемлекеттік тілге көшіру кестесі бекітілген-ді. Онда 1998 жылдан 2001 жылға дейін 24 басқарма іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруге тиіс болатын. Өкінішке орай, олардың бес-алтауынан басқасы бұл істе жауапсыздық танытуда. Мәселен, облыстық кеден басқармасында қызмет істейтін 237 адамның он екісі ғана өзге ұлт өкілі екен, соған қарамастан тексеріп көргенімізде іс қағаздары тек қана орыс тілінде. Тіл туралы заңның шыққанына үш жыл толса да, мөр мен мөр таңбалардың мәтіндері талапқа сай емес. Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармада да іс қағаздарын көшіру былай тұрсын, бес мөр табан (оның мәтіні мемлекеттік тілде болудың орнына) орыс тілінде дайындалған. Сондай-ақ кестеге сәйкес мемлекеттік тілге көшуі тиіс облыстық экономика, өнеркәсіп және сауда, әділет басқармаларында, жол полициясында, биоресурстарды қорғау жөніндегі инспекцияда, табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті

қорғау, шағын бизнесті қолдау департаментінде, тағы басқаларда аталмыш жұмыс әлі көңілдегідей емес.

Биыл Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына аттай он жыл толғалы отыр. Ал республика атымен аталатын, ежелден осы жер мен елдің иесі - қазақтың тілі қандай дәрежеде?! Жоғарыға жалтақтық психологиясынан арылып, ұлттық рухтың ең соңғы қорғаны тілімізді көп болып қолдайтын кез әлдеқашан жетті. Осы орайда, белгілі жазушы Константин Паустовскийдің мына бір пікірі ойға оралады: “Әрбір адамның, - дейді ол, - өзінің ана тіліне деген көзқарасына қарап, оның мәдени деңгейіне ғана емес, сонымен бірге азаматтық қасиеттері жөнінде де мүлтіксіз баға беруге болады. Өз Отанына деген махаббат өз ана тіліне деген шынайы махаббатсыз болуы мүмкін емес. Өз ана тіліне немқұрайдылықпен қарайтын адам хайуанмен бірдей. Оның ана тіліне деген немкеттілігі өз халқының өткеніне, қазіргісі мен келешегіне деген немкеттілікпен сабақтасып жатады, сондықтан ондайлар зиянды.”. Ашы да болса шындық. Тілге деген қазіргі немкеттілік елге, жерге деген отаншылдық сезімнің жұтаңдығынан емес пе екен?! Әйтпесе, тіл тағдыры – ел тағдыры екенін бабаларымыз ежелден ұққан. Әбіш Кекілбаевша айтсақ, ежелгі Қорқытты да, бергі Асан Қайғыны да желмаяға мінгізіп, “Жерұйықты” іздетіп жүрген тірі қалудың емес, елдікті жоғалтпаудың, қара жердің бетінде өз сипаты, өз қасиеті, өз тілі бар халық болып қалудың қамы еді.

Ал қазір құдайға шүкір, жағдай басқаша. Бодандықтың бұғауынан босанған еліміз егемендіктің сара жолына түсті. Алыс-жақын шетелдерден қандастарымыз ата жұртына оралуда, осыған орай қазағымыздың үлес салмағы артуда. Ақтау қаласындағы облыстық дәрежедегі жиырмадан астам мемлекеттік мекемелерде болуымызға тура келді. Бір байқағанымыз ұжым мүшелерінің 85-95 пайызы жергілікті ұлт өкілдерінен тұрады. Ендеше бұл жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруге негіз бар деген сөз. Тек жайбарақаттықтан гөрі ынта-ықылас болса екен.

Тіл мен халық бірінсіз бірі жоқ. Тілден айырылсақ, халық болудан қалатындығымыз дәлелденген қағида. Бұрынғы ата-бабаларымыздан қалған ана тіліміздің мән-маңызын арттырып, болашақ ұрпаққа аманаттап табыстау – біздің перзенттік парызымыз. Осыны әрқашан есте тұтайық, ағайын.

14. 09. 2001 ж.

АНАНДАЙ АРДАҚТА, ҚАРАҒЫМ

“Қайран тіл, қайран сөз – наданға қадірсіз...”

Абай

Тіл тағдыры – ел тағдыры. Тілімізді сақтау арқылы жерімізді, елдігімізді сақтадық, мың өліп, мың тірілдік. Тіл – халықтың ажары, базары, бағы, төл мәдениеттің жүрегі. Мұны кім-кімде білуі тиіс. Ал менің тәптіштеп жазуымның себебі бар. Жуырда “Алтын орда” газетінде (13.10.2000 ж.) Жұмабай Құлиев: “Болашақ” бағдарламасымен шетелге оқуға жіберілгендердің бір тобы АҚШ-та премьер Қ.Тоқаевпен кездесіп: “Егер Қазақстанда қазақ тілі үстемдік алатын болса, біз Ресейден немесе басқа мемлекеттерден саяси баспана сұраймыз”, - депті. Бізді көгертеді деп жүргендердің ойы әлгі. Бара –бара қазақ тілінің халі не болар екен?” деп жазады. Оған жауап берген Иран мәдени орталығының жетекшісі Ислам Жеменей: - Осыған қарап отырып, біз қойнымызда жылан өсіріп жатқандай әсер қалыптасады. Өткен-кеткенді сараптағанда ешбір зайырлы елдің жас ұландары мынадай көргенсіздікке барған емес, - дейді.

Исламның сөзіне қосылмасқа лажымыз жоқ. Әлгі жастар заң қабылданар кезде қазақ тілінің болашағына сенімсіздікпен қарап, оның мемлекеттік мәртебе алуына қарсы шыққан қазақтар сияқты. Қандайға ұқсас десеңізші?!

Жоғарыдағылар сияқты ана тілінен безген мөңгүрттер аяқ астынан пайда бола қалмайды, әртүрлі жағдай өз тілін білмеуге мәжбүр етеді. Оның бірі ата-анасының өз тілін білмеуінен немесе табиғи тілдік ортаның болмауы салдарынан баланың тумысынан ана тілін білмеуі, екіншісі бала кезден білгенінен есейе келе жиренуі (тілдің беделінің құлдырап кетуі, халық арасында болашағы жоқ тіл ретінде пайымдалуы), үшіншісі – тіл саясатының сөз жүзінде ана тілін дамытуды уағыздап, іс жүзінде оны білуге қажетті жағдай туғызбаудың жүйелі сипат алуы, соның негізінде адамның өзінің балаң кезден-ақ ана тілін менсінбеуі, келе-келе иланған нигилист болып қалыптасуы.

Халық пен оның тілі біртұтас. Төл тілінен айырылған халық тұл. Сондықтан ана тілінен өздігінен айырылатын халық болмайды. Әр түрлі жағдайлармен төл тілінен айырылып, өзге тілге телінген, бірақ атын сақтап қалған, тіпті

атын да, өзін де жоғалтып, тарихта қалмаған тіл де, халық та аз емес. Бұл - үлкен орны толмас трагедия. Мысалы, латыш тілінің тағдыры тәлкекке түскенде белгілі неміс философы Кант: “Латыш өз тілін жоймауы керек. Тілін жойса, ұлттық сипатын, характерін жояды”, деуінің бір ұштығы осында жатса керек.

Патшалы Ресейдің орыстандыру саясатын жүргізгені, ана тілінде қарапайым білім алуға жағдай туғызбағаны баршаға аян. Орыс тілін мемлекеттік тіл ретінде жариялай отырып, өзге ұлттарды өз ана тілінен айыруға әрекет жасады. Мысалы, 1887 ж. “Журнал Министерство народного просвещения” “орыс тілін жазумен бекітсеңіз, оны әбден өңдеп, грамматикалық ережесімен мектепке енгізеңіз, сол арқылы теңсіздікті жоясыз”, - деп бұл етпестен жазды. Осыдан-ақ “менің сиырым жалап тұрсын, сенің сиырың қарап тұрсынның” кебін көруге болады. Ал халық өз ана тілінде оқығысы келді. Ахмет Байтұрсынов 1914 ж. Думада мектеп мәселелері қаралуға тиіс екендігін айта келіп: “Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кім орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек” – дейді (А.Байтұрсынов. “Ақ жол”, 271-бет).

Кеңес өкіметі билеген ғасырға жуық уақытта қазақ халқы надандық бұлтын түргенмен, оның саны мен ұлттық санасы өскен жоқ. Соның басты бір белгісі - қазақ тілінің өркені өсіп, көсегесі көгерген тілге айнала алмауы. Компартияның басшылығымен жүзеге асырылған индустрияландыру, ұжымдастыру, тың игеруге байланысты басқа ұлт өкілдерінің көптеп келуі, шаруашылықтарды ірілендіру желеуімен қазақ мектептерінің жаппай жабылуы, тіліміздің аясын бұзды, жеріміздің солтүстігі мен орталығында, барлық қалаларымызда дерлік қазақтың азшылық болып қалуына әкелді. Бұған “бір тілде сөйлесек, коммунизмге тез барамыз” (Н.Хрущев) деген ұранды қосыңыз. Тіліміздің қолданыстан шығуына осының бәрі зор ықпал етті.

Кеңес өкіметі ыдырап, бұрынғы одақтас республикалар өз алдына мемлекет болып құрылды, сөйтіп қазақ тілін мемлекеттік тілге айналдыру ісі қолға алынды.

Сонымен қатар бұрынғы интернационалдық тәрбиенің орнына жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге негізделген халықтық педагогика ұлттық өмірге немқұрайды қарайтын

кейбір жастардың қазақ халқының рухани, материалдық мәдениетін толық меңгерген, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тәлім-тәрбие қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлтын, Отанын, тілін сүйетін азамат болып өсуін қамтамасыз етуі тиіс. Халықтық педагогиканың негізі қалануы үшін оған сай ұлттық сана-сезім керек, ұлттық сана-сезім болған жерде ана тілі де дамиды. Психология ғылымының қазақ тілінде негізін салған ғалым Жүсіпбек Аймауытов “Тәрбиеге жетекші” (1926 ж.) деген еңбегінде: “Ана тілі – халық болып жасалғаннан бергі жан-дүниесінің айнасы: өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі қурамайтын бөйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы сол халықтың тілі”, - деген екен.

Қазан төңкерісінен бұрын ана тілін білмейтін қазақ кездеспеген де шығар. Пәленбай деген қазақ ана тілінде сөйлей алмайды деген мәліметті ешбір әдебиеттен кездестірген емеспіз. Қазақтың ана тілінен айырылуы - қазақ тарихында кеңес үкіметі жағдайында ғана пайда болған соңғы құбылыс. Жас мөлшері бойынша алғанда, республика қазақтары арасында 70-жылдардың соңғы жылында ана тілін жоғалтқандардың басым көпшілігі (58%) 15 жасқа дейінгілердің үлесіне тиеді екен. Демек, бұл жағдай ана тіліне баланы жастан үйрету керек деген сөздің ақиқаттығын дәлелдей түседі. Осы орайда, көрнекті тілші ғалым Ахмет Байтұрсынның: “Біз тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиістіміз”, - деген сөзі еске түседі. Өкінішке орай, бодандықтың, құлдық психологияның жемісі болар жастар арасында орысша сөйлеу әлі “модадан” түскен жоқ. Әсіресе, облыстық кеден басқармасына, салық комитеті мен полициясына, басқа да заң орындарына барып көріңізші. Қаракөз қыздарыңыз бен ұлдарыңыз шүлдірлеп тұрады. Орысша сөйлегенді біліктілік, өзгеден ерекшелік деп біліп, өзінше дәреже көреді. Шындығында бұл надандық, өзін өзі сыйламаушылық.

Ғалымдардың пайымдауынша, қазақ тілі – ішкі құрылысы жақсы зерттелген, бұрынғы одақтас елдер ішіндегі сөйлеушісінің саны жағынан алғашқы бестікке кіретін, (жер жүзіндегі 5651 тіл арасында 70-ші орында) мемлекеттік қам-

қорлық болған жағдайда мемлекеттік тіл қызметін абыроймен атқара алатын тіл.

Халықтың келешегі рухани дүниесінің өсуінде, мәдени дамуында екені баршаға мәлім. Ал оның негізі – ана тілінде. Ана тілін білмеу – ананы құрметтемеумен бірдей. Сондықтан да әрбір қазақтың лауазымға, қызметіне, кәсібiне, көзқарасына, жасына, жынысына қарамай қайда жүрсе де, ең басты міндеті - қасиетті тілімізге қызмет ету. Осыны естен шығармайық, ағайын!

АТАМЕКЕН АТАУЛАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ ТИІС

Қазақстанның егеменді ел атанып, тәуелсіздіктің көк байрағын желбіреткеніне де міне, он жылдан асты. Тәуелсіз елдің топономиясы да (ономастиканың географиялық объектілердің атауларын, олардың пайда болу, өзгеру, қолданылу заңдылықтарын зерттейтін бөлімі) тәуелсіз болуы тиіс. Өйткені, географиялық атаулар ешқашан да кездейсоқ қойыла салмаған, оларда сол өлкені мекендеген байырғы халықтың қатпар-қатпар тарихы тайға таңба басқандай сайрап жатыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1972 жылы Лондонда өткен географиялық атауларды қалыпқа түсіру жөніндегі конференциясында беделді мінбеден: “Африка мен Азиядағы көптеген атауларды келімсек зерттеушілер мен отарлаушылар берген. Олардың жергілікті атауларға қатыгездікпен қарағандығы сондай, ірі масштабтағы картаны түзетілген қалпында қайтадан жасап шығу үшін тіпті магнитофондарды пайдаланып, жергілікті мамандарды тарта отырып, орасан зор зерттеу жұмыстарын жүргізуге тура келді,” – делінген. (Комков А.М. Географиялық атауларды ұлттық және халықаралық тұрғыдан қалыпқа түсіру мен нормалау проблемалары. “Ономастика және норма” жинағы. Мәскеу, 1976 жыл). Бұл пікір Қазақстанның да ономастикалық ахуалынан хабар береді.

Жер-су атаулары сол ел-жұрттың болмыс-бітімі, тұрмыс шаруашылығы, көші-қонынан, салт-дәстүрі, тілі, діні, ой-санасынан туындайды. Топонимдер – энциклопедиялық мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі. Ал отарлаушылар қол астындағы елді ұлттық салт-санасынан айырып, рухани түп-тамырынан ажырату үшін алдымен жер-су аттарын өзгертуге

кіріскен. Оларды мақсат-мүддесі мен саясатына сай өз тіліндегі басқа атаулармен алмастырып отырған.

“Қилы замандарда дүниеге келген ежелгі атаулар өз дәуірінің күәгері ретінде тарихи ескерткіштер қатарына жатқызылуы тиіс. Сондықтан оларға да тарихи жәдігерлерді қорғағандай қастерлі көзқарас, “Қызыл кітапқа” кірген аң-құсты аялағандай камқор алақан керек. Белгілі бір топонимикалық объекті немесе мекен-жайдың атының ресми құжаттарда, географиялық, экономикалық-саяси карталарда, халықаралық саяси және интеграциялық келісім-шарттарда, баспасөз бен ғылыми еңбектерде дұрыс жазылуы үшін республикамыздың географиялық атаулары алдымен халықаралық қалыпқа түсуі қажет. Сондықтан еліміздің аумағындағы жер-су, елді мекен, тағы басқа да атауларды тәуелсіздік талаптарына сай қайта атау, өзгерту жұмыстарын жолға қойып, қалыптасу процесін түбегейлі тиянақтау Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналуына игі ықпал ететін мәселеге жатады”, деп жазады рөміз танушы, публицист Ербол Шаймерденұлы.

Кезінде жергілікті халықтың пікірімен санаспастан Жаркенттің - Панфиловқа, Ақтаудың - Шевченкоға, Алматының - Верныйға айналдырылуында, бұрынғы атаулары ысырылып, Черняев, Ермак, Спасск, Никольск, Алексеев, Целиноград, Балкашин, Ванновка сияқты сансыз атаулардың еліміздің картасында орын тебуінде, үстем тілдің ыңғайына қарай көпе-көрнеу бұрмаланып жазылуында саяси астар, бодандық саясат жатыр.

Егемендік алып, етек-жеңін жинаған еліміз еңсе көтерумен бірге жер-суға ежелгі атауларын да қайтарып бере бастады. Қазақстан картасындағы сірескен мұздың көбесі сөгіліп, Ленинск, Шевченко, Жамбыл, Гурьев, Октябрьск, Красноармейск сияқты қалалардың аттары Байқоңыр, Ақтау, Тараз, Атырау, Қандыағаш, Тайынша болып өзгертілді. Сондай-ақ Ақтөбе, Шымкент, Қостанай, Жезқазған, Алматы, Қызылорда, Шу, Жаңақорған сияқты қалалар мен кенттердің басқа да жер-су атауларының транскрипциясы қазақ тілінің нормасына сәйкес түзетіліп, қалпына келтірілді.

Маңғыстау облысында да соңғы он жыл ішінде бұл бағытта көптеген игілікті істер жүзеге асырылды. Мәселен, бұрын түбекте Форт-Шевченко атты қаланың бар екеніне карамастан кезінде қаланы ұстап тұрған тікелей Мәскеуге

бағынысты Прикаспий кен-металлургия комбинаты басшылығының ықпалымен 1964 жылғы шілденің 1-інде Ақтау қалашығы Шевченко қаласы болып аталды. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін араға 27 жыл салып жұртшылық талабымен 1991 жылғы қыркүйекте әділдік орнады. Сөйтіп, қарт Каспий жағалауындағы ару қала өзінің ежелгі атауын қайтып алды.

Егемендік алғанға дейін Маңғыстау мұнайшыларының астанасы атанған Жаңаөзен қаласының кіре берісіндегі жол бойында “Новый Узень” деген үлкен жазудың тұрғаны әлі есімізде. Ал қала жанындағы ауыл орысша “Старый Узень”, қазақша “Көне өзен” деп аталды. Жаңа қаланған жас қалаға “Новый-Узень” – “Жаңа өзен” деген атау беріліпті. Көнекөздерден сұрастырып, архив деректеріне үңілсек, бұл жерлер “Өзен-талақ” деп аталады екен. Ономастика комиссиясының мәжілісінде пікір екіге жарылды. Біреулер қаланы “Өзен” деп атайық десе, екінші біреулер тоталитарлық жүйеге қарсы 1989 жылғы маусымда бой көтергенде бүкіл әлемге “Жаңа өзен” деген атау әйгілі болып, еліміздің тарихына енді, сондықтан да “Жаңа өзен” деп аталуы тиіс деген пікір айтты. Екі пікір ономастика комиссиясы мүшелері арасында дауысқа салынғанда “Жаңа өзен” деген атауды жақтаушылар басым түсті. Ал “Старый Узень” поселкесі сол жердің ел аузындағы атына сай “Қызылсай” ауылы деп аталды.

Сондай-ақ, қызыл комиссар Шәбден Ералиев атындағы аудан Қарақия ауданы, ал Ералиев поселкесі – “Құрық” кенті болып ежелгі атаулары қайтарылды.

Жалпы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Маңғыстауда бір қала, бір аудан, екі ауылдық округ, бір емдеу орны, төрт кент, екі ауыл, жиырма екі білім беру ұйымы тарихи атауын қайтарды немесе жаңа атау алды.

Алайда, тарих тәлкегімен топономикалық қиянатқа көп ұшыраған Қазақстан жерінде, соның ішінде Маңғыстауда ықтиярсыз бұрмаланған атаулар әлі де сақталып отыр. Кеңестік кезеңде жамалған Баутин, Тельман сияқты елеулі еңбегі немесе бұл өлкеге қатысы жоқ адамдарға берілген мекен, кент атауларының өліге дейін өзгертілмеуі қынжылтады. Егер бұл жерлердің тарихи атауы болмаса, тәуелсіздікке, жаңа заманға сай атау немесе өлкеміздің ардақты перзенттері – Иса, Досан, Тобанияз, Жалау тағы басқалар бар емес пе? Мұны Түпқараған ауданының әкімі ескерер деген ойдамыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия біршама жүйелі жұмыстар жүргізуде. Өзгертілген жер-су, елді мекен аттарын байырғы тарихи атауларымен алмастыру, транскрипциясы бұрмаланған немесе қате жазылған жер-су атауларын қайта қалпына келтіру, байырғы атаулары ұмытылған немесе отаршылық-тоталитарлық жүйе ыңғайына сәйкестендірілген елді мекендер мен білім және мәдениет мекемелерін қайта атау жұмыстары алға қойылып отыр. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешуде жергілікті әкімшіліктерге жүктелер міндет зор.

Ғасырлар бойы мекен еткен ата қонысына халық сүйіспеншілікпен, перзенттік сезіммен қарап, оның табиғи қасиетін, сыр-сипатын ескере отырып, әр сай, әр жота, әр бұлағына ат қойған. Маңғыстауда ертелі-кеш өткен ру-ұлыстардың, тайпалардың, елдердің белгілі адамдардың да, әулиелердің де атаулары бар. Сол атаулардың әртүрлі жағдайлармен бұрмаланып, өзгеріп кеткендері болса, оларды тарихи атауларына көшіру, яғни қасиетті мекеннің өз есімдерін өзіне қайтару- перзенттік парызымыз.



А Ш Ы Н У

немесе ана тілін ұқпаған жігітке

Көшеде шүлдірлеп келе жатқан екі жігітке қарсы жолыққан қарт: “Әй, балдар, қазақша сөйлендер”, - деп еді. Бірі мысқылдап күлді де, екіншісі дүрсе қоя беріп, біраз сөздер айтып тастады. Сол сәтте осы жолдар ойға оралды.

Әй, әумесер, серік қылған жырқылды,
Қылығыңнан шошындым мен бір түрлі.
Орынымен ақыл айтқан Атаға,
Көрсеткенің қалай болды сыртыңды?!

Ойға алмайтын ата-баба өткенін,
Кімсің өзің, қайдан өніп, көктедің?..
Кемелдігі дала сынды қартыңның
Ақ сақалын сыйламадың, неткенің?

Жүрген сенен өзге тілді жағалап,
Ертеңгі күн қандай ұрпақ тарамақ?
Өз халқының қасиетін ұқпаған
Басқаларды жарытпайды бағалап.

Тәлімің бұл жанға қатты батады,
Итше қаптың алдындағы Атаны.
Сендейлерге билік тисе, о, тоба,
Тілін, дінін, халқын дағы сатады.

Тілім, бүгін есігімнен енгенде,
Көбейгенде енді оған сенгендер,
Бұған күліп қарайсың-ау, пәтшағар,
Сендей болар қастерлісін көмгендер.

Білем, саған қазіргі кез ұнамай,
Тіл тигіздің киеліме – мұрадай.
Өз жерімде, өз тілімді қорғаштап,
Қандасыммен тістестім-ау, құдай-ай!

Кесуге бар көктеген Тіл-желекті,
Құртуға бар тарихыңды деректі.
Жат пиғылға екеуміздің осылай,
Бітісе алмай жүргеніміз керек-ті.

АНА ТІЛІМ - АСЫМЫМ

Күледі олар қартқа сенен “сыйды” алған,
Маған түрі өрт сөндірген, қиналған.
Күледі олар халқымызға шын ұлын
Өзекке ұрып, өзгелерге иланған.

Не таптық біз басқаларға еліктеп,
Төрге оздырып, айтқанына көніп көп.
Олар болса, ұлы тұтып тек өзін,
Өзгелерді есепке алмас халық деп.

Содан бәлкім, жолымда өткен азап бар,
Жылдар болды кем түспеген тозақтан.
Енді ғана тіктегенде еңсемді,
Шот салуда сендей шала қазақтар.

Маған ауыр, оңай тимес саған да,
Жеңісім мен жеңілісім бәрі алда.
Қасиеттімді қорлар болсаң айтайын,
Екі қолым кетер сенің жағанда!

10. 11. 1989 ж.

А Н А Т І Л І М

Бірінші жыр

Адам арылмас вокзалынан Бейнеудің,
Ақтау қалаға сапар шеккелі жүргенмін,
Кезекте тұр ем шөпжелке қыздар шүлдірлеп,
Өзімнен өзім қолайсыз мүлде күйге ендім.

Өзге ұлт жоқ-ты сөздерін тұрған ұғыспай,
Орысшаның да бедері кетті-ау қиыспай.
Балдақты аға күмілжіп қалып бас шайқап,
Билетін алып шығумен болды жылыстай.

Аяқ астынан шұбарлағанда тілімді,
Ажары оның лайсаң көшедей бүлінді.
Көлеңке басып менің де көңіл күйімді,
Тежей алмадым бойдағы әлсіз дірілді.

Беу, ана тілім, бастауы байтақ жыр-әннің,
Киелім менің, сөзінен артық құранның.
Қасиетінді ұқпаған ұрпақ үшін де,
Алдында сенің кінәлі жаңдай ұялдым.

...Білгенге бұл да өресі әлі тарлықтан,
Тіліңді білмей не керек сері-салдықтан?
Ұятпен өрте, жазала мені о, тілім,
Қалпына даусың келгенше қайта , қарлыққан.

12.12.1989 ж.

Екінші жыр

*“Трижды убивает свою нацию тот,
Кто игнорирует родной язык”*

Гегель

Сені ұқпады, тіпті де ұғынбады,
Зар үніңе құлақты тығындады.
Жұдырықтай жүрегім – бозторғайым
Бауыры отқа күйгендей шырылдады.

Көкпардайын додаға тағы түстің,
Топырағыңда күй кештің бейне мүскін.
Кеудемсоққа жайынды ұқтыра алмай,
Елден безіп кеткім кеп, зәһар іштім.

Босағадан сығалап әлі жүрсің,
Түсінбеген түсінер ақыр бір күн.
Өрімталым, желегің солмасын деп,
Ақ жаңбырша селдеймін дүркін-дүркін.

Мен сеземін, кетерсің тамыр тартып,
Жармасқандар шаң қауып, қалар тантып.
Шын жоқтаушың лек-лек боп келеді өсіп,
Бүкіл түркі қарайтын сенім артып.

13. 05. 1995 ж.

Үшінші жыр

Жарай алмай халқыңның керегіне,
Айналып көне тарих дерегіне,
Қайран тілім, аса алмай босағадан
Қалармысың өгей боп өз еліңе.

Өшермісің, сен әлде өсермісің,
Көркемдікпен көкейді тесермісің.
Жолыңдағы құрсауды тас-талқан ғып,
Заманалар көшімен көшермісің?..

Ғасыр жетті қазаққа алтын деген.
Өсер бәлкім, сенің де нарқың ерен.
Алтыныңның құны да кара бақыр,
Қалар болсаң қажетсіз қалпыңменен.

Ана тілім — ардағым, жарқын таңым,
Бүгінгіден артар ма нарқың, бағың?!.
Ұғынар ма бұл қазақ бір кісідей
Тілі болса, тәуелсіз халқым барын.

...Басыңа қонған болса, ғажап күнің,
Бәрінен биік тұрсын қазақтығың.
Ана тілім алшандап төрге озған күн
Мен айтармын келді деп азаттығым.

25.10.200ж.



ҚАЗАҚША ӘН

Жұма күні. Соңғы автобус кешкілік,
Қара жолда алдан самал естіріп,
Жүйткіміз біз, бағытымыз – Жаңаөзен
Шопыр жақтан шуылдақ ән естіліп.

Автобуста отырғандар қазақ кіл,
Сөйлескенде аузымызда - қазақ тіл.
Ал құлақта даңғазалы шетелше ән,
Біле білсек, түсінгенге азап бұл.

Күмбір күй мен әсем әнді жалмаған,
Шуылдаққа неге үйір жұрт сарнаған?..
Өзіндегі саф алтынды мыс көрген,
Шопыр жаққа қарап үнсіз ойланам.

“Өшір үнін болмаса егер қазақша ән”, -
Деген дауыс жұртты артқа қаратқан,
Айқай сап тұр ақ қалпақты нар қазақ
“Құтыламыз қашан мұндай мазақтан?”

Селт етпейді, ол да қазақ шопырың,
Абайсызда қасығандай қотырын,
Ыршып тұрып шөпжелке қыз тіл қатты:
“Ұят қайда, ағай, тыныш отырың”.

Күңкіл-сүңкіл өз пікірін айтты әркім,
Нар қазақ та жігіт екен батыл үн,
Тұра келіп айтып жатыр шопырға
“Мөңгүртсің-ау, санаңды алған жат ұғым”.

Ақ жаулықты ана түсті араға,
“Әй, жігіттер, ұқсамандар балаға.
Туған тілін ұғынбаған жүрекпен
Санасызға сын айтқанмен бола ма?”

Осы бір сөз батса керек жанына,
“Кінәлімін қазақша әннің жоғына,
Бұл жай ғана ұйқышар ғой”, - деп шопыр
Өшірді әнді көпшілікке бағына.

АНА ТІЛІМ - АСЫМЫМ

Кездер өтті көлеңкеден қорқатып,
Күндер жетті қазақтығың артатын.
Туған жерде, қара жолдың үстінде
Қазақша әнді шырқа енді, бар хақың!

Тілімнің бұл шын санатқа енгені,
Ашады ұрпақ әлі-ақ алтын көмбені.
Жол үстінде жаңғырығар күні ертең
Қазағымның көркі қайтпас әндері.

...Оу, шопырым, жолаушымен жарасып,
Жүргің келсе, даудан басты ал ашып.
Жолға шықсаң, серік етіп өзіңе
Ең алдымен қазақ әнін ала шық!



АНА ТІЛІМ АЛҚАДАН ЖЫЛАП ҚАЙТТЫ!..

(Бір алқалы жиыннан кейін жазылған өлең)

Парықсыздар қойды да сынақ қатты,
Сөз-сойылмен қақ бастан бір-ақ тартты.
Жанұшырып, өз сөзін өткізе алмай,
Ана тілім алқадан жылап қайтты!..

Езгісінен ессіздің жаншылғандай,
Көк сүңгіге жүрегі шаншылғандай.
Ардағым-ай, қамығып жылап тұрды –
Оразбайлар Абайға қамшы ұрғандай.

Тіл жойылса – ісіңнің қараң бәрі,
Қайран көңіл қан жылап, алаңдаулы.
Ендігәрі, ағайын, абай болғын,
Батыраштар көркеуде араңда өлі!..

Тілін, дінін жүр өне жерлегендер –
Деміне қара шайды демдегендер.
Желтоқсанда өктемнің сөзін сөйлеп,
Әлі күнге оған мән бермегендер...
“Елміз, - дейміз, - он жылдық белестегі”,
Тәуелсіздік даңғаза елес пе әлі?..
Ана тілің, беу қазақ, ойлашы өзің
Ақ сүт берген Анаңыз емес пе еді?!.

Қақпақылға өз тілін салған ұдай –
Биліктіден көңілдің қалғанын-ай!
Мәртебесін мәреден асыра алмай
Жылап қайтқан алқадан ардағым-ай!..

07. 12. 2001 ж.



Мазмұны

ӨЛЕҢДЕР

Сені іздедім	3
Маңғыстау	8
Ғасыр ауысқан күнгі тілек	9
Әр жылдар жырлары	
Әкені еске алу	10
Акын досқа хат	11
Ақтауға	13
Дала	14
Замандасқа	15
Соқтықпа ана тіліме	16
Қаражанбас	17
Той түнгі сөз	18
Бойтұмар	19
Арнау	20
Құт болып қонсын жетпісің	21
Халқыма	22
Ұрпақ үні	23
Кұрсау	25
Жүретін-ді ақ жаулығы желбіреп.. ..	26
1. Көрінбейді анашым	26
2. Құбатау, қош аман бол!	27
3. Қадірлендер ананы	28
Апама	29
Бегенге	31
Сағынармыз бір күндері	32
Бірінші жыр	32
Екінші жыр	33
Үшінші жыр	34
Төртінші жыр	35
Бесінші жыр	36
Алтыншы жыр	37
Жетінші жыр	38
Сегізінші жыр	39
Тоғызыншы жыр	40
Оныншы жыр	40
Он бірінші жыр	41
Ақтаудағы аққулар	43
Көңіл	43
Саған деген махаббат	44
Той болған алтын тойға ұласатын	45
Балтабайға	46
Мәдиге	46
Қайта қондың атыңа	47

Жасай бер, жайна	48
Қош айтты қара өлеңнің жауынгері.....	49
Еске алдық	50
Апа	51
Өнге айналған өлеңдер	
Маңғыстау – біздің өніміз	52
Ақкетігім – киелім	53
Мұнайлы мекен – Жаңаөзен	54
Апа, сен қартаймайсың.....	55
Шығайық қырға	56
Ақ кемедегі ару	57
Сені іздедім	58
Әнші қыз монологаы	59
Қырандар керек	60
Он жетінші маусымда	61
Шағала	62
Сағынармыз	63
Гүлдана	64
Мен сені гүлге баладым	65
Жарияланбаған жырлар	
Сағынған шығар	66
Жанарың сенің	67
Ана	68
“Ақ түтекті ақланда...”	68
Сағындым	69
Арманым.....	69
Көп күттім сені	70
Солдат ескерткіші	71
Әкеме	72
Сағындың ба, анашым?	73
Қыз сыры	74
Мен сені іздедім	75
Махамбеттің туған жерге айтқаны	76
Ауыл түні	77
Тау элегиясы	78
Акын жүрегі	78
Күміс ұшқындар	79
Түсімде көрдім сені	80
Жүрегім жыр аңсаған	80
Ағаға	82
Элегия	83
Қарт ақынның сөзі	84
Сәтті болсын қадамың	85
Туған жерге	86
Сапар алдында	87
Мәңгі алау	88
Жаңа өлеңдер	
Сағыныш	89

Әке бейіті басындағы толғаныс	90
Шекарада	93
Оралған	94
“Бәрі де өтер-кетер, ұмытылар”	95
“Бекежандық жасадың, аға, маған...”	96
Достық туралы	96
Мадақ жыры	98
Өмір дегенің	99
Қыркүйек	100
Тон	101
Бір өзіңе	102
Біз екеуміз	103
“Қос тұлымың көзді арбап...”	104

ҚЫСҚА ӘҢГІМЕЛЕР

Өмірдің өзі - бір мектеп	
Әке	106
Сый	107
Ру	107
“Мылқау”	108
Мақалды да ескермейді	109
Болатбек	109
Әпке	111
Ақ қайын	112
Бойтұмар	113
Қайран, Аяз би	114
Күйеу	114
Қамшы	115
Кітап	116
Құдалық	117
Палуандар	117
“Әр елдің салты басқа”	119
“Орыстың малы”	120
Әкім	121
“Бәрін таниды...”	121
Қара мая	122
Алыстағы атеист	124
Алғыс	125
Әлләзина	126
Ақ әже	131
Күлкілі оқиға	134
Дәрекен	134
Ғибрат	135
Дәмдестіктен – сыйластыққа	136
Алпамыс	137
Құрсау	140

Туысқан халықтар әдебиетінен

“Пыхы таған айтқан екен ”	143
Көрнекі құрал	144

Қайтеміз	144
Шелек табылмас па екен?	145
Ешкім арызданбайды	145
Ұрланар деп қорықтым	146
Иттің малы бар ма?	146
Түйе өлсін!	146
Көзі ашылмаған... ..	146
Сен лауреат болар ең.....	147
Төбесінде өзім болмағасын	147
Суайт	147
Мақтаншақ жігіт	148

МАҚАЛАЛАР МЕН ОЙ-ТОЛҒАМДАР

Ел есіндегі есімдер

Сынықтың пірі	150
1. Сөз басы немесе бір үзік сыр	150
2. Жүсіп Бердігүлұлы Жанұзақовтың айтқаны	153
3. Шегем Қожагелді Шөудірулының айтқаны	156
4. Беріш Құдайберген Көпеков марқұм айтқан-ды	158
5.Сөз соңы немесе аруағыңмен қамдай жүр, көке!	161
Есенғалы Шайыр	165
Дүркіреп жеткен жыр—нөсер	171
Мұрат мұрасының жаршысы	175
Сазгер	181
Жақсыдан шарапат	183
Он жетіде от кешкен	184
Майдангер	189
Жүректерге жол тапқан	191
Шабытын күй – атаның шарықтатқан	195
Анам айтқан әңгіме.....	198
Тот баспайтын шын асыл.....	201
“Отпанда – адай, оғыландыда – пірім Бекет...”	204
Тірісінде өулие атанған	207
Смағұл Жарылғапов	209

Ана тілім - асылым

Ұлт тіліне күмәнмен қарамайық!	213
Ұлттық рухтың соңғы тірегі тілімізді өзіміз қорғайық	219
Анандай ардақта, қарағым	222
Атамекен атаулары қалпына келтірілуі тиіс	225
Ашыну	229
Ана тілім	230
Бірінші жыр	230
Екінші жыр	231
Үшінші жыр	232
Қазақша өн.....	233
Ана тілім алқадан жылап қайтты!	235

Темір Мыңжас

Сені іздедім

Өлеңдер, қысқа әңгімелер, мақалалар мен ой-толғамдар

(қазақ тілінде)

Редакторы А.Жапарова
Суретшісі С.Ахтанов
Компьютерде терген Д.Насипова
Беттеген Д.Естенова

Теруге жіберілген күні 28.04.06 ж. Басуға қол қойылған күні
05.04.06 ж. Қалыбы 84x108^{1/32}. Шартты баспа табағы 16,0.
Есепті баспа табағы 15,0. Таралымы 2 000 дана. Тапсырыс 347.
Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы, “Баянжүрек” баспасы, 050009,
Алматы қ-сы, Абай д-лы, 143 үй, тел/факс: 42-25-97

ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,
0500146, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі 15/1.







Темір Мыңжас

1952 жылғы қыркүйек айында түрікмен елінің Красноводск (қазіргі Түрікменбашы) ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Красноводск, Бейнеу аудандық, Маңғыстау облыстық газеттерінде бөлім меңгерушісі, Жаңаөзен қалалық газетінде жауапты хатшы болып қызмет істеді.

1991 жылдың қыркүйегінен Жаңаөзен қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, қала әкімінің орынбасары, мәдениет бөлімінің меңгерушісі. “Өнер” қазыналық кәсіпорнының директоры. Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы тілдерді дамыту бөлімінің бастығы міндеттерін атқарды. Қазір облыстық “Маңғыстау” газеті бас редакторының орынбасары. “Бойтұмар” (1994), “Атамекен” (1998), “Жүрек сөзі” (2002) атты жыр жинақтарының авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.